ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ И ПАРЛАМЕНТ

ББК 67.400.6

Жауапты шығарушылар – Ответственные за выпуск:

Рақымжанов Н.Т., Құсманғалиева Ж.Д., Омашұлы Д.

Президент және Парламент. – Астана: "Парасат Әлемі" баспасы", 2005. – 360 бет.

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырыстарында және Парламент Мәжілісінің отырыстарында сөйлеген сөздерінің жинағы ұсынылып отыр.

Бұл басылым Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығына арналады.

Вашему вниманию предлагается сборник выступлений Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на совместных заседаниях палат и заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан в 1999-2005 годах.

Выпуск данного издания посвящается 10-летнему юбилею Парламента Республики Казахстан.

П $\frac{120200000}{00(05)-05}$ ББК 67.400.6

© Назарбаев Н.А., 2005
© "Парасат Әлемі" баспасы", 2005

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНЕ 10 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ И ПАРЛАМЕНТ

Парламенті

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНЕ 10 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТ

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың
Қазақстан Республикасы Парламенті
палаталарының бірлескен отырыстарында және
Парламент Мәжілісінің отырыстарында сөйлеген сөздері
(1999-2005 жж.)

Конституциялық тұғыры берік болып қалыптасқан Қазақстан Республикасының Парламенті тәуелсіз мемлекетіміздің саяси өміріндегі мүлдем жаңа буын бола отырып, өзінің 10 жылдық тарихында өкілді орган ретінде қалыптасты және әлемдік практикада жалпы жұрт таныған парламентаризм принциптеріне сәйкес келеді. Ол елдегі реформалардың құқықтық негізін жасаған, саяси тұрақтылықты, азаматтық тыныштық пен ұлттық келісімді нығайтуға жағдай жасайтын заң шығарушы орган ретінде өзінің орнықтылығын дәлелдеді.

Егемен Қазақстанда парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шешуші рөл атқарды. Ол мемлекетіміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары бүкіл халықтың және партияларға біріккен қоғамдық топтардың мүддесін білдіретін қос палаталы кәсіби Парламент құру қажеттігі туралы ойды тұңғыш рет айтқан еді.

Қазақстан Республикасы Парламентінің мемлекеттік биліктің үш тармақты біртұтас жүйесінде лайықты орын алуы жолында Қазақстан Президенті көп күш жұмсады.

Мемлекет Басшысының дәйекті саясаты еліміздің жоғары өкілді органының Қазақстанның саяси өмірінде қоғамдық мүдделерді білдіретін басты орган ретінде заңды орнығуына жағдай жасады.

Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларымен жұмыстың басымдығын анықтау, заңдарға қол қою жөнінде заңдық тұрғыдан бекітілген дәргейге ие бола отырып, Қазақстан Республикасында құқықтық кеңістікті қалыптастыруға тікелей қатысады.

Мемлекет Басшысының Парламент қабырғасында сөйлеген сөздері – Тарихты ой елегінен өткізудің нәтижесі, бұл сөздер заң шығару жұмысы үшін басты бағдар және парламентаризм институтының қалыптасу жолын ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз демократиялық мемлекеттің жасампаздық жолын да білдіретін өзіндік кезеңдер болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің алдына қойған маңызды мемлекеттік міндеттері бүгінде жүзеге асырылып отыр, бұл – таңдап алынған демократиялық даму жолының дұрыс екендігін дәлелдейді.

Бұл жинақ ел Парламентінің 10 жылдық мерейтойына арнайы шығарылып отыр, біздің ойымызша, оның мазмұны мемлекетіміздің тарихи даму серпінділігін барынша дәл көрсетеді, сондай-ақ қазақстандықтардың өз мемлекеттілігін құру туралы арманының дәйекті түрде жүзеге асуының айғағы деуге болады.

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
Төрағасы

Н.Әбіқаев

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Төрағасы

О.Мұхамеджанов

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті бірінші сессиясының ашылуында 1999 жылғы 1 желтоқсанда сөйленген сөз

Қадірлі депутаттар! Сіздер Парламент сайлауындағы күрделі күресте жеңіп шықтыңыздар. Жеңістеріңіз құтты болсын! "Жүзден жүйрік озар" дегендей, саяси бәсекенің сан алуан сындарынан сүрінбей өткендердің осында бас қосуы еліміздегі заң шығарушы жоғары органның салиқалы да сындарлы жұмыс жасауға толық мүмкіндігі бар деп қанағаттанғандық сезіммен айтуға негіз болады.

Елімізде бірінші рет Парламент сайлауы бір мандатты округтерде ғана емес, партиялық тізімдер бойынша да өтті. Мұның өзі Парламентте саяси партиялардың депутаттары да ресми әрі жеткілікті түрде болатындығын көрсетеді. Бұл Қазақстандағы нақты көппартиялы демократияның қалыптасу кезеңінің жаңа бір қадамын көрсетеді. Бұл өзгеріске басқа мемлекеттер мен елдер оң көзқарасын білдіріп отыр.

Әрине, жаңа қадамда тыңнан жол салғанда кездесетін кемшіліктер мен тәжірибесіздіктер кеткенін жасыруға болмас. Алайда біз осы қадамымыз арқылы бағытымыздың дұрыстығын нақты сезіндік.

Халық даусын сіздерге берді. Демек, олар алдағы үміттерін, олардың ойдағыдай жүзеге асуын сіздерден күтеді және солай болуы да заңды. Сондықтан ел үмітін ақтау, халық аманатына адал болу, тапсырылған міндет пен жүктелген сенімге сай болу – сіздердің азаматтық парыздарыңыз.

Мен бұл Парламенттен үлкен үміт күтемін. Алда талай асулар мен белестер тұр. Еліміздің дамуына, өркендеуіне, қоғамымыздың одан әрі демократияландырылуына, реформаның тереңдеуіне, экономиканың, әлауқатымыздың, тұрмыс-тіршілігіміздің жақсаруына қызмет ететін, оны қорғап-қолдайтын заңдардың дүниеге келуі – осы Парламенттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бастысы.

Сайлау науқаны артта қалды. Енді өз жұмыстарыңыз арқылы сайлаушылардың сенімін ақтау қажет. Сайлау дау-дамайын Парламент сыртында қалдырып, келісімшілікпен жұмысқа кіріскен жөн. Халық та осыны күтеді.

Халқымызда: "Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарайық" деген жақсы тілеулі сөз бар. Сол айтқандай, Парламент пен Үкімет өзара түсіністік жағдайда бір-бірімен ортақ мүдде тұрғысынан бірігіп жұмыс істесе, халықтың мұңмұқтажын бірлесіп шешуге тырысса, одан тек еліміз, барлығымыз ұтамыз. Саяси тұрақтылық пен халықтар ынтымағын сақтай алсақ, дос сүйінер, дұшпан күйінер ел бола аламыз.

Құрметті депутаттар! Біз бүгін елдің жаңа Парламентінің бірінші сессиясына жиналып отырмыз. Біздің елімізде бірінші рет сайлау аумақтық округтер бойынша ғана емес, сонымен бірге партиялық тізім бойынша да өткізіліп,

Парламентте саяси партиялар депутаттарының өкілдігі айтарлықтай болуы қамтамасыз етілді. Өткен сайлау еліміз азаматтарының саяси кәмелетінің өскендігін және олардың реформаларға белсене қатысуға деген тілегі бар екендігін көрсетіп берді. Сайлау науқаны мен сайлау қоғамды демократияландырудың бұлжымастығын, осының айнымас дамуы мен тереңдеуінің кепілі екендігін тағы бір көз жеткізе дәлелдеп берді.

Өткір бәсекелестік күресте халықтың сенім мандаты қоғам сеніміне ие болған Қазақстан азаматтарының қолына тиді. Соған сәйкес ырықтандырып қайта өзгерту саясаты тағы да қолдау тапты. Озық ойлы адамзат дамуының векторымен сайма-сай келетін бұл жолға біз өркениеттің болашағы айқындалатын қарапайым, сонымен бірге аса ауқымды – бостандық, демократия, теңдік ұғымдарын саналы түрде сезіне отырып түстік. Жұрттың бәрін жаппай қанағаттандыратындай демократия мен саяси бостандық дәрежесі болмайтыны сөзсіз, сондықтан кейде өрт салушылардың да халықтың алдынан шырақ ұстап бара жатқанына көзі жетеді деген ақиқаттың жаны бар. Біз ырықты модельдерді жылдамдатып көшіріп алуға барған жоқпыз, әрбір жаңа өскін мен демократия кезеңі үшін мұқият негіз әзірледік.

Бүгін ешкім де Қазақстанда демократияландыру саясаты экономикалық та, әлеуметтік те ортада берік базаға ие бола отырып, нық, объективті негізде тұрғанына күмән келтіре алмайды, ал бұл Қазақстанда енді ешкімнің тоталитарлық өткен шақтың саңылауын таба алмайтынына нық кепіл бола алады.

Біз сайлау барысында сайлау комиссияларының, жекелеген жергілікті билік органдарының қызметінде жаңсақтықтар болғанын мойындаймыз. Қайтеміз, Шығыста айтылатындай, түскі ас үшін жайылмаған дастарқанның бір кемшілігі болса, жайылған дастарқанның мың кемшілігі болады емес пе?! Бізде де солай, мүмкін, осылай болған шығар. Сайлау өтті.

Жіберілген кемшіліктерге келетін болсақ, барлық фактілер бойынша Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура мен Орталық сайлау комиссиясы қарап, тиісті шешімдер мен шаралар қабылдайтын болады.

Бәріміз де Қазақстан халқы жасаған заңды таңдауды құрметтеуге тиіспіз, демократиялық реформалардың жалғастырылатындығына ешкім күмән келтірмеуге тиіс.

Алдағы жылдарда біздің елімізде мемлекеттік институттарды, соның ішінде сайлау жүйесін одан әрі демократияландырудың жоспары жасалып, жағдайдың өзгеруіне қарай ол тұрақты түрде пысықталып, енгізілетін болады.

Құрметті депутаттар! Бүгін осы залдан жаңа адамдарды да, сонымен бірге осынау оңайға түспеген жылдарда өзіміз істес болған бірінші сайланған Парламент депутаттарын да көріп отырып, мен оң өзгерістерге үміттімін.

Бізде жаңа саяси конфигурация қалыптасты. Парламентке жаңа идеяларын сайлау алдындағы айқаста жариялауға ғана емес, сонымен бірге оны нақты өмірге енгізуге де қабілетті адамдар келді деп үміттенемін.

Ең бастысы – осынау жаңа саяси конфигурацияның әлеуетін тиімді пайдалану, оны нысанасыз шайқасқа, екінші дәрежелі пікірсайыстарға қор қылмау. Бұған қазір біздің уақытымыз жоқ.

Біз таяудағы әлемдік дағдарыстың салдарынан ақыр аяғына дейін азат бола қойғанымыз жоқ, бірқатар проблемалар бар. Олардан табысты өткенде ғана біз елдің экономикалық, әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ете аламыз.

Бұл үшін біз билік құрылымдарының бір-біріне қарсы тұруының, шамдану қақтығысының, популизм көріністерінің кез келген нысанын толығымен жоққа шығаруға тиіспіз, бұдан қазақстандықтардың мүддесі зардап шегеді, саяси қызметтің ақиқат мақсаттары екінші кезекке көшеді.

Сол себепті өзінің конституциялық өкілеттігіне сәйкес мемлекет басшысының ғана емес, сонымен бірге Парламент депутаттарының да мұны есте ұстағанын, өз өкілеттіктерін кез келген қарсы тұруды тыйып тастау үшін пайдалануын қалаймын.

Бізде көптеген өзекті істер бар. Парламент ешқандай босаңсымастан ауқымды заң шығармашылығы жұмысына кіріседі ғой деп үміттенемін. Өнімі елге қажет заңдар болып табылатын сіздердің белсенді жұмыстарыңызды еліміздің барлық саласы іс жүзінде күтіп отыр. Парламент депутаттары қазақстандықтарды алаңдататын проблемалар туралы біледі. Сайлаушылар жүрегіне үміт ұялатқан сіздерді қазақстандықтардың өмірін жақсарту, біздің экономикамызды тұрақты даму арнасына шығару үшін жағдай жасау жөніндегі қауырт жұмыстар күтіп тұр.

Сол себепті жаңа сайланған депутаттық корпус алдында бәрінен бұрын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кейбір проблемалары бойынша өз позициямды білдіріп, сіздер мен біздің алдымызда тұрған қызметімізге арналған кейбір көзқарастарымызды баяндап өткім келеді.

Реформа жылдары ізсіз өткен жоқ. Ауыр сындарға қарамастан, Қазақстан экономикасы бүкіл әлемге өзінің тұрақтылығын, сыртқы дағдарыстарға қарсы тұра алатын қабілетін көрсете білді. Бүгін нашар нәрсенің бәрі артта қалды, біз өз позициямызды қалпына келтіре бастадық, дағдарыстан кейінгі теріс құбылыстарды жоюға кірістік.

Біздің теңгеміз тұрақтанып, бағамы нығая түсті, Ұлттық Банк сату кезінде шетелдік валютаны ірі көлемде, бір сату ішінде 10-15 миллион долларға дейін сатып алу режиміне көшті, сол арқылы елдің алтын-валюта қоры тез толықтырылуда. Екінші жағынан, теңгенің айналымда болуы арта түсті, экономикамызды ақшамен қамтамасыз етудің деңгейі өсті. Бірақ осымен бір мезгілде қырағы болып, теңгені нығайтудың кері салдарына жол бермеу керек.

Инфляция деңгейі тұрақтанды, сол себепті оны алдағы уақытта да кеміту үшін алғышарттар жасалуда. Біздің шаруаларымыз бітік егін өсірді, ел экономикасын өсіруге қосқан бұл үлестері даңққа бөленуге де, мақтан етуге де лайық. Сол баяғы атақты қазақстандық миллиард мейлінше аз алқаптан, бұрын болғаннан екі есеге жуық аз жерден әрі аз шығын жұмсала отырып жиналды, ең бастысы, бұған ешқандай мемлекеттік демеу қаржы жұмсалған жоқ.

Ақырында, өнеркәсіптің құлдырауы тоқтады, оның өсуі басталды, бұл өте маңызды нәрсе. Соның нәтижесінде ел экономикалық өсудің, ішкі жалпы өнім өсімінің траекториясына шықты. Экономикадағы істердің жалпы жақсаруы салықтар жинау жағдайын жақсартуға әкелді. Оның деңгейі айдан айға, аптадан аптаға артып отыр.

Соған қарамастан бұрыннан жинақталып қалған орындалмаған нәрселер бар. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша бюджеттің кіріс бөлігінің жоспары 90 пайызға жуық орындалды, соның ішінде салықтар бойынша 96 пайызға орындалды. Үкіметке бұл жұмысты дәйекті жалғастыра түсу керек.

Естеріңізде болса, бұқаралық ақпарат құралдарынан, сондай-ақ бірқатар саяси қайраткерлер тарапынан біз Қазақстан Халықаралық валюта қорымен арадағы қатынасын нашарлатып алды, бізді орасан зор қаржылық қиындықтар, дефолт және тағы сондайлар тосып тұр деген әр түрлі пікірлерді көп естідік. Мұның бәрі шындыққа сай келмейді.

Бізде, өкінішке қарай, кейде елді "Неғұрлым нашар болса, соғұрлым жақсы" принципі бойынша жағдайға итермелегісі келетіндер бар. Іс жүзінде біздің реформалық бағдарламаларымыз Халықаралық валюта қорымен келісілген, ол таяу күндері мақұлданады деп үміттенеміз. Осының нәтижесінде желтоқсанда ел Бүкіл дүниежүзілік банктен 175 миллион доллар заем алады.

Бұдан басқа, өздеріңізге де белгілі, Қазақстан 265 миллион долларға евробондарды орналастырды. Бұл тұрғыдан алғанда ТМД ішінде біздің ел осындай нәтижеге жетті. Бұл инвесторлардың Қазақстанға сенетінін, біздің елімізді халықаралық қаржы ұйымдары қолдайтындығы туралы хабардар екендігін, Қазақстан экономикасының жандану процесін білетінін аңғартады. Бізде кездейсоқ жағдай бола қалса деген резервтегі нұсқамыз да бар екенін жасырмаймын.

Сол себепті мен барлық сенбей жүргендер мен даурықпашыларға біз аяғымыздан нық және сенімді тұрмыз деп тағы да қайталағым келеді. Мен айтып өткендей, елде аштықтың, суықтың және басқа болжап айтатын апокалипсистердің жоқ екенін бәрі көріп отыр. Менің нұсқауыма сәйкес Үкімет желтоқсанның өзінде-ақ өз қарыздарын, бірінші кезекте зейнеткерлер алдындағы қарыздарын өтей бастайды. Біздің қарттарымыздың қыс ішінде ақшасы және жылуы болуға тиіс.

Әрине, мұның бәрі қаржыландырумен одан әрі толықтырылып отырған тұтастай әлеуметтік саладағы жағдайды жақсартуға алып келеді. Бәлкім, бұл оң өзгерістер барлық жерде бірдей байқалмас, мен мұны білемін, бірақ жалпы әлеуметтік жағдай жақсарып келеді. Алайда, мамыражайлыққа негіз жоқ. Әлі де шешілмеген проблемалар салмағы аз емес. Біздің қоғамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуі біз қалап отырғаннан әлі де алыс жатыр. Халық пен өндіріс алдында бар қарыздар бізді алаңдатпай қоймайды. Көптеген кәсіпорындар әлі бос тұр, адамдар жұмыс таба алмай жүр.

Бізді денсаулық сақтаудың, білім берудің және мәдениеттің бүгінгі жайкүйі мүлде қанағаттандырмайды.

Селодағы реформаны одан әрі жалғастыру мен шаруаларға көмек көрсету талап етіледі. Біздің бәріміз де мынаны жетік сезінуге тиіспіз: біз үшін біреу келіп түзеп бермейді, ештеңе де өз-өзінен бола қалмайды, "бәрі де жаман" деген жалаңаш сын ешкімге де көмектеспейді. Біз бен сіздердің маңдай термен, ынтымақтаса жұмыс істеуіміз ғана бізден бүкіл ел, Қазақстан азаматтары күтіп отырған нәтижелерге қол жеткізеді.

Материалдық өндірістің, шағын және орта бизнестің шешуші маңызы болады. Бұл – жаңа Үкіметтің алдында тұрған міндет. Біздің кәсіпорындарымыз өзін бәсекеге қабілетті сезіне алатындай жағдай жасау керек. Көп ақша елге келетін, аз ақша сыртқа шығатын экономикалық орта талап етіледі. Өндірісшілер ғана емес, барлық билік құрылымдары да халықтың біздің кәсіпорындарымыз шығарған тауарлар мен солардың қызметін сатып алуы үшін күресуі, халықты соған иландыруы қажет. Әрине, кәсіпорындардың өздері де өнімді тасып әкелетіндерден арзан және сапалы шығаруға ұмтылуға тиіс. Бұлар оған қабілетті деп ойлаймын, өйткені бізде бұл үшін үлкен резервтер бар.

Ең соңында, мына маңызды мәселені – біздің банктеріміздің өндірісті несиелендіруін шешу қажет. Әзірге бұл жеткіліксіз шамада өтіп жатыр. Барлық кредиттердің төрттен бірінен астамы саудаға жұмсалуда. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын несиелендіру үлесі өспей жатыр. Мынадай қызық жағдай қалыптасқан: банктер ақшаны қайда тиімді сала алмағанынан зардап шексе, кәсіпорындар несие жоқтықтан болдырып қалып жатыр. Сонымен бірге несие ала алатын және оны уақытында қайтара алатын мұндай кәсіпорындар да көп емес. Парламенттің қатысуымен Үкімет пен Ұлттық Банк бұл ретте түбегейлі жұмыс істеуге тиіс.

Халықтың қолында бар, жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі кем соқпайтын қаражатты кепілді қорғай отырып, біздің экономикамызға салудың жолдары мен тетіктерін айқындау керек. Айтпақшы, бүгінде жинақтаушы зейнетақы жүйесінде, осы валютаға аударатын болсақ, 400 миллион доллар бар. Оларды мемлекеттің бағалы қағаздарына ғана емес, экономикаға қалай енгізу керектігін қазір ойлану керек (бұл ақшалар жүз пайыз қайтарымды болуға тиіс). Жалпы алғанда мұны қалай жасауды біз білеміз, мұны Парламентте, яғни, заңды тәртіппен шешу керек.

Біздің Үкіметіміз қандай кәсіпорындарға көмектесу керек екендігін, қайда және нені салу, қайда құру керектігін, сыртқы рынокта өткізуге қалай көмектесуді нақты біліп отыруға тиіс. Мәселе бүгінде тұралап қалған кәсіпорындардың барлығына бірдей көтеріліп кетуі үшін көмектесу керек дегенді емес, осындай көмектен кейін бәсекеге қабілетті өнім өндіріп, сату үшін рынок табуға қабілетті кәсіпорындар туралы болып отыр. Бүгінде ешкім де құмға ақша төкпейді, несие бермейді. Сол себепті бізге кімге көмектесу керек, қандай кәсіпорындарды тік тұрғызу қажет дегенді нақты айқындап алу шарт.

Бюджетке деген көзқарас философиясын өзгерту керек. Бюджет саясатын шығыстарды кірістерге бейімдеп емес, керісінше, кірістерді шығыстарға бейімдеп құрған жөн.

Тапшылығын төмендете отырып, кірістері бойынша да, шығыстары бойынша да орындалатын шынайы бюджет жасайтын кез келді. Бізде өте көп мынадай-мынадай әлеуметтік проблемаларға деп қаражат жұмсауды ұсына отырып, бұл ақшаларды қайдан алуды айтпау – мұндай саясат ел экономикасының құлдырауына әкеп соқтырады. Біз қаражатымызға қарай үнемді және ұқыпты өмір сүруге тиіспіз, бірақ қазына ақшасын толық алуы керек.

Егер экономиканы тұтастай алып қарасақ, біздің еліміздегі қша қажетті көлемде бар екенін көріп отырмын, тек экономикаға ғана әлі теңестірілмей жатыр. Бір учаскеде ақша жеткілікті, асып төгіліп жатыр, ал басқа салада өте тапшы болып отыр. Сол себепті барлық билік тармақтарының ең негізгі міндеттерінің бірі – осы теңестірілмеуді жою. Осы теңестірілмеу мен ақша қозғалысының тежелуі болмауы үшін сондай заңдар болуға тиіс, сондай экономикалық режим болуға тиіс, атқарушы органдардың нысаналы іс-қимылы болуға тиіс.

Ең бастысы, әлеуметтік планканы тағы да төмен түсіруге жол беруге болмайды, оны көтеру керек, бірақ көтергенде күш қолдану әдісімен емес, біздің экономикамыздың өсуі есебінен ғана көтеру керек. Сол себепті Үкіметке оның ең басты міндеттері деп мыналарды тағы да қайталап айтамын: біріншіден, уақытында төлеу; екіншіден, қарыздарды қайтару; үшіншіден, жұмыс орындарын құрып, жұмыссыздықпен күресу. Бұл отандық өнеркәсіпті көтеру керектігін, оның үстіне жаңа жылға дейін-ақ көп нәрсені істеуге тура келетіндігін білдіреді. Уақыт күтпейді.

Әрқашандағыдай, бұл барлық міндеттердің шешілуі байсалды, ойластырылған және теңестірілген заң шығармашылығы жұмыстарын талап етеді. Қажетті қарқынды сақтаған дұрыс, бірақ қабылданған заңның санын қуып, сапасын нашарлатып алуға болмайды. Керісінше, заң жобаларын тыңғылықты қарау оны қабылдаудың кешіктірілуіне әкеп соқтырмауға тиіс.

Мемлекет басшысы ретінде мен әрқашанда парламентшілердің сындарлы бастамаларын, Парламенттің іскер де ізгі ахуалда жұмыс істеуі үшін жағдай жасауды қолдап келдім және қолдайтын да боламын. Егер бұл көзқарастар экстремизммен және конституциялық құрылысқа қол сұғумен үндесіп жатпаса, саяси позицияларына қарамастан, барлық депутаттардың көзқарастарына құрметпен қараймын.

Осымен бірге сіздер халық сеніміне ие болғандарыңызды, мемлекет алдында, халық алдында және тарих алдында өз жауапкершіліктеріңіз бар екендігін әрқашан ұмытпауларыңыз керек.

Өзінің барлық шешімдерін Парламент салмақты және Конституциямен қатаң сәйкестікте қабылдауға тиіс. Парламент депутаттарының өздері елдің

Конституциясы мен заңдарының дәл сақталуына үлгі болуға тиіс. Сонда ғана біз осыны барлық азаматтардан талап ету құқығына ие бола аламыз.

Жаңа сайланған депутаттық корпус Парламент жұмысындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді, бірінші сайланған депутаттар ел тарихындағы тұңғыш қос палаталы Парламент негізін қалаған парламентаризм дәстүрлерін сақтап, дамытады деп үміт білдіргім келеді. Сіздерге, құрметті халық қалаулылары, заң шығармашылығы тәжірибесінің ауқымы аз болмайтын мұрасы қалады.

Бұрынғыға қарағанда, жаңа сайланған Парламенттің айрықша сипаты бәрінен бұрын қоғам мен мемлекеттің дамуының өзекті проблемалары бойынша пікірлер спектрі болады ғой деп ойлаймын. Бұл – көппартиялы демократия кезіндегі орынды нәрсе және қоғамның әлеуметтік әр тектілігі жағдайындағы объективті іс.

Бұрынғылар "Батылдық жеңімпаздарды жасайды, келісім жеңілмейтіндерді жасайды" деп айтып кеткен. Парламент қабырғасын біздің азаматтарымыздың күнделікті өмірінен соншалықты сезінгіш мембрана бөліп тұрғаны әрқашан да есте болу керек. Сол себепті сіздердің көңіл күй ауанымен абайсызда айтып қалған әрбір сөздеріңіз қоғамда жаңғырық тудырып, өздеріңіз де тілемейтін салдарға соқтыруы мүмкін.

Болмай қоймайтын пікірсайыстарға қарамастан, сіздердің парасатты мәміле тауып, сол арқылы бірінші сайланған Парламенттің жұмыс кезеңінде қалыптасқан саяси өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін сақтайтындарыңызға сенімдімін. Осымен бірге барлық билік құрылымдарын жаңа сайланған Парламентпен сындарлы ынтымақтастық жасауға шақырамын. Бұл елдегі тұрақтылық пен келісім жағдайын нығайтып, қажетті заңдарды қабылдау үшін қолайлы жағдай жасайтын болады.

Мен бүгін сіздерден, құрметті халық депутаттары, ұйымдық қалыптасу кезеңін созып алмауларыңызды сұраған болар едім. Бірден шынайы, жедел заң шығармашылығы жұмыстарына кірісіп кету үшін Парламент палаталарының басшы құрамын, жұмыс органдарын оралымды құру керек.

Тұтастай алғанда, заң шығармашылығы қызметінің басты принципі жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуге сөзсіз бағдар ұстану болуға тиіс.

Қазақстандағы құқықтық реформа әлі аяқталған жоқ, елдің даму серпіні, әлеуметтік-экономикалық реформалардың қарқыны мен бағыты құқық шығармашылығы саласында жаңа міндеттер қойып отыр. Ұлттық заңнаманың басым бағыттары мен негізгі бағыттары Қазақстандағы құқықтық реформаның екінші кезеңінің бағдарламасында айқындалған.

Құрметті депутаттар! Ел өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі – жаңа Парламенттің ресми түрде өз қызметіне кірісу сәті де басталды. Міне, осы сәттен бастап сіздер мен біздер тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған асқаралы ұлы міндеттерді орындау жолында қоян-қолтық жұмыс жасайтын боламыз.

Жаңа ғасырдың қарсаңында, жаңа мыңжылдықтың алдында тұрған күрделі де сүбелі міндеттерді шешу, тәуелсіз еліміздің осы жаңа кезеңде өзге елдермен терезесі тең, иықтас тұруы жолындағы мақсатты жұмыстар біріккен күш-жігерді, білім мен білікті, ең бастысы – отансүйгіштік асыл қасиетті бәрімізден талап етеді.

Туған еліміздің мәртебесі мен мерейі үшін, оның нұрлы болашағы жолында аянбай еңбек етейік деп сіздерге сөз арнасам, ол жалаң патриоттық қана болмас деп сенемін. Халықтың қазіргі жай-күйі, болып отырған қиындықтар, шешімін күткен күрделі мәселелер сіздерді де барынша ойландырады деп ойлаймын. Бірақ осы уақытша қиындықтарды тілге тиек етіп, одан саяси ұпай жинау пиғылын көздеу ел жағдайын тіпті де ойлау емес. Мен сіздерді осыдан сақтандырар едім. Бұл, әрине, қиындықтан қорқу деген сөз емес, алайда осының барлығын жоғары жақ білмейді деген сөздің ешбір негізі жоқ екенін де айта кеткенді жөн көремін.

Қол жеткізіп келе жатқан жетістіктеріміз жоқ емес, бар. Соларды баянды ету, жақсы істерімізді жалғастыру – алдағы күндердің еншісі. Бұл орайда алдарыңызда тұрған міндеттердің де ауқымы аз емес екенін тағы да естеріңізге салғым келеді.

Сөзімнің соңында баршаңызға Қазақстанның, оның халқының игілігі үшін жемісті жұмыс атқаруларыңызға тілектестігімді білдіремін!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының екінші сайланған Парламенті палаталарының алғашқы сессиясын ашық деп жариялаймын.

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті екінші сессиясының ашылуында 2000 жылғы 1 қыркүйекте сөйленген сөз

Құрметті депутаттар!

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Ең алдымен сіздерді екінші сайланған Парламентіміздің кезекті сессиясының ашылуыменен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Округтарыңызда болып, халықпен кездесіп, жер-жерде болып жатқан ахуалды біліп, көп ойлармен, көп көңілмен демалғаннан кейін жігер-күш жинап, елімізге қызмет етуге дайындалып келдіңіздер деп сенемін.

Осы орайда, мен сіздердің өткен сессияның барысында нысаналы да нәтижелі іс тындырғандарыңызды айтуға тиіспін. Сіздер қабылдаған заңдардың еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды ілгерілетуге лайықты серпін бергені сезіліп отыр. Сол үшін де сіздерге қажырлы еңбектеріңіз үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

Менің үлкен қанағат сезіммен дәл осылай айтуыма негіз бар. Біз тұңғыш рет жүргізген реформаларымыздың оңды нәтижелерін айқын сезіне бастадық. Бұл тұста кейбір деректерді сөйлету қажет. Айталық, жеті ай ішіндегі жалпыұлттық өнімнің өсімі ТМД елдерімен салыстырғанда ең жоғарғы деңгейге жетті. Мұның өзі еліміздің экономикалық ахуалының оңдала бастағанының жақсы белгісі. Экономиканың жекелеген салаларындағы көрсеткіштердің де көтеріле бастағанын айтуға болады. Бұл өрлеу – біздің жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа нық қадам басқанымызға, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиясының белгіленген мұраттары мен міндеттерін ойдағыдай іске асыратынымызға зор үміт ұялатады, халықтың сенімін көтереді деп санаймын.

Құрметті депутаттар!

Депутаттар белсенді жұмыс істеп, Үкіметпен жемісті ынтымақтастық орнатқан бірінші сессияның барысында қазақстандықтар үшін айрықша маңызды заңдар қабылданды. Олар қазір реформаның көптеген қырларына оң ықпал жасап, әрекет етуде. Сондықтан да біздің экономикамыздың табыстарынан мен сіздердің тікелей жасампаздық қатыстарыңызды көремін.

Мен Мемлекет Басшысы ретінде сіздердің экономикамызды нығайтуға, адамдардың әлеуметтік ой-түйсігін жақсартуға ықпал еткен жұмыстарыңызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Экономикамыздың нығайып, адамдардың әлеуметтік сезімінің жақсаруына ықпал еткен Парламенттің жұмысын инвестордың іс-әрекетімен салыстыруға болады. Кәсіпкер адамдар үшін жағдай туғызу нақты қаржылық өлшеммен бағаланатын өте оңтайлы инвестициялар болып табылады.

Бірінші сессияның өзінде ғана отандық заңдарға қатардағы азаматтардың жағдайын едәуір жақсартатын көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олардың арасында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы", "Қаржы лизингі туралы", "Лицензиялау туралы", "Мемлекеттік қызмет туралы", "Банк құпиясы туралы" және басқа заңдар бар. Мысалы, банк саласындағы әлеует құрылымдарының баса-көктеушілігін шектеуге мүмкіндік беретін "Банк құпиясы туралы" Заң. Осы Заң ғана халық салымдарының он ай ішінде 30 миллиард теңгеге артуын қамтамасыз етті, бір жылдың ішінде барлық депозиттер 1 миллиард долларға өсті.

Біздің елімізде партиялық фракциялар бар Парламент алғаш рет әрекет етіп отыр. Алайда, ондағы пікірталастар заң шығармашылық қызметін көлегейлемейді, керісінше, ұсынылған жобалардың әлдеқайда кеңірек талқылануын қамтамасыз етеді.

"Халық заңды өз туындысы ретінде, өз қорғаны ретінде қорғауы тиіс" – деген екен бұрынғылар. Бұл күндері қолданыстағы Қазақстан Республикасы Конституциясы қабылдануының бес жылдығы аталып өтуде. Еліміздің бүкіл халқы қабылдаған Негізгі Заң біртұтас мемлекеттік биліктің әр тармағының орнын, олардың міндеттерін және халық алдындағы жауапкершілік деңгейін айқындап берді. Қарама-қайшылықтарды еңсерудің және әлеуметтік мәмілеге қол жеткізудің құқықтық тетігі конституциялық деңгейде қалыптастырылып, уақыт көрсеткендей, тиімді әрекет етуде.

Қазір қай кезге қарағанда да барынша күрделі және тіпті ауыр әлеуметтік проблемаларды шешу кезінде биліктің барлық тармақтарының конституциялық негіздерді қатаң ұстануы маңызды. Егестің, қатыгездіктің біздің қоғам үшін елеулі салдары болатыны туралы терең сезінілген түсінік нақ Парламентте болуы тиіс. Біздің халқымыз үшін тұрақтылық, келісім, тең құқылық басты құндылықтар екенін әрдайым есте ұстау керек. Тек осындай жол ғана бізді гүлденуге жеткізеді. Ал бұл үшін алғышарттар жасалып үлгерілді.

Реформа жылдарында біз алғаш рет еліміз дамуының негізгі экономикалық көрсеткіштерінің айтарлықтай артуын атап көрсетіп отырмыз. Осы жылдың алғашқы жеті айында ТМД-дағы ең үлкен көрсеткішке – жалпы ұлттық өнім артуының 11,5 пайызына қол жеткізілді. Қазақстанның сыртқы сауда айналымы өткен жылдың шілдесімен салыстырғанда 81 пайызға ұлғайды, соның ішінде экспорт екі есе дерлік өсті. Халықтың нақты игілігіндегі ақшалай табысы 5,4 пайызға ұлғайды.

Мұндай өсім жөнінде айтқанда, әрине, минералдық ресурстарды игеруде де жұмыстар атқарылып жатқан объектілер мен жұмыс көлемдерін атап өткеніміз жөн. Кен өндіру саласы 22,7 пайыз артты. Сондай-ақ, өңдеу өндірісінің 9,4 пайыз өсуі де қуантарлық жайт.

Импортты алмастыру жөніндегі нысаналы жұмыстардың нәтижесінде машина жасау көлемінің 51,8 пайыз артуы да бізді ерекше қуантып отыр. Құрылыс саласы да жандана түсуде. Ол 29 пайыз өсті. Тамақ және жеңіл өнеркәсібінің көлемі ұлғаюда.

Осы уақыт ішінде инвестициялар 208 миллиардты құрады. Мысалы, экономиканы арттыруға және қайта жаңартуға тікелей қомақты қаржы жұмсалғанын айта кету керек. Ақсу темір қорыту комбинатына 34 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынып, онда соңғы жылдарда Қазақстандағы ең қуатты пеш іске қосылды. Нәтижесінде жаңа темір қорыту пеші жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ, Малеев кеніші, Жезқазған тобының қуаты іске қосылды.

Жұмыс жоспарларына сәйкес "Семей", "Қызыл әскер", "Киров" көпірлері, "Астана – Алматы" тас жолы салынуда. Менің тапсырмама сәйкес Қазақстанда 121 ірі кәсіпорын жұмысын жандандырып, 21 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Қоғамдық жұмыстарға 61 мың адам тартылды. 11 мың адамға қайырымдылық көмек көрсетілді. Қайырымдылық көмектің жалпы сомасы 3 миллиард теңге болды.

Жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен, менің тапсырмама сәйкес, қаңтар айынан бастап 169 мың азаматымыз жұмыспен қамтылды, Қазақстан бойынша 3 миллиард теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілді, 40 мың адам қоғамдық жұмыстарға тартылды. Бұл көрсеткіштерге ауқымды жұмыстың нәтижесінде қол жеткізілді, осының бәрі қарапайым адамдар үшін жасалуда.

Бүгін – 1 қыркүйек. Оқушыларды, студенттерді және олардың ұстаздарын Білім күнімен құттықтағым келеді. Қабылданған шаралардың арқасында жаңа оқу жылының басында бізде мектептердің 70 пайызы компьютерлендірілді, 81 жаңа мектеп іске қосылды, соның ішінде 74-і ауылдық жерде. Еуразия университеті және басқа жоғары оқу орындары жаңа ғимаратқа көшті. Биылғы жылғы бірінші сынып оқушыларының санының өзі 282 мың болды.

Студенттерге арналған мемлекет гранттары 3200 адамға ұлғайтылды. Инженер мамандығы бойынша студенттерді қабылдаудың алғаш рет артып отырғандығы қуантарлық жайт, ол шамамен 2,5 мың адамға, ал мәдениет қызметкерлері – 300 адамға көбейді.

Еліміздің минералдық ресурстарын игеру есебінен түсетін қаржылар жинақталатын Қазақстанның Ұлттық қоры құрылуда. Оның қызметі ашық сипатта болып, нәтижелері Парламентке баяндалып отыратын болады. Оны біздің Ұлттық Банк басқара алады деп ойлаймын.

Тұтастай алғанда, біздің экономикамыз реформалар ендігі жерде адамдар тұрмысының елеулі жақсаруына әкеле алатындай және әкелуге тиіс жағдайға жетіп келеді. Қазақстандықтардың неғұрлым көпшілігі теңгермешілік туралы ұмытып, тек еңбектің нәтижесі және әр адамның нақты мүмкіндіктері оның тұрмыс жағдайын және әлеуметтік мәртебесін айқындайтынын түсінгенде біздің тұрмыс жағдайымыз соғұрлым тезірек жақсаратын болады.

Біздің реформаларымызда азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, еліміздегі нарықтық өзгерістерді одан әрі жетілдіруге бағытталған тағы бір шешуші қадам жасаудың уақыты пісіп-жетілді.

Сондықтан да менің тапсырмам бойынша осы сессияның қарауына мен еліміз үшін өмірлік қажеті бар деп санайтын заңдар блогы ұсынылады.

Құрметті депутат мырзалар, бұл заңдар өзекті, дәл уақытындағы екеніне және басымдық тәртібімен қарауды талап ететініне сіздердің ерекше назар аударуларыңызды өтінемін. Бұл заңдар тобы жыл аяғына дейін қабылдануы тиіс. Әңгіме мына құжаттар туралы болып отыр.

Бірінші блок әлеуметтік салаға қатысты заңдар.

"Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Заң бұл мәселедегі тиімді саясатты қамтамасыз етіп қана қоймай, жұмыссыздықты да қысқартуы керек.

Бірінші. Шетелдік жұмысшы күшін тартуды квоталау жолымен ішкі еңбек рыногын қорғау керек. Еңбекпен қамту саласында құқықтар мен мемлекет беретін кепілдіктер нақты айқындалатын болуы керек. Мәселен, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау, кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау және мамандықпен жұмыс алудағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету кепілдіктері. Бұл заң осы проблемаларды шешеді.

Екінші. "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Заң әлеуметтік және еңбек қатынастарының тиімді механизмін қамтамасыз етіп, қызметкерлердің еңбек құқықтарына, олардың әлеуметтік қорғалуына кепілдік беруі тиіс. Оның мақсаты – атқару билігінің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің мүдделерін үйлестіру. Бұл заң қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың тағы бір тиімді кепіліне айналуы керек. Біздің кәсіподақтар билік органдарымен бірге оның орындалуы үшін барлық күш-жігерін жұмсайтынына үміт артамын.

Үшінші. Үлкен әлеуметтік мәні бар "Құрылыс жинақтары туралы" Заң тұрғын үй құрылысын дамыту үшін қалыпты жағдайлар жасауды қамтамасыз етуі керек. Тұрғын үй құрылысы, өздеріңіз білесіздер, экономиканың базалық бір саласы болып табылады.Осы заманғы мемлекетте әр азаматтың жайлы баспанасы болуы керек. Мемлекеттің міндеті – осы тұрғыда өз азаматтарына көмектесу. Біз халықты кредиттеудің жаңа түрін – азаматтар баспана сатып алуға немесе салуға, республика аумағында тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдаланатын тұрғын үй займын қолданып көретін боламыз.

Екінші блок – бұл қаржы-экономика саласындағы аса маңызды алты заң.

Бірінші. "Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы" Заң қазір іс жүзінде жоқ сақтандыру индустриясын дамытуы тиіс. Сақтандыру институттары маңызды әлеуметтік қызмет атқара отырып, халықты медициналық және зейнетақылық қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас маңызды бөлігіне айналуы керек. Бұл біз зейнетақы реформасын жүзеге асырумен тең болуға тиіс. Мәні солай. Біріншіден, қаржыны тиісі қорларға жинақтау. Екіншіден адамдарды қамсыздандыру және сақтандыру.

Бұл Заң Қазақстанға шетелден инвестициялардың келуі үшін кең мүмкіндіктер бере отырып, сонымен бірге Қазақстанның қамсыздандыру рыногында шетелдік инвесторлардың болуын оңтайлы түрде шектейді.

Екінші. Салық кодексі және "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заң мемлекеттің экономикалық мүддесін қорғап, мемлекет қазынасын толықтыруы тиіс, мұның өзі қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге қосымша қаржы жұмсауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорыннан олардың меншік иелері мен менеджерлерінің әрқилы әдістермен ақша алуына заң түрінде тыйым салу қажет. Бұл туралы, мәселен, несиелерді жоғары баға бойынша көтеру және өтеуіне өз өнімдерін беру, өзіне төмен бағалар бойынша сату туралы осы жазда менің бірнеше рет айтуыма тура келді.

Бізге жаңа салық заңы өте-мөте қажет болып отыр, сондықтан да сіздердің алдарыңызда оған барынша назар аудару, оны пысықтай түсу процесіне белсене қосылу және таяу уақытта қабылдау міндеті тұр. Салық кодексін талқылауға барлық банкирлер, кәсіпкерлер, халық қатысты. Ендігі мәселе Кодекс жобасын қайта өңдеу барысында барлық ескертпелерді ескеруге тиіс Парламентте қалып отыр.

Біз қаражаттың бюджетке толық түсуі үшін сұранысты қатаңдандыруға тиіспіз деп санаймын. Барлық қаржы ағымдарының айқын көрінісін қамтамасыз ету керек. Ірі салық төлеушілер, әсіресе, елдің минералдық ресурстар рыногында жұмыс істейтін салық төлеушілер қазынаға беретін түсімдерін ұлғайтуы қажет. Бұл республиканың әлеуметтік проблемаларын шешу үшін өте-мөте керек.

Салықтар мен алымдар тізбесін қысқарту керек, тікелей салықтарды азайтып, олардың жанама түрлерін көбейткен жөн, салық декларациясын шенеуніктерден ғана талап етуден еліміздің әрбір азаматының табысы туралы деректер базасын құруға көшуіміз керек. Салықтар мемлекет мүддесіне бағдарланған тауар өндіруші компаниялардың дамуына жағдай жасауға, қорларды жаңартуға, ел экономикасына инвестициялар құюға ынталандыруы тиіс. Бұл екі жаққа да: бізде жұмыс істейтін компанияларға да, мемлекетке де пайдалы болуы керек.

Мен ірі компанияларды, біздің инвесторларымызды сынаудан аулақпын, кейінгі жылдары олар ауқымды жұмыстар атқарды. Біздің өндірісіміз қалыпты жұмыс істеуде, адамдар жалақысын уақытында алып жатыр, инвестициялар құйылуда. Бұл ретте ең бастысы – келісімшарттарды орындау. Осы компаниялар аяғынан тік тұра бастаған жылдары біз оларға жеңілдіктер жасап, преференциялар бердік, енді олар мемлекетке қарай бет бұрып, бізге көмек көрсетуге тиіс. Бұл орынды да, мұны бәрі дұрыс түсінуге тиіс деп ойлаймын.

Бұл блоктағы үшіншісі – "Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы" Заң. Монополиялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан экономикасының негізін құрайтыны белгілі. Біздің экономикамыздың, біздің азаматтардың хал-ахуалы көп ретте солардың жұмыс нәтижелеріне, солардың қызметтерінің бағалары мен сапаларына кіріптар. Сондықтан да бүкіл қоғамның мүддесі үшін олардың қызметін тиімді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету айрықша маңызды.

Төртінші заң – "Астық туралы", ол осынау стратегиялық өнімнің өндірісін ұлғайтудың және ұтымды пайдаланудың экономикалық механизмін жасайды.

Бұл жөнінде айтып жатудың қажеті жоқ деп ойлаймын, біз бұл ретте қалыпты заңнамалық ережені орнықтырумыз керек.

Бесінші – "Банк қызметінің мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Заң. Бізге екінші деңгейдегі банктердің барлық акционерлерінің қаржы-шаруашылық қызметін ескеру үшін ықпалдасқан негізде банкті қадағалауды күшейту керек. Сонда көбірек қаржы оффшорлық аймақтарға емес, ел экономикасына ағылатын болады. Жалпы алғанда, оффшорлық аймақтарда тіркелген кәсіпорындарға біздің банктердің акционері болуға тыйым салу керек.

Мен жаз айларында сіздер сияқты облыстарды аралап, өндіріс кәсіпорындарында болған кезде, ұмытпасам, Жезқазғанда ғой деймін, журналистер екі заңға қатысты сұрақтардың астына алған еді. Бірінші сұрақ Салық кодексіне депутаттар тарапынан кедергі жасалатыны, өйткені өндірістік алыптар өздерінің мүдделеріне ықпал етуі үшін депутаттарға пара беру мақсатында бірігіп жатқаны жөнінде болды.

Екінші сұрақ. Бәрімізді сатып алу және шоғырландырылған бақылау туралы заңның қабылдануына жол бермеу үшін банктер пулы құрылуда. Мәселе не жөнінде дейсіздер ғой. Бірінші жағдайда Салық кодексіне сәйкес амортизациялық аударымдар проблемасының әділ шешілмейтіні туралы айтылды. Егер дәл солай болса, оны қарап, әділ шешімін табу керек. Егер бәріміз белгілі кеңес дәуірі кезіндегідей амортизациялық аударымдар қаржысынан бір де бір тиын бекер жұмсалмай, керісінше, оның бәрі экономиканы қайта жаңартуға жұмсалса, онда әңгіме басқа.

Ал бүгінгі жағдай қандай? Егер, айталық, 10 жыл жұмыс істеуге жарамды жабдық сатып алатын болсаңыз, сізден 10 жылдың ақшасын алып, сосын ол жөнінде ұмытады. Бұл дұрыс емес.

Банктерді шоғырландырып бақылау дегеніміз не? Банктер, біріншіден, өздерінің бүкіл аффилиирленген акционерлерін жария етуге және адал, таза жұмыс істеуге тиіс. Неге банктер? – деген сұрақ қояды. Айталық, "Казцинктің" өз өндірістік банкінің, хром және алюминий өндірісінің өз банктерінің болуы түсінікті.

Ұлттық Банк неге өз кәсіпорындарына бүкіл қаржысының 10 пайызынан асатын қаражат беруге рұқсат етпейді, неге өзімізде бар ақшаны шетелден аламыз? – деген сұрақтар да қойылды. Шын мәнінде, мұндай банк тек өз кәсіпорындарының қаржысын ғана емес, сондай-ақ халықтың, басқа да заңды тұлғалардың ақшасын да тартады. Ал егер конъюнктура өзгеріп жатса, әрине, оның бетін әрі қылсын, онда кәсіпорындар банкротқа ұшырайды, олар бірінші кезекте банктерін банкрот етіп, халық тағы да құр алақан қалады. Мұндай жағдайдың Оңтүстік Кореяда, осындай дағдарыстың Оңтүстік Шығыс Азияда орын алғаны белгілі.

Мұның бәрі банктерді тұншықтырып, жою үшін емес, керісінше, оларды нығайтып, аяқтарынан тік тұрғызу үшін жасалып жатқанын біз жете түсініп,

білгеніміз абзал. Сонда ғана біз Ресейде және басқа елдерде орын алған дағдарыстан, құлдыраудан аулақ боламыз. Міне, сондықтан да біз осындай шараларға барып отырмыз. Ал, екінші жағынан, нақ сол кәсіпорынға банктердің, біздің қазақстандық банктер тобының ірі шоғырландырылған қаржысын беруге ешкім кедергі келтіріп отырған жоқ.

Сіздер мені түсіндіңіздер ме? Мен арасында қызбалыққа барып, мұндай Үкімет, мұндай Парламент таратылуға тиіс деген едім. Бірақ бұл айтылғандарды сіздерге қатысты екен деп қалмаңыздар, менің айтайын дегенім басқа, біз әлі бірлесіп ұзақ жұмыс істеуіміз керек.

Бұл талқылаулардың қаншалықты күрделі болатыны белгілі, егер қажет болса, мен де Сіздерге келіп, пікір алмасуға дайынмын, осыны түсініңіздер. Бұл арада адамдарға бет бұру жайлы сөз болып отыр, бұл жөнінде біз қоғамға жария етіп отырмыз, сол себепті ірі капитал да адамдарға қарай бет бұруға тиіс.

Келесі блок – құқықтық реформа саласындағы аса маңызды үш заң.

"Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заң. Бұл саладағы реформалар тым созылып кетті. Егер елдің жоғары мемлекеттік органдарының қызметі Конституцияға және конституциялық заңдарға сәйкес жүзеге асырылатын болса, жергілікті мемлекеттік басқару осы күнге дейін сонау 1993 жылы қабылданған заңмен регламенттелуде. Көптеген түзетулерге қарамастан, бұл заң әлдеқашан-ақ ескірген және мүмкіндігінше тезірек ауыстырылуы керек. Заң басқарудың түрлі деңгейінің өкілеттігі мен мемлекет алдындағы міндеттемелерін және бұл тәртіпті бұзғаны үшін қолданылатын жазаны нақпа-нақ анықтауы тиіс. Бұл ретте заң біздің мемлекеттің бірегейлігін және биліктің атқарушы тармағының жоғарыдан төменге дейін бірлігін нақпа-нақ тұжырымдауы тиіс. Бұл биліктің жергілікті органдарының сайланбалылығы үшін мүмкіндік ашады. Біз ауылдық, поселкелік, аудандық, облыстық әкімдердің өкілеттіктері, міндеттері мен құқықтарын нақпа-нақ көрсетуге тиіспіз. Бұл өкілеттіктердің шегінен шығу қатаң жазалануы керек. Осы заңды қабылдағаннан кейін ғана біз жергілікті билік органдарының сайланбалылығына көше аламыз.

Ел алдында осы міндеттерден аттап өткені үшін бұл адамдарды дереу қызметтерінен босатуға дейін бару керек, демократиялық елдердің бәрінде солай.

Сайлайық, сайлайық деп айта береміз. Ресейге қараңыздаршы, солай жасаймыз деп қазір не болып жатыр? Мен айтпасам да түсінікті емес пе? Мен үнемі алдымен заңды қабылдайық деймін, сосын барып мен сіздердің алдыңызда сөз сөйлеп, жергілікті жерлерде атқарушы билік органдарын сайлау кезеңдері туралы айтамын. Осылай істесек жөн емес пе, қисынды болмай ма? Осыны ойластырып, жұмыс істейік, сонда ғана елде сайланбалылық та, тәртіп те, реформа да, елдің тәуелсіздігін нығайту да арнаға түседі. Аудандық әкім облыс әкіміне бағынбайды, сот арқылы жұмыс істейді, қаланың мэрі облыстық

губернаторға бағынбайды, ол да сот арқылы жұмыс істейді. Маған мұны Ресейдің губернаторы айтты. Біз неге Қазақстанды осындай күйге жеткізуіміз керек? Бұған жол беруге болмайды деп ойлаймын.

Ұсынылып отырған осы заң жобасына сәйкес (менің бүгінгі айтқанымды ескерерсіздер деп ойлаймын) әкімдердің қызметін бақылау мәселесінде мәслихаттардың өкілеттігі әлдеқайда кеңейетін болады. Мәслихаттар жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау, әкімиат құрамын бекіту құқығын алады. Бұған қоса мәслихаттардың әкім қызметіне баға беруге мүмкіндік беретін нақты механизмі анықталатын болады. "Жергілікті өзін-өзі басқару туралы" заң жоқтығынан ел халқының жергілікті маңызы бар мәселелерді дербес шешу мүмкіндігін көздейтін конституциялық қағида іске аспай қалып отыр.

Екінші мәселе бұл блоктағы маңыздысы деп санаймын. Менің бастамам бойынша Үкімет көп ретте Парламент депутаттары ұсынған заң жобасына негізделген "Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы" Заң жобасын ұсынатын болады. Бізде құқық реформасы кенжелеп қалғанын мойындау керек. Бұл заң бізге сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту, әділ сотты жүзеге асыру, сапасын арттыру және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы сенімді қорғау үшін қажет. Судья кадрларын атқару билігінен ажыратып, сөзбұйдалықты және адамдардың сот инстанциялары бойынша шексіз сенделісін тыю керек. Судьялардың беделін нығайтқан жөн. Неге екенін айтайын.

Мен заң жобасының негізіне депутаттар бастамашы болған, осы Парламентте әзірленген жобаны алдым, сондықтан сіздер барлығын біріктіріп, сол бойынша жұмысты бастауларыңыз керек. Бұл заң бізге сот жүйесінің тәуелсіздігін, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауды нығайту үшін керек, сайып келгенде, сот кадрларын атқарушы биліктен бөліп алу қажет. Мен бүгін кадрларды Жоғары Сот кеңесімен бірлесіп таңдау мәселесімен айналысатын (Үкіметсіз, Әділет министрлігінсіз) уәкілетті органды құру туралы Жарлыққа қол қоямын. Бұған Үкіметтің де, Әділет министрлігінің де қатысы болмауға тиіс, сөзбұйдалықты және адамдардың сот инстанциялары арасында сенделуін тыю үшін судьяларды атқарушы биліктің құрамынан бөліп алу керек. Судьялардың беделін көтеру қажет.

Қазақстанның түкпір-түкпірінен шақырылған бизнесмендердің маған не дегенін білесіздер ме? Бизнесмендердің өз арасында да проблемалар туындайды. Сонда қалай болып отыр? Олар істі сот тілінде учаскелік сот деп аталатын аудандық сотқа береді, одан кейін облыстық сотқа наразылық білдіреді. Ол істі қарап, тағы да аудандық сотқа жіберуі мүмкін. Ол оны қарайды, бірақ апелляция түскеннен кейін тағы да облыстық сот қарайды. Үш айдан кейін облыстық сот оны қарады делік, одан кейін іс Жоғарғы Сотқа келіп түседі. Жоғарғы Сотта істі алқа қарайды, бұл бірінші инстанция, содан кейін төралқа мен пленум қарайды. Содан кейін ғана прокурор наразылық келтіреді, сөйтіп бәрі қайтадан басталады. Ешқандай проблеманы шешпей, өмір бойы соттасып жүруге болады. Бізге осындай сот жүйесі керек пе?

Аудандық деңгейде аяқтауға болатын (мәселен, төбелесу, малақай ұрлау, тауықты жымқырып кету сияқты) қылмыстың ұсақ түрлері аудандық деңгейде түпкілікті шешілуге тиіс. Дұрыс қой? Күрделі мәселелер облысқа жіберілуі керек, онда қайсыбір мәселелер сол облыстың деңгейінде түпкілікті шешіліп, осы жерде оған нүкте қойылуға тиіс.

Кісі өліміне қатысты, қоғам үшін, мемлекет үшін қауіпті қылмыстар ғана Жоғарғы сотқа жіберілуге тиіс, олар сол жерде түпкілікті шешіліп, кейін қайтарылмауы керек. Біз сонда ғана қандай да бір тәртіп орнатамыз. Ал бойында ескі кеңестік сот жүйесінің сарқыншағы сақталған судьяларға, кадрларды даярлауға, осы кадрларды аттестаттауға деген талапты күшейтіп, мемлекет пен заң алдындағы әділетсіздігі үшін қызметтен босату мүмкіндігі сияқты қатаң шараларды қолдану керек.

Енді ешқандай саясаттандырусыз, жерді ұтымды пайдалану мен қорғаудың, табиғи ортаны сақтау мен жақсартудың, жерде шаруашылық жүргізудің барлық нысандарының тең құқылы дамуына жағдай туғызудың, жер пайдалану саласында жылжымайтын мүлік рыногын нығайту және нарық қатынастарын дамытудың басымдықтарын негізге ала отырып, "Жер туралы" Заң бойынша айқындалуымыз керек. Конституция бізге шаруашылық жүргізудің жеке нысанына да, мемлекеттік нысанына да мүмкінік береді.

Бұл мәселені шешуге болады ғой деп ойлаймын. Осы заңды көп саяси дауға айналдырмай қабылдайық, ол келесі ауыл шаруашылығы жылынан бастап жұмыс істей берсін.

Құрметті депутаттар! Мен сіздердің қоржындарыңызда басқа да көптеген жобалар бар екенін білемін. Алайда, бірінші кезекте нақ осы заңдарды қарауды өтінемін. Маған Үкіметтің шамамен 50 заң енгізгенін айтты. Мұхамеджанов 54 заң деді. Егер кезекке қойса, менің өтінішім – оларды бірінші кезекте қарау, олар келісілген. Бұл менің жеке пікірім емес, оны Үкіметпен де, тиісті ведомстволармен де келіскенмін. Олар қарапайым адамдардың әл-ауқатын жақсартуға, оларды қорғауға бағытталған. Қоғам бұл заңдарды алғыспен қарсы алатынына сенімдімін.

Парламент пен Үкімет оларды қабылдау үшін Үкімет тарапынан парламентарийлермен үндесіп тұрақты жұмыс істейтін тиісті адамдар тобын дереу құруға тиіс, барлық мәселелер жөнінде тіл табысып, болуы мүмкін даулы жағдайларды шешуі керек.

Егер біз Әділет министрлігін көп уақыт алатын кадрлар таңдау мәселесінен босататын болсақ, онда олардың заң жобаларымен және қабылданған сот шешімдерімен көбірек жұмыс істеуіне мүмкіндік туар еді. Түзеу жүйесін де Әділет министрлігіне беру керек. Мәселен, полиция адамды ұстап алады, айыптайды, сосын барып кутузкаға, түрмеге отырғызады, содан кейін барып одан қандай жолмен болса да, қайтсе де айғақ алады. Көрдіңіздер ме, бәрі бір ізбен жүріп жатады. Бұл жағдайды дәл осы күйінде қалдыруға болмайды. Бұл менің сіздермен әңгімемнің бірінші бөлімі.

Тағы бір мәселеге қысқаша тоқталғым келеді. Тұрлаулы экономикалық даму елдің ұлттық қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз еткенде ғана мүмкін болады. Менің Қазақстан халқына былтырғы жылғы жолдауым осыған арналған болатын. Ол дер уақытында жасалған болып шықты. ТМД-ның оңтүстік шептеріндегі ахуалдың күрт шиеленісуі және Қырғызстан мен Өзбекстандағы 2000 жылдың тамызындағы қауіпті оқиғалар тұтастай алғанда Орталық Азия мемлекеттерінің алдында тұрған елеулі сындардың хабаршылары болып табылады. Осынау аса маңызды бағыттағы қауіпсіздік мәселелері бойынша біздің көзқарасымыз туралы Қазақстан Парламентін хабардар ету қажет деп санаймын.

Өткен жылдың аяғында Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінде Елдің 1999-2005 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясы қабылданды. Бұл құжатта елдің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлер айқын көрініс тапқан. Барынша өткір проблемалар қатарында халықаралық терроризм мен экстремизм аталды.

Үкімет Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарын талдап жасады. Стратегияны дамыту мақсатында біз 2000 жылдың басында елдің жаңа Әскери доктринасын қабылдадық, ол біздің Қарулы Күштерімізді жаңа қатерлерді тойтаруға іс жүзінде бағыттады. Әскери реформа және әскери құрылыс бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Біз ел аумағында әскери округтер құруға кірістік және бірінші болып Оңтүстік әскери округі құрыла бастады.

Мен үстіміздегі жылдың өзінде армияны қаржыландыруды арттыру туралы тапсырма бердім. 2001 жылдың бюджетінде алғаш рет әскери шығындардың бекітілген ең төменгі деңгейі – ІЖӨ-нің бір пайызы көрініс табады. Алайда, бұл аз болуы мүмкін.

Қазақстан шекарасының, әсіресе, шиеленісті бағыттардағы шекараның шекаралық және кеден бақылауы нығайтылды. Шекара және кеден қызметтерін қаржыландырудың қосымша мүмкіндіктері табылып, жаңа шекара отрядтары құрылуда.

Көп жылдардан бері алғаш рет түрлі әлеует ведомстволарының таулы аймақта өзара ықпалдаса әрекет етуін үйренген арнайы жаттығу өткізілді. Соңғы уақыттағы қақтығыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, шұғыл қимылды жаңа әскерлер құрылу үстінде.

Қарулы күштерді нығайту жөніндегі шараларды алдағы кезде де қабылдауға тура келеді, мұның өзі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріне толық сай келетіні сөзсіз. Біз бұл мақсаттарға елеулі қаржы жұмсауға мәжбүр боламыз.

Бішкекте Орталық Азия мемлекеттері халықаралық терроризмге қарсы бірлескен іс-қимылдың қажеттігі туралы мәлімдеп, қалыптасқан ахуалды қарау жөнінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне қайырылғаны белгілі.

Мен елдің әлеуетті құрылымдарын ғана емес, сонымен бірге жергілікті жерлердегі атқару билігінің барлық тармақтарын да қырағылыққа шақырамын. Мұндай жағдайда біздің халқымыздың және барлық саяси күштердің топтасқандығы, бірлігі өте-мөте қажет.

"Жау жағадан алғанда, бөрі етектен..." болмай, өз қазағымызға сөз айтуға тура келіп тұр мұндай жағдайда. Төніп тұрған қауіп бүгін Қазақстанда бар деп мен айта алмаймын. Егер де жылда-жылда бұл пәле ана жақтан бола беретін болса, олардың ойының барлығы белгілі бізге. Ептеп-ептеп Тәжікстаннан Өзбекстанға, Қырғызстанға өтіп, солардың ішінде аз-аздаған топтармен орнығып, содан кейін сол мемлекеттердің ішінің бәрін шайқап, сол мемлекеттерді мұсылман мемлекеті ретінде (мұсылман мемлекеті болса жарайды, бола берсін, бірақ та әлгі шеткі фундаменталистік жағына, әйелдерге паранжа жабатын, ақсақалдарға сақал қойдыратын (мұртпен қалдырса жарайды ғой енді, мұртпен қазақ қалмайды, қазақ сақалды болса не болады сонда?) сондай мемлекет орнатуға бар олар.

Сондықтан, менің айтайын деп отырғаным, біз бүгін ел үшін, жеріміз үшін, өзіміздің бірлігіміз үшін мына менің Елбасы ретіндегі жасап жатқан барлық шараларым ол өз алдына, халықтың бірлігін, олар сыртымыздан бүлдірейік деп тұрғанда, ішімізден де бүлдіреміз дегендерге "қой" дейтін қожа, "әй" дейтін әже болу керек. "Қой санап жатыр Қойсана, Қойсанаға қоймасаң, түсірермін ой-сана!" – деген бар еді ғой бір ертегіде. Сондықтан, ой-сананы түсірмей-ақ өздері де түсінсін. Егер де түсінбесе, ой-сананы түсіртеміз. Елдің бірлігі керек қазір бізге.

Біздің еліміз полиэтникалық мемлекет болып табылады және бола береді. Бұл митингілік сөз емес, ақиқат. Міне, сондықтан да біз үшін барлық халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау міндеті өте маңызды. Әсіресе бұл қазір, Мәдениетті қолдау жылында өзекті болып табылады.

Мемлекет үшін дін мәселесінің де маңызы кем емес. Өйткені мұсылмандармен және христиандармен қатар бізде көптеген басқа діндердің өкілдері тұрады.

Тұтастай алғанда, діни ахуал тұрақты болып отыр. Елде 1800-ге жуық (бұл өте көп шығар деп ойлаймын) тіркелген діни бірлестіктер бар. Олар жалпы ұлттық даталарды мейрамдауға белсене қатысады, елеулі қайырымдылық көмек жасауда.

Бірақ, сонымен бірге, бірқатар проблемалар да бар. Бізде қоғамды тұрақсыздандырып, діни ұрандармен билік үшін күресетін экстремистік діни ағымдардың таралуына заң жүзінде тосқауыл қажет. Конституция мұндай әрекеттерге жол бермейді.

Кейінгі кездері жастарымызды шетелдегі ислам орталықтарында оқыту модаға айналды. Сондықтан біздер дін туралы заңды қарап, Конституцияға сәйкес бізде болып қалуы мүмкін түрлі экстремизмге тосқауыл қоюымыз керек.

Ана жаққа барып келген біздің балаларымыздың барлығы тек қана Құранды оқымайды, олардың ішіне неше түрлі пәлені салып жібереді. Сондықтан мен биыл шара қолданып жатырмын, медресе, университетті өзіміз ашуымыз керек, өзіміз оқытуымыз керек. Мен Сыртқы істер министрі Ыдырысовқа тапсырма

бердім: сыртқа шығатын балалардың барлығына тыйым салу керек қазірден бастап, оқып жатқан балаларды қайтарып әкелу керек. Тым болмаса, Ташкенттің университетіне жіберейік.

Құрметті депутат мырзалар! Қазақстанда либералдық әлеуметтік бағдарланған экономиканың, демократиялық қоғамның негіздері қаланды. Біз реформаны жүргізудеміз деп айтуға дағдыланғанбыз. Енді біз реформалар негізінен өткізілгенін айтуымыз керек. Күн сайын "реформа", "реформа" деп қақсаудың қажеті жоқ. Біз сіздермен бірге саясат пен экономикада күрделі де қиын, бірақ ауқымы жағынан тарихи өзгерістер кезеңін өткердік. Алға қарай жүруіміз керек.

Біз келесі кезеңге, қол жеткен оң нәтижелерді баянды ету үшін жағдайлар жасалып, экономиканың сыртқы да, сондай-ақ ішкі де тәуекелдерден қорғалуы қамтамасыз етілетін кезеңге көшеміз. Сондықтан да нақты бағдарларды белгілеу және экономикадағы бар мүмкіндіктерді дұрыс қайта бөлу үшін қазіргі бар "Қазақстан-2030" стратегиялық бағдарламалық құжаттың шеңберінде Қазақстанның мемлекеттік саясатын дамытудың перспективалық бағыттарын нақтылаудың объективті қажеттігі пісіп-жетілді.

Бұл жөнінде мен сіздерге 2030 стратегиясын негізге алатын елдің тұңғыш бесжылдық индикативтік жоспары туралы сөз болатын өз жолдауымда баяндамақпын. Бұл жоспар аяқталды деуге болады, барлық жеке және мемлекеттік компаниялармен жұмыс жасалды, 10 жылға арналған стратегия дайындалуда. Біз барлық шетелдік инвесторлардан, барлық компаниялардан (мемлекеттігі бар, жекесі бар) осы индикативті жоспарды орындауға бағдар ұстауын сұрауымыз керек.

Қадірлі депутаттар! Еліміздің бүгінгі таңдағы ахуалына, оның ішкі және сыртқы саясатының кейбір астарлары мен қырларына, алдымызда тұрған бүгінгі өрелі міндеттерге мен негізінен тоқталып өттім-ау деп ойлаймын. Сіздердің әлеуметтік-экономикалық саясатымызды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге қабілеттеріңіздің қаптал жететініне, "бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып", еліміздің ертеңі мен алдағы болашағы жолында ұйымдаса, ұжымдаса жұмыс істейтінімізге мен кәміл сенемін.

Алдымызда егемендік жариялағанымыздың он жылдығы келе жатыр, 25 қазанда. Ол біз үшін үлкен бел-белес. Сол декларация арқылы бір жылдан кейін 1991 жылы тәуелсіздігіміз жөнінде заң қабылдағанбыз. Ол біз үшін үлкен белес.

Қазірден бастап халқымыздың сол қуанышты он жылымызды сараптап, қиыншылығы болса да, дегенменен, тарихымызда тұңғыш осындай көлемде тәуелсіз ел болып, мемлекет болып, қиын-қыстау жағдайда өз халқымыздың азшылығы жағдайында (көп халықтың ішінде), осы тәуелсіздігімізді аяғынан тұрғызып, көк байрағымызды тік ұстап, қазақтың мәртебесін дүние жүзіне паш еткен 10 жылды жақсы қарсы алуға бәріміз ұмтылуымыз керек.

Сондықтан сіздердің, Үкіметтің, жергілікті басшылықтардың, бүкіл халықтың осы даталарды жақсылап қарсы алуға бір ауыздан жұмылатынына сенемін.

Ел болғаннан кейін, жұрт болғаннан кейін, демократиялық құрылымға берілгендіктен кейін, жолымыз, болашағымыз демократиялық мемлекет болғаннан кейін, саяси ұйымдар мен партияларды қолдай отырып, түсініспікпен қарай отырып, өз пікірін айта отырып, мемлекеттің әр саласын сынай отырып, кемшілігін бетіне баса отырып, бірақ та соның барлығында, түп-түбегейіне келгенде, айтып отырған сөзімнің бәрі елім үшін, мемлекетім үшін, Қазақстанның діңгегі мықты болуы үшін, тамыры терең болуы үшін деген ойдан шыққа екен.

Осы ренжіп жүрген әр қазаққа кешірім жасауға бармын. Сұрағанын берейік. Бірігейік. Айтсақ та, сөйлесек те түп-тамырына келгенде еліміз, жеріміз, тәуелсіздігіміз дегенде бір болайық. Аман болыңыздар!

Қазақстан халқына 2000 жылғы 24 қазандағы "Еркін, тиімді әрі қауіпсіз қоғамға" атты Жолдауы

Тарихта өткенді еске алу үшін ғана емес, сонымен қатар келешегімізді бағамдау үшін де еріксізден кешегімізге көз тіккізетін тұстар бар. Осыдан тура он жыл бұрын өзіміздің тәуелсіздікке бағыт алуымыздың заң жүзіндегі бастауы болған Мемлекеттік егемендігіміз туралы декларация қабылданған еді.

Өткенді өзгерту құдайдың да қолынан келмейді дейтін сөз бар. Сондықтан да, қысқа ғана уақыттың – небәрі 10 жылдың ішінде өзіміз өткен ұлан-ғайыр жолда енді қайтып ешнәрсені өзгерте алмайтынымызды мойындағанымыз мақұл. Бұл жолдағы біздің жаңсақтығымыз бен жетістігіміз де, жеңісіміз бен жеңілісіміз де тарихтың еншісіне айналып отыр.

Егер тарихқа қарапайым деректердің жиынтығы ретінде қарамай, оны терең мәнді етене байланыстағы оқиғалардың сабақтастығы ретінде екшейтін болсақ, онда осы 10 жылдың ауқымы мен тегеуріні келер ғасырдағы келешегімізді айқындайтындай жаңа қырынан ашыла түседі.

Біздің жас еліміздің кешегісі мен келешегінің арасындағы бұл байланысты мынадай қарапайым тұжырым бейнелей алады: тиімді экономика, либералдық қоғам, ұлттық қауіпсіздік.

Келесі 2001 жыл – біздің тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы. Ұлттық тарихтың бірде-бір он жылы өткен оқиғаларының шиеленісі мен шамырқанысы жағынан, жасампаздық істерінің маңызы жағынан дәл мұндай ширықпалы болған емес, мұның бағасын біз емес, келер ұрпақ беруі керек. 2001 жылғы күллі ахуал осы мезеттің мән-мағынасын пайымдауға арналса ләзім.

1. Елдің экономикалық дамуының келешегі

Германияның соғыстан кейінгі канцлерінің бірі нарық дегеніміз ашық болған жағдайда ғана аман алып қалатын парашют сияқты деген екен. Бұл осыдан 10 жыл бұрын біз білмеген ақиқат, онда біздің экономикадағы қозғалысымыз қараңғыда қарманған адамның халіне ұқсайтын. Ол кезде ашық нарық жайлы әңгіме қозғаудың өзі мүмкін емес еді. Біз кеңестік экономиканың орасан зор сыртқы қарызынан қарманып, құрдымға кетіп бара жаттық. Сөрелерді бос қалдырған экономика қаңыраған сөрелер экономикасына айналды. Ақша дегеніміз әдіпті қағазға айналып кетті. Мыңдаған кәсіпорындар тоқтап, жүздеген мың адам жылы орындарын суытуға мәжбүр болды. 1990 жылғы қазанда жан сақтаудың өзі қиын түйінге айналды. Адам жады жамандықты ұмытуға бейіл, сол кездегі жансыз қалған экономика бүгін бізге бағзы біреудің басынан өткен ертегідей елестейді.

Шұғыл әрекет жасау керек болды. Біз жекешелендіру жүргіздік, мүлде өзге салық жүйесін құруды қолға алып, отандық кәсіпкерлікті жасақтай бастадық. Осы заманғы банк жүйесін құруды да жоқтан бастауымызға тура

келді. Біз өте қатал бәсекешіл сыртқы нарықта табан тірер тауашамызды таба білдік. Ауылдағы экономикалық қатынастарды қайта құрдық. Сонымен бір мезгілде ұлттық қарулы күштерімізді жасақтаудан бастап, әлемнің ондаған елдерінде елшіліктерімізді құруға дейін дербес мемлекет орнатудың аса қиын міндеттерін шеше бастадық. Біз жанға бататын реформаларға баруға мәжбүр болдық. Реформалардың әлеуметтік салмағы әсіресе оның бастапқы кезеңінде тым ауыр соқты. Міндеттің ауыр болғаны соншалық, "тәуелсіз Қазақстан бола ма, жоқ па?" деген сауалдың өзі қабырғасынан қойылды.

Алайда, соңғы тоғыз жылда жүргізілген сол реформалардың есебінен ғана біз тұрақтылығымызды сақтап, ТМД-ның барлық елдеріндегі деңгейге қарағанда ең жоғары экономикалық өрлеуге қажетті қарқын алдық.

Бұл – бос сөздер емес. Бұл – дау туғызбайтын дәйектер. Биылғы тоғыз айдың ішінде өнеркәсіп өнімін өндірудің өсімі 15 пайыз артып отыр. Сыртқы сауда айналымы 30 пайызға жуық, ал экспортымыз 80 пайыз өсті. Негізгі капиталға деген инвестициялар 13 пайыз, халықтың банктердегі салымдары 83 пайыз, ал нақтылы секторды несиелеу көлемі 60 пайыз артты.

Сегіз айдың ішінде сауда теңгерімінің 2,6 миллиард доллар оң өзгеріміне қолымыз жетті, төлем теңгерімінің пайдалылығы да өсе түсті.

Халықтың жан басына шаққанда атаулы ақшалай кірісі 21 пайызға жуық, ал орташа жылдық ақшалай шығысы 22 пайыздан астам артып отыр.

***

Экономикалық тіршілігіміздің міндеттерін шеше отырып, біз бір сәт те келешегімізді естен шығарғамыз жоқ. Сондықтан да мен осыдан үш жыл бұрын "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында" келешекке деген көзқарасымды баян еткен едім.

Біздің экономикамызға тіке салқынын тигізген 1997-1998 жылдардағы бірқатар аймақтық дағдарыстарға қарамастан, стратегиямызда өрілген барлық экономикалық өлшемдеріміз іске асырылды.

Еліміз бүгін жаңа астанадан басқарылады. Жекелеген сенімсіздіктерге қарамастан, астана берік ірге тепті. Басқару жүйесі күйрейді дейтін күйкі сәуегейлікке қасақана біз күллі әлемге, бәрінен бұрын өзімізге алға қойған ұзақ мерзімді мақсатымызға жете алатынымызды дәлелдедік.

Біз өз стратегиямызда басымдықтарды рет-ретімен дұрыс қоя білдік. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің аумақтық тұтастығы, шекарамызды сенімді қорғау және саяси тұрақтылықты сақтау бағыттарында тындырылған істер аз емес.

Осыдан үш жыл бұрын дағдарыс кезінде өмірден алшақ сияқты елестеген экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы бүгінгі таңда біртіндеп нақты шындыққа айналып келе жатыр. Біз еңбекақының деңгейі жөнінен ТМД-да бірінші орын аламыз. Біз бірінші болып жинақтаушы зейнетақы қорын құрдық. Бүгінгі күні зейнетақы қорларындағы салымдар 80 миллиард теңгені құрап отыр.

Стратегияда белгіленгендей, біз өзіміздің энергия ресурсымыздың әлеуетін дәйекті түрде дамытып келеміз. Бүгінгі таңда Қазақстан 32 миллион тонна мұнай өндірсе, енді он жылдан кейін 100 миллион тонна мұнай шығаруға жетеміз.

Осы қиын-қыстау жылдардың ішінде ең жоғары халықаралық өлшемдерге сай келетіндей етіп Ақтау портын жаңғырттық. Соңғы үш жылда жаңадан салынған көпірлер, жолдар, әуежайлар аз емес, ал жаңаланғандары одан да көп. Бұл ретте осы жуырда ғана Семейде ашылған Ертістегі тамаша көпірді атасақ та жеткілікті. Мұның бәрі де, сайып келгенде, стратегиялық инфрақұрылымға қосылған үлес, ал онсыз бірде-бір елдің болашағы жоқ.

Біздің ең басты инвестицияларымыз – адамдарға жұмсалған инвестициялар. "Халық денсаулығы" бағдарламасы емдеу мекемелерін вакциналармен қамтамасыз ету проблемасын толығымен шешіп берді. Біз 1990 жылдары белең ала бастаған қатерлі нышанның бетін қайтардық, өкпе ауруымен науқастану азая бастады. Әлеуметтік бағдарламалардың ең бір тиімдісі мектептерді компьютерлендіру болып отыр. Біз таяу уақытта бүкіл білім жүйесін 100 пайыз компьютерлендіруге жетеміз.

Күні кеше біз Түркістаннан оралдық. Онда түркі мәдениетінің осынау бірегей орталығының мың жарым жылдық мерекесі өткізілген еді. Осы мерекенің Мәдениетті қолдау жылы өткізіліп отырғаны ерекше мәнді. Бұл ғажайып мекенде "бәрі ұмытылса да, мәдениеттің ұмытылмай қалатын дүние" екенін пайымдайсың. Біздің өз мәдениетімізді ұмытуға хақымыз жоқ.

Тегінде, не ісі жоқ, не сөзі жоқ пәтуасыздар ғана сын тезіне түспейді дейтін түсінік бар. Әлбетте, біз мәдениетімізге қарыздармыз, алайда ештеңе істелмеді десек, мұнымыз шындыққа кереғар келер еді. Қазақстанда биылдың өзінде 468 кітапхана, 238 клуб, 5 театр, 5 мұражай ашылды. Барлығы мыңнан астам мәдениет объектілері жаңадан ашылады немесе бұрын жабылғандары қалпына келтіріледі. Біз мәдениет ошақтарын жаңарту мен жөндеуге 3,5 миллиард теңгеден аса қаржы жұмсадық. Биылғы жылы ғана Астанада Мемлекеттік мұражай мен опера театры, Петропавлда музыкалық драма театры, Оралда музыкалық театр ашылды, Алматыда опера театрын жаңарту жұмысы аяқталды. Осы орайда, елеусіз көрінгенмен, маңызы зор бір санды да атай кетейік: еліміздің ауылдық кітапханаларына жарты миллионнан астам жаңа кітаптар беріледі. Бюджеттің жобасында 2001 жылы мәдениетті дамытуға 600 миллион теңге артық жоспарланып отыр.

Біз мемлекеттік қызметшілерді іріктеу жүйесін түбегейлі өзгерттік. Басқа елдер ондаған жылдарын сарп еткен жұмысты біз соңғы екі жылдың ішінде іске асырдық. Тоғыз мыңға жуық мемлекеттік қызметші ашық конкурстың нәтижесінде 2000 жылдың ішінде қызметке қабылданды. Ал мұның өзі мемлекеттік лауазымға конкурстық қабылдау жүйесін өткен-кеткен тарихында білмеген, мәселені үнемі телефон мен сыбайластық арқылы немесе саяси сенімділігі деген негізде шешіп келген елде іске асырылып отыр.

Ұзақ мерзімді стратегиямызда белгіленген реформалардың бірінші кезеңі аяқталды, ал алғашқы үш жылға алдымызға қойылған басты міндеттер орындалды.

***

"Жақсы жоспарларды жобалаушылардың желі оңынан тұрады, ал жаман жоспарларды орындаушылардын жұлдызы оңынан туады" дейтін нақыл бар. Өз стратегиямыздың осындай күйге ұшырамауы үшін оны әлеуметтік-экономикалық дамудың бес жылдық индикативтік және он жылдық стратегиялық жоспарларына жіктеп, бірсыпыра қысқа мерзімдік құжаттармен қамту арқылы нақтылай түсу қажет. Бұл жоспарлардың қисыны экономикалық өрлеудің ұзақ мерзімдік басымдығына негізделуге тиіс. Біздің таяу жылдардың өзінде бірсыпыра міндеттерді шешуіміз керек.

Бірінші. Үкімет пен Ұлттық Банк макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты сақтаудың негізгі тұтқасы ретінде бюджет тапшылығының жедел қысқартылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттің 2001-2003 жылдарға арналған жобасында Үкімет мұндай міндеттерді қойып отыр. 2002 жылдың бюджетінен бастап, бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің бір жарым пайызынан аспауға тиіс.

Үкімет шикізат нарығында істейтін компаниялардың үстеме кірістерін алудың тетіктерін табуға тиіс.

Акциздер мен басқа бірқатар салықтар бойынша алымдардың деңгейі төмен, көңіл көншітпейді. Әкімдердің қолдау қаржы мен алымдар алуды ғана көздеп кетпей, жергілікті жерлерде кірісті шоғырландырумен көбірек шұғылданғаны жөн. Бұған қажет заң жобалары мен бюджет қаражаты әзір. Ендігі жерде осы заңдарды қабылдап, кірістің негізін кеңейту керек. Биылғы жылдың соңына дейін 1 қыркүйекте мен ұсынған заңдар дестесі, ең алдымен Салық кодексі қабылданады деген үміттемін.

Әсіресе жергілікті жерлерде басқару буындарын қысқартып, оларды дәйекті түрде жеке секторға көшіру қажет.

Борыштар мен қарыз алудың іс-тәжірибесі де қанағаттанарлық емес. Қарыз алғанда қандай да қысқа мерзімді қымбатқа түсетін қарыздардан бас тартып, ұзақ мерзімді жеңілдікті қаражатқа ден қою қажет.

2002 жылы мемлекеттік бюджеттің республика, облыстар мен аудандар арасындағы кіріс пен шығыс бөліктерінің бөлінісін аяқтаған жөн.

Икемді, ауқымды саясат жүргізу мен дағдарысты жағдайда бюджет үшін резерв жасақтау міндетін іске асыру ұлттық қорда тиімді жинақтаулар жасау мен оның активтерін басқарудың жақсартылуын талап етеді.

Сақтандыру нарығын, құнды қағаздар нарығын жаңа деңгейге көтеріп, зейнетақылық жинақтауларды пайдалану қажет.

Біздің бизнесшілеріміздің шетелдерде сақталатын, өзімізді емес, бөтен экономиканы асырап отырған немесе жамбастарында жатқан жинақтарының

бәрін іске қосатын уақыт жетті. Оларға кеңшілік беру арқылы өз экономикамыздың мұқтажына жұмсау керек.

Екінші. Бізде нақтылы сектордың тым кейіндеп қалғаны өкінішті. Ол инвесторлар үшін бұлыңғыр, осы заманғы есеп пен есептілік жоқ, меншік иелері мен менеджерлер арасындағы қатынастарда жаңылысулар бар. Біз экономикамызда банктер мен инвесторларға ашық қуатты жеке сектор құруға тиіспіз. Бұл үшін, менің Жарлығымда көзделгендей, Үкімет 2001-2002 жылдары барлық тиісті жерлерде жекешелендіруді аяқтауы керек.

Үшінші. Әлеуметтік қорғау мен еңбек қатынастары саласында әлі де ақтаңдақтар көп. Бізге керегі – жеке сипаттағы бір сәттік ұмтылыстар емес, дәл қазіргі әлеуметтік саясаттың толымды тұжырымдамасы. Бұл жерде кәсіподақтар да, жұмыс берушілер де талап етіп қана қоймай, білек сыбанып іс тындыруға тиіс.

Дағдарыс біздің адамдардың әл-ауқатын көтеру мәселесімен ден қойып шұғылдануға мұрша бермеді. Енді соның уақыты келді. Сондықтан да мен Үкіметке 2001 жылы: бюджет ұйымдары қызметкерлерінің (мемқызметшілерден басқасының) жалақысын 30 пайыз, әлеуетті құрылымдар қызметшілерінің жалақысын 30-40 пайыз; судьялар корпусының жалақысын арттыруды; ең төменгі зейнетақыны 4000 теңгеге дейін өсіруді тапсырамын. Халық алдындағы 5 миллиард теңге шамасында қордаланған берешекті өтеу қолға алынсын, барлық борыш 2004 жылы өтелсін.

Барлық деңгейдегі бюджеттерден келетін ақшалай кірістің бүкіл өсімі 30 миллиард теңгеден асып түседі. Осы орайда Үкімет пен Ұлттық Банктің инфляцияға жол бермеуі, ал әкімдердің, ауыл шаруашылығының, шағын және орта бизнес пен халық тұтынатын тауарлар саласының өндірісті кеңейте отырып, осынау ақша нөпірін бағаны көтермей "бойына сіңіре" білуі ерекше маңызды.

Үкімет 2002 жылы зейнетақыға, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын өсіруге, сондай-ақ халықтың алдындағы борышты өтеуге ғана жұмылуы керек.

Мен жеке секторды жалдамалы еңбеккерлердің жалақысын көтеруге шақырамын. Адамдар өз жағдайының шындап жақсарғанын сезінетін, реформалардың жемісін көретін уақыт туды.

Төртінші. Биыл ауыл шаруашылығы борышының салмағын едәуір жеңілдеттік. Енді жер мәселесін бір жағына шығаратын кез келді. Шаруалар жер пайдалану құқығын нарық айналысына салатын тетіктерді қолына алуы, сол арқылы ақша қаражатына жол табуы керек. Таяудағы жылдары оларға лизинг компанияларына нақтылы жол ашылуын қамтамасыз ету қажет.

Бесінші. Даму үшін ең бастысы – жаңғыртуға және құрылысқа арналған ішкі және сыртқы инвестициялар.

Бұл – ішкі қор түзу мен жинақтар жасауға қажетті жағдай туғызу деген сөз. Бұл міндет шешіліп те жатыр.

Бізге болашаққа және нақты өткеру нарығына бағдарланған айқын да түсінікті индустриялық саясат керек. Бүгін біз оның жалпы сұлбасы жайлы ғана айта аламыз.

Таяудағы он жылда Каспий аймағы мен кен-металлургия кешенінің нарығы ең негізгі ішкі нарық болары өзінен-өзі түсінікті. Мұнай-газ машиналарын жасау саласының, химия мен мұнай химиясы, құрылыс материалдары өнеркәсібінің келешегі осында.

Отандық және шетел капиталын, тікелей инвестицияларды нақ осында бағыттау қажет.

Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі де өзінің ішкі, сондай-ақ сыртқы нарықтағы тауашасын тауып отыр. Ендігі жерде оны кеңейте, батылырақ игере беру қажет.

Осыған орай біздің ұзақ жылдар бойы жолдар салып, жаңғырту керек болады, демек, жол құрылысын қамтамасыз ететін салалар технологиялық жағынан жарақтаулы әрі бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Дегенмен, көкейкесті стратегиялық бағытымыз – ең алдымен экспортқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірістер жайлы да ойлануымыз қажет.

Сайып келгенде, даму міндеттері қуатты көлік – коммуникациялар желісін салып, жаңғыртуды талап етеді.

Міне, сондықтан да 2001 жыл экономикалық жағынан Үкімет пен барлық әкімдер үшін автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялау жылы болуға тиіс.

Тереңге бойламай-ақ айтатын болсам, таяудағы жылдары біздің: халықаралық нарықтарға жаңа көлік схемаларын тартуымыз; стратегиялық транзиттік даңғылдарды жаңғыртуымыз; "Шығыс – Батыс" және "Оңтүстік – Солтүстік" бағыттарындағы схемаларды белсенді құруымыз; Каспий инфрақұрылымын жоғары қарқынмен ілгерілетуіміз, Алматы – Астана автожолын жаңартуды белсене жүргізуіміз керек болады.

Биыл еліміздің экономикалық дамуының бірінші бес жылдық индикативтік жоспары бекітіледі.

Цифрлар тілімен айтқанда біз енді бес жылдан кейін қандай белеске шығуды жоспарлап отырмыз? Болжам жасау дегеніміз әрдайым тәуекелі көп іс, дегенмен, біз есептерге сүйеніп, еліміз бен халқымыздың алдына жаңа міндеттер қоямыз, әрі бесжылдықтың соңына дейін:

- нақтылы жалпы ішкі өнімнің 30 пайыз өсетініне;
- нақтылы жалақының өсімі 25-30 пайыздан кем болмайтынына;
- инфляцияның жылына 4-5 пайыздан аспайтынына;
- мемлекеттік бюджетке салық түсімі жалпы ішкі өнімнің 25 пайызына жететініне;
- бюджет тапшылығының деңгейі жалпы ішкі өнімнің 1,5 пайызынан аспайтын мөлшерде болатынына сенімдіміз.

Алыс болашақ әсем көрінер деген сөз бар. Мұның алысты меңзеген барлық жоспарларға қатысы бар сияқты. Дегенмен, өзіміздің таяу экономикалық болашағымыз жайлы, оның тұлғалы болары жайлы сеніммен айта аламыз. Үкіметтің бүкіл қызметі, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы осы мақсатқа жетуге бағдарланатын болады.

2. Қоғамды демократияландыру – уақыт талабы

Жиырмасыншы ғасырдың саяси тарихы күнтізбелік уақыттан бұрын, ескі қоғамның шаңырағы ортасына түскен 1991 жылғы тамызда тәмам болды. Жадымыз жақсы-ақ сияқты, бірақ кейде келтелік жасап жатады. Осы он жылдың ішінде өзіміз де өзгердік, дегенмен, қандай қоғамнан шыққанымызды ұмытып қала беретін тәріздіміз.

Біз тарих әлемінде бұрын-соңды кездеспеген түрлі ұлттардан кескінсіз, ұлтсыз дүбәра өсіруге шынымен-ақ әрекет жасалған қоғамнан шықтық. Біз мемлекеттік емес ақпарат құралдары деген ұғым халық жауы деген ұғымға барабар саналатын қоғамнан шықтық. Біз өкіметті сынаудың ақыры, айналып келгенде, абақтымен немесе ақылы ауысқандар үйімен аяқталатын қоғамнан шықтық. Біз ақиқатқа бір өзінің дара құқығы бар жалғыз ғана партия билік жүргізетін қоғамнан шықтық.

Өткен 10 жылдың ішінде біз еркін сайлау өткізілетін, 16 саяси партия жұмыс істеп жатқан, оның төртеуі парламентте өкілдік ететін қоғам құрдық. Екі жарым мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдары бар қоғам құрдық. Газеттердің, журналдардың, телерадиоарналарының сексен пайызы мемлекеттік емес қоғам құрдық. Жүздеген түрлі діни қауымдастықтар өзара байланыста қатар қалыпты өмір сүріп жатқан қоғам құрдық. Кәсіпқой екі палаталы Парламенті мен тәуелсіз сот жүйесі бар қоғам құрдық. Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірде-бірі бізде болған емес. Ал қазір үнемі болған сияқты көрініп тұрады. Ең бастысы, осы шырғаланды жылдардың ішінде өткен онжылдықтың соңын ала арамызға қанды алауыздықтарға бастауды көздейтін араздық қоламтасы тасталса да, бізде ұлтаралық қақтығыстар болған жоқ, бірде-бір адам ұлтаралық тайталас дегеннен опатқа ұшыраған жоқ.

Біздің саяси тарихымыздағы соңғы он жылға қатысты қандай қитұрқы сөздер айтылса да, біздің осы уақыттың ішінде ғасырға барабар жолдан өткеніміз анық, ендеше ертеңгі күні дәннің қауызынан аршылып алынатынына еш күмән жоқ.

***

Әлемнің ондаған елдері осындай жолдан өтті. Біздің бір ерекшелігіміз сол, біз бұл жолдан қантөгіссіз, қару кезенусіз, мыңдаған құрбандарсыз, азамат соғысынсыз, аумағымыздың тұтастығын сақтап, қоғамымыздың ұлтына немесе діниіне қарай жіктелуіне жол бермей өттік. Дегенмен, демократиялану үдерісінің жалпы мазмұны ортақ.

Жиырмасыншы ғасырдың соңындағы басты саяси тағылым демократияландыру қағидасының ортақтығында жатыр. Демократияның ерекше үлгісі жайындағы әңгімелердің бәрі де демократиялық принциптерден қалай да алшақтау әрекеттері ғана. Сондықтан да біздің демократияландыру принциптерінен алшақтау жалпы әлемдік үрдістен алшақтау екенін, тұйыққа тірейтін жол екенін айқын пайымдап алуымыз керек. Қозғалыстың бұл бағыты демократиялық қоғамдардың сан ғасырлық тарихының барысында түзілген еді.

Тегінде, демократиялану – қоғамның өзінің қалауы. Жиырмасыншы ғасырдың соңындағы либерализмді сыртқа тарату әрекеті де, сондай-ақ саясатқа толы осынау жүзжылдықтың бірінші жартысындағыдай төңкерісті сыртқа тарату қарекеті де еш нәтиже берген емес. БҰҰ-ның мыңжылдыққа арналған 2000 жылғы 8 қыркүйектегі басқосуында қабылданған Декларациясында: "Қоғамның өз ішіндегі және қоғамдар арасындағы айырмашылық үрей туғызбауға, қудалаудың себебі болмауға тиіс, қайта адамзаттың қымбат игілігі ретінде шыңдалып сомдалуға тиіс. Әлемдік мәдениет пен барлық өркениеттер арасындағы үндестікті белсенді түрде қолдап отыру – міндет" делінгені кездейсоқ емес. Адамның халықаралық тұрғыдан танылған барлық құқықтары мен бостандықтары жайлы айта келе, Әлемдік қоғамдастық өзінің Декларациясында "демократияны көтермелеу мен құқық тәртібін нығайту" үшін күш-жігер жұмсау қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Демократияландыру проблемасының нақ осы мәдени және өркениеттік қыры қоғамымыздағы ахуалды саралаған кезде мүлде назардан тыс қалдырылып жүр. Ендеше дәл біздегідей жағдайда он жылдың ішінде қай құрлықта, қай ғасырда демократиялық қоғам орнатылған екен?

Біріншіден, азаматтарының бойына дәл осындай құқықтық нигилизм жүз жыл бойы қай елде сіңірілген екен? Екіншіден, мемлекеттің ыдырауы салдарынан экономикасы мүлде құлдырап тұралаған осындай ел бар ма екен? Үшіншіден, ұлттық, діни және нәсілдік белгілері жағынан сан алуан, оңдаған ұлттардан құралған басқа осындай ел бар ма екен? Төртіншіден, осындай жағдайда өзінің мемлекеттігін құрған ел бар ма екен? Жоқ, мұндай мемлекет іс жүзінде де, саяси теорияда да болған емес.

Демократия жолында, шынында да, біршама ілгері кеткен Шығыс Еуропа, Балтық бойы мемлекеттерін немесе Шығыс Азияның кейбір мемлекеттерін мысалға алғанда, осы елдердің айта қаларлық мәдени, ұлттық, діни біртектілігі, әрі осы елдердің бәрінде үстіміздегі ғасырдың өзінде-ақ осы заманғы мемлекеттілік тәжірибесі болғаны, еске аларлық демократиялық дәстүрлері бар екен, басқасын былай қойғанда, жағрапиялық жағдайына дейін, неге екені белгісіз, оп-оңай ұмытылып кетеді.

Сондықтан да біздің демократияға беттеген қозғалысымыз әмбебап заңдылықтарға бағына отырып, бірнеше мәселелерді шешуі керек. Бірінші – барлығы заңдарға сүйеніп өмір сүретін нақты құқықтық мемлекет құру. Әрине, ең алдымен мемлекеттік құрылымдардың өздері заңда белгіленген ережелер бойынша қимыл жасауы керек. Саяси процестің басқа да субъектілеріне қойылатын талаптар да осындай. Барлық азаматтар заңға сәйкес өмір сүруді үйренуге тиіс. Бұл – толыққанды демократияға көшудің сара жолы. Өйткені заң – өзің мен өкіметтің арасындағы шарт. Жалған демократиялық ұрандар құқықтық мемлекетте құқық ауқымынан асып кетпеуі керек, ал асып кетсе, жанжалға, бөлшектелуге, қантөгіске әкеліп тірейді. Екінші – демократия дегеніміз, қаншама маңызды әрі бағалы екеніне қарамастан, саяси бостандық қана емес.

Бұл лайықты экономикалық өмір шарты мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басқа да бірсыпыра іргелі құқықтардың іске асырылуы деген сөз. Үшінші – саяси жүйені ырықтандырған кезде біз аймақтағы халықаралық экстремизм қысымының ұлғайып келе жатқанын, халықтың аса күрделі ұлттық және мәдени-діни құрамын ұдайы есте ұстауымыз қажет. Бұл жағдайды ескермесек, жеріміз әлдеқашан отқа оранған болар еді. Бұл біздің сыншыларымыздың оңды-солды ой сабақтауына оңды болар еді, алайда біз оларға мұндай мүмкіндік бере қоймаймыз.

***

Алайда біздің бүгін қоғамымыздағы саяси реформаның қарқыны экономикалық өзгерістеріміздің ауқымынан біршама кейіндеп қалғанын мойындауымыз керек. "Ілгері жүрмеген – кері кетер" деген көнеден қалған сөз бар.

Саяси жүйені демократияландыру бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі.

Бірінші. Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту, құқықтық реформа.

2000 жылғы 1 қыркүйекте "Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту шаралары туралы" Жарлыққа қол қойылды. Жоғарғы Соттың жанынан Сот әкімдігін жүргізу жөніндегі комитет құрылды. Сөйтіп, соттардың қызметін қамтамасыз ету міндеті Әділет министрлігінің құзырынан алынып, еліміздің жоғары сот органына берілді. Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың құқықтық жағдайын айқындайтын жаңа конституциялық заңның қабылдануы сот жүйесінің дербестігін қамтамасыз етудегі келесі қадам болды.

Сонымен қатар, құқықтық реформаның аясында еңбекпен түзеу мекемелерінің жүйесі Ішкіісминінің қарауынан Әділет министрлігінің құрамына берілетін болады.

Екінші. Өкілді өкімет органдарының өкілеттігін кеңейту.

"Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" жаңа Заң жергілікті өкіметтің өкілді және атқарушы органдары өкілеттігінің ара-жігін айқын ажыратып беруге тиіс. Атап айтқанда, әкімдердің қызметі мен жергілікті бюджеттің атқаруын бақылау мәселелерінде мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту қажет.

Бүгін Парламенттің қолында Конституцияны өзгертуге, Премьер-министрді шеттету тетігіне дейін кез келген министрді қызметінен алуға жетерлік нақтылы билік бар. Есеп комитетін де, негізінен, Парламент жасақтайды.

Дегенмен, турасын айтсақ, Есеп комитетінің белсенділігі жетімсіз. Парламенттің Есеп комитетін кадрлармен нығайта отырып, осы институт арқылы мемлекеттік бюджеттің атқарылуын нақтылы бақылауға барлық мүмкіндігі бар.

Үшінші. Сайланбалылықты кеңейту және сайлау заңнамасын жетілдіру.

Таяу уақытта Әкімдердің сайланбалылығын кезең-кезеңмен енгізудің мемлекеттік бағдарламасы әзірленеді. Бұл бағдарламада 2002 жылдан бастап

ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын өткізу көзделеді. Осы сайлаулар аяқталғаннан кейін аудандар мен қалалар әкімдерінің сайланбалылығына көшеміз. 2001 жылдан бастап республикада жергілікті жерлерде тиісті мәслихаттардың сайлау комиссияларын жасақтауына көшу біртіндеп жүзеге асырыла бастайды.

Төртінші. Азаматтық қоғам институттарын нығайту. "Жергілікті өзін-өзі басқару туралы" заң қабылдау қажет. Осы заңға сәйкес қалалардың шағын аудандарында, ауылдар мен селоларда, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде қолында жергілікті проблемаларды шеше алатын нақты өкілеттіктері бар қоғамдық өзін өзі басқару құрылымдары жасақталады.

Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қазірдің өзінде Қазақстанда құқық қорғау қызметінде де, халық топтарының айрықша мүдделерін жүзеге асыруда да, қоғамды әлеуметтік тұрақтандыруда да үлкен роль атқарып отыр. Атап айтқанда, әлеуметтік мәнді жобаларды жүзеге асыру үшін кепілдіктер жүйесі арқылы елеулі мемлекеттік қолдау керек. Осы саладағы ауқымды жұмыстарды қолға алатын уақыт жетті.

Бүгін біз үшін әлеуметтік қайшылықтарды құқықтық құралдармен шешудің, әлеуметтік шиеленістің саяси арнаға өтіп кетуіне жол бермейтін тетіктер жасаудың өмірлік маңызы бар.

Сондықтан бұл саладағы басымдық "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" заң жобасы деп білемін.

Маңызды заң жобаларын Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессияларында, қоғамдық күштердің басқа да форумдарында Үкіметтің қатысуымен талқылау тәжірибесі енгізілетін болады. Бұл ретте олар түрлі әлеуметтік және этникалық топтардың мүдделерін ескере отырып, Мемлекет басшысына да, Парламентке де, Үкіметке де өздерінің ұсыныстарын енгізу құқығына ие болады.

Қазақстан азаматтарының шетелге шығу тәртібін оңайлату керек. Осыған байланысты шетелге шығу үшін ІІМ-нің арнайы рұқсатын ресімдеу сияқты тәртіптің күшін жойған жөн. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарының қоғамдық-саяси бірлестіктердің жабық шараларына міндетті түрде қатысуының да күші жойылатын болады.

3. Ұлттық қауіпсіздік – мемлекеттік саясаттың негізі

Бір тарихи заңдылық бар, ғасырлар тоғысындағы бетбұрыс кезеңінде әрдайым қантөгіс қақтығыстардың белең алатыны білініп жүр. Бірақ, бүгін мұның бір айырмашылығы сонда, соғыс лаңына әдетте әлемдегі шағын және орта мемлекеттер килігеді. Осы бір кереғарлықтан біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысты мәселе қылаң беріп отыр.

Ғаламдық тайталас соңғы он жылдың ішінде келмеске кетіп, есесіне миллиондаған адамдардың өмірін қиған оқшау соғыс ошақтары пайда бола бастады. Негізінен алғанда, бұлар жас тәуелсіз мемлекеттердегі ішкі діни және

этникалық қақтығыстар. Ең қорқыныштысы да сол, Орталық Азия әлемнің жарылыс қатері күшті бес-алты аудандарының қатарына жатады, егер әрекет жасамай қарап қалатын болсақ, біздің халықтарымыздың болашақтағы тыныштығына ешкім де кепілдік бере алмайды.

Біз бұдан 10 жыл бұрын болған қауіпсіздік жүйесінің келмеске кеткенін айқын түсінуге тиіспіз. Өкініштісі сол, қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, аймақтағы жағдай осы 10 жылдың ішінде күрт нашарлап кетті. Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет.

***

Әңгіме қандай қатер туралы болып отыр?

Әңгіме, ең алдымен, халықаралық терроризм мен экстремизм қатері туралы болып отыр. Бұл нақтылы күш және осы заманғы дүниедегі ең қуатты деген мемлекеттердің өзі де экстремистер тарапынан жойқын соққыға ұшырап отыр. Адендегі американдық әскери-теңіз күштеріне осыдан бірнеше апта бұрын жасалған қатаң соққыны еске алсақ та жеткілікті. Бүгінгі экстремизм – бұл мол ақша, ұрыс қимылдарын жете меңгерген әрі әбден жаттыққан мыңдаған қарулы адамдар, бұл тығыз халықаралық байланыстар мен қатынастар, бұл жақсы жолға қойылған идеологиялық тұғырнама. Халықаралық терроризм мен экстремизм күшінің таяу арада Орталық Азияға қарай кезелетініне еш күмән келтіруге болмайды. Мұның бірнеше себептері бар. Ал ең бастысы – бұрынғы қауіпсіздік жүйесінің күйреуі.

Аймақтың айрықша проблемасы Ауғанстан болып отыр. Осы ел экстремистер шоғырланған аумақ қана емес, әрі есірткі мен есірткі бизнесінің де ошағына айналып отыр. Орталық Азия біртіндеп есірткі өтетін өлкеге ғана емес, ең зардапты есірткіні жаппай қолданатын аймаққа да айналып келеді. Ауған есірткі бизнесі Орталық Азия халықтарының ұлттық тек-тамырына да қатерлі зардабын тигізіп отыр. 2000 жыл әлі аяқталған жоқ, ал Қазақстан аумағында ғана Ауғанстаннан әкелінген 200 килограмға жуық героин қолға түсті.

Соңғы жылдары осы елдің айналасындағы дау-дамай мен сарқынды алыпсатарлық белең алып барады. Қазақстан ешқашан өзінің нық және нақты тұғырынан тайған емес. Біздің тұғырымыз ауғандықтардың өз ішінде ұлттық ымыраға келуінің қажеттілігіне, ал оның барлық көршілері мен халықаралық ұйымдардың тіл табысу мүмкіндіктерін іздестіруге саяды. Ауған тауларында тіпті Британ империясының, не әскери қуатты держава Кеңестер Одағының армиялары да жеңіске жете алмағаны белгілі. Ауған мәселесін баз біреудің сырттан күшпен шешіп беретініне үміт арту дегеніміз тарихты білместік болып шығар еді.

Осымен тікелей байланысты келесі қатер – босқындардың жаппай қоныс аудару қатері, мұның өзі Орталық Азияға нағыз гуманитарлық апат төндіретін қатер. Бүгінгі күннің өзінде, қыс түсер кезде 100 мыңнан астам босқынның

Ауғанстаннан біздің елдерімізге қарай жөңкілуі ықтимал. Егер осылай бола қалса, аймақтағы тұрақтылық жайлы көпке дейін ұмытуға тура келеді, өйткені әңгіме қарттар, әйелдер мен балалар жайлы ғана емес, қару асынған мыңдаған адамдар жайлы да болып отыр.

Көзге ұрып тұрған экстремизм, террорлық әрекеттер, есірткілер, босқындардың шұбыруы қатерінен өзге, көзге көрінбейтін басқа қауіп те бар. Соғыс алдымен адамдардың санасында басталады деген сөз рас. Күн сайын, сағат сайын біздің адамдарымыздың санасы үшін де күрес жүріп жатыр. Діни экстремизмнің Қазақстанға қатысы жоқ, біздің тарихи дәстүріміз басқа, бізде ешқашан фанатизм болған емес деген оймен өзімізді алдаусырату ретсіз. Солай екені де рас, бірақ уақыт өз өзгерістерін енгізетінін де ұмытпаған жөн.

***

Осындай көрініп тұрған және көрінбейтін қатерге қайтаратын біздің жауабымыз қандай?

Күрделі сауалдардың оңай жауабын іздейтін алдамшы пиғылдың болмай қалмайтыны да жоқ емес. Біздің қарапайым жауап емес, дәл жауап табуымыз қажет. Біздің іс-қимылымыздың бағдарламасы еліміздің Қауіпсіздік Кеңесінің өткен жылдың аяғында қабылданған Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің Стратегиясында айқын тұжырымдалған.

Біріншіден, ұлттық қауіпсіздігіміз және өзіміз ұшырасып отырған орта мерзімдік қатерлер тұрғысынан алғанда, қазір ең маңыздысы – аймақтық қауіпсіздіктің сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақты жүйесін жасақтау. Міне, нақ осы үшін де бізге Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім мен Шанхай бестігі аса қажет. 2000 жылы Ұжымдық қауіпсіздік келісімі аясында айқын және нақты шешімдер қабылданды. Дәл осы айдың өзінде Бішкекте аймақтық коалициялық әскери топтар құру жөнінде шешім қабылданды. Бұл аймақтық қауіпсіздіктің жаңа жүйесінің іргесін қалайды.

Біз бұл шешімге ұзақ жүріп жеттік. Бұл жауапты таңдау және мұнда ұпай алуды көздейтін саясат жоқ. Мемлекет қауіпсіздігі өте-мөте маңызды мәселе және оны алдын-ала қамтамасыз ету қажет. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімнің айналасындағы айла-шарғы жетіп жатыр.

Қазақстан бұл келісімнен іс жүзінде нәтиже шығаруды көздейді. Біздің ешкімге шабуыл жасау ниетіміз де жоқ немесе әлдекімдердің геосаяси әпербақандығын күйттемек ойымыз да жоқ. Біздің жалғыз ғана қарапайым мақсатымыз – таяу және орта кезеңде еліміздің дамуына қажет қауіпсіз жағдай туғызу. Қазіргі кезеңде Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім осы міндетті жүзеге асыру құралы болып отыр.

Мұның артығы да жоқ, кемі де жоқ. Осы мүдделердің шегінен асатын нәрсенің бәрі, былайша айтқанда, қулыққа салу болар еді. ҰҚК-ға қоса біз Шанхай бестігінің қуатын еселеуге күш салып, Орталық Азия елдері

арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге қарсы бірлескен күрес туралы шарттың мүмкіндігін арттыруға жұмылатын боламыз. Депутаттардың жаңа халықаралық келісімдердің тұтас бір шоғырын бекіту тұрғысында қолдаулары да керек.

Екіншіден, көршілерің қанша жақсы болса да, әдетте әркім әлді көршілерін сыйлауға бейім. Бұл ақиқат алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бергі мыңдаған жылдардың ішінде айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Біз осы заманғы қуатты әскер жасақтауымыз керек. Бұл ретте біз өткен соғысқа әзірлік жасауға бейім генералдарға ұқсамауымыз қажет. Біздің әскердің алдында тұрған бүгінгі міндет бұдан он жыл бұрынғы міндеттен мүлде басқа.

2000 жылы соңғы онжылдықтың ішінде тұңғыш рет әскерді нақтылы қаржыландыру молайып отыр. Біз Қазақстан аумағында әскери округтер, ең алдымен Оңтүстік және Шығыс әскери округтерін жасақтай бастадық. Қазіргі кезде оқшау ұрыс жүргізуге бейімделген жаңа арнаулы бөлімшелер даярлау қолға алынды. Біз шекарамызды анағұрлым нығайттық. Айналасы бір жылдың ішінде бұрын пәрменді шекаралық бақылау болмай келген бағыттарда жаңа шекаралық отрядтар құрылды. Кедендік желілерде де осындай жұмыстар жүргізілді. Биыл көші-қонға бақылау әжептәуір күшейтілді. Біздің арнаулы қызметтер Қазақстан аумағында экстремистік топтардың әрекетінің алдын-алу мен тыйып тастауға бағытталған ұтымды шараларды жүзеге асырды.

Кейде баршаға мәлім ақиқатты қайталап жатуға тура келеді, яғни нағыз шындық мынаған саяды: Қазақстан аймақтағы ең тұрақты және ең қауіпсіз мемлекет болып келді және алдағы уақытта да болып қала береді, өйткені біз жағдайдың тамырын тап басып, танып отырмыз.

Қауіпсіздік саласындағы проблемалардың күрделілігі сонда, ол мемлекет тарапынан әрдайым алдын-ала іс-қимыл жасалуын талап етеді. Мен Қауіпсіздік Кеңесіне және әлеуетті құрылымдарға терроризм мен экстремизмге қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жасауды тапсырдым. Әлеуетті құрылымдар жұмысы көп реттерде олардың осы бағыттағы жұмыстарының пәрменсіздігіне қарай бағаланады. Қарулы күштердің ахуалы да айрықша назар аударуды талап етеді. Еліміздің Үкіметі үш міндетті шешуге:

- жыл сайын жалпы ішкі өнімнің кемінде 1 пайызын Қорғаныс министрлігінің қажеті үшін бөліп отыруға;
- осы заманғы аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыруға;
- жұмылдыру даярлығының толымды жүйесін қайтадан қалпына келтіруге тиіс.

Үшіншіден, есірткі дертіне ұшыраған қоғам қауіпсіз қоғам бола алмайды. Бұл жөнінде мен өткен жылғы Жолдауымда да айтқан едім. Иә, биыл есірткі құмарлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің бес жылдық стратегиясы мен екі жылдық мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Алайда, қандай да бір алға басушылық байқалар емес, ал деректер ахуалдың қайта нашарлап бара

жатқанын көрсетіп отыр. Біз орасан зор есірткі арнасының бойында отырып, өзіміздің ішкі күш-қимылымызбен ғана мәселені шеше алмайтынымызды да түсінеміз. Дегенмен, мұның өзі, қол қусырып қарап отыру керек деген сөз емес.

Дереу бірқатар қатал және нақты шаралар қолдану керек. Мен Үкіметке әр облыста есірткі құмарлық пен есірткі бизнесіне қарсы бағдарлама әзірлеу мен енгізуді және әр аймақтың бюджетінде осы бағдарламаны қаржыландыруға қажетті қаражат қарастыруды тапсырамын. Еліміздің әрбір облысында есірткі диспансерлерін ашу немесе жұмыс істеп тұрған диспансерлер мен медициналық әлеуметтік оңалту орталықтарын нығайту керек. Есірткі таратқаны үшін және есірткі бизнесіне тікелей қатысты экстремистік әрекет үшін жауапкершілікті күшейту жөнінде ұсыныстар берілсін. Мен бұл мәселені шешуде депутаттық корпустың қолдауына үміт артамын. Еліміздің Қауіпсіздік Кеңесі есірткіні анықтау жөніндегі кедендік және шекаралық бақылауға нақты талдау жасап, осыған байланысты түскен ұсыныстар мен тұжырымдарды 2001 жылдың басында қарауға тиіс.

Төртіншіден, 2001 жылдан бастап менің тапсырмам бойынша әзірленген еліміздің Экономикалық қауіпсіздігінің стратегиясы жүзеге асырыла бастайды. Таяу уақытта ол Қауіпсіздік Кеңесінде талқыланатын болады. Әлемдік тәжірибені, сондай-ақ осындай өзгерістерді басынан кешкен елдердің тәжірибелерін зерделеу экономикалық қауіпсіздіктің негізгі төрт элементін – құрылымдық, технологиялық, институтционалдық және қаржылық элементін қарастыратын үлгісін құруға мүмкіндік берді. Осы стратегияның негізінде үкіметтің іс-шараларының нақты жоспары жасалатын болады.

***

Егер біз, біздің ұрпақ құқықтық негіздерінің бірі осындай күз күндерінің бірінде осыдан он жыл бұрын қабылданған еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясынан арна тартатын стратегиялық міндетті – азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмасақ, онда біздің экономикалық және саяси жоспарларымыздың бәрі де тарих үшін және біздің ұрпақтарымыз үшін су бетіндегі үйірілген майда толқындай ғана болып қала береді.

Қазақстан халқына 2001 жылғы 3 қыркүйектегі "Елдегі жағдай туралы және ішкі және сыртқы саясаттың 2002 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Жолдауы

Құрметті депутаттар! Қымбатты қазақстандықтар!

Өмір біздің ашық нарықтық экономика мен демократиялық даму үлгісін таңдауымыздың дұрыс болып шыққанын көрсетіп берді деп басын аша айта аламыз.

Біздің реформаларымыздың әлеуметтік бағыт ұстанғаны өте маңызды. Мұның өзі реформа жолына түскен кейбір басқа елдерде орын алған ірі саяси сүргіндерге ұрынбай өтуге мүмкіндік берді.

Қазір қарап отырсаңыз, өміріміздегі көптеген құбылыстар өзінен-өзі бола салғандай көрінеді.

Кәсіпкерлік еркіндік, жаңа салық, бюджет, банк жүйелері, жекеше кәсіпорындар, шаруа, фермер қожалықтары да, сондай-ақ басқа көптеген жайлар да баяғыдан бар сияқты.

Шынтуайтында, мұнан 8-10 жыл ғана бұрын осының ешқайсысы да жоқ еді, оны айтасыз – мұндай идеялардың өзіне талай жұрт тосырқай қарайтын. Бұл жөнінде қоғамда қандай пікірталас өрістегенін, билік басындағыларға қандай айыптар тағылғанын еске алудың өзі жетіп жатыр.

Қоғамдық пікірді өзгерту оңайға түскен жоқ.

Алайда, біз осының бәрін еңсере алдық. Біз жаңа экономикалық қатынастардың негізін қаладық, шын мәнінде тақыр жерде нарық тетіктерін жасап шыға алдық.

Қазіргі таңда, ел экономикасы өрлеу үстінде – биылғы жылдың алғашқы жартысында жалпы ішкі өнімнің өсуі өткен жылдың осындай мерзімімен салыстырғанда 14 пайыздан асып отыр. Өндіріс орындарының тоқтап қалғандары қалпына келтіріліп, біразы жаңадан құрылып жатыр, инфрақұрылым белсенді түрде қалыптастырылуда, ауыл еңсесін тіктеп келеді.

Жарты жылдың нәтижесі бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі 5%-дан артты. Мемлекет бөлген пайызсыз несиелер егіс науқанын ойдағыдай өткізуге, егінді жинап алуға жақсы дайындалуға септігін тигізді. Биыл ауыл-село жанар-жағар майға қатысты, техниканы әзірлеу жөнінде де қиындыққа кезіге қойған жоқ. Жағдайдың жақсаруына ауылға арнап қабылданған заңдар, сондай-ақ Үкімет пен әкімдердің белсенді жұмысы да көмектесті. Сонан да, біз қазір дикандарымыз биыл бітік егінмен қуантар деп күтіп отырмыз.

Импорт алмастыру саясаты өзінің жемісін бере бастады. Отандық тауар өндірушілеріміз 2001 жылға экономиканың шикізат секторымен 220 миллион долларлық шарт жасасты, мұның өзі өткен жылдағыдан 2,2 есе артық. Бірінші

жартыжылдықта әлгі шарттардың 54%-ы орындалды, бұл ұқсатушы өндірістің өркен жаюына түрткі болды: машина жасау өндірісінің ауқымы 40%-ға, тоқыма және тігін өнеркәсібінің іс көлемі 20%-ға өсті.ң

Бұл үшін біз елдің ірі кәсіпорындарында жұмыс істеп жатқан Қазақстан инвесторларына алғысымызды айтамыз. Іс жүзінде Қазақстанның ірі кәсіпорындарының барлығы, орташа кәсіпорындарының көбі қалпына келтірілді.

Теміржол салу жалғасып жатыр, біз стратегиялық тұрғыдан маңызы үлкен "Дөң -Қызылоктябрь кеніші" теміржолының құрылысын бастадық, ол еліміздің орталық өңірін батыстағы аймақпен, атап айтқанда Ақтау портымен байланыстыратын болады.

Банк жүйесіндегі депозиттердің көлемі биылғы 1 тамызға дейін 393 миллиард теңгені, банктердің экономикаға несиелік салымы 397 миллиард теңгені немесе АҚШ долларымен 2,5 миллиардтан астам соманы құрады, мұның өзі осыдан екі жыл бұрынғыдан анағұрлым артық.

Жеке тұлғалардың еліміз банктеріндегі депозиттері 150 миллиард теңгеден артып түсіп, АҚШ долларымен бір миллиардтан астам сома мөлшеріне жетті.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар жоғары қарқынмен өсіп келеді, қазір ол 30%-дың маңайында, инфляция деңгейін төмендету саясаты сақталып отыр.

Ішкі инвестициялардың артуына азаматтарымыздың ақшаларын жария ету жөніндегі сәтті жүргізілген акция да септесті, мұның өзі жарты миллиардтай доллар қаржыны ресми есепке алуға, сөйтіп осы арқылы әлгі ақшаларды ел экономикасына қайтаруға мүмкіндік берді.

Жаңа елордамыз Астананы салу мен абаттандыру жөніндегі жалпы-ұлттық мәні бар ірі мақсат жүзеге асуда, Астана аз уақыт аралығында біздің бүкіл экономикалық және әлеуметтік-саяси тыныс-тіршілігімізге соны серпін беретін, барлық қазақстандықтарды өзіне тартып тұратын, елдің басқа қалаларының дамуы үшін жақсы үлгі көрсететін әкімшілік орталығына айналды. Көкшетау, Талдықорған сияқты облыс орталықтары қалпына келтірілуде, облыс орталықтарының барлығы дерлік қазіргі заманғы келбетке ие болуда, кейінгі жылы бұл үрдіс аудан орталықтарынан да бой көрсете бастады.

Ауруханалар, мектептер, мәдениет пен спорт нысандары салынуда және жөнделуде. Қазақстанның барлық мектептерін компьютерлендіру аяқталды.

Мектептердегі ұстаздар мен шәкірттерді жаңа оқу жылының басталуымен ғана емес, осынау маңызды тарихи оқиғамен де құттықтауымызға болады ғой деп ойлаймын.

Өркен жая түскен экономика әлеуметтік міндеттерді де ойдағыдай шешуге мүмкіндік беруде. Кейінгі екі жылдың ішінде ғана адамдарымыздың жан басына шаққандағы номиналды ақша кірісі 30%-ға, нақты кірісі 12%-ға жуық артты.

Барлық әлеуметтік жәрдемақы мен зейнетақы, бюджет ұйымдарындағы жалақы уақтылы төленіп келеді. Зейнетақының ең төменгі мөлшері 1999 жылғы 3 мың теңгеден 2001 жылы 4 мың теңгеге, яғни үштен бір есе өсті.

Жұмыс орындарының саны артып келеді. Экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындардың еңбекке тартылуы 90,2%-ға жетті. Тек ірі және орта кәсіпорындарда жұмыс істейтін адамдардың саны 6,1%-ға көбейді. Адамдарға жаңа жұмыс орындарын тауып беретін қоғамдық жұмыс түрлері жандана түсуде.

Бізде өзіне жұмысты өзі тауып, өзін де, отбасын да қамтамасыз етіп жүргендердің тұтас бір жігі қалыптасып қалды. Олардың құрамы 3 миллиондай адам. Ұлттық компанияларда, банк саласында, кәсіпкерлік құрылымдарда, шетелдің қатысуымен ашылған кәсіпорындар мен фирмаларда жұмыс істейтін бүгінгі заманғы менеджерлердің, жоғары білікті мамандардың қалың шоғырланған әлеуметтік тобы бой түзеп келеді.

Қазақстанның қазіргі бұғанасы беки түскен орта табының арқауын құрайтындар да осы әлеуметтік топтар. Олар экономикалық прогресті елдің тұрақты даму мәселелерінен бөлек қарастырмайды. Қоғамның одан әрі ырықтандырылуы, саяси жүйенің демократиялануы олардың мүдделеріне сай келеді.

Осы жылдар ішінде біз нақты демократиялық институттары орныққан қоғам құрып шықтық деп батыл айта аламыз.

Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мемлекеттік биліктің бірлігі және оның заңдылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуінің демократиялық қағидасына сүйенеді. Елді басқарудың президенттік формасының орныққаны биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуінің кепілі болып отыр. Мұндай мемлекеттік құрылымды өзгертуге ешқандай негіз жоқ.

Мықты атқарушылық билік қоғамдағы тұрақтылықтың негізі және экономикалық реформалардың табысты болуының басты факторларының біріне айналды, бұл орайда Қазақстан ТМД елдерінің арасында көшбасшы ретінде көрінуде. Мұны халықаралық сарапшылар мойындап отыр.

Біз мемлекеттік қызметті реформалауда да табысқа қол жеткіздік, көптеген көршілеріміз жинақтаған тәжірибемізді қызыға зерттеуде.

Адамдардың азаматтық сезімі мен патриотизмі, олардың ертеңгі күнге деген сенімі нығая түсуде. Өткен жылы Қазақстан азаматтығын алуға ниет еткен адамдардың саны азаматтықтан шығуды қалайтындардың санынан 2,5 есе асты.

Қалыптасқан жаңа құндылықтардың орнығуы жағдайында жас қазақстандықтардың тұтас бір буыны өсіп шықты, олар үшін нарық пен бостандық – орны ештеңемен толмайтын ұғымдар.

Біздің азаматтарымыз бостандықты, экономикалық та, саяси да еркіндікті алды, елімізде осы жылдардың бәрінде де бейбіт өмір мен жарасымды тірлік салтанат құруда. Тегінде, өзіміз жүріп өткен он жылдың басты қорытындысы да, біздің дамуымыздың негізгі қорғаушы күші де осы болар.

Алайда, бұл жылдардың ішінде қол жеткен оңды көрсеткіштердің бәрі де ағымдағы және стратегиялық сипаттағы проблемалар түп-түгел шешіле қалған екен, енді мұртымызды балта шаппайтындай болған екен деген ойға дес бергізбеуге тиіспіз. Атқара алмай жатқан істеріміз бен бізге төнер қауіп әлі де бастан асады. Сондықтан да елдегі жағдайға сын тұрғысынан талдау жасау өте маңызды.

Біз еліміздің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне елеулі қатер төндіретін болашақтағы шетін жағдайларды ескеруге тиіспіз.

Әлемдегі экономикалық дағдарыстардың бірінен кейін бірі туындап жататыны, оңтүстіктегі шекараларымыз жақтағы тұрақсыздық, қанды қақтығыстар аймағының кеңейе түскені, терроризмнің өсуі, есірткіге салыну мен СПИД-тің етек жаюы, көптеген елдерде қылмыстың құрық бермей бара жатуы – осындай қатерлер. Мұндай қауіпті құбылыстардың барлығы да біздер үшін ауыртпалық алып келуі әбден мүмкін.

Іс жүзінде біз шешуге тиіс басты міндеттердің барлығы да "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында" баяндалған. Оның қағидалары іс-шараларымыз бен бағдарламаларымызда, соның ішінде орташа және қысқа мерзімді болашаққа арналған жоспарларымызда ұдайы нақтыланып отырады.

2030 жылға дейінгі даму стратегиясын орындау мақсатында менің тапсырмам бойынша еліміз дамуының 10 жылдық стратегиялық жоспары жасалды, онда жаңа айтып өткен ішкі және сыртқы қатерлердің барлық негіздемелері ескерілген. Бұл орайда басқа да бірқатар тенденциялар назар аударуға тұрарлық.

Социалистік жүйе күйреп біткеннен кейінгі әлемдік қауымдастық әлі де жаңа әлемдік тәртіпті орнатудың бірінші белесінде тұр, ол қарқынды дамып, стратегиялық тепе-теңдіктің жолдарын іздестіруде.

Дүниежүзілік экономиканың ғаламдануы мен аймақтық сипат ала түсуі дамудың маңызды факторына айналды.

Көпполярлы дүниеге қарай ойысу күшейе түсуде. Мұндай тенденция Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сәйкес келеді.

Шикізат қоры бай, жері ұлан-байтақ, стратегиялық тұрғыдан транзиттік әлеуеті мықты, ашық әрі нарықтық экономиканы қалыптастырған Қазақстан геосаяси және геоэкономикалық процестерден тыс тұра алмайды, тыс тұруға тиісті де емес.

Сондықтан да біздің ұзақ мерзімге межелеген стратегиялық міндеттеріміздің шешілуі әрі қуатты, әрі басқалармен бәсекеге түсе алатын экономиканы құруымыздың қарқыны мен динамикасын қаншалықты арттыра білетінімізге байланысты болмақ.

Осы міндетті жүзеге асыра отырып, біз өмір сүрудің тиісті деңгейін сақтауға, азаматтарымыздың еркіндіктеріне кепілдік беруге, елдің қауіпсіздігін нығайтуға тиіспіз.

Алдағы онжылдықтағы барлық билік тармақтарының ең басты парызміндеті, міне, осы.

Қазақстан алдағы кезде де экономикадағы құрылымдық өзгерістер жағынан да, әлеуметтік даму деңгейі жағынан да көршілес мемлекеттердің барлығынан озық тұруының принципті тұрғыдан маңызы үлкен.

Әлеуметтік-экономикалық даму саласында 2010 жылға дейін біз мынандай негізгі мақсаттарды алға қоямыз:

- жекелеген секторларда орнықты әрі басқалармен бәсекелесе алатындай экономиканы қалыптастыруды жалғастыру;

- жалпы ішкі өнімнің көлемін кем дегенде екі есе көбейту;

- экономиканың аса маңызды салаларында ұлттық капиталдың үлесін арттыруға қол жеткізу;

- азаматтарымыздың әл-ауқатын анағұрлым арттыру.

Саяси және мемлекеттік құрылыс саласында алдағы онжылдыққа мынадай түйінді міндеттер алға тартылады:

- биліктің үш тармағының өзара іс-әрекет жасауының тиімді жүйесін құруды жалғастыру;

- мемлекеттік басқаруды бір орталықтан жүргізуді тоқтатуды жоспарлы түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- сайлау процесінің тетіктерін одан әрі жетілдіре түсу;

- саяси партиялар мен азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамытуға, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін кеңейтуге септесу.

Экономиканы жаңғырту мен біздің қоғамымызды демократияландыру міндеттерін шешу Конституцияға және елдің заңдарына дәлме-дәл сәйкес келетіндей күйде қамтамасыз етілуге тиіс.

Заңға тақ тұруды біздің өмірімізге ендіру қоғамның, соның ішінде елдің құқық қорғау органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Сыртқы саясат және елдің қауіпсіздігін нығайту саласында біз мынандай басты проблемаларды шешуге тиіспіз:

- ықпалдасуды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін күшейту;

- аймақтық қорғаныстың тиімді жүйесін қалыптастыруға белсене ат салысу;

- әскери реформаны аяқтап, осы заманға сай Қарулы Күштерді қалыптастыруды жалғастыру;

- шекара және ішкі әскерлерді нығайту;

- шекараның ұзына бойында делимитация процесін аяқтау және басқа да трансшекаралық проблемаларды шешу үшін тиімді шаралар жасау;

- елдің экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейте түсу.

Экономика саласы түйінді сала болып қала бермек. Реформаларды жүзеге асыруда алда келе жатқанымыз бізді тоқмейілсітуі, сөйтіп, өсу қарқыны мен жаңғырулардың жеделдігінен айырылып қалуымыз мүмкін деген күдік-күмәннің көлденең тартылатын жөні де бар.

Біздің экономикамыз өте қатты дағдарыстан және 90-шы жылдарғы құлдыраудан кейін енді ғана дами бастағанына және айтарлықтай жоғары деңгейде емес екеніне өзімізге есеп беруіміз керек.

Жан басына шаққандағы біздің ЖІӨ соңғы жылдары серпінді өсіп келеді және ол ТМД-дағы деңгей бойынша барынша жоғары көрсеткіштердің бірі. Алайда, оның бір жарым мың АҚШ долларына дейін жетпейтінін де айтайық.

Біздің алдымызда ел экономикасының көлемін айтарлықтай ұлғайтудың өзінің маңызы жағынан орасан міндеті тұр.

Сыртқы экономикалық орта мәңгі қолайлы болып қала бермейтінін түсінуге тиіспіз.

Біз қазір әлемдік экономика мен шикізат тауарлары бағасы ахуалының циклдық нашарлауын байқап отырмыз. Елде сауда балансының оң сальдосы төмендеп барады.

Сондықтан да біз кейбір саясатшылар ұсынып жүргендей соңғы екі жылда жинағанның бәрін таратып беру жолымен жүрмей, қайта ресурстарды молықтыра беруіміз керек. Әрбір отбасы, былайша айтқанда, "қиын күндерге" деген қаражаттың болуына ұмтылады. Үлкен отбасы секілді ел де өзін қилы-қилы тосын жағдайлардан қауіпсіздендіруі керек. Менің Үкіметке негізгі тапсырмам және 2002 жылға арналған бюджетті қарау кезіндегі Парламентке өтінішім, міне, осы.

Осындай жағдайда Үкімет пен Ұлттық банк орта мерзімді макроэкономикалық саясатты айқындап, бағамдық, фискалдық және индустриялық саясаттарды қоса алғанда ақша-кредит саясатының сәйкестігін қамтамасыз ету принциптерін талдап жасауы керек.

Үкіметтің де, сондай-ақ жергілікті деңгейде де қабылданатын шешімдерде экономикалық мазмұнның әлсіреушілігі сезілетінін атап айтуға тиіспін. Бұған жоспарлау деңгейінің төмен сапасы себеп болуда.

Бюджет процесінің жүрісі қанағаттанғысыз. Ол, бір американ қаржыгерінің бейнелеп айтқанындай, көңіл толмаушылықты тең дәрежеде бөлу өнеріне айналуда.

Былайша айтқанда – Үкімет, Парламент және жергілікті билік құрылымдарының сауда-саттық затына айналып барады.

Қосымша табыстардың пайда болуы мемлекеттік органдардың, әсіресе атқарушы биліктің қырағылығын әлсіретіп, олардың резервтерді іздеу мен жұмылдыруға, бюджет қаражатын үнемдеу принциптерін сақтауға деген ұмтылысын әлсіреткен сыңайлы. Барлық министрліктер мен облыстардың әкімдері 2002 жылдың бюджетін талдап жасау процесінде биылғы жылы өздеріне бөлінгеніне қарағанда 2-3 есе көп ресурстар сұраған. Оларға қатысты Үкімет тарапынан талап деңгейі төмендеп кеткен.

Өз пікірімді айтсам, министрлер де, әкімдер де өрекпулерін басуы керек.

Келесі жылғы шығындардың өсуі азаматтардың ең төменгі табыстарын арттыруға арналған шығындардан басқа барлық баптар бойынша барынша аз болуы қажет. Ақшаны, егер ол бар болатын болса, жаңа өндірістерді, инфрақұрылымдарды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға жұмсау керек.

Табиғи рентаны мемлекеттің пайдасына әділдікпен алып қою, трансферттік баға құрылымы, акциздерді толық мәнінде жинау тұрғысындағы барлық айтыстар мен пікірталастар жайлап "сиырқұйымшақтанып" кетті. Парламенттің талабы төмендеген жағдайда Үкімет те, Мемлекеттік кіріс министрлігі де бұл жұмыс учаскесін ұмыт қалдырды. Бұған жол беруге болмайды.

Қоғам үшін әсіресе өндіруші саладағы ірі кәсіпорындар мен инвесторлардың жұмысында толық айқындықтың болуына қол жеткізу қажет. Бұл мәселені одан әрі созуға жол беруге болмайды. Үкімет және бұл мәселеге жауапты министрлер мұнда мемлекеттік көзқарас үлгісін көрсетуі тиіс. Егер Қазақстанда жұмыс істейтін әрбір компания өзінің барлық ақша арналарын – қанша тапқанын, жұмсағанын, қандай пайда алғанын адал көрсететін болса, Үкімет мүшелері бәзбіреулердің мүдделерін тоқайластырып отыр деген сөз де шықпайды.

Үкімет осындай айқындыққа қол жеткізуі тиіс.

Ішінара тексерулер мемлекеттік сатып алу ережесінің жаппай дерлік бұзылатынын көрсетіп берді – ал мұнда үнемдеу резервтері айтарлықтай еді. Алдымен бюджет қаражатын үнемдеу туының астында, ал содан кейін бюджет шығындарының жаңбырша төпеуінің астында өзі үшін жұмыс істей бастаған мемлекеттік кәсіпорындар тез қоздап кетті.

Үкімет пен әкімдер ең қысқа мерзімде мұнда тәртіп орнатуға міндетті.

Елеулі табыстарға қарамастан, экономиканың нақты секторында қосымша жүйелік өзгерістер қажет. Бұл туралы сөз бірінші жыл болып отырған жоқ, ең алдымен, меншік қатынастарында, кәсіпорындардың есебі мен есеп беруінде, банкроттық пен медеттеу ресімдерінде, инвестициялау мен капиталдандыру тетіктерінде анықтық пен айқындық орнатқан жөн.

Өндірісті жаңартпастан және жаңғыртпастан мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басқа міндеттерді шешу қиынға түседі.

Бұл үшін қаражат қажет. Және аз қаражат емес. Ал нақты инвесторлар айқындығы жоқ кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға ақшаларын жұмсамай қоймайды.

Қазірдің өзінде бір миллиард доллардан астам жинақтаған зейнетақы қорларының қаражат салуы үшін жоғары табысты нысандары да, қаржы аспаптарының сайма-сай сан алуандығы да жоқ. Неге бұлай? Өйткені, қор рыногын құру жөніндегі жұмыс іс жүзінде тоқтап тынған. Бұл міндет жылдан жылға қойылып келе жатқанына қарамастан, Үкімет пен Ұлттық банктен осы проблемаларды шешу жөніндегі құлақ асарлық ұсыныстарды біз көре алмай отырмыз.

Банкроттық ресімі рынокты тазалау тетігінен көп ретте арам пысықайлар үшін табыс табудың тәсіліне айналып жатады.

Қазір әзер дегенде банкроттық туралы заң қабылданды. Үкімет оның тиімді орындалуының тетіктерін жедел талдап жасап, іске қосуы керек.

Туындап жататын экономикалық проблемаларды шешуде Үкіметке жеделдік те жетіспейді.

Бізді аймақтық саясаттың сапасы, формальды емес еңбек рыногы мен көшіқон процестерінің айқын еместігі қанағаттандыра алмайды.

Үкімет Әлеуметтік қорғау айқындамасының негізінде 2003 жылдың бюджетімен бірге елімізде еңбек қатынастарын жария етуге ынталандыратын міндетті әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің ендірілуі үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асыруы керек.

Салық түсімдерін талдау елдегі көптеген әкімшілік аудандардың шығынды болып отырғаны және бола беретінін айқын көрсетіп отыр. Нарық жағдайында оларды үнемі дотацияда ұстап тұру – болашағы жоқ іс. Әдетте, оларда өмір сүрудің экологиялық жағдайы да мәз емес.

Біз соны қаласақ та, қаламасақ та, адамдар бұл аудандардан қалаларға және тәуір аудандарға көше бастайды, урбанизацияның жедел процесі жүретін болады. Бұл әбден қалыпты құбылыс.

Мемлекет бұл процестерден тыс қалмауы керек және қалмайды да.

Ақырында күшті демографиялық саясатты да талдап жасаудың мезгілі жетті. Бұл да Үкіметтің 2002 жылғы міндеті.

Бізде адамның өзінің өмірін қамтамасыз ету жүйелері бойынша мәселелер қордаланып қалуда.

Біз коммуналдық реформаларды дер кезінде және ойдағыдай жүргіздік. Алайда, пәтер иелері кооперативтерінің ахуалы жөнінде ештеме айтылмайды.

Ал мұнда бәрі, әсіресе тұрғын үй қорын жөндеуге байланысты жағдай ойдағыдай емес, ол тозып барады, ал ешкімнің қолының ұшын қимылдатар түрі көрінбейді.

Осы тұрғыда өткізілген парламенттік тыңдаулар сол күйі оң шешімдер бере қоймады.

Жалпы, урбанизацияға және ел халқы санының өсу саясатына қарай тұрғын үй, әсіресе, арзан тұрғын үй проблемасы аса өткір болып отыр. Парламент қабылдаған заңға сәйкес әзірленген ипотекалық кредиттеу схемасын, оның жақсы болашағы мен дұрыстығына қарамастан, әзірге жұрттың бәрінің бірдей қалтасы көтере бермейді. Үкімет осы мәселені шешумен айналысуы керек, оның үстіне бұған заң да мүмкіндік береді.

Коммуналды қызметтердің құны жоғары күйінде қалуда. Мұнымен қоса, жергілікті атқарушы органдардың жол беріп қоюшылығы жағдайында, мұнда қызмет көрсетушілер мен оларды тұтынушылардың арасында қаптап кеткен делдалдар әрекет етуде. Осынау жасанды делдалдарға, неге екенін қайдам, бәрі де төзіп бағуда. Барлық деңгейдегі әкімдер жедел түрде мұны ретке келтіруі, ал Үкімет бұл жұмысты бақылауға алуы керек.

Қалалардағы базарларда бәсекені шектеу практикасы жалғасып келеді, мұнда базар иелері білгенін істеуде, әкімдер мұны білмеген сыңай танытады, тиісті санитарлық қадағалау да жоқ.

Соның салдары: баға жоғары, ассортимент аз, ал сапасы ақсап жатыр. Әкімдерге, бұл олардың жол беріп қоюшылығы болмаса да, тікелей жетімсіз жұмысы екенін ескертемін.

Қазір күз келді, халық өсірген астығын, көкөнісін, жемісін, малының етін сатып жатыр. Жекешелендірілген базарлар бақылаусыз қалғандай әсер пайда болуда.

Мен бұған әкімдер мен құқық қорғау органдарының назарын бірнеше рет аударғанмын. Әкімдіктер ақ та адал бағаны айқындайтын коммуналдық базарлар құратын уақыт жетті.

Бәсекелестік қыспаққа алынып, мұның өзі базардағы бағалардың өсуіне соқтыруы неліктен? Бұл мәселені ретке келтірудің болмағаны ма?

Бюджеттік саланың қызметкерлері табыс деңгейі жөнінен өндірісшілерден елеулі түрде қалып қоюда.

Сондықтан да әсіресе төменгі және орта қызметкерлер үшін жалақы деңгейін арттыру өзекті болып қалуда. Тағайындалатын зейнетақылардың мөлшеріне де әділдік орнататын кез келді.

Бізді денсаулық сақтау мен білім берудің бүгінгі сапасы, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі, қоршаған ортаның жағдайы қанағаттандыра алмайды.

Мемлекеттік органдардың жұмысын да сын тұрғысынан ой елегінен өткізген жөн. Атқару билігінің жекелеген буындарын нығайту талап етіледі. Олардың жұмысын ұйымдастыруды және мемлекеттік қызметті реформалауды дамыту жақсартуды қажет етеді.

Өткен жылы біз соттар мен бүкіл құқық қорғау жүйесін материалдық қамтамасыз етуді айтарлықтай жақсарта алдық. Енді біз тұтастай сот жүйесі жұмысының едәуір жақсаруын күтуге құқылымыз.

Есірткі жылпостарына, жалпы қылмысқа қарсы күрес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басты міндет болып қала береді.

Қазақстанда нашақорлық үлкен қасіретке айналып барады. Солай болсадағы мен жергілікті орындарда елдің, облыстар мен аймақтардың құқық қорғау органдары осынау проблемамен байыпты айналысып, оны шеше бастағанын көре алмай отырмын.

Билік өкілдері ретінде құқық қорғау органдары ең алдымен ел азаматтарының заңды құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға міндетті екенін үнемі еске салып отыруға тура келеді. Кейбіреулері бұл міндетті керісінше түсінеді.

Біз қылмыстық жазалар жүйесін ізгілендіру және түзеу мекемелерінде ұстау жағдайларын жақсарту жолымен алға қарай жүруіміз керек.

Жаңа қылмыстық заңнама бірқатар әрекеттерді криминалға жатқызбайтын болды, жекелеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті жұмсартып, бас бостандығынан айыруға балама болатын жазалар санын кеңейтті.

Алайда, статистика қылмыстық қудалау органдарының да, сондай-ақ соттардың да құқық қолдану практикасы, керісінше, жөнсіз қатыгездене түскенін көрсетеді.

Сондықтан да айқын да анық қылмыстық саясатты іске асыру талап етіледі. Заң ауыр қылмыстар жасаған адамдарға қатысты қатал, бірақ төменгі немесе

орташа ауырлықтағы қылмыстарды алғаш рет жасағандарға, сондай-ақ әйелдер мен кәмелетке толмағандарға иманды болуы керек.

Заңнама саласында да бәрі ойдағыдай емес. Тәуелсіздік жылдары біз қабылдаған заңнамалық актілер саны мыңға таяп қалды.

Бұл оларды дұрыс қолдануға байланысты қиындықтар туғыза бастады, қолданыстағы құқықты құқықтық алдарқатушылықтан, ескірген және бір-бірін қайталайтын нормалардан арылту қажеттігі туындайды.

Тағы бір бұрыннан келе жатқан проблема мынада: біз қабылдаған көптеген заңдар заңға тәуелді қажетті қосымша актілердің жоқтығынан толық күшінде жұмыс істемейді.

Үкіметтің де, сол секілді депутаттардың да жекелеген заңдарды өткізуге ықпал ету оқиғаларының жиілеуі алаңдаушылық туғызады, белгілі бір мемлекеттік органның немесе кәсіпкерлік құрылымның мемлекеттік мүдделерге залал келтіретін тар ведомстволық мүдделері айқын байқалуда.

Жеке бір проблема – халықаралық шарттарды бекіту. Жүргізілген талдау он жыл ішінде біздің 350-ге жуық халықаралық шарттарды бекіткенімізді және елу шақтысына заң актілерін қабылдау арқылы қосылғанымызды көрсетеді.

Мынадай сұрақтар туындайды: біз өзімізге халықаралық міндеттемелерді тым көп алған жоқпыз ба; олардың барлығы қазіргі кезде Қазақстанның мүддесіне сай келе ме; олар өзіміздің ұлттық заңнамамызды республика Конституциясына сәйкес дамытуға бөгет жасамай ма?

Осы шарттарды және қабылданған міндеттемелерді тегіс қарау қажет.

Жоғарыда айтылғанның барлығы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары бойынша дұрыс шешімдер қабылдау қажеттігін дәлелдейді. Бізге неғұрлым белсенді, неғұрлым тапқырлықпен жұмыс істеу қажет.

Әлеуметтік-экономикалық даму саласына назарды күшейте отырып, мынаны айтқым келеді: анық айқындалған басымдықтар шешуші мәнге ие болып отыр. Сондықтан ресурстарды да соларға шоғырландыру қажет, қорлану мен тұтыну арасындағы өлшемді қатаң сақтау қажет.

Осы бағыттар бойынша жұмысымыз дұрыс болуы үшін жоспарлаудың сипатын, мазмұны мен көкжиегін, оның методологиялық және әдістемелік базасын айтарлықтай жақсарту қажет.

Осы мақсатта келесі жылдан бастап Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы бюджетті жоспарлау процесінің аяғында емес, сол процестің басында баяндалатын болады, бұл әзірлеушілердің әу бастан алдағы жылға арналған басымдықтарды айқындап алуы үшін керек. Бұл шамамен бірінші тоқсанның аяғында болуы тиіс.

Бюджетті жоспарлау процесінің өзі Қаржы министрлігі мен Үкіметтен әлдеқайда тәуелсіз болуы керек.

Бюджеттік және стратегиялық жоспарлаудың толық сәйкестігіне, Ұлттық банктің жұмысын тек ақша кредит саясатына шоғырландыруға қол жеткізу қажеттігі пісіп жетілді.

Стратегия талап ететіндей, әрбір министрдің жылға арналып, нақты талдап жасалған және қоғам үшін түсінікті жұмыс жоспары, тиісінше кең тұрғыдағы бюджеттік бағдарламалары болып, олардың орындалуы бойынша есеп беруі тиіс.

Бұл талап барлық деңгейдегі әкімдерге да қатысты.

Келесі жылы бюджетті қалыптастыру және атқару барысында "Инвестициялар, табысы төмен адамдарды қолдау және елдің қауіпсіздігі" басты ұран болуға тиіс.

2002 жылы Үкімет мынадай міндеттерді шешуі тиіс:

- индустриалдық және аймақтық саясаттың талдап жасалуын аяқтау;
- жоспарлау жүйесі бойынша айқындалу;
- мемлекеттік функциялардың одан әрі орталықсыздандырылуына кірісу және бюджетаралық қатынастардың орта мерзімді моделін бекіту;
- үш жылдық перспективалық бюджетті бекітуге көшуді қоса алғанда, бюджеттік процесті анағұрлым жетілдіру.

Еліміздің Бюджет кодексінің тұжырымдамасы туралы да ойланатын кез келді.

Нақты секторды одан әрі дамыту үшін:

- акционерлік қоғамдардың қызметі;
- бағалы қағаздар рыногын реттеу;
- есеп және есептілік мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға жедел түрде өзгерістер енгізу қажет.

Сондай-ақ, Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заң қабылдаған жөн.

2002 жылдың аяғына дейін Үкімет ірі кәсіпорындардың халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына көшуін қамтамасыз етуі тиіс.

Келесі жылы ең төменгі жалақыны 20%-ға арттыру үшін экономикалық жағдай жасалды деп ойлаймын.

Мен Қазақстанда жұмыс істейтін барлық компаниялардан өз қызметкерлерінің жалақысын арттыруды өтінемін. Бұл қазақстандықтарға тәуелсіздіктің он жылдығына жақсы сыйлық болады.

Отандық жекеменшік секторды капиталдандыру міндетін әлдеқайда белсенді шешу қажет, онсыз біз экономикадағы ғаламдандырудың келеңсіз құбылыстарына белсенді қарсылық көрсете алмаймыз.

Біз импорт алмастыру саясатын тереңдетуге, сондай-ақ біздің экономиканың экспортқа бағдарлануы, жақын жатқан елдерге біздің капиталдың экспансиялануы жөніндегі шараларды күшейтуге тиіспіз.

Біздің бизнес ел мүддесі тұрғысынан бірігуге өзінің ыңғайы мен қабілетін көрсетіп, инвестициялаудың ірі проблемаларын шешу үшін өз ресурстарын шоғырландыруы керек.

Үкімет бұл істе көмектесуі тиіс.

Экономиканың көлемін ұлғайту, бизнеске қолдау көрсету мақсатында мемлекет 2002 жылға арналған республикалық бюджеттен 90 миллиард теңгеге жуық немесе үстіміздегі жылдың бекітілген бюджеті бойынша содан 30% көп бөле отырып, барлық маңызды инфрақұрылымдық нысандарға мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының көлемін ұлғайтуы керек.

Үкімет үшін 2002 жылға арналған нақты міндеттердің қатарынан мыналарды бөліп көрсеткім келеді:

- Астананың құрылысы мен реконструкциясын жалғастыру;
- Амангелді газ кен орны тобын игеруге кірісу;
-"Дөң-Қызылоктябрь кеніші" учаскесінде темір жол құрылысын жалғастыру;
- Көксарай су қоймасын салу жобасы бойынша айқындалу;
- Орал қаласы маңында Орал өзеніне көпір салуды аяқтау.

Автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялау тұрғысында үлкен міндеттер бар, бұған 42 миллиард теңге инвестициялар немесе биылғы жылға қарағанда 60% көп жұмсалады.

Келесі жылы "Алматы – Астана" автомагистралін қайта жарақтандыру аяқталуы тиіс. Батыс Қазақстанда "Атырау – Орал – Ақтөбе" автожолын, "Алматы – Бішкек", "Алматы – Қорғас" жолдарын, Қызылорданың маңында Сырдария өзенінен өтетін көпірді қайта жарақтандыру басталады, "Астана – Бурабай" автожолы учаскелерінің және "Шығыс Қазақстан – Алтай Республикасының шекарасы" автожолының құрылысы жалғасады.

Әлеуметтік салада да үлкен міндеттер тұр.

Халық ахуалына қатысты стратегиялық міндеттерді шешу көп ретте біздің денсаулық сақтаудың сапасымен, халықтың денсаулығымен айқындалатын болады.

Соңғы жылдары біз ана және сәби өлімінің төмендеуіне қол жеткізіп келеміз. Өткір ішек инфекцияларымен және вирустық гепатитпен, бактериялық дифтериямен, сүзекпен ауыру азайды. Ең бір қауіпті дерт – полиомиелит жойылды.

Сонымен бірге медициналық қызметтің сапасын жақсарту мен оның баршаға ашық болуын қамтамасыз ету хақында қоғамның қойып отырған талабы да орынды.

Денсаулық сақтау реформасының бағдарламаларын жасаймыз дегенмен, осы уақытқа дейін ақшаның қайда кетіп жатқанын білмейміз. Ендеше, Үкімет мұның ақ-қарасын анықтап алуға тиіс.

Ендігі жерде денсаулық сақтау ісін басқаратын органның деңгейі мен мәртебесін көтеру керек. Денсаулық сақтау министрлігін құру қажет.

Әлеуметтік саладағы келесі маңызды бағыт білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс болуға тиіс.

Біздің бұл саладағы басты міндетіміз онжылдықтың соңына дейін қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің ТМД-ның басқа елдерінің, ең алдымен Ресейдің, сондай-ақ Орталық және Шығыс Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінің білім жүйелерімен бәсекелестік қабілетін көтеруге саятын болуы керек.

Алдағы уақытта Қазақстанның әлемдік энергетика рыногында барған сайын маңызды рөл атқаратынын ескере келіп, жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлауды жолға қою шарт. Мұнай саласының кадрлары мен менеджерлер даярлау үшін Қазақ-Британ университетін құру қажеттілікке айналды. Техникалық мамандықтардың беделін қалпына келтіру керек.

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің зейнетақысы мен лауазымдық жалақыларының мөлшерін арттыру жөнінде қосымша шаралар қолданатын кез жетті.

2002 жылы зейнеткерлер топтарына қатысты әлеуметтік әділеттілік мәселесін принциптік тұрғыдан шешкен жөн. Айталық, 1994 жылға дейін тағайындалған зейнетақыларды 25%-ға көтеру қажет. Мұның 1 миллион 215 мың адамға қатысы бар.

1994-1998 жылдар аралығындағы кезеңде тағайындалған зейнетақылардың мөлшері де арттырылатын болады.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері: дәрігерлердің, мұғалімдердің және бюджет саласындағы басқа да қызметкерлердің, соның ішінде бастықтардың емес, қатардағы қызметкерлердің лауазымдық айлық ақыларын көтеру қажет. Осы орайда ақысы неғұрлым төмен санаттағы қызметкерлердің лауазымдық айлық ақы көлемін арттыру 25%-дан кем болмауға тиіс.

Үкімет келесі жылы бюджеттік мекемелерде еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін кіргізуі, сондай-ақ, Парламентке "Азаматтық қызмет туралы" Заң жобасын енгізуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің де, ең алдымен төменгі және орта буындағы қызметшілердің жалақысы арттырылатын болады.

Жалақы мен зейнетақыларды арттыру біздің 2,7 миллион азаматтарымызды қамтиды.

Бұл ретте өткен жылы әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары барлық қызметкерлерінің жалақысын едәуір көтергенімізді естен шығармаған дұрыс. Осылайша, экономикамыздың жақсаруы еліміз халқының барлық жіктеріне оңды ықпал жасап отыр.

Біз қауіпсіздік саласына барған сайын көбірек назар аударатын боламыз.

Біздің сыртқы саяси басымдықтарымыз өзгеріссіз қалады. Соған қарамастан, ахуалдың өзгеруі мен елдің қажеттілігі:

- аймақтық рыноктарды, ең алдымен еуразиялық және орталық азиялық экономикалық қоғамдастықтар рыноктарын тездетіп қалыптастыру;
- Шанхай Ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі ынтымақтастықты кеңейту;
- Каспий өңіріндегі проблемаларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі дипло-

матиялық күш-жігерді жандандыру сияқты бағыттарға айрықша ден қоюды талап етеді.

Қалыптасып отырған ахуал Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық институттарға сүйеніп, тиімді аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға да баса назар аударуды талап етеді.

Сонымен қатар, біз АӨЫСШК-ге де аса зор мән береміз. Бұл басқосу қарашада өткізіледі.

Осы заманғы Қарулы Күштерді жасақтау жөніндегі күш-жігерді де ұлғайта беру қажет.

Бұл үшін әскерді қаржыландыруды 2002 жылы биылғымен салыстырғанда шамамен 8 миллиард теңгеге ұлғайту керек.

Шекара және ішкі әскерлер үшін де 50%-дан астамға ұлғайтыла отырып, едәуір қаражат бөлінеді.

Құрметті депутаттар! Құрметті отандастар!

Таяуда біз өз тәуелсіздігіміздің 10 жылдығын атағалы отырмыз. Бұл біз үшін ерекше мерейлі күн, мұның көптеген себептері бар.

Өз еңбегімізді бағалау тұрғысынан, еңсемізді жазуға мүмкіндік алу тұрғысынан, біздің жастарымызға, балаларымыз бен немерелерімізге тәрбие беру тұрғысынан, біздің алдағы дамуымыздың іргетасы тұрғысынан маңызды.

Өткен он жылдың толық әрі дәл бағасын, сайып келгенде, уақыт және біздің ұрпақтарымыз береді.

Біз 10 жылдықты мерекелеу ұшы-қиырсыз ұзақ жолдағы бел жазу емес екенін түсінуге тиіспіз.

Бұл өткенімізді бір шолып алуға, негізгі жолдың әлі алда екенін, ол үшін жаңа күш-қуат керек екенін және барынша шапшаң жылжу керек екенін бағамдап алу үшін берілген мүмкіндік.

Бізді алдымызда үлкен міндеттер күтеді. Тұжыра айтсақ, бұл дегеніміз – не саяси, не болмаса діни немесе ұлттық экстремизм орын ала алмайтын мемлекет құру.

Бұл – саяси және әлеуметтік әділеттіктің, экономикалық еркіндіктің берік іргетасына негізделетін Қазақстанды орнату, тек заңның күші үстем тұратын ел орнату.

Бүгінгі таңда біздің өзімізге де, сонымен бірге біздің бүкіл әлемдегі достарымыз бен серіктестерімізге керегі де нақ осы. Біздің кемел болашаққа қарай ойдағыдай ілгері жылжуымыздың кепілдігі де, міне, осында жатыр.

Қазақстан халқына 2002 жылғы 29 сәуірдегі "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Жолдауы

Құрметті депутаттар! Қадірлі отандастар!

Жуырда ғана баршамыздың бас қосып, мемлекетіміздің он жыл ішіндегі дамуының қорытындысын шығарғанымыз естеріңізде. Бұл ретте, жетістігіміздің жемістерін ғана теріп қойғанымыз жоқ, ең бастысы келер ұрпақ үшін ел тәуелсіздігін қалыптастырудың алғашқы кезеңі жайында ғажайып мол тарихи мұра жиғанымызға көз жеткіздік.

Сонымен қатар, біз өзіміздің үлкен жолдан өтіп, толыса түскенімізді, XXI ғасырға қаймықпай қадам баса алатындай биікке көтерілгенімізді пайымдадық.

Осы жылдар ішінде тындырған ісіміздің басты түйіні Қазақстанның дербес мемлекет болып қалыптасуында жатыр. Біз экономикалық реформаны зор күш-жігермен әрі қатаң талаптармен жүргіздік, сөйтіп ол елеулі нысаналы нәтижелер берді.

Еуропа одағының, сондай-ақ АҚШ-тың Қазақстанды нарықтық экономикасы бар ел деп тануының өзі көп нәрсені аңғартады.

Біз мемлекеттік құрылыс пен демократияны дамыту саласында да едәуір ілгері бастық. Еліміз және бүкіл қазақстандық қоғам түбірінен өзгерді: экономикалық және саяси құқықтар мен бостандықтар күнделікті өміріміздің бұлжымас фактісіне айналды.

Осы нәтижелер мен өзгерістердің бәрі бүгінгі жетістіктеріміздің іргетасы болды.

Әлбетте біз масайраудың да, масаттанудың да ретсіз екенін жақсы түсінеміз, мұның өзі мереке үстіндегі баяндамада да қадап айтылды. Біздің әлі де есею мен кемелдену кезеңінен өтуіміз керек, Қазақстандағы азаматтық қоғамның босағасын бекіте беруіміз керек. Саяси жүйе де, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жөніндегі мәселелер де экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму деңгейіне сай ұдайы пысықтап отыруды қажет етеді.

Біздің "Қазақстан-2030" Стратегиясына негізделген онжылдық жоспарымыз да осыған бағытталып отыр.

Тегінде, еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін еселеу жөніндегі жұмысты бұрынғысынша серпінді жүргізу үшін орта мерзімдік жоспарлар мен орта мерзімді кезеңге және 2003 жылға арналған басымдықтарды барынша нақты айқындап алудың маңызы айрықша зор.

Менің жуырда Үкіметтің үш жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын бекіткенім өздеріңізге мәлім. Онда экономиканың нақтылы секторының құрылымын жақсарту, көлік инфрақұрылымын дамыту, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, ел экономикасын аймақтық ортақ рыноктарға кіріктіруді жеделдете түсу міндеттеріне айрықша ден қойылып отыр.

Сондықтан да менің осы Жолдауда алдағы басымдықтардың байыбын баса көрсеткім келеді, ал мұның өзі Үкіметке өзінің ертеңгі қам-қарекетін бюджеттің нақты бағдарламасының ауқымында іске асыруға мүмкіндік берер еді.

Оның ерекшелігі мынада: біріншіден, мен әр жылды белгілі бір салаға немесе қызметтің бағытына арнау тәжірибесінен бас тартып, басымдықтарды үш жылдық мерзімге белгілеуге көшуді ұсынар едім.

Екіншіден, Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы тұңғыш рет бюджет атқарылғаннан кейін емес, бюджетті қалыптастыру барысында жария етіліп отыр.

Құрметті отандастар! Алдағы кезеңді, яғни 2003-2005 жылдарды ауылды (селоны) түлетуге арнау үшін көптеген себептер бар. Менің Жолдауым да, міне, нақ осы мәселеге арналып отыр.

Кеңестік экономиканың кембағалдығынан зардап шеккен де нақ сол ауыл шаруашылығы, ең алдымен дәл сол ауыл еңбеккерлері, нарыққа көшу кезеңінде оның залалын жон терісімен сезінген де солар.

Ауыл дегеніміз – сайып келгенде, халықтың тұрмыс салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары. Осынау саяси-моральдық және әлеуметтік факторлардың өзі-ақ бізден ауылға барынша байсалды қарауымызды талап етеді.

Кез келген революциялық сілкіністер кезінде ауырсындыратын өзгерістер ауыртпалығының ауылға түсетіні мәлім, әрі мұны тарих та дәлелдеп отыр. Мұны Қазақстан да бастан кешті.

Біз кез келген ұлттың түп-тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз. Бәрінен бұрын тұрақтылық пен байсалды эволюциялық дамуға нақ осы жұрттың ықыласты екені де аян.

Тәуелсіздік пен қуатты мемлекет мұраттарын айрықша қастерлеп, терең сезінетін де осы жұрт, өйткені оның қаны мен жанында бабаларымыздың арманы мен үміті қаттаулы қалпында жатыр.

Сонымен қатар, таза экономикалық себептер де бар. Экономикамыздың ішкі құрылымын, таяу және шеткері жатқан рыноктарды мұқият саралау Қазақстанның агроөнеркәсіптік мамандануын тереңдету хақында зерделеп ойлануға жетелейді.

Мұның өзі таңданарлық жәйт, бірақ шындық. Бізге таяу және шалғай жатқан рыноктардың бәрі де астық пен етке зәру. Алайда, Қазақстанның азық-түлігі солардан өзіне орын таба алмай тұр, өйткені сапасы төмен әрі шығасысы жоғары, сондай-ақ оған көрсетіліп отырған мемлекеттік және дипломатиялық қолдау да әлсіз.

Ол - ол ма, ішкі рыногымыз өзінің бірқатар тұғырлары турасында сырттан азық-түлік тасып әкелудің үдей түсуінен ұтылысқа ұшырай бастады.

Елімізде қуатты ауыл шаруашылығы секторы болуының айрықша маңызы бар, мұның өзі оған ілесе жүретін салаларды: минерал тыңайтқыштар, ауылшаруашылық машиналарын жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, оның ар жағында

технологиялық желі бойынша басқа да салаларды мықтап көтеруге мүмкіндік берер еді. Демек, мұның ел экономикасы үшін беретін сан алуан тиімділігі орасан зор.

Біздің ауылға деген ерекше көзқарасымыздың демографиялық, көші-қон және әлеуметтік астарлары жөнінде айтпау да мүмкін емес.

Ауылдық жерлерге адамдарды қоныстандыру Қазақстанда тарихи тұрғыда, әсіресе, әміршіл экономика кезеңінде нарық экономикасы жағынан да, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық пайым жағынан да барынша сәтсіз жүргізілгенін айтқан жөн.

Соның салдарынан көптеген ауылдық аудандарда тоқыраушылық экономика тамыр тартты.

Жерінің сапасы жағынан, сондай-ақ табиғи және әлеуметтік өлшемдері жағынан алғанда да миллионға жуық адам өзіндік жетімділіктің ең төменгі қалыптары жағдайында өмір сүріп жатқанын еш бүкпесіз тілге тиек етуге болады.

Біздің мынадай бір ерекшелікті барынша байыпты екшеуіміз керек: Қазақстанда ауыл жұрты 43 пайызды құрайды. Ауыл жұртының көптігінен аудандардың көпшілігінде жұмыссыздық дендеді, ал мұның өзі ауылдағы еңбек рыноктарын әлсіретеді, сөйтіп оны елдегі ең төмен деңгейге дейін арзандатады.

Соның салдарынан ауыл жұрты аудан орталықтары мен қалаларға жаппай көше бастады. Айталық, 2000-2001 жылдары келешегі күмәнді, сол себепті адамдар тастап кеткен 186 мекен тарады, биыл тағы да сондай 93 мекен таратылатын сыңайлы.

Бұл құбылысқа өзіміз де, өзге жұрт та қаншама тосырқай қарағанмен, оны объективті процесс ретінде пайымдағанымыз дұрыс.

Мәселе мұның атқарушы биліктің ырқынан тыс, стихиялық сипатта жүруінде ғана болып отыр.

Он жыл ішінде біз экономикадағы тұғыры тұрлаулы мемлекет ретінде аяғымызға нық тұрдық. Ендеше жеткен биігіміз бен жинақтаған тәжірибемізге сүйеніп, ауылдағы ағайынымызға өмірдің жаңа сапасына жетуіне қол үшін беретін уақыт туды.

Менің нақты ұсыныстарым қандай?

Бірінші. Біздің бәріміз алдымен ауылға (селоға) қолдау көрсету дегеніміз кез келгенді және көрінгенді оңды-солды мемлекеттік қаржыландыруға келіп тіреліп тұрмағанын мықтап ұғынып алуымыз керек. Біз бәз баяғыдай масылдық және мемлекеттік бәйек болушылық тәжірибесін қайта түлете алмаймыз және олай істемейміз.

Алдағы уақытта да адамның өзі үшін және өзінің отбасы үшін ырзығын теруіне қажетті жағдай туғызу бағытын нысаналы жүргізу керек, жұмыс істей білетін, өзінің еңбексүйгіштігін көрсеткен адамдарға қолдау көрсету керек. Мемлекеттің халықтың және оның болашағының алдындағы жауапкершілігі де, міне, осында жатыр.

Мемлекеттің бүкіл қаржы-экономикалық, соның ішінде әлеуметтік және ауыл шаруашылығы саясаты саралау арқылы адамның тіршілігі мен нарықтық қатынастардың іске қосылуы тұрғысынан келешегі бар аумақтарға бағытталуы керек.

Екінші. Мен Үкіметке ауылдық аумақтардың тұрғындарын келешегі болатындай етіп қоныстандыру үлгісін жасауды тапсырамын. Тұралауға ұшыраған бірсыпыра шағын қалалардың тағдырын да жалтақтамай шешу қажет.

Елімізге ішкі көші-қонды келешегі бұлдыр өңірлерден дамып келе жатқан аудан орталықтары мен шағын қалаларға қарай ойыстыруды көтермелейтін мемлекеттік саясат қажет. Әлбетте, бұл саясат көші-қон легін жоспарлау мен басқару, қоныс аударушыларды жермен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мамандықтарға бейімдеу мәселелерін ескеруі шарт.

Барлық адамдардың экологиялық таза ортада өмір сүруге, жақсы әлеуметтік қызмет көруге ұмтылатыны белгілі. Бұл ниетті қолдау керек. Шұрайлы жері, іргесінде өнім өткізу рыноктары, қолайлы көлік желілері бар өңірлерде ауылдың қалыпты тіршілік етуге жағдайы толық екені айдан анық.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне аумақтық істер жөнінде қосымша уәзипалар беру мәселесінің де пісуі жетті.

Үшінші. Мен Үкіметтің алдына барынша қысқа мерзімнің ішінде Қазақстан агроөнеркәсіп кешенін дамытудың үшжылдық президенттік бағдарламасын әзірлеу міндетін қоямын.

Біздің еліміз әлемдік және өңірлік дәстүрлі азық-түлік өнімдерін беруші болып келді және болып қалуға тиіс. Ал агроөнеркәсіп кешенінің өзі еліміздің экономикалық өрлеуінің, сауда және төлем балансын жақсартудың қосымша қайнары болуы керек. Біз осыған жету үшін барлық күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек.

Ауылды өркендетудің басты факторы агроөнеркәсіп кешенін тұрлаулы әрі серпінді дамыту және оның экономикасын осы заманғы нарық қағидаттары негізінде шапшаң ілгерілету болып қала береді.

Бұл мәселенің мынадай тұтқалы тұстарын атар едім:

Задында, экономикалық және, ең әуелі, жер мен су қатынастары реформаларын байыбына жеткізу шарт.

Жуырда қабылданған Жер туралы заңның елімізді өркениетті нарыққа қарай ілгерілете алмағанын мойындауымыз керек. Ендеше, бірлесе жүріп жіберген қателігімізді тез арада бірлесіп түзейік, осы заңды сындарлы қалыпқа келтірейік. Бұл заңның түпкі мәні өміршең маңызы бар: "Ауыл шаруашылығы жеріне жеке меншік керек пе?" дейтін сауалға қайтаратын жауабы болуға тиіс.

Осы сұрақтың жауабын іздегенде біз, әдетте, жерді сату – "Отанды сату" дейтін тоғышарлық тұжырымға ойыса береміз, ал жерге деген меншіктің шаруаның ендігі жерде өз жерін ешкімнің алып қоймайтынына деген сенімі мен үміті екенін ескере бермейміз. Керек десеңіз, жерге деген меншік – оны абаттандыруға, өз балаларына шұрайлы қалпында мирас етуге деген ынтаықылас.

Иесіз жер жетім. Экологиялық апатқа алдымен ұшырайтын да сол иесіз жер. Қазақстан жағдайында жерді нарық айналысына қосу дегеніміз – пайдаланылмай жатқан орасан зор ресурстарды экономикаға қосу деген сөз.

Парламенттің дәл осы құрамының "Жерге жеке меншік туралы" Заңды қабылдау арқылы өзінің осынау тарихи парызын орындайтынына сенемін.

Үкіметке басқа елдердің тәжірибесін зерделеп, "қолдаймын" мен "қарсымынды" қатар таразыға тарта келіп, осы заңның жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуді тапсырамын.

Сайып келгенде, су қатынастарында да тәртіп орнататын кез жетті, мұнда да ұйымдық-құқықтық былық жетіп жатыр. Гидромелиорациялық құрылғыларды жаңалаудың әбден толғағы жеткен түйіндерін де дәйекті түрде шешу керек.

Егіншілік пен мал шаруашылығында экспортқа және ішкі ірі мемлекеттік сатып алымдарға бағдарланған орта және ірі тауарлы өндірістер ұйымдастыруға кірісу керек, бұған экономикалық шараларды кіріктіру қажет.

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің жедел өсімін және өзіндік құнның төмендеуін қамтамасыз ету үшін қайтарымды, бірақ жеңілдікті негізде мемлекеттік жәрдем көрсеткен тиімді.

Экономикалық тәсілдер арқылы шаруаларды осы заманғы агротехнологияларды енгізуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату салаларын дамытуға бағдарлаудың, сөйтіп қазақстандық өнім өндірушіге, жоқ дегенде, көрші елдерге тең келетіндей экономикалық жағдайлар туғызудың маңызы зор.

Өнім сапасына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтіп, едәуір жақсарта түсетін уақыт туды.

Үкімет малдәрігерлік және санитарлық қадағалау, мал мен өсімдік дерттеріне қарсы күрес жүйесін тәртіпке келтіруге, стандарттар мен технологиялық нормаларға қатысты жұмысты күшейтуге, сөйтіп оларды жедел әрі дәйекті түрде әлемдік шарттарға жақындата түсуге тиіс.

Ауылды ғылыми және ақпараттық қамтуды қалпына келтіру керек. Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйесінде ауылшаруашылық институттары жұмыс істеуге тиіс, ал Статистика жөніндегі агенттіктің бастапқы ақпарат мәселесімен мықтап шұғылдануы керек. Барлық деңгейдегі әкімдерге келсек, олар ақпараттық маркетинг жүйесін өрістетуге жәрдемдесуге тиіс, әзірге мұндай жүйе 36 ауданда ғана жұмыс істеп тұр.

Үкіметтің сыртқы өткерім рыноктарын кеңейту жөнінде тиімді шаралар қолдануы шарт.

Сыртқы рыноктарға шығатын көлік жолдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыс та көңіл көншітерлік емес, сондай-ақ сауда жолдарының бойындағы басы артық тарифтік және тарифтік емес жүктемелер де қиындық туғызып тұр.

Ауылға несие және қаржы қызметін көрсететін түрлі шағын несиелеу және өзара несиелеу институттары түріндегі неғұрлым көп тарамды қаржы желісі де қат.

Ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандырумен де ден қоя шұғылдану қажет.

Үкіметтің сыртқы займдардың, әсіресе, халықаралық банктер желісі бойынша түскендерінің едәуір бөлігін жеңілдікті және үйлесімді негізде ауыл шаруашылығына бағыттау жөніндегі бүгінгі іс-тәжірибесінен жазбағаны жөн. Лизинг орталықтарының, несие серіктестіктерінің мүмкіндіктерін күшейте беру міндеті де алда тұр.

Төртінші. Мен Үкіметке әлеуметтік салаға ерекше назар аударуды тапсырдым.

Мұнда ауылға қатысты жаңа саясат маңызды орын алуға тиіс. Бұл – келешегі кемел өңірлерді өркендету саясаты, әлбетте мұның қаржымен жете қамтуды қажетсінетіні белгілі.

Ең алдымен, біз шаруаға кедергі келтірмеуіміз керек, оған өз шаруашылығын көтеруге еркіндік беріп, несие алуына, консалтинг жөнінде өнімін сатуына жәрдемдесуіміз керек.

Осы үш жылдың бюджеті ауыл үшін басымдықты сипатта болуға тиіс. Әлеуметтік салаға жұмсалатын қаражатта алдымен ауыл тұруға; ауылға арналған жолдар мен сутартқыштар; ауыл мұқтажын өтейтін ауруханалар; ауылға арналған мектептер тұруға тиіс. Мен Үкімет пен әкімдерге 2003-2005 жылдардың ішінде жыл сайын ауылда білім беруді, денсаулық сақтауды қаржыландыру әрі ауыз суға арналған әрі облысаралық және ауданаралық ауылдық автомобиль жолдарын салу мен жаңалауға арналған қаражат көлемін 10 млрд. теңгеге ұлғайтуды тапсырамын.

Алайда, бұл қаражат ақылмен жұмсалуға тиіс, айталық, жадап-жүдеп, жұрты азайып кеткен жерлерде жаңадан мектептер салудың қажеті бар ма? Мұндай жағдайларда келешегі бар аудандарда мектеп-интернаттар салып, балаларды сонда ауыстырған жөн болмақ. Мұның осы заманғы ауруханаларға да қатысы бар.

Сонымен қатар, жалпы алғанда 2003 жылдан бастап жыл сайын ауыл шаруашылығын дамытуға қосымша 8-10 млрд. теңге қарастырып отырған дұрыс.

Мен білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді стратегиялық міндет санаймын. Еліміз үшін мұғалім мәртебесін арттыру, ең алдымен ауылды жерде арттыру ең бір өзекті мәселе. Бірінші кезекте мұғалім еңбегіне ақы төлеу мәселесін шешу шарт.

Биылдың өзінде мұғалімдердің жалақысын бұрын жоспарланғандай 25 пайызға емес, 30 пайыздан астамға ұлғайту мүмкіндігі бар деп санаймын.

Үкіметке және әкімдерге бұл үшін қажетті қаржы көздерін табуды тапсырамын.

Бесінші. Көші-қон стратегиясы ауыл мен әлеуметтік салаға ерекше мән беруі, белгілі бір деңгейде бюджетті орталықсыздандыруды талап етуі мүмкін.

Дегенмен, бұл тұста Үкіметтің де, Парламенттің де ауыл тұрғындарын қоныстандырудың ұтымды үлгісін жасау үшін, мұның өзі ауылдық аудандар мен округтер ауқымында белгілі бір әкімшілік-аумақтық қайта құруларға әкеліп соқпай қоймайтынын ескеріп, салмақтылық пен салиқалылық көрсетулері керек.

Енді ең соңғы айтпағым. Алдағы уақытта меншікті, дәлірек айтқанда, қалаларға ауылдан көшкендер мен ұсақ кәсіпкерлердің жері мен жылжымайтын мүлкін жария ету жөнінде тұтас шаралар кешенін қолдану қажет.

Адамдардың осынау тобының меншігі жасырын және жартылай жасырын болып келетініне, әрі тиісінше ресімделмеуіне байланысты оны капиталға айналдыру, сату немесе кепілге беру мүмкін емес. Сөйтіп, олар ашық есеп жүйесінен де, жаңа экономикалық қатынастар аясынан да тыс қалады.

Бұл орасан зор әлеует. Әлемдік сарапшылардың пайымынша, көптеген кедей елдер қазірдің өзінде ілгері серпіліс жасауға мүмкіндік беретіндей активтер мен ресурстарға ие болып отыр.

Біз экономикалық дамудың аралық өңірінде тұрмыз. Экономист сарапшылардың есебі бойынша шағын және орта бизнесті қоса алғанда экономикалық өсімнің 25-тен 35 пайызға дейінгі активтері мен ресурстары астыртын айналыста жүр.

Ендеше, оларды нарық айналысына қосу бүкіл еліміздің экономикасы үшін орасан зор тиімділік береді.

Міне, осыған сүйеніп, шағын және орта бизнесті жан-жақты нығайта беру қажет, сол үшін кезең-кезеңімен:

- салық ауыртпалығын азайту;
- меншік пен активтерді жария ету;
- несие ресурстарына жол ашуды жеңілдету;
- әкімшілік ресімдер мен рұқсат беруді оңайлату;
- бюрократиялық бейбастықтық пен бақылау-тексеру органдарынан қорғау;
- шағын және орта бизнесті қолдайтын аймақтық орталықтар құру, маркетингтік зерттеулер жүргізуге, біліктілікті арттыруға, орталықтандырылған бухгалтерия құруға көмектесу сияқты өзекті міндеттерді шешу қажет.

Үкіметке осы мәселелер бойынша арнайы комиссия құруды тапсырамын.

Ауылды өркендету жөнінде алға қойылған міндеттерді орындау парызы Үкімет пен әкімдердің бірлесіп, зор жауапкершілікпен жұмыс істеуін талап етеді. Мұның өзі атқарушы биліктің бүкіл жүйесі үшін салмақты сын болуға тиіс.

Осы Жолдауда мен ауылдағы біздің жаңа саясатымыздың бір ғана, алайда аса маңызды мәселесіне әдейі ерекше назар аудардым. Демек, Үкімет пен Бюджет комиссиясы келесі жылға тиесілі басымдықтарды тиісінше нақпанақ анықтауы керек.

Сонымен қатар, мемлекеттік құрылыс пен қоғамды демократияландырудың негізгі бағыттарына байланысты бірқатар мәселелерге тоқталғым келер еді.

Орта мерзімді келешекке арналған тиісті шаралардың кешені мақұлданды. Ол негізгі Заңымыздың бұлжымайтынына және конституциялық құрылысымыздың мызғымайтынына негізделеді.

Көптеген сарапшылардың, соның ішінде халықаралық сарапшылардың пікіріне сайсақ, Қазақстанның 1995 жылы қабылданған Конституциясы өзінің мәні жөнінен еліміздің даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін демократиялық конституция болып табылады.

Осы Негізгі Заңымыздың әлеуеті көп ретте әлі де толық жүзеге асырылған жоқ. Мен бұл көзқарасты қолдаймын. Біздің халқымызға ең басты керегі – бірлік, ұлтаралық татулық пен саяси тұрақтылық. Мен мұны жақсы білемін.

Демократия – мен сіздерге ұсынған, ал сіздер қабылдаған, әрі өз парасатымызбен қалап алған дамуымыздың даңғыл жолы. Біздің баршамыз осы үдерімді одан әрі орнықтыра беру үшін халқымыздың даналығына сүйеніп, тарихи, экономикалық, саяси, этноәлеуметтік факторлар мен қоғамдық пікірді ескере отырып жұмыс істеуге тиіспіз.

Біз, негізінен, сан ұлттар адамдарының өзара көмегі, ықыласы, ынтымағы, өзара құрмет сезімі қаланған төл мәдениетіміздің құндылықтарын сақтай отырып, байыппен біртіндеп алға жылжи береміз. Бөтен ұсыныстар бізге залалын тигізуі мүмкін.

Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау ісінде мемлекетіміз бен қоғамымыздың күш-жігерін еселей беретін, нақты іс-қимылымызбен орталықтағы, сондай-ақ жер-жерлердегі бюрократиялық жолсыздықтарға қарсы күресетін боламыз.

Бізде партиялық саяси құрылысты, ең алдымен оның заңнамалық негіздерін жетілдіруге бағытталған резервтер аз емес. Партиялардың қызметінде саяси экстремизмге жол бермейтін құқылық нормалар енгізу; этностық немесе діни қауымдастық қағидаттары негіздеріндегі партиялық құрылысқа ырық бермеу; олардың қызметінің қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету сияқты мәселелер баяғыда пісіп-жетілді.

Бұл ретте, мен депутаттар тобының партиялық заңнаманы өзгерту жөніндегі бастамашылығын қолдаймын.

Сондай-ақ, үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесі мен құқықтары туралы заңның әзірленуіне Үкіметтің өзі ұйытқы болуға тиіс.

Біз мемлекеттік құрылысты жетілдіру, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін өзі басқаруды дамыту, сот пен сайлау жүйесін жақсарту жөніндегі жұмысты алдағы уақытта да табанды әрі жігерлі жүргізетін боламыз.

Менің тапсыруым бойынша Үкімет Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеп жатыр.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша, мемлекеттік уәзипалардың, басқару деңгейлері бойынша оларды ажыратудың оңтайлы тізбесінің жобасы әзірле-

неді. Бұл құжат 2004 жылдың басында-ақ мемлекеттік әкімшілік жүргізудің жаңа қағидаттарына және бюджетаралық қатынастардың тиісті үлгісіне көшудің іргелік шарттарын жасауға негіз болады.

Мұнда өкілеттіктер мен жауапкершіліктің бір бөлегін орталықтан өңірлерге беру мәселелерін шешу қажет. Сонда биліктің өзінің құрылымы да айқындалып, әрі басшыны қай жерде сайлау, қай жерде тағайындау керек екені анық болып шығады.

Тұжырымдама міндеттерінің бірі – ауылдық басқару деңгейінде мемлекеттік биліктің нағыз өтімді институттарын қалыптастыру.

Ауылдық жерлерде биліктің белгілі бір босаңдығы білініп жүр. Жер-жерлердегі әкімдердің қолында жеткілікті өкілеттіктер, ал ең бастысы қаржы ресурстары жоқ. Сондықтан Үкімет және облыстар әкімдері төменгі буындарда ұтымды мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруға тиіс.

Биылғы тамыз айында ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жөніндегі тәжірибеге мұқият талдау жасалып, соның негізінде халықтың осы санаттағы басшыларды сайлауының тиімділігі хақында шешім қабылданады. Сонымен бір мезгілде бізде басқарудың қанша деңгейі болуы керек екенін анықтап алу керек. Мемлекеттік басқарудың барлық негіз қалайтын қағидаттарын айқындап алғаннан кейін ғана жергілікті өзін өзі басқарудың үлгісі мен заңына құлық қоюға болады.

Биыл Мемлекеттік қызмет туралы заңға да елеулі өзгерістер енгізіледі. Бұл – мемлекеттік қызмет сатылары бойынша жылжудың конкурстық жүйесінен мансаптық жүйесіне көшу, сондай-ақ қолданылып жүрген заңда орын алған қиғаштықтардан арылу.

Соттар саласындағы кадр саясатын жетілдіру мен судьялар қатарындағы сыбайластықты шектеу, құқық қорғау тетігіндегі адвокатураның рөлін күшейту жөнінде шаралар қолданылады. Биылғы жылдың соңына қарай алқабилер (присяжные заседатели) институтын енгізу тұжырымдамасы әзірленеді.

Ендігі жерде өлім жазасына кесу үкімін кідіртуді енгізуден бастап, оны толық мансұқ етуге дейінгі мәселені де мұқият зерделеу қажет. Бұл үшін қажетті жағдайлар туғызу керек екенін түсінем. Мұның өзі қаржыландыру мен уақытты талап етеді. Бұл жайында қоғамымызда да сан түрлі пікір бар. Алайда, бұл мәселені шешуді қолға алу керек.

Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жетілдіру жөнінде де бірқатар шаралар белгіленіп отыр.

Таяу уақытта радиожиіліктерін бөлу жөніндегі тендерлік комиссияның құрамы қайта қаралып, кеңейтілетін, оның құрамына жұртшылық өкілдері енгізілетін болады. Қазіргі кезде Мемлекет басшысының жанында ақпарат саясаты жөніндегі қоғамдық кеңес жасақталу үстінде.

Өзінің даму барысында біздің мемлекеттілігіміз Парламент өзіне Конституция берген өкілеттіктерді, соның ішінде Үкіметке қатысты өкілеттіктерді барынша толық пайдаланатын шепке сатылап жақындай түсті.

Парламент пен Үкіметтің арасындағы тұрақты диалог, олардың бірлескен заң шығарушылық жұмысы – мемлекеттілікті нығайтудың аса маңызды шарты.

Алдағы жылы да күрделі міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олардың қатарында "Үкімет туралы" Конституциялық заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беру тетігін кіргізуді заңнамалық дәйектеу, "Баламалы әскери қызмет туралы" заң жобасын әзірлеу және басқалары тұр.

Сөзімді қорытындылай келе, біздің сыртқы саясатымыз туралы бірқатар принципті қағидаларды ортаға салайын. Біздің халықаралық қатынастарда әуелден-ақ дұрыс бағыт таңдап алғанымызды өмірдің өзі де, іс-тәжірибеміз де қуаттап отыр.

Ядролық қарудан бас тарту жөніндегі шешіміміз күні бүгінге дейін қауіпсіздігімізге қызмет етіп, еліміздің беделін биіктетіп келеді.

Қазақстан – кеңестен кейінгі кеңістіктегі барлық елдермен өзінің стратегиялық мүдделеріне нұқсан келтірмей, тұрақты жақсы қатынастар орната білген азын-аулақ мемлекеттердің бірі.

Біз алдағы уақытта да Қазақстанның геосаяси орналасуы мен экономикалық әлеуетіне толығымен сай келетін нақ осындай көп бағытты екшенді саясатты жүргізе беретін боламыз. Өйткені нақ осындай саясат – өзіміздің ұлттық қауіпсіздігімізді нығайту кілті.

Сонымен бірге біздің Қазақстанның көрші мемлекеттермен қарым-қатынасындағы болжамдылық пен тұрлаулылық тұғырларын нығайта беру үшін бұдан да көп күш-жігер жұмсауымыз міндет.

Біздің дипломатия ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы сияқты басымдығы бар ұйымдарды нығайтуға айрықша ден қоюға тиіс.

Сонымен қатар біз АҚШ-пен, Батыс Еуропамен және басқа елдермен ынтымақтастықты да дамыта береміз.

Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру жөнінде нақтылы нәтижелерге жетуіміз керек.

Мемлекет пен жеке бизнестің сыртқы рыноктарда берік тұғырға орнығуға бағытталатын күш-жігерін ұштастыру арқылы біз өзіміздің сыртқы экономикалық саясатымызды нығайта беруге тиіспіз.

Нарық экономикасын жасақтай білген Қазақстан жаһандану үдерімінің ажырағысыз бөлегіне айналды.

Біздің әлемдегі өз орнымызды табуымыз, өз іс-қимылымыздың шығасыға жол бермей, керісінше, кіріс түсіруімізге мүмкіндік беретін стратегиясын түзуіміз өте-мөте маңызды.

Осы орайда Үкімет Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге әзірлік жұмысын барынша шырата түсуге міндетті.

***

Осы Жолдауда қозғалған мәселелерді өмірдің өзі алдымызға тартып отыр. Олардың көпшілігін менімен кездескен кезде өздеріңіз көтерген едіңіздер, оларды жұрт алдымызға қойып отыр.

Жыл өткен сайын мемлекет пен қоғамның қызметі көбінесе заңдармен реттелетін бола бастады. Сондықтан Парламенттің де, Үкіметтің де осы заңдар бойынша өмір сүруге тиіс жандармен көбірек кеңескені жөн.

Әрине, бәрін бірден шешіп тастау мүмкін емес, сондықтан төзімділік таныту керек, ұсақ-түйекке шашыла бермей, күш-қуатымызды қалап алған басымдықтарымызға жұмылдыруымыз керек.

Біздің, атқарушы және өкілді биліктің халық сайлаған өкілдері ретінде маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу барысында сезім жетегіне ілесіп кетпей, салмақтылық көрсетіп, парасатқа жүгінгеніміз ләзім.

Мен осы Жолдаудың қағидаларын іске асыруда сіздердің қолдауларыңызға үміт артамын.

Ықылас қойғандарыңызға рахмет.

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті төртінші сессиясының ашылуында 2002 жылғы 2 қыркүйекте сөйленген сөз

Құрметті депутаттар!

Сөзімнің басында өткен төртінші сессияның жемісті әрі нәтижелі жұмыс істегенін атап көрсеткім келеді, сол үшін сіздерге шынайы ризашылық сезімімді білдіремін. Атап айтқанда, 98 заңға қол қойылып, олар күшіне енгізілген екен.

Бұл аз емес, мұның өзі Парламент пен Үкіметтің арасында тығыз әрі сындарлы өзара қарым-қатынас орнай бастағанына дәлел. Бұл байланыс алдағы уақытта да дамытыла беруге тиіс.

Сіздер, сірә, осыдан бірнеше күн бұрын ғана менің шешіміме сәйкес жүргізілген Үкімет құрылымындағы бірқатар өзгерістердің барысымен танысқан болуларыңыз керек.

"Қазақстан-2030" Стратегиясында белгіленгендей, біз кәсіпқой Үкімет қалыптастыру міндетін шеше отырып, мемлекетті басқару реформасын табанды әрі жоспарлы жүргізіп келеміз.

Министрліктер мен ведомстволардың уәзипалары және құзыреттерінің шегі неғұрлым нақты айқындалды, мұның өзі оларды әлемдік қалыптарға сәйкес келтіруге, олардың қызметінің деңгейі мен сапасын айтарлықтай арттыруға жағдай жасайды.

Көптен бері жоспарланып жүрген Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің құрылуын түбегейлі қадам жасалды деуге әбден болады.

Ендігі жерде оның қарауына біздің даму стратегиямыздың, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың, тұтас алғанда елдің экономикалық, бюджет-қаржы, қазынашылық саясатын айқындаудың, сырттан қарыз алудың идеологиясы мен тактикасын әзірлеудің барлық мәселелері кіретін болады.

Қаржы министрлігі ендігі жерде күш-жігерін бюджеттің атқарылуына ғана жұмылдыруға тиіс. Яғни, қаражаттың жиналуы мен түсуін, әрі оның нысаналы жұмсалуын қадағалауды қамтамасыз етуі керек.

Жүзеге асырылған өзгерістерді ескере келіп, мен Үкіметке тез арада Парламентке "Бюджет жүйесі туралы" Заңға түзетулер енгізу жайында заң жобасын енгізуді тапсырдым. Бұл заң жобасын мен шұғыл қаралуға тиіс деп жарияламақ ниетім бар, өйткені мұның өзі таяу уақыттың ішінде министрліктер мен ведомстволар бюджет жөніндегі жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Қол жеткеннің бәрін тізіп жатпай-ақ қояйын. Ең бастысын атап өтейін: бізде тұрақты да қарқынды дамып келе жатқан нарықтық экономика қалыптасып отыр.

Айталық, бірінші жартыжылдықта ғана біздің азаматтарымыздың жалақысының 13 пайыздан аса өскені – маңызды көрсеткіш.

Құрметті депутаттар!

Биылғы жылы сәуір айының өзінде-ақ жария етілген ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында 2003 жылдың негізгі басымдықтарының байыпты аталғаны сіздердің естеріңізде.

Демек, барлық белгіленген межелерге қол жеткізуді, экономикада және қоғамдық-саяси дамуымызда қордаланған проблемаларды шешуді ұйымдық және заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуіміз керек.

Осыған орай төртінші сессияға басымдық ретімен қаралуға тиіс, елімізге қажетті заңдардың дестесі енгізілді.

Экономика мен қаржы саласында

Мен Үкімет бюджеттік жоспарлаудың негізгі өлшемдерін мейлінше мұқият екшеп, дұрыс саралап алды деп санаймын. Сондықтан Парламенттің оның ұсыныстарын қолдап, "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңды ағымдағы жылдың аясында қабылдауын сұраймын.

Еліміздің бас байтағы – Астана қаласын абаттандыру мен дамыту біздің аса маңызды ортақ міндетіміз. Үкіметтің осы мәселе жөніндегі ұсыныстарын қолдауды өтінемін.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту, тұтасынан алғанда ауылды (селоны) түлету проблемасына сіздердің ерекше ден қоюларыңызды қалар едім. Ол менің Жолдауымда алдағы үш жылға арналған негізгі басымдық ретінде аталып отыр.

Осы жылдың бюджетінде ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету бағдарламасына – 10 миллиард теңге, денсаулық сақтау мен ауылдың әлеуметтік мұқтаждарына – 20 миллиард теңге қосымша қаржы бөлу көзделіп отыр.

Биылғы жылдың егіні де бітік шықты. Мен қазірдің өзінде Үкіметке бюджеттен тыс көздердің есебінен әр тоннасын 65 АҚШ долларына парапар бағамен 1 миллион тоннаға дейін астық сатып алуды тапсырдым. Азық-түлік корпорациясы желісі арқылы тағы да жарты миллион тонна түседі. Бір жарым миллион тонна астық сатып алу біздің шаруаларға үлкен қолдау болмақ, әрі астық нарығының тұрақтылығы да қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар қазіргі кезеңде ауылды дамытудың ең өзекті мәселесі – ауыл шаруашылығына арналған жерге жеке меншік туралы мәселе болып отырғаны айдан анық. Жер қатынастарына қатысты қалған мәселелердің барлығын біз іс жүзінде шешіп қойған жайымыз бар.

Үкімет жаңа Жер кодексінің жобасын жасау жұмысын аяқтауға жақын. Мен депутаттар жер мәселесін қарауда басы артық саясатшылдыққа бармас деген үміттемін.

Біз сіздермен бірге жұртқа мұнда қорқатын ештеңенің жоқ екенін түсіндіруіміз керек. Жерге қол жетерлік баға белгілеу және қазіргі жер пайдаланушылар құқығына басымдық беру ауыл тұрғындарына жердің едәуір көлемін жеке меншікке алуға жағдай жасайды. Жер учаскелерінің ең жоғары көлеміне шектеу, қатаң реттелген жер пайдалану тәртібі мен шетелдіктерге жер сатуға тыйым салу және басқалары енгізіледі.

Дәл осы дестеде нарық жағдайларында су қатынастарын реттеуге және жетілдіруге бағытталған Су кодексі қабылдануға тиіс.

Сессияның соңына дейін "Шағын кредиттік ұйымдар туралы" және "Кредиттік серіктестіктер туралы" Заңдар қабылдануы қажет.

Уақыт кедендік қатынастарды реттеуге де жаңа талаптар қойып отыр. Осы орайда біздің мемлекеттің мүдделерін қорғауға, барлық қаржы ағысының айқындығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік бюджетке түсімдерді ұлғайтуға тиіс Кеден кодексін қабылдауымыз қажет.

Ғылыми қамтымды өндірістерді дамыту, өндірістің түрлі салалары мен қоғамды басқару саласына жаңа идеялар мен технологиялар енгізу – біздің стратегиямыздың маңызды құрамдас бөлігі.

Сондықтан да бізге "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Ақпараттық технологиялар паркі" Технопаркінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң керек.

Сондай-ақ, сессияның соңына дейін бағалы қағаздар нарығын жандандыру және оның ашықтығын қамтамасыз ету, әрі инвестициялық тартымдылығын көтеру үшін "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заң қабылдаған жөн.

Экономиканың нақты секторын, әсіресе шағын бизнес субъектілерін дамыту, сондай-ақ салықтық әкімшілік жүргізуді жақсарту мақсатында екі заң қабылдау міндет. Біріншісі – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң. Екіншісі – "Ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң.

Елде жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформаларды заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері, әдеттегідей, Парламенттің назарында болуға тиіс, осыған орай Парламентке енгізілген әлеуметтік дестедегі заң жобаларын жедел қараған дұрыс.

Мен өзімнің 2003 жылға арналған Жолдауымда тоқыраған аймақтардан дамушы аймақтарға ішкі көші-қонды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясаттың қажеттігі туралы айтқан едім. Мұның Семей полигоны мен Арал өңірі сияқты экологиялық қолайсыз аймақтарға да қатысы бар.

Бұл ретте, өзіміздің салық төлеушілердің ақшасын атаулылық қағидатын сақтамай, ойсыз-орынсыз рәсуа етуге жол бермеудің маңызы ерекше. Алдымен адамның неден зардап шеккенін, қашаннан бері мұнда тұратынын, жеңілдік алуға тиісті жандардың нақты материалдық жағдайын анық біліп алу керек.

Демек, ахуалды барынша байыпты бағамдап, мәселені ретіне қарай, зардап шеккендерге барынша пайдалы болатындай етіп, неғұрлым ұтымды шешудің жауабын іздеген дұрыс болатын тәрізді. Яғни, адамдарды экологиялық апат аймақтарынан тіршілікке неғұрлым қолайлы өңірлерге қоныстандыру бағдарламаларын әзірлеу қажет. Көз жетерлік таяу келешекте, айталық, дәл сол Арал маңында экологиялық оңды, әлеуметтік оңтайлы жағдайды қалпына

келтіре алмасымыз анық. Сонымен қатар, ядролық сынақтардың салдарынан сырқаттанған адамдарды сауықтыру мен тегін емдеу, аумақтардың өзін қайта жаңғырту және басқа да бағдарламалар керек. Солай істегенде ғана біз ақшаның текке кетпей, адамдардың игілігіне жұмсалуына қол жеткіземіз.

Мемлекеттік құрылыс және саяси жүйені дамыту саласында

Біздің саясатымыздың негізгі бағыты еліміздің саяси жүйесіндегі азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруға бағытталатын болады.

Мен Үкіметке "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңға өзгертулер мен толықтырулар әзірлеуге байланысты жұмыс тобын жасақтау жөнінде тапсырма бердім. Бұл топтың құрамына Парламент депутаттарын да енгізіп, аталған заңды жақсарту жөніндегі жұмысты бірлесе ұйымдастырған дұрыс.

Бізде мемлекеттік қызметті ұйымдастыруда әлі де проблемалар бар. Мемлекеттік қызметшілер үшін жеткілікті ынталандыру мен әлеуметтік кепілдіктердің жоқтығы, мансаптық өсу келешегінің бұлыңғырлығы кадрлардың тұрақтылығына салқынын тигізіп, біздің кадрлық әлеуметімізді әлсіретеді. Мұндай жағдайда "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы" Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасын қабылдау қажеттігі туындайды.

Біздің стратегиялық басымдықтарымыздың бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл да аяусыз күрес жүргізу болып қала береді. Оған қарсы күрестің негізгі ұғымдары, бағыттары мен қағидаттары осы маңызды істе өзімізді едәуір ілгерілеткен "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңда дәйектелген. Алайда уақыт бір орында тұрып қалмайды, бұл саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру нормативтік-құқықтық негізді одан әрі нығайтуды талап етеді. Бірінші кезекте заңнамада бой көрсеткен селкеуліктерді жою қажет. Таяу уақыттың өзінде "Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі бірқатар заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң қабылдау керек.

Менің биылғы жылдың 9 ақпандағы №803 Жарлығыма сәйкес Астана мен Алматы қалаларында мамандандырылған әкімшілік соттарының құрылуы Сот жүйесін жетілдіруге бағытталған кезекті қадам болды. Экономикалық соттардың тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, мамандандыру сот төрелігінің пәрменділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, әкімшілік соттар қызметінің құқықтық негізіне нақтылаулар енгізу қажет, мұның өзі болашақта олардың оңды тәжірибесін бүкіл елімізге таратуға мүмкіндік береді. Бұл үшін басымдық ретімен "Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізу мәселелері жөніндегі бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң қабылдау қажет.

Ең соңында, сіздерден өткен сессияда мен басым жобалар ретінде жариялаған заң жобаларының басын ашып алуды сұрар едім. Он бес заң жобасының

жетеуі әлі де қаралмай қалып отыр. Мен әлі күнге дейін мұның орын алуының себептері жайында көкейге қонарлық түсінік алған жоқпын және мұны қалыпты жағдай деп санай алмаймын.

Бұл заң жобаларын үстіміздегі жылдың соңына дейін қабылдау қажет, өйткені олар экономикалық құрылыстың аса маңызды қырларына қатысты болып отыр, әрі олар Қазақстан халқына да қатысты.

Мен Сіздер қолдау көрсетеді, түсіністік білдіреді деген үміттемін.

Құрметті депутаттар!

Біздің бәріміз соңғы жеті жылда, қазіргі Конституция қабылданғаннан бергі уақытта, Парламент депутаттарының деңгейі мен кәсіпқойлығының қаншалықты өскеніне куәміз. Парламентшілер жұмысының жаңа нысандары мен әдістері пайда болып, олардың өкілеттіктері кеңінен іске асып жатыр. Соның нәтижесінде заңнамалық жұмыс пен қабылданатын заңдардың сапасы жақсарды.

Орайы келгенде бүгінгі күні өкілеттік мерзімі аяқталғалы отырған Сенат депутаттарына Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып нығаюы жолындағы сіңірген қызметі үшін алғыс айтқым келеді. Біздің осы жолдағы қол жеткізген табыстарымызға сіздердің де сіңірген еңбектеріңіз елеулі.

Сіздердің көпшілігіңіз алдағы сайлауда да жеңіске жетеді, сөйтіп осы залда сіздермен қайтадан кездесеміз деген үміттемін.

Парламенттің қазіргі құрамы жасақталған кезден бері де екі жарым жыл өтті. Тағы да атап айтамын, депутаттық корпус көп іс тындырып үлгерді, өз жұмысының "бел ортасынан" асты. Енді күш-қуатымызды еселеп, қол жеткенді нығайтатын және байыта түсетін сәт те туды.

Сондықтан да заңнамалық қызметтің негізгі екі субъектісі ретінде Парламенттің де, Үкіметтің де босаңсымауы керек. Біздің бәріміз де жаңа талаптарға лайық болуға, жаңа мұраттарға үн қосуға тиіспіз.

Баршаңызға жұмыстарыңыздың жемісті де табысты болуын тілеймін!

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Парламенті екінші шақырылымының төртінші сессиясын ашық деп жариялаймын!

Көңіл қойып, тыңдағандарыңызға рахмет!

Қазақстан халқына 2003 жылғы 4 сәуірдегі "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Жолдауы

Қымбатты отандастар!

Құрметті депутаттар!

Біздің еліміз "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді бағдарламасына және онжылдық стратегиялық жоспарға сәйкес ойдағыдай ілгері дамып келеді.

Соңғы жылдары біздің қолымыз жеткен табыстар аз емес. Қазақстанның нарықтық жаңғырулардағы жетістіктері, экономикалық өрлеуі мен халықтың тұрмыс деңгейін көтеруі жалпыға мәлім, әрі әлемдік қоғамдастыққа да танылып отыр.

Ұлттық қауіпсіздік пен ішкі саяси тұрақтылықты нығайту, қоғамды одан әрі демократияландыру, өңірлік ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұдайы дәйекті шаралар қолданылып жатыр.

Ең бастысы, бізде қоғам мен мемлекетті, экономика мен әлеуметтік саланы тұрлаулы дамытудың келелі жолдарын іздестіру тынымсыз әрі нәтижелі жүргізіліп келеді.

Бұл Жолдауда келесі 2004 жылғы экономикалық және әлеуметтік саясаттың, қоғамды одан әрі демократияландыру мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың, мәдениет, білім беру мен руханият салаларын дамытудың негізгі бағыттары баяндалып отыр.

I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

Бүгінгі таңда Қазақстанның қолында экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ететін серпінді дамып келе жатқан отын-энергетика, металлургия және химия кешендері бар.

Сонымен бір мезгілде біздің алдымызда экономиканың теңдестірмелігін қамтамасыз ету, өңдеуші өнеркәсіпті, жоғары технологиялы және ғылыми қамтымды өндірістерді, өндірістік инфрақұрылымды және агроөнеркәсіп секторын ілгерілете дамыту жөніндегі аса маңызды міндеттер тұр.

1.1. Аграрлық саясат

Өткен жылғы Жолдауымда мен 2003-2005 жылдарды ауылды өркендету кезеңі деп жарияладым.

Еліміздің ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарын жаңғырту мен дамыту жөніндегі негізгі міндеттерді шешу Үкіметтің алдағы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық саясатының басты мазмұнын құрайтын болады.

Мұны ойдағыдай іске асыру үшін қазірдің өзінде мемлекеттік басқару жүйесінде құрылымдық қайта құру жүргізілді.

Өткен жылдың ішінде Жер, Су және Орман кодекстерінің, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңның жобалары әзірленіп, Парламентке ұсынылды, "Ветеринария туралы", "Өсімдіктерді қорғау туралы", "Тұқым шаруашылығы туралы" Заңдар қабылданып, "Өсімдіктер карантині туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бекітілген бағдарламалық құжаттарға сәйкес мемлекет 2003-2005 жылдары ауыл экономикасына 150 миллиард теңгеден аса қаражат жұмсауды жоспарлап отыр. Соның ішінде 2004 және 2005 жылдары бұл сома жыл сайын 10 миллиард теңгеге ұлғайтылады.

Алдағы екі жылда денсаулық сақтау мұқтаждарына қосымша 30 миллиард теңге, яғни жыл сайын 15 миллиард теңгеден бөлінеді. Сонымен бірге 2004-2005 жылдары ауылдағы білім беру мен денсаулық сақтау ісіне, ауылды сумен жабдықтау объектілеріне, инвестицияға мемлекеттік бюджеттен жыл сайын 15 миллиард теңгеден бөлінетін болады.

Мен Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасынан тыс биылғы жазда Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекітсем деп отырмын.

Сөйтіп, 2004 жылдан бастап, оны іске асыруға да мемлекет едәуір қаражат бөлетін болады.

Бұл бағдарламаның мақсаты – ауылдың әлеуметтік дамуын жеделдету және жұртты тоқыраулы әрі экологиялық және экономикалық жағынан келешегі күмәнді ауылдық аумақтардан көшіруге және еңбекке орналастыруға жәрдем көрсету.

Осы орайда ауыл экономикасына мемлекеттік қолдаудың өсе түскен көлемінің де, жерге жеке меншік құқығын енгізудің де – тегінде, осының бәрінің де еліміздің экономикасындағы аграрлық сектордың үлесін ұлғайту, тиісінше ауылдағы әлеуметтік проблемаларды шешу үшін жасалып отырғанын еске салған орынды деген ойдамын.

1.2. Индустриялық-инновациялық саясат

Бүгінгі таңда, теңдестірмелі және тұрлаулы даму үлгісін түзген кезде біз экономиканы шикізаттық бағдарынан өңдеушілік бағдарға қарай диверсификациялау жолдарын айқындап алуымыз керек.

Қазақстанның кенен байлығы – минералдық шикізаттың қайтып қалпына келмейтін жадығат екені, әрі кен орындарының уақыт өте келе сарқылатыны белгілі. Мұның өзі болашақта әуелі экономикалық, содан кейін саяси тәуелсіздігімізден айырылып қалуымызға әкеліп соғуы мүмкін.

Сондықтан менің тапсырмам бойынша Үкімет 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын әзірледі.

Басты міндет – 2000 жылмен салыстырғанда ІЖӨ-ні 2015 жылға қарай 3,5 есе ұлғайту.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – кәсіпкерлік ахуал, бәсекелестік орта қалыптастыру, жеке меншік секторды қосылған құны жоғары өндірістер құруға ынталандыратын қоғамдық институттар жүйесін құру.

Бұл ретте қара және түсті металлургияда, шикізат өңдеу, соның ішінде ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу саласында осындай өндірістер құру жөнінен елеулі әлеует бар.

Мұндай өндірістерді ұйымдастырудың осы заманғы тәсілдері мемлекет тарапынан көтермелеуді, жоғары технологиялы орталықтар құруды талап етеді.

Технопарктер жасақтау арқылы қолдағы ғылыми базаны: Алматы түбіндегі Алатау кентіндегі ақпараттық технологиялар орталығын, Степногордағы биотехнологиялық орталықты, Курчатовтағы ядролық технологиялар орталығын білгірлікпен пайдалана білген жөн.

Бағдарламаны іске асыру барысында машина жасауға, әсіресе мұнай-газ саласына, сондай-ақ көлікті дамытуға баса назар аудару қажет.

Бағдарламаға мемлекеттік қолдау көрсету жеңілдікпен кредиттер бөлуді, экспортты сақтандыруды, құрылтайшы капиталға, коммерциялық ақпарат таратуға үлестік қатысуды көздейді.

Біз инвестициялық сипаттағы тікелей мемлекеттік шығасылардың жылына орта есеппен 38 миллиард теңге (250 млн. доллар) болатынын жоспарлап отырмыз. Бұл қаражаттың едәуір бөлегі өндірістік және ғылыми инфрақұрылымды жасақтау мен жаңартуға жұмсалатын болады.

Бұл орайда ғылыми және инновациялық үрдіске деген көзқарасымыздың өзін өзгертуіміз керек.

Ғылымды реформалау құрылымдық өзгерістерді ғана емес, оны қаржыландыру көлемін де қамтуға тиіс. Яғни, ғылыми және қолданбалы зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыру көлемі ұлғайтылуы қажет.

Алға қойылған міндеттер сыртқы сауда саясатының қағидаттарын қайта қарауды талап етеді. Еліміздің өңірлік интеграциямен, әлемдік қалыптарға көшумен, тауарлар өндірісін және қызмет көрсетуді экспортқа бағдарлаумен ұштастыру арқылы сауданы ырықтандыру бағытын ұстануға тиіс екені қазірдің өзінде айқын болып отыр.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру мақсатында даму институттарының жүйесі құрылады әрі капиталданатын болады.

Соның ішінде қазірдің өзінде жинақтаушы, сондай-ақ тұрақтандырушы уәзипалар атқарып жатқан Ұлттық қор бар.

Таяу уақытта Қазақстанның инвестициялық қоры құрылатын болады. Ол капиталына үлестік қатысу арқылы қосылған құны жоғары тауарлар өндіретін қазақстандық компаниялардың құрылуына жәрдемдесуге тиіс.

Ғылыми-техникалық және кәсіпкерлік салалардың тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Инновациялық қор құрылып, оған инновациялар мен венчурлық кәсіпкерлікті дамыту мен енгізу жөнінде неғұрлым кең өкілеттіктер жүктеледі.

Қазақстан даму банкі қазірдің өзінде экономиканың шикізаттық емес секторында жұмыс істейтін отандық кәсіпорындарға кредит бөлу жөніндегі қызметті қолға алып, 23 млрд. теңгеге (150 млн. доллар) жуық кредиттер берді. Оның міндеті – өңдеуші өнеркәсіп пен өндірістік инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу.

Үкіметтің сонымен бірге халықаралық саудаға қатысты саяси тәуекелді сақтандырумен шұғылдануға тиіс Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация құруы қажет.

Даму жөніндегі мемлекеттік институттардың нарықты алмастырмайтынын немесе ығыстырмайтынын, қайта бәсекеге қабілетті экономиканың қозғаушы күшіне айналып, серіктестік қағидаттары негізінде жеке кәсіпорындарды инновациялық үдеріске тартатынын атап көрсету керек.

1.3. Интеграциялық саясат

Жедел экономикалық өрлеуге біздің мемлекетіміздің интеграциялық жаһаншылігі жәрдемдесетін болады. Жуырда ТМД-ның ортақ экономикасының 90 пайыздан астамын құрайтын Ресейдің, Қазақстанның, Украина мен Беларусьтің өңірлік интеграция ұйымын жасақтау туралы мәлімдегені өздеріңізге белгілі. Біздің еліміз осы бірлестіктің мұраттарын нақтылы жүзеге асырудың дәйекті жақтаушысы болып қала береді.

Мұнда көп нәрсе біздің мемлекеттеріміздің заңнамалық базаларын үйлестіруге және парламентшілердің бұл үдеріске белсене қатысуына байланысты болады.

1.4. Инвестициялық саясат

Үстіміздегі онжылдықта әлеуметтік-экономикалық салада жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтуды, сөйтіп негізінен алғанда кедейшілік пен жұмыссыздық проблемасын шешуді міндетімізге алғанымызды еске саламын.

Осыған орай экономика саласында 2004 жылы экономикалық өрлеудің барынша жоғары қарқынына жету басты міндет ретінде алға қойылып отыр.

Мұның өзі инвестициялардың тез өсуіне және жалпы ішкі өнімдегі жинақтау нормасының артуына тікелей байланысты.

Экономикалық өсімнің жоғары қарқынын тұрақты ұстап тұру үшін біздің таяудағы 4-5 жылдың ішінде негізгі капиталдың ІЖӨ-ге қатысты жалпы жинақталу көлемін 28 пайыз деңгейіне дейін жеткізуіміз керек. Соның ішінде мемлекеттік инвестициялардың ІЖӨ жөнінде 2-ден 4 пайызға дейінгі өсіміне жету шарт.

Биылғы жылы мемлекеттік бюджеттің асыра орындалатыны, сөйтіп көкейге қонымды маңызды деңгейге – бір триллион теңгеге жақындайтыны қазірдің өзінде білініп отыр.

Сондықтан биылғы мамырдың ішінде-ақ бюджетті нақтылай түсу қажет, ал экономиканың стратегиялық салаларында жұмыс істейтін мемлекеттік ірі кәсіпорындар акцияларының пакеттерін сатудан алынған жоспардан тыс түсімдерді Ұлттық қорға жіберу керек.

Осыған орай мен Үкіметке биылғы жылдың бюджетін Парламентте нақтылаған кезде артылған қаражатты жинақтауға, сондай-ақ әлеуметтік дамуға бағыттауды тапсырамын.

1.4.1. Мемлекеттік инвестициялар

Индустриялық-инновациялық бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз ететін жоғарыда аталған қаржы институттарын құру мен капиталдандыру мақсатында:

- Даму банкінің жарғылық капиталын ұлғайтуға және оның кредиттік жадығатын молықтыруға – 12 млрд. теңге;
- құрылатын Қазақстан инвестициялық қорының жарғылық капиталына – 23 миллиард теңге;
- құрылатын Инновациялық қорға – 3 млрд. теңге;
- Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация құру үшін – 7,7 млрд. теңге жіберуді ұсынамын.

1.4.2. Астананы дамыту

Астананы еліміздің орталығына көшірудің стратегиялық қажеттігі мен тиімділігі және оны осы заманғы үлгіде абаттандыру керектігі, бүгінгі таңда бір кездегідей ешкімнің күмән-күдігін туғызбасы анық.

Бас қаламыздың сәулет сұңғатын келісті ету жөніндегі жасампаздық жоспарларды іске асыруды қолға алған екенбіз, ендеше бұл істі аяқсыз қалдырып, ақырына дейін жеткізбеуге біздің ешқандай қақымыз жоқ.

Еліміздің жаңа астанасын салудың экономикалық, саяси және әлеуметтік тиімділігі турасында біз жиі айтып жүрміз.

Айталық, Астана қаласын салу мен дамытуды қолға алған жылдардың ішінде оны абаттандыруға әр түрлі көздерден шамамен 2,5 миллиард доллар жұмсалып, мұның өзі еліміздің экономикалық өсуіне, өндірісті жандандыруға, жұмыс орындарын құрып, салық алымдарын көбейтуге айтарлықтай үлес қосты.

Астананың үлгісі бойынша еліміздегі барлық облыс орталықтары көркейіп келеді. "Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі" бағдарламасы жұмыс істеп тұр.

Біз астанамыздың құрылысына елеулі үлес қосып жатқан достас елдерге, шетел инвесторларына, отандық кәсіпкерлерге ризашылығымызды білдіреміз.

Менің өтінішім бойынша олар бөлген өтеусіз қаражатқа биылдың өзінде ғана 200 миллиондай АҚШ доллары сомасына құрылыстар салынып жатыр.

Алайда алдағы уақытта біз астана құрылысын оны дамытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде бюджет қаражатының есебінен жоспарлы түрде жүргізуге көшуіміз керек.

Үкімет Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысының белгіленген жоспарларға сәйкес жүргізілуіне қамқорлық жасауға тиіс.

1.4.3. Жеке инвестициялар

Біздің экономикамыздағы жеке сектордың рөлі барған сайын арта беруге тиіс. Бүгінгі таңда зейнетақы жинақтау жүйесінің жиынтық капиталы 300 миллиард теңгеге жуықтап отыр. Банк жүйесіндегі депозиттер 600 миллиард теңгеден асып түсті.

Банктердің жиынтық меншік капиталы бір жылдың ішінде үштің біріне ұлғайып, миллиард доллардан асып түсті, ал экономикаға берілген кредиттер соңғы үш жылда 4,5 есе көбейді.

Әлбетте, мұның бәрі де экономикалық өрлеудің жоғары қарқынын қамтамасыз етеді және демеп отырады.

Дегенмен, біз жеке жинақтаулар мен қорлардың, ең бастысы экономикаға жасалатын инвестициялардың бұдан әлдеқайда өсе түсуіне мүдделіміз.

1.5. Салық саясаты

Салық азайған сайын жеке инвестициялар көбейе түседі дегенді даусыз ақиқат санауға әбден болады.

Сондықтан да мен Үкіметке жекелеген салықтардың пәмін одан әрі кеміту туралы Парламентке ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Мен 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- қосылған құнға салынатын салықтың пәмін 16-дан 15 пайызға дейін кеміту;
- жұмыс берушілердің регрессивтік шәкіл бойынша еңбекақы төлеу шығыстарының деңгейіне қарай әлеуметтік салықты 20-дан 7 пайызға дейін шақтау арқылы оның пәмін кеміту;
- жеке табыс салығының ең жоғарғы пәмін 30-дан 20 пайызға дейін кеміту қажет деп санаймын.

Үкіметке шағын бизнес субъектілерінің оңайлатылған салық салу жағдайындағы қызметінің оңды тәжірибесін ескеріп, арнайы салық уәжіптерінің аясын кеңейту мүмкіндігін зерделеуді тапсырамын.

II. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

Экономикалық өрлеу қарқынын еселей келе біз еліміздің экономикалық қуатын нығайтып қана қоймаймыз, сонымен қатар әлеуметтік даму міндеттерін шешу үшін барынша кең мүмкіндіктер ашамыз.

Бұл саясаттың маңызды бір бөлігі – зейнетақы мен жалақыны одан әрі арттыра беру.

2.1. Зейнетақылар

Зейнетақының ең төменгі деңгейін 5,5 мың теңгеге дейін ұлғайту қажет деп санаймын.

Әрбір зейнеткердің еңбектегі еншісін, жұмыс өтілін, зейнеткерлікке шыққан кездегі жалақысын ескеріп, зейнетақылардың неғұрлым әділетті шамасын белгілейтін уақыт та жетті, әрі еліміздің оған мүмкіндігі де пайда болды деген ойдамын.

Мұның өзі миллионға тарта зейнеткердің зейнетақысын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы күрделі әрі едәуір қымбатқа түсетін, алайда абыройлы міндетті шешуге біз кідіріссіз, биылғы 1 маусымнан бастап кірісуіміз керек. Үкіметке зейнетақылардың саралап арттырылуын жүзеге асыруды: биылғы 1 маусымнан бастап оларды қайта есептеуді, ал 1 шілдеден бастап төлеуге кірісуді тапсырамын. Жаңа ең төменгі зейнетақы да 1 шілдеден бастап төленетін болсын.

Есеп бұл үшін бір жарым жылдың ішінде қосымша 60 миллиард теңге, соның ішінде биылдың өзінде 20 миллиард теңгедей бөлу қажет болатынын көрсетіп отыр.

Соның нәтижесінде зейнетақылардың орташа мөлшері келесі жылы сегіз мың теңге деңгейінен асып түсуге тиіс.

2.2. Жалақы

Ең төменгі жалақы, әлбетте, ең төменгі зейнетақыдан артық болуға тиіс екеніне қарамастан, ол биыл ғана сол деңгейге жетіп отыр.

Сондықтан да келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақы 5000 теңгеден 6600 теңгеге дейін немесе 32 пайыз өсірілетін болады.

Мұның алдындағы жылдары біз бюджеттегі мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтерген едік. Өткен жылы тек мұғалімдердің өздеріне ғана жалақы 35 пайыздан астам көбейтілді.

Белсенді әлеуметтік саясатымызды одан әрі жалғастыра береміз, сөйтіп келесі жылдан бастап бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы орта есеппен тағы да 20 пайыз ұлғайтылады. Бұл ретте еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіре беру жоспарланып отыр.

Сонымен бір мезгілде еңбекақы төлеудің әзірленіп жатқан жаңа жүйесінің ауқымында мемлекеттік қызметшілердің жалақысы орта есеппен 50 пайыз арттырылады.

Бұл жолы Үкімет еңбекақы төлемі кестесін бірінші кезекте ақысы төмен қызметкерлердің жалақысын көтеруді ескере отырып нақтылай түсуге тиіс.

Тұтас алғанда 2004 жылы жалақыны көбейтуге мемлекеттік бюджеттен 50 миллиард теңгеден аса қаражат бөлінеді.

Сонымен қатар табыс деңгейі төмен адамдарға қолдау көрсету үшін Үкіметке салықтарды кеміту кезінде жеке табыс салығын есептеуге қажетті салық салынбайтын ең төменгі мөлшерді кем дегенде 30 пайыз көтеруді тапсырамын.

Бұл шаралар табысы төмен қазақстандықтардың көпшілігінің әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді әрі жұмыссыздықты едәуір қысқартудың маңызды тұтқасына айналады.

Енді бір маңызды мәселе туралы. Біз еліміздің көші-қон шығынының орнын толтырудың жайын да байсалды ойластыруымыз керек. Бұл түйінді мәселе, өз жоспарларымызды іске асыруымыз осы мәселені шешуімізге де байланысты болмақ.

Сол себепті Үкімет:

- тууды өсіруді;
- денсаулық сақтауды жақсарту есебінен өлім-жітімді кемітуді;
- ең әуелі еңбекке жарамды жастағы бұрынғы қазақстандықтар есебінен оралушыларды қабылдауды ұлғайтуды қарастыратын бағдарлама әзірлеуге тиіс.

Осыған сүйеніп, мен сондай-ақ келесі жылы оралмандарға арналған шаманы екі есе ұлғайту әрі осы мақсатқа қосымша екі миллиард теңге жұмсау жөнінде міндет қоямын.

2.3. Мәдени-тарихи мұраны сақтау

Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде биыл бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын "Мәдени мұра" арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді ұсынамын.

Оның мақсаты:

Біріншіден, халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау.

Екіншіден, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету.

Үшіншіден, ұлттық әдебиет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми, өмірбаяндық дестелер жасау.

Төртіншіден, мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау.

Мәдени-рухани даму жөніндегі шаралардың ішінде біздің бас қаламыздың мәдени ортасын қалыптастыруға айрықша назар аударылуға тиіс.

Үкіметке үш ай мерзімнің ішінде Президент Әкімшілігінің қатысуымен осы орайда тиісті шешім әзірлеуді тапсырамын.

Мен ұсынып отырған барлық шаралар, әсіресе, әлеуметтік даму мен экономикалық өсімнің жоғары қарқынын ұстап тұру мақсатындағы жинақтаулар қажеттігі жағынан алғанда теңдестірілген әрі біздің мүмкіндіктерімізге сай келеді.

Сондықтан да Парламент депутаттарынан осы ұсынысты қолдауды сұраймын. Бұл шаралардың біздің азаматтарымыздың едәуір бөлегінің әл-ауқатын айтарлықтай жақсартатынына күмән жоқ.

III. ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Біздің алдымен экономика, содан кейін ғана саясат дейтін қағидатқа сүйеніп, дәйекті түрде ашық қоғамға қарай ілгерілеп келе жатқанымыз қазақстандықтарға мәлім.

Алайда, бізге басқа да жәйттер белгілі.

Егер 90-шы жылдардың басында ел билігін қолдан шығарып алсақ, онда ауыр дағдарыс жылдарында әрі көп ұлтты мемлекеттің жағдайында біздің мемлекеттіктен де айырылып, экономиканы реформалау міндеттерін де шеше алмаған болар едік. Бұған нақты мысалдар бар. Ал біз бүгінгі күні өзіміздің табысқа жеткенімізді мәлімдеп отырмыз.

Еліміздің экономика мен мемлекеттік құрылыстағы жетістіктері қоғам дамуының кезекті кезеңі ретінде саяси жүйені одан әрі ырықтандыру мәселелеріне баса көңіл бөлуге жағдай жасайды. Өзіміздің бүгінгі болмысымызды екшей келгенде, мұны азаматтық қоғам дамуының кезекті кезеңі болады деу керек.

Бүгін бізде демократия мен азаматтық қоғамның іргелі институттары құрылып отыр.

Соңғы уақыттың өзінде ғана бізде омбудсмен институты белгіленіп, Ұлттық кеңес, Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды.

Үкіметтің жанында алдағы уақыттағы демократияландыру мен азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Тұрақты жұмыс істейтін Кеңес қызмет атқарып жатыр.

Партиялар туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін еліміздегі партия жүйесі нығайып келеді, үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі арта түсті, әрі, ең бастысы, қоғамда саяси мәдениеттің демократиялық үлгісі тамыр тарта бастады.

Осы бағыттағы саясатымызды дәйекті жүзеге асыра отырып, біздің осы жолда кезекті қадамдар жасауымыз керек.

Алдағы кезеңге саяси реформалардың бес басым бағытын қамтитын бағдарламасын ұсынамын.

Бірінші.

Біз мемлекеттік басқару жүйесін жаңалап жетілдіруіміз керек. Мұндағы басты міндеттер – мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттіліктің аражігін айқын ажырату, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру.

Ұлттық кеңестің кешегі күні өткен отырысында біз "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңға енгізілмекші өзгертулер мен толықтыруларды қарадық.

Бұлар – жергілікті мемлекеттік басқарудың аумақтық даму, төменгі деңгейлердегі, ең алдымен ауылдағы тиімді басқаруды қамтамасыз ету мәселелерін шешудегі өкілеттіктерін одан әрі кеңейте беруге қатысты өзгертулер мен толықтырулар.

Ал мұны іске асыру үшін 150 заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу керек. Сондықтан Үкіметтің алдына 2004 жылдың қарсаңында биліктің барлық деңгейлерінің оңтайлы уәзипалығын қамтамасыз ететін заңнамалық құқылық базаға тиісті өзгертулер әзірлеу міндетін қоямын.

Бюджеттік кодекстің жобасын әзірлеу жұмысы аяқталып келеді, оны Үкімет биылғы мамырдың ішінде Парламенттің қарауына енгізуге міндетті.

Осыған орай мен депутаттардан бұл құжатты мұқият зерделеп, осы биыл қабылдаудың қамын жасауды өтінер едім: бұл 2005 жылға арналған бюджетті келесі жылдан бастап жаңа Бюджеттік кодекстің негізінде қалыптастыруды қолға алу үшін аса қажет.

Ал 2004 жылға арналған Республикалық бюджет туралы заңның жобасы қазіргі қолданылып жүрген "Бюджет жүйесі туралы" Заңның низамдарының негізінде әзірленетін болады.

Басқару деңгейлерінің өкілеттіктерін айқындау мен оларды қаржылық қамсыздандыру жөніндегі жұмысты аяқталған бетте бұл үдеріс жергілікті басқару органдарының басшыларын сайлау тәжірибесін кеңейту арқылы тыңғылықты тиянағын табуға тиіс.

Бізді басты міндетіміз – жергілікті жердегі биліктің адамдар алдындағы жауапкершілігін көтеру, оларды әрбір адамның күнбе-күнгі мұқтажы мен қамқарекетіне жақындата беру.

Ауылдық округтер денгейінде белгілі бір мерзімге әкімдердің сайланбалылығын енгізуге болады деген ойдамын.

Содан кейінгі жерде аудан әкімдерін сайлауға байланысты эксперимент жүргізуге көшкен жөн. Соның қорытындысына қарай мұндай тәжірибенің ұтымдылығы мен оңтайлы үлгілерін анықтау турасында байлам жасауға болатын секілді.

Тегінде, түпкі мұрат әкім сайлау ғана емес, мұны естен шығармау керек. Әлбетте, бұл мәселені кезең-кезеңімен қажетті жағдаяттардың қалыптасуына қарай шешкен дұрыс.

Сонымен қатар басқарудың барлық деңгейлеріне кадрлар даярлау үшін жағдай туғызуға кідіріссіз кірісу қажет деп санаймын. Әлемнің үздік университеттерінде оқыту, елімізде санаты биік университеттер құру, сондай-ақ отандық Мемлекеттік қызмет академиясын нығайту – бүгінгі күннің міндеттері.

Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын, бірлігімізді, ұлтаралық және дінаралық татулығымызды, саяси тұрақтылығымызды сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз. Мен мұны қайталаудан жалыққан емеспін.

Сонымен бірге бірде-бір елдің мемлекеттік және саяси құрылыстағы толымдылыққа жете алмағанын да, ешкімнің ойдағыдай бюджетаралық қатынастар орната алмағанын да естен шығармаған жөн.

Дамыған өркениетті деген елдердің өзінде ырықтандыру мен орталықсыздану кезеңдерін мемлекет рөлінің күрт күшеюі мен орталықтану кезеңдері алмастырып отырған, мұның бәрі де нақтылы-тарихи жағдайлар мен даму кезеңдерінің парықтылығына байланысты.

Басқаның тәжірибесін көзсіз көшірудің, халықаралық сарапшылардың бірі дөп басып айтқандай, біреудің дене мүшесін басқа біреуге салатын хирургиялық операция тәрізді екенін мықтап ұғынып алу керек, бөтен мүшенің басқа денеге қабыспайтын кездері жиі ұшырасатынын өздеріңіз де білесіздер.

Мұндай мәселеде абай болған жөн, әуелі бәрін де мұқият екшеп алған абзал.

Үкіметке бұл мәселені шетелдік тақылеттес тәжірибені ескеріп, терең зерделеуді, сөйтіп нақтылы ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Екінші.

Сайлау жүйесін одан әрі жетілдіре беру қажет. Сайлау үдерісі бұрынғыдан да айқын әрі ашық болуға тиіс.

Өткен жылдың өзінде менің тапсыруым бойынша "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы әзірленген еді.

Онда Орталық сайлауком ЕҚЫҰ-мен бірлесіп, саяси партиялармен өткізген дөңгелек үстелдерде айтылған ұсыныстар ескерілген. Биылғы жылдың басында заң жобасы тұрақты жұмыс істейтін Кеңестің отырыстарында талқылаудан өткізілді.

Үкімет оны жұртшылық тарапынан айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып пысықтап, Парламентке енгізуге тиіс.

Бұл заңның негізгі нысанасы сайлау үдерістерінің айқындығын, ашықтығын және бәсекелестігін қамтамасыз ету болуы керек.

Сайлаушылар тізімін түзу, дауыс беру, дауыс беру қорытындысын шығару және сайлау нәтижесін анықтау жөнінде автоматты ақпараттық жүйе енгізу міндет.

Үшінші.

Саяси жүйені демократияландырудың маңызды бағыты – азаматтық қоғам институттарын одан әрі нығайта беру.

Біздің міндет – бұқараның қолдауына ие болған, беделі биік, қуатты әрі жауапкершілігі жоғары партиялардың ірге тартуына жәрдемдесу. Мұның өзі еліміздің стратегиялық мұраттарына сай келеді.

Өзін өзі ұсыну институтын сақтай отырып, саяси партияларға Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну жөнінде айрықша құқық берілуін қажет деп санаймын.

Партиялардың дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде бақылауды жүзеге асыруы үшін неғұрлым кең мүмкіндіктері болуға тиіс.

Үкіметтік емес ұйымдармен арадағы өзара іс-қимылды да басқаша құру керек.

Осындай ұйымдарға конкурстық негізде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесі арқылы экономикалық қолдау көрсету үрдісі жемісті болар еді деген ойдамын.

Бұл үшін "Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдар туралы" және "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" заң жобаларын тезірек әзірлеп, қабылдаған жөн.

Бұл жұмыс жөн-жосықсыз ұзаққа созылып кетті.

Үкіметтің аталған заң жобаларын пысықтап, Парламентке енгізуі қажет.

Кең ауқымды ынтымақтастыққа Үкіметтік емес ұйымдардың жалпы республикалық съезі – Азаматтық форум арна тартуға тиіс. Оны биылғы жылдың екінші жартысында өткізу керек.

Төртінші.

Біздің бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамымызды демократияландыру барысындағы рөлі мен орнын айқын анықтап алуымыз керек.

Қазақстанның тәуелсіз жылдарының ішінде тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының уәзипалық етуі үшін саяси, экономикалық және құқықтық жағдайлар жасалды. Мұның өзі заңнамалық, сондай-ақ низамдық кесімдермен қуатталатын нақтылы шындық.

Бізде БАҚ-тың басым көпшілігі мемлекеттік емес.

Мәселенің мәні мұнда да емес, ол баспасөз бен теледидардың цензура болмайтын, БАҚ жұмысының жеңілдікті тегершіктері жасалған, олардың қызметінің заңдық тегершігі айқын анықталған жағдайдағы уәзипалық етуінің бекем тетігінде жатыр. Баспасөзді қаржылық қолдаудың бекем жадығаты бар, оны мемлекет нақ соңғы жылы белсене пайдалана бастады. Осы орайда тек үстіміздегі жылы ғана 50 жаңа бұқаралық ақпарат құралының тіркелгенін айтқан орынды.

Бұл – мемлекет пен қаламгерлер қауымдастығы бірлесе жеткен белес.

Бұл – айтуға тұрарлық жетістік, тек оның маңызын түсіне білейік.

Ендігі жерде біздің баспасөз кеңістігі дамуының келешектегі бағыттары жайлы ойланғанымыз орынды. Әңгіме қоғам мен БАҚ-тың өзара жауапкершілігі туралы, билік пен журналистердің өзара жауапкершілігі туралы болып отыр.

Бұл бір ғана Қазақстанның емес, осы заманғы қоғамдардың бәрінің де басында бар мәселе. Соңғы кездегі оқиғалар ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылық, ұлтаралық татулық, дінаралық келісім мүдделері мемлекеттік қана емес, сонымен қатар мемлекетаралық деңгейде басымдыққа ие бола бастағанын айқын көрсетіп отыр.

Біздің бір байқағанымыз, белгілі бір жағдайларда ең демократияшыл деген мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық мүддені қорғауға келгенде айқын тұғырда тұрады. Біз де бұдан сырт қалуға тиіс емеспіз.

БАҚ туралы жаңа Заң қабылдау қажеттігі пісіп-жетілді, онда сөз бостандығын қамтамасыз етудің, сондай-ақ журналистерді меншіктеушілердің қысымынан қорғаудың осы заманғы нақты жағдайы ескерілуге, сондай-ақ шенеуніктердің еркін баспасөздің қызметіне араласқаны үшін жауапкершілігі күшейтілуге тиіс.

БАҚ-тың заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілігін де айқындап беру міндет. Қоғамға керегі – жалақорлық пен жалған сөз бостандығы емес, тура да тұғырлы сөз бостандығы.

Үкімет үстіміздегі жылы журналистермен және жұртшылықпен бірлесіп тиісті заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізуге тиіс.

Үкімет БАҚ рыногындағы бәсекелестік барысын айқын қадағалап отыруға, оның монополияға айналуына жол бермей, тежеп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары кемелдене түсті, елдің мүддесін, яғни жеке өзінің мүддесін терең парықтай бастады. Ендігі жерде өзінің дамуына жасалған қамқорлыққа жауапты тұғыр ұстануымен, яғни әрдайым әділ ақпарат таратуға деген ұмтылысымен жауап қатады деген үміт зор.

Бұл даусыз ақиқат, мұны бір ғана қарапайым себеппен бәріміз де көкейге тоқуымыз керек, өйткені оның басқадай тетігі табиғатта жоқ.

Билік пен БАҚ арасындағы үндесудің көш басында, ең алдымен, журналистердің қоғамдық бірлестіктері және ел Президенті жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі Қоғамдық кеңес тұрады және тұруға да тиіс.

Бесінші.

Құқық қорғау мен сот органдарының қызметін жетілдіре беру басты мәселелердің бірі болып қала береді.

Бұл мәселені ең алдымен азаматтардың ажырағысыз құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан қарау керек деп санаймын.

Қылмысқа қатысты құқық аясын одан әрі ізгілендіруді жалғастыра беру маңызды.

Өлім жазасын қолдануға мораторий енгізу үшін Үкіметтің осы мәселені шешудің, атап айтқанда, жазаның өмір бойы бас бостандығынан айыру сияқты түрін енгізудің ұйымдық, материалдық және заңнамалық шарттарын жасауға кірісетін кезі жетті.

Тәжірибе мемлекеттің сот жүйесінің зәруліктеріне деген назары мен қамқорлығы судьялар құрамына қойылатын талапты арттырумен ұштастырылуға тиіс екенін көрсетіп отыр.

Азаматтар күні бүгінге дейін соттардан өз құқықтарының қорғаушысын, әділеттің жоқшысын көре алмай жүр.

Алқа билер институтын кезең-кезеңімен енгізу жайын да ойластыру қажет.

Соттардың қызметіне бақылау жасау тұтқаларын күшейте түсу керек, бұл арада сот төрелігін атқару үдеріміне араласпауды естен шығармаған жөн.

Судьялардың кәсіптік даярлығының сапасын да арттыру қажет. Сірә, арнаулы оқу магистратурасын құрған жөн болар. Әлбетте, осы оқу орнын бітіргендер ғана судьялар болғаны дұрыс.

Конституцияға сәйкес қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізу қызметіне деген сот бақылауын күшейте түсу керек, ол үшін тұтқындауға соттың санкциясын шығарту институтын енгізуге дейін бару керек.

Сонымен бірге істі қараудың сотқа дейінгі кезеңдерде де, сондай-ақ сот сатыларында да оңайлатылған және жеделдетілген ресімдерін енгізу керек.

Қадірменді қазақстандықтар!

Құрметті депутаттар!

Ең ауыр жылдардың өзінде менің халыққа "үлде мен бүлдеге ораймын" деп уәде бермегенім, желеулетпе мәлімдемелер жасамағаным, қайта бізді реформалардың қиындықтары мен ауыртпалықтары күтіп тұрғаны, оның салмағы қарапайым халықтың иығына түсетіні жайында сақтандырғаным сіздердің естеріңізде. Алайда мен халықтың тұрмыс жағдайы жақсарған үстіне жақсара түсетін күннің туатынына да жұртты сендірген едім.

Тарихи аса қысқа мерзімнің ішінде біз ең шұғыл экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырдық. Біздің өзіміз де өзгердік, біздің пайымымыз да, дүние танымымыз да өзгерді. Біз ешкімнің де айрықша бір ақыл айтуынсыз-ақ өз еңбегіміз өз игілігіміздің кілтіне айналатынын, ал мемлекеттің осыған қажетті жағдайлар туғызуға тиіс екенін түсіне білдік.

Бүгін мен берген уәдемді орындап жатырмын деп ағымнан жарылып айта аламын. Қазақстан экономикасының өсуі біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттыруға қызмет етіп жатыр.

Менің айтқаным да осы уақыт еді, міне, сол уақыт та келді.

Бүгін мен біздің жаңа тарихымызда әлеуметтік шығыстарды барынша ұлғайтқанымыз жайында жариялау абыройына ие болдым, біз бұл істі көп ұзамай қолға аламыз, әрі оның игілігі әрбір қазақстандық пен әр отбасына тиетін болады.

Осы мақсатқа мемлекеттік қазынадан бір жарым жылдың ішінде қосымша 120 миллиардтан аса теңге бөлінеді, мұны бұрынғы жылдармен салыстыру мүмкін емес.

Егер экономикамыз дәл осылайша жақсы жұмыс істейтін болса, онда, "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді Стратегиясында көзделгендей, бұл ілгерілеу одан әрі арна тартады.

Өткен жылдардан бір айырмашылығымыз сол, бүгін біздің қолымызда экономикамыздың іргесін өретін төрт өзекті тұтқалы бағыттар бойынша даму мен жетілдіру бағдарламалары бар, олар:

- аграрлық азық-түлік бағдарламасы;
- индустриялық-инновациялық бағдарлама;
- инфрақұрылымды және энергетиканы дамыту;
- әлеуметтік даму бағдарламалары.

Өткен жылдардан келесі бір айырмашылығымыз сол, бүгін біздің қолымызда қажетті қаржы ресурстары да бар.

Істің ендігі түйіні – биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуінде, ықпалды заңдарда және оларды мүлтіксіз орындауда жатыр.

Біздің ынтымағымыз, жасампаздық күш-қуатымыз, тұрақтылықты, азаматтық және жалпыұлттық татулықты сақтауға, еліміздегі бейбіт өмір мен тыныштықты қамтамасыз етуге деген ұмтылысымыз – Қазақстанның гүлденіп, көркею мен игілік жолында қарқынды алға басуының басты кепілі.

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті бесінші сессиясының ашылуында 2003 жылғы 2 қыркүйекте сөйленген сөз

Құрметті депутаттар!

Парламенттің бүгін өз жұмысын бастағалы отырған бесінші сессиясы – екінші шақырылым депутаттары үшін тиянақтаушы сессия. Сіздер тындырған барлық жұмысқа берілетін баға көп ретте соның қорытындысына байланысты болмақ.

Алдағы кезеңдегі өзіміздің ортақ міндеттеріміз бен басымдықтарымызды талқылауға кірісерден бұрын сіздерге еліміздің заңнамалық негізін жасау мен жетілдіруге қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін алғыс сезімімді білдіргім келеді. Соның нәтижесінде бірқатар маңызды әрі тигізер пайдасы зор заңдар қабылданды. Заңдардың ішінде Жер кодексі бар, сол арқылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге тұңғыш рет жеке меншік енгізіліп отыр. Сонымен қатар тағы да үш іргелі кодекс – Кеден, Орман және Су кодекстері қабылданды.

Егер де "есеп тілімен" сөйлейтін болсақ, аталған кезеңнің ішінде Парламенттің қабырғасынан қоғам мен мемлекет өмірінің іс жүзінде барлық жақтарын қамтитын 96 заңнамалық акт шыққанын айту керек. Басымдықты заң жобаларын Парламентте қарау мен қабылдаудың серпінді сипат алғанын атап айтқан орынды. Мен мұны жүзеге асырылып жатқан жасампаздық істерге сіздердің тараптарыңыздан көрсетілген қолдау әрі олардың заңнамалық деңгейде іске асырылуын қамтамасыз етуге деген құлшыныс ретінде бағалаймын.

Жер, су және орман ресурстарын пайдаланудың жаңартылған құқықтық негіздерін жасау, кәсіпкерлерге түсетін салықтың салмағын азайту еліміздің экономикасын өркендетуге қосымша серпін беруге тиіс.

Экономиканың басымдықты секторларына инвестициялардың құйылуына қолайлы жағдай туғызуға бағытталған жұмыс жалғасуда. "Инвестициялар туралы" жаңа Заңда отандық инвесторларға қарай тағы да бір ілгері қадам жасалды. Айталық, оларға шетелдік компанияларға берілетін кепілдіктерменен бірдей кепілдіктер беру көзделеді. Сөйтіп, ендігі жерде жеңілдіктер мен артықшылықтар берген кезде инвестициялық жобаларды іріктеудің өлшемі, ең алдымен олардың агроөнеркәсіптік кешенді, ауылдың инфрақұрылымын, көлік инфрақұрылымын және сумен жабдықтау нысандарын, әлеуметтік сала мен экологияны сауықтыруды дамытуға бағдарлануы болады.

Қабылданған заңдардың үлкен бір блогы банк және бағалау қызметіне, кредит беру, сақтандыру, валюталық реттеу мен валюталық бақылау мәселелеріне қатысты. Мен бұл тұста "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы", "Қаржы рыногын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы", "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" заңдарды айтып тұрмын.

Қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұлар мемлекеттің осы саладағы саясатын ізгілендіруді көздейді.

Парламенттің ратификациялау қызметі биылғы жылы мемлекетіміздің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық саясатының аса маңызды қырларын қамтыды. Сессияның барысында 46 халықаралық келісімге қол қойылды. Бұлардың ішінде Ресей Федерациясымен Каспийдің солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы, Оңтүстік Азия өңіріндегі көршілерімізбен шекараларымызды белгілеу туралы келісімдер бар.

Өкінішке орай, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемалары тұрғысынан дүние бұрынғыдан қауіпсіз бола түсті деп айта алмаймын. Халықаралық терроризм мен экстремизм әлемде барған сайын етек жайып барады.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан терроризмге қарсы халықаралық күрестен сырт қалған жоқ. Бұл күллі әлемдік қоғамдастықтың көкейкесті мәселесі екенін ескеріп, біз терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылдық. Еліміздің өз ішінде қорғаныс пен қауіпсіздік мәселелерінің аса маңызды шоғыры "Әскери жағдай туралы" және "Төтенше жағдай туралы" қабылданған заңдарда реттелді, бұлар уақыт талабына әбден сай келеді.

Сөйтіп, Үкіметпен тығыз әрі сындарлы ынтымақтастық жасай отырып, Парламент үлкен жұмыс тындырды.

Құрметті депутаттар!

Біз қалыптасу мен реформалардың неғұрлым күрделі кезеңдерін бастан өткердік. Соның нәтижесінде соңғы жылдары экономикамыз тұрақты өрлеу сипатына ие болды.

Осыдан біраз ғана уақыт бұрын Қазақстан жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім жөнінен одақтас республикалардың арасында он бірінші орын алушы еді.

Бүгін біз Ресейден кейінгі екінші орынға шықтық. Қазір Украинадан екі есе алдыға шықтық, кезінде одан екі есе кейін қалған едік. Осы көрсеткіш бойынша таяудағы жылдары ТМД-да бірінші орынға шығуға бүгін біздің нақты мүмкіндігіміз бар.

Реформалардың сапасы мен қарқыны жөнінен Қазақстанға беделді халықаралық ұйымдар мен шетелдік мемлекеттер тарапынан жоғары баға беріліп отыр. Жақын күндерде Алматыда өткен БҰҰ шеңберінде 80-нен астам мемлекет министрлерінің және Ислам даму банкінің мүшелерінің бас қосуының өтуі бұған дәлел.

Алғашқы әрі іргелі құжат болып табылатын еліміздің 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы қатаң түрде орындалып келеді. Оның негізгі өлшемдері содан туындаған екінші құжатта – 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында барынша нақтыланды. Сондай-ақ біз осы алғашқы екі құжатқа негізделген индикативті жоспарларға қажетті әрі жедел түзетулер енгізіп отырмыз.

Үкіметтің 2003-2006 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру қолға алынды. Оның негізгі міндеті халықтың тұрмыс деңгейін дәйекті түрде арттыра беру болып табылады.

Алдағы уақытта ішкі жалпы өнімнің орташа жылдық өсімін 7-7,5 пайыз шегінде көтеріліп, оның жан басына шаққандағы деңгейін 2006 жылы 2600 АҚШ доллары сомасына дейін жеткізуді қамтамасыз етілуге тиіс. Инфляция деңгейі 4,5-5,5 пайыздан аспауы керек. Сонымен қатар табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдар санын едәуір азайту көзделеді.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар мен сыртқы сауда көлемі де өсе түсуде. Еңбек нарығындағы жағдай жақсарып келеді. Қаржы саласы да айтарлықтай нығая түсуде, мұның өзі, негізінен алғанда, белсенділіктің артуы мен өндірістің өсуіне жәрдемдесіп отыр.

Экономикалық өрлеудің жоғары қарқыны халықтың табысын арттыруға алғышарттар жасады. Атаулы орташа айлық жалақы арта түсті.

Өздеріңіз білесіздер, 2003 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақылардың мөлшері өсті. Ендігі кезекте бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын арттыру тұр.

Бұл табыстар өзіміз осының алдындағы жылдары жүзеге асырған байыпты әрі дәйекті реформалардың заңды нәтижесі.

Биыл ел экономикасын дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындау және құрылымдық-институционалдық өзгерістерді одан әрі жүргізу жөнінде үлкен жұмыс тындырылды. Осы мақсатта Индустриялдық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Ол өнеркәсіп салаларының теңдестірмелі дамуын қамтамасыз етуге бағытталды. Оның мақсаты – экономиканың шикізаттық бағдарын еңсеру және оның бәсекелестік қабілетін арттыру. Бұл біздің бекем тұғырымыз.

Каспийдің қазақстандық бөлігін игерудің Мемлекеттік бағдарламасы еліміз үшін барынша пайда табуға бағытталады.

Ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы қолға алынды. Ол ауыл тұрғындарының неғұрлым жоғары тұрмыс деңгейін қамтамасыз етуге, ресурстарды экономикалық келешегі бар аудандарға шоғырландыру үшін ауыл жұртын қоныстандыруды оңтайландыруға бағытталып отыр.

Сайып келгенде, мұның бәрі де реформалар процесінің өркендеу үлгісін іздестіруден әлеуметтік бағдарланған, бәсекеге қабілетті әрі тұрлаулы даму үстіндегі экономика құру кезеңіне ойысқанының айқын көрсетіп отыр.

Қол жеткізген табыстарымызды баянды етіп, әлеуметімізді нығайта беретін уақыт та келді. Бұған біздің күш-қуатымыз қаптал жетеді.

Құрметті депутаттар!

Алдағы сессия, жоғарыда айтқанымдай, Парламент сайлауының алдындағы тиянақтаушы сессия. Сайлау науқаны "иек астында" тұр. Сондықтан да мен сіздерден сайлау қарсаңындағы мүдделердің заң шығару жұмысына салқынын тигізбеуін ойластыруды өтінер едім.

Әрі заңдарды қараған кезде ең алдымен біздің стратегиялық міндеттеріміз бен мемлекеттің ортақ мүдделері ескерілуі керек. Халық өз өкілдерін сайлау кезінде сауаттылық әрі өзіндік пікір таныта бастады және даңғаза уәдешілікке сенбейді.

Заңдарды талқылау және қабылдау барысында аса жауапкершілік пен талап қажет, өйткені қазіргі кезде олардың сапалы болуы өте маңызды. Сайлау қарсаңындағы кезеңде әлеуметтік заңдар қабылдауға деген ынта-ықыластың, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді экономиканың мүмкіндіктерімен санаспай, шұғыл қарқынмен шешіп тастауға деген құлшыныстың күшейе түсетіні де белгілі. Іс жүзінде шешімін күткен мәселелер де аз емес.

2004 жылға арналған барлық әлеуметтік шығыстар менің биылғы сәуірдегі Жолдауымда белгіленіп берілді, егер біз өз экономикамыздың қуатын еселегіміз келсе, бұдан зорға қол созудың керегі бола қоймас.

Біз бүгін қаражатты "құлқынға" емес, жинақтауға және дамуға көбірек бағыттауымыз керек. Бүгін біздің жалақының, зейнетақының, әлеуметтік жәрдемақының жоғары деңгейін кімнің ұсынатыны төңірегінде жарыс ұйымдастыруымыздың мүлде қажеті жоқ.

Бүгін біздің даңғаза қадамдар жайлы емес, экономикалық өрлеудің жоғары қарқынын сақтау, ең бастысы – болашақ ұрпаққа не қалдыратынымыз жайында ойлануымыз керек. Өкінішке орай, біз әзірге экономикалық және адами өлшемдердің көптеген көрсеткіштері жөнінен әлемнің көптеген елдерінен кейіндеп келеміз. Біздің осы алшақтықты еңсеруіміз керек. Бұл үшін жинақтаулардың жоғары мөлшеріне, инвестициялардың, соның ішінде ішкі инвестициялардың үлкен көлеміне жетуіміз шарт.

Осыған байланысты республикалық бюджеттің 2004 жылға арналған жобасын еліміз дамуының стратегиялық және ағымдағы міндеттерін барынша қамтамасыз етуді көздейтін редакцияда қабылдауларыңызды сұраймын.

Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Үкімет ғылыми және инновациялық қызмет тұлғаларына қатысты, сондай-ақ мұнай операцияларына салық салу саласындағы салық саясатын қайта қарауға тиіс.

Айта кетейін, өнімдерді бөлу жөнінде бұған дейін жасалған келісімшарттар қайта қаралмайды. Алайда өзіміздің инвесторларымызбен келіссөздердің барысында салық салудың жаңа нормаларына сәйкес Үкімет пен инвесторлардың өзара мүдделерін ескеруміз керек. Жаңа нормалар құрылықта және Каспий қайраңында енді игеріліп жатқан кен орындарына қатысты қолданылатын болады.

Үкіметтің үстіміздегі жылға арналған заң жобалары жөніндегі жұмыс жоспарының орындалуын талдау оның мүлде жүйесіз жүргізіліп келе жатқанын көрсетті. Заң жобаларын дайындау жұмысының қарқыны мен сапасын мейлінше көтеру, іс-қимылдың үйлесімін қамтамасыз ету қажет.

Қазақстанда негізгі жүйе тартар реформалар аяқталды, Ұлттық заңнаманың функционалды негізделген базасы жасақталды.

Осы заманғы талаптарға сай келетін қазақстандық мемлекеттілік үлгісі айқындалды, сондықтан да қолданыстағы құқықтың "тігісін" одан әрі жатқыза түсуге күш салу керек.

Мен бекіткен Құқықтық саясат тұжырымдамасында еліміздің заңнамасын жетілдіру жөніндегі міндеттер белгіленеді. Қазіргі қолданылып жүрген заңдар әр жылдарда, мемлекеттің дамуындағы әр түрлі кезеңдерде қабылданған еді, сондықтан кейбір жағдайларда қиюласпай жататын тұжырымдамалық тұғырлар ұшырасады. Ендігі бір жағдайда заңдар жекелеген проблемаларды немесе кең ауқымды заңнамалық реттеуді үнемі қажет ете бермейтін тар өрісті мәселелерді шешу мақсатында әзірленген еді. Өкінішке қарай, ведомстволардың мүдделеріне бағдарланған заңдар да қабылданып жүрді. Мұның өзі оларды алдағы уақытта міндетті түрде қайта қарау керектігін туғызатыны сөзсіз.

Осыған байланысты Үкіметке заңнаманы жүйелеу және оның сапасын арттыру міндеті жүктеліп отыр.

Алдағы сессияда сіздерді барынша маңызды заң жобаларының бір тобын талқылау мен қабылдау жөнінде ауқымды жұмыс күтіп тұр. Осыған орай Конституцияның 61-бабының 2-тармағына сәйкес олардың басымдық тәртібімен қаралуын қамтамасыз етулеріңізді сұраймын.

Олардың ішінде, біріншіден, бюджеттің құралуының қағидаттары мен әдістемесін мейлінше екшелеп беруге тиісті Бюджет кодексінің жобасы бар. Онда бюджеттік қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз етуге қажетті ережелер тұжырымдалып отыр.

Екіншіден, шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамытудың маңызын ескере келіп, менің тапсырмам бойынша "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы әзірленді. Ол заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде тіркеудің ілесе жүретін рәсімдерін оңайлату мақсатында "бір терезе" қағидатын енгізуді көздейді.

Мемлекеттік басқару сатылары арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің ара-жігін ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның нысаналы әрі үлкен жұмыс жүргізіп келе жатқаны мәлім. Жергілікті маңызы бар міндеттерді мейлінше батыл әрі жауаптылықпен шешу, өңірлердің қарқынды әрі теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша өңірлердегі атқарушы биліктің мүмкіндіктерді кеңейту тұрғысында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру осының нәтижесі болуы тиіс.

Үшіншіден, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның тиісті жобасы да Парламент қарауына енгізіліп отыр.

Биыл біз ірі сайлау науқандары кезеңіне қадам басамыз. 20-шы қыркүйекте мәслихаттар сайлауы, ал келесі жылы – Парламент сайлауы өтеді.

Алдағы сайлаулар бұрынғыларға қарағанда басқаша жағдайларда өтетін болады. Қоғам өмірінің әлеуметтік және экономикалық жағдайы анағұрлым өзгерді. Біз халықтың әл-ауқатын арттыру жолында сеніммен алға басып келеміз. Халық арасында мемлекеттік билік институттарына деген сенім арта түсуде. Қазақстан азаматтары саяси өмірге қатысу тәжірибесіне қанықты әрі олардың билік басындағыларға немесе оған келуді мақсат тұтқандарға қоятын талаптары да неғұрлым нақты бола түсті.

Сіздердің, халық қалаулыларының алдында келешектегі Парламент сайлауының құқықтық негізін жетілдіру міндеті тұр.

Сайлау жүйесін жетілдіру жөніндегі заңнамалық ұсыныстарды әзірлеу іс жүзінде аяқталып келеді. Бұл Конституциялық заңның тиісті жобасы бүкілхалықтық талқылау кезеңінен өтті, енді олардың қорытындылары түзіліп, сіздердің қарауларыңызға ұсынылады. Заң қабылданғаннан кейін сайлау процесі бұрынғыдан да демократиялы, айқын және ашық бола түсуге тиіс.

Заң жобаларында белгіленген рәсімдерде саяси партиялар мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының ұсыныстары ескерілген.

Өткен жылдан бері менің бастамам бойынша құрылған Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Тұрақты жұмыс істейтін кеңес іс атқарып келеді.

Бұл қадам саяси жүйені жетілдіру процесіне қалың жұртшылықты қатыстыру қажеттілігін пайымдаудан туған еді.

Біршама қысқа мерзімнің ішінде Тұрақты жұмыс істейтін Кеңес ауқымында сайлау, Бұқаралық ақпарат құралдары, Жер кодексі туралы маңызды заң жобалары кең көлемде талқыланды. Солардың баршасы бойынша тыңғылықты кеңестер мен ұсыныстар беріліп, олар қабылданған құжаттарда тиісінше көрініс тапты.

Қазақстан бүгінде әлемдік қоғамдастыққа жарасты қоғам қалыптастырудың оң тәжірибесін жинақтаған ел ретінде танымал. Ұлтаралық татулық пен келісім – еліміздің басты байлығы. Бұған Қазақстан Халықтары Ассамблеяның сіңірген еңбегі зор. Биылғы жылы оның мерекелі – оныншы сессиясы өтеді.

Дінаралық саладағы түсіністік тетіктері де оңынан табылды. Бұл бағытта үлкен жұмыстар жүргізілуде. Биылғы ақпан айында Алматыда Халықаралық бейбітшілік пен келісім конференциясы болып өтті. Қыркүйек айының екінші жартысында Астанада әлемдік, дәстүрлі-ұлттық діндер өкілдерінің съезі өтеді.

Мұндай бас қосулар өткізу түрлі ұлттар мен түрлі нанымдағы адамдардың арасында өмірлік, сондай-ақ әлемдік ауқымда бейбітшілік пен келісім қағидаттарын орнықтыруға қызмет етуге тиіс.

Мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау, еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамту жөніндегі күш-жігерін заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері бұрынғысынша депутаттардың назарында тұруға тиіс.

Құқық қорғау қызметі саласында бірқатар проблемалар қордаланып қалды, бұлар қыркүйек айында өтетін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кеңесінде қаралатын болады. Осы кеңестің қорытындысы бойынша іске асырылуы заңнамалық тұрғыдан дәйектеуді қажет ететін шешімдер қабылданатын болады.

Сөзімді аяқтай келе, Сіздерге, құрметті депутаттар, алдағы сессияның аясында табыстарға жетулеріңізге және жұмыстарыңыздың жемісті болуына тілектестігімді білдіре отырып, осы қызметтеріңіз мемлекеттілігімізді дамытуда және ұлттық заңнамамызды жетілдіруде жарқын із қалдырсын деп тілеймін.

Қазақстан Республикасы Парламенті екінші шақырылымының бесінші сессиясын ашық деп жариялаймын. Зейін, ықылас қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

Қазақстан халқына 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Жолдауы

Қымбатты қазақстандықтар!

Өткен жыл ұлттық экономикамызды дамыту турасында сенімімізді нықтап, үмітімізді ұштай түсті. Соңғы төрт жылда жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 50 пайызға жуық артты.

Наурыз айының басында "Дейли телеграф" ықпалды басылымы "Оксфорд аналитика" британ компаниясының экономикалық талдауын жариялаған еді, онда Қазақстан транзитті экономикасы бар мемлекеттердің арасында аршынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде аталып, биылғы жылы да осындай көшбастаушы тұғырын сақтап қалатыны жайында болжам жасалған екен.

2003 жыл Индустриялық-инновациялық стратегиямызды іске асырудың алғашқы жылы болды. Елімізде даму институттары құрылып, олар қазірдің өзінде өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақтылы ықпал жасай бастады. Даму банкі жарты миллиард доллардан астам сомаға 20 инвестициялық жобаға кредит бөліп отыр.

Инновациялық қор еліміздегі алғашқы ғарыштық жер серігінің жасалуын қаржыландыруды қолға алды.

Өткен жылы бес мұнай-химия кәсіпорнының жұмысы қалпына келтірілді. Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын өндіретін зауыттар, Каспий теңізіндегі жағалау жұмыстарына көмек жасайтын инфрақұрылым пайдалануға берілді. Қостанай дизель зауыты іске қосылды.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайтадан жасақтау жүзеге асырылып жатыр.

Мұны жақсы нышан деу керек, бізде тәуелсіздік алған жылдарымыздың ішінде 2003 жылы тұңғыш рет өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті. Машина жасауда бұл көрсеткіш 20 пайыздан да артық болды.

Аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге асырудың да алғашқы жылы аяқталды. Қуантарлық нәтижелер бар. АӨК-ті мемлекеттік қолдау көлемі едәуір ұлғайды. Былтырғы жылы ауыл еңбеккерлері 51,5 миллиардқа жуық теңге алса, биыл оларға 70 миллиард теңгедей қаржы бөлініп отыр. Бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен ширектен астам артық.

Бөлінген қаржы шаруаларға өткен жылы лизинг арқылы 806 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға, 52,5 мың тонна минералды тыңайтқыштар, сондай-ақ гербицидтер мен уытты заттар, мал егуге қажетті препараттар алуға мүмкіндік берді.

Мал шаруашылығында да оңды нәтижелерге қол жетті, мал басы тұрақты өсіп келеді. Ет пен сүт өндіру 17 пайыздан астам артты.

Қазақстан астыққа деген өзінің қажетін қанағаттандырып қана қоймай, бес миллион тоннадан астам астықты экспортқа да шығарды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеу көлемі өткен жылы нақтылы есептегенде 9,5 пайыздан аса ұлғайды.

Ең бастысы, шаруаларымыздың материалдық жағдайы едәуір жақсарды, демек, бұл олардың көңілі көтеріңкі, болашаққа деген сенімі зор деген сөз.

Соңғы жылдары Қазақстанның барша халқының тұрмыс деңгейі көтерілген үстіне көтеріліп келеді.

Өткен жылы еңбек өтілі мен тапқан табысты ескере отырып, зейнетақылар мөлшерін қайта қарау жүзеге асырылды. Жыл басынан бері зейнетақы мен жалақының ең аз мөлшері көбейтілді.

Біз – халықтың КСРО Жинақ банкіндегі ізсіз кеткен салымдарын өтеуді қажет деп тапқан ТМД-дағы бірден-бір мемлекетпіз.

Өткен жылы жалпы сомасы 4 миллиардтан астам теңгеден тұратын 1,3 миллион салым қайта тіркеуден өтті. Үстіміздегі жылы салымдарды қайта тіркеу мерзімі аяқталады. Азаматтардан келіп түскен көптеген өтініштерге байланысты Үкіметке салымдарды қайта тіркеудің мерзімін келесі жылға дейін ұзартуға ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Өткен төрт жыл ішіндегі экономиканың өсуі:

ең төменгі зейнетақы мөлшерін – екі есе дерлік (3000-нан 5800 теңгеге дейін), орташа зейнетақыны да – екі есе (4,1 мыңнан 8,6 мың теңгеге дейін);

ең төменгі жалақыны – екі жарым есе (2,6 мыңнан 6,6 мың теңгеге дейін), орташа жалақыны – 1,6 есе дерлік (14,3 мыңнан 24,8 мың теңгеге дейін);

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін – 45 пайызға өсіруге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудағы табыстарымыз негізгі өлшемдер бойынша біздің Орталық Еуропаның бірқатар елдеріне барынша жақындай түсуімізге мүмкіндік берді, ал Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінен біз ілгерілеп кеттік.

Дүниежүзілік Банктің сыныптамасы бойынша біздің мемлекет ендігі жерде орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің тобына жатады.

Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте, Каспий және Орталық Азия өңірінде Қазақстанның рөлі мен беделі күшейе түсті, біздің еліміздің әлемнің саяси және экономикалық картасындағы маңызы да артып келеді.

Қазақстан аса ірі әлемдік форумдар өтетін орынға айналды: Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі бізде өтті.

Біздің елімізде Еуразия аймағы мемлекеттерінің әлемге танымал беделді басшылары сапармен болып қайтты.

Қазақстан өзінің нысаналы дамуын "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімдік Стратегиясына толық сәйкес жалғастырып келеді.

Ендігі жерде күн тәртібіндегі мәселе әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі туралы, біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі

туралы және қазақстандық ғалымдардың, менеджерлердің, бизнесшілердің, мамандардың, жұмысшылардың бәсекеге қабілеттілігі туралы болып отыр.

Бұл міндетті шешу үшін біздің экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік салаларда да еуропалық стандарттарға жету стратегиясын әзірлеуге кірісуіміз керек.

1. Бәсекеге қабілетті экономика

Экономика біздің дамуымыздың басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу - негізгі міндетіміз болып қала береді.

Біз бұған елімізді дамытудың 2010 жылға дейінгі жоспарына сәйкес өз экономикамыздың бәсекелестік қабілетін арттыру арқылы қол жеткіземіз.

Бәсекеге қабілеттілікке мемлекеттік қолдаудың қолайлы жағдайында емес, бәсекелестермен қатаң күресте қол жеткізілетіні баршаға мәлім.

Мен бұл ретте мемлекеттік қолдаудың оңтайлы рөлі, бір жағынан, экономиканы барынша ырықтандырып, оның ашықтығына қол жеткізуде, екінші жағынан – инфрақұрылымды жасау және белді салаларды дамытуға жеке меншік секторды тарту жөнінде белсене жұмыс жүргізуде деп білемін.

Сондықтан 2005 жылы экономиканы дамытудың негізгі бағыттары мыналар болуға тиіс:

- экономиканы одан әрі ырықтандыру және жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы бәсекелестікті дамыту мен бюрократиясыздандыру;
- Қазақстан экономикасының ашықтығын күшейту;
- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру;
- ауылды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;
- инфрақұрылымдарды дамыту.

1.1. Ырықтандыру және бюрократиясыздандыру

Үкімет ырықтандыру мен табиғи монополиялар салаларын: телекоммуникацияларды, электр энергетикасы мен темір жолдарды қайта құрылымдау бағытындағы жұмысты жандандыруы керек.

Бұл салалар бәсеке үшін айқын әрі ашық болуға тиіс, ал халық болса, көрсетілетін қызмет сапасының жақсарып, бағаның төмендегенін сезінуге тиіс. Бұл тұрғыда жоспарлар бар, тек соларды батыл орындау керек.

Жекелеген учаскелердің өзінде бәсекені шектеумен келісуге болмайды. Монополияға қарсы агенттік экономиканың барлық секторларында зерттеулер жүргізіп, жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар енгізуі керек.

Өсудің жоғары қарқыны мен бәсекеге қабілеттілік көбінесе экономиканы бюрократиясыздандыруға байланысты.

Үкіметке бұл жөнінде тапсырмалар өткен жылғы қазан айында Кәсіпкерлердің форумында берілген еді, енді күзде оның орындалуы тексерілетін болады.

Бұл жерде Қазақстанда бизнесшілердің жұмысы үшін жағдайдың жақсарып келе жатқанын, тым жақсы болып кете қоймаса да, онша жаман емес екенін айтқым келеді.

Біз бизнесшілерден өз қызметтерінің жағдайын жақсартуды сұраған өтініштерін ғана емес, өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытындағы қажырлы жұмысын да күтуге хақылымыз.

1.2. Әлемдік экономикаға интеграциялану

Біздің ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігіне оны әлемдік экономикаға интеграциялаған жағдайда ғана қол жеткізе аламыз.

Сондықтан да Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін жеделдету аса маңызды міндет болып табылады. Бұл тұста өзіміздің бүкіл саяси және дипломатиялық әлеуетімізді толығымен іске қосқанымыз абзал.

Менің ойымша, қазақстандық бизнестің қалыптасу процесі аяқталып келеді. Ол ішкі ғана емес, сондай-ақ сыртқы рыноктарда да күш сынасу үшін "пісіп-жетілді".

Біз ендігі жерде шаруаларымызды да Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ әлемдік рыноктардағы бәсекелестік күреске дайындауымыз керек.

Біз Қазақстан капиталының шетелге қозғалысын, оның сыртқы рыноктарды игеруін қолдап, көтермелеуіміз қажет. Бұл – жаһандық бәсекелестіктің элементі, сондай-ақ әлемдік экономика жайында аса маңызды білім алу мүмкіндігі.

Шетелдердегі барлық мемлекеттік құрылымдар отандық бизнеске көмек пен қолдау көрсетулері тиіс.

Қазақстан Даму банкіне сыртқы, әзірге таяу жатқан рыноктарда жұмысқа кірісетін кез келді. Жаңа міндеттерді шешу үшін Үкімет тарапынан Банкті он миллиард теңге, ал өңірлерден өкілдік ететін акционерлер бес миллиард теңге сомасында одан әрі қаржыландыруы қажет.

Біздің валюталық реттеуді ырықтандыру, ал 2007 жылы қаржы секторында Еуроодақ стандарттарын енгізу бағытында батыл алға жылжуымыз керек.

Біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі көбінесе кәсіпорындарымыздың халықаралық стандарттарға шұғыл түрде көшуімен айқындалатын болады.

Қазақстан Батыс елдерінің өнім сапасын бақылап отыру жөніндегі жарты ғасырға жуық тәжірибесін ең қысқа мерзімде меңгеруге тиіс.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет қазірдің өзінде 2006 жылға дейінгі стандарттау мен сертификаттаудың ұлттық жүйелерін дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттарын әзірледі, қазақстандық кәсіпорындарды ИСО халықаралық стандарттарына жедел көшіру жөніндегі жұмыс жоспары жасалды.

Ендігі жерде әр министр мен әкімнің жұмысы олардың өз қызметінің саласында халықаралық стандарттарды енгізу жөніндегі істің жай-күйіне қарай қатаң бағаланатын болады.

Қысқа мерзімде халықаралық іс-тәжірибеде қабылданған техникалық реттеу үлгісіне көшуді аяқтау қажет. Биылғы жылдың өзінде "Техникалық реттеу туралы" заң жобасы қабылданып, қолданылып жүрген 50 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс.

1.3. Индустриялық-инновациялық даму

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында даму басымдықтарын айқындап алу өте маңызды.

Үкімет әлемдік деңгейдегі сарапшыларды тартып, еліміздің артықшылықтарына қажетті талдау жасау арқылы жылдың соңына дейін нақты ұсыныстар тұжырымдауға тиіс.

Біздің іс жүзінде барынша тиімділік беретін үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуіміз қажет.

Соның бір мысалы индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келу бола алады.

Биылғы жылдың соңына дейін біздің келешегі бар барлық қазақстандық, ауқымды өңірлік және аймақтық кластерлерді (бәсекеге қабілетті салалар жиынтығы) айқындап алуымыз қажет. Даму институттары болса, алдағы міндеттерді жүзеге асырудың тиімді құралдарына айналуы керек.

Инновациялық қызметтің инфрақұрылымын дамыту үшін Алатау кентіндегі Ақпараттық технологиялар паркін іске қосып, Орал мен Степногор қалаларында технопарктер құруымыз қажет.

Аэроғарыш саласындағы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін отандық әлеуетімізді кеңінен пайдалануымыз керек.

"Байқоңыр" кешенін жалға беруден түсетін бір сәттік пайда табудан гөрі ғарыш айлағын жалға беруді ұзарту жөніндегі келісімде көзделген Ресеймен бірлескен ғарыштық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға қарай ойысқанымыз өте-мөте маңызды. Мұның өзі біздің ғарыш жөніндегі ғылымымыз бен жаңа технологиялардың дамуына жәрдемдесер еді.

"Ангара" ғарыштық зымыран кешенін құру осындай бірінші жоба болуға тиіс. Біз қазірдің өзінде 2006 жылы өзіміздің тұңғыш ғарыштық жер серігін ұшыру жөніндегі жұмысты қолға алдық.

Перспективалы бағыт – шетелдің жетекші банкілермен және компанияларымен бірлескен жобалар.

Осы бағытта Даму банкі Еуропа қайта құру және даму банкімен бірлесе отырып, "Солтүстік-Оңтүстік" электр желісі магистралінің құрылысын қаржыландыруға кірісті. Жобаның құны - 280 миллион доллар.

Осы жылы "Қазақстан-Инжиниринг" ұлттық компаниясы біздің ірі машина жасау зауыттарымызды жаңғырту мақсатында "Сингапур Технолоджизбен" бірлескен мекеме құрады.

Біз ауылшаруашылық және көліктік машина жасауды дамытуға ұмтылуымыз қажет. Атап айтқанда, Қостанайдағы дизель зауытының өнімділігін

арттырып, "Азия-Авто" зауытынан "Нива" автомобильдерін құрастырудан "Шкода" автомобилін құрастыруға көшу мәселесін ойластыру керек. Сондай-ақ "Қазақстан-КамАЗ" концерні зауытында жүк автомобильдерін құрастыруды арттыра түскен жөн.

Еліміздің экспорт әлеуетінің өсуіне индустрияның базалық салаларын, бірінші кезекте металлургия мен металл өңдеу саласын одан әрі дамыту оң ықпал етуі тиіс.

"Испат-Кармет" құрышты үздіксіз құю жөніндегі жобаны, сондай-ақ, мұнай-газ секторы үшін құбырлар шығаруды іске асыруды жоспарлап отыр, "Қазақстан алюминийі" құны 800 миллион доллар шамасында болатын электролиз зауытын салу секілді үлкен жобаны жүзеге асыруға дайындалуда.

Химия және мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту басым бағытқа ие болуы керек.

Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында жобалық құны миллиард доллардан асатын газ өңдеу зауытын салу құрылысын бастау қолға алынды.

Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру жобасын жүзеге асыруды жеделдету қажет.

Жамбыл облысында кальциймен байытылған сода өндіретін, Павлодар облысында хлорлы түйіршіктер шығаратын зауыттардың құрылыстарын бастау ойластырылуда.

Астанада даму институттарының қатысуымен үй құрылысында ұялық бетон өнімдерін, шыны-пластикалық құбырлар шығаратын зауыттар салу, Ақтөбе қаласында шыны талшықты полиэфирмен беріктендірілген құбырлар мен фитингілер шығаратын зауыт тұрғызу, Алматы облысының Абай кентінде "Қазақстан қағазы" ЖАҚ тамақ өнеркәсібі үшін қағаз, гофрокартон және қағаз-картон өнімдерін өндіретін зауыт салу, Шымкентте "Ютекс" ЖШС мақта талшығы шүйкелерін шығаратын зауыт құрылысы аяқталуы тиіс.

Бұл жетістіктер индустриялық бағдарламаны жүзеге асырудағы оның бірінші жылының қорытындыларының бір бөлігі ғана.

Бұдан басқа, бізге инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту үшін қажетті шараларды қолға алу керек. Біріншіден, туындап келе жатқан инновациялық бизнесті қолдау қажет. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулермен, жаңа технологияларды жасап және енгізумен белсенді айналысып жүрген компанияларды ынталандырып отырған жөн.

Екіншіден, инвестиция тарту үшін салықтық преференцияларды ұсынудың жөн-жосығын өзгертудің кезі келді. Олар ұзақ мерзімді инвестицияларды ынталандыруды қамтамасыз етіп, жобалардың қайтарым мерзімін үйлестірулері тиіс.

Үшіншіден, өндірісті жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыру жағдайларын айтарлықтай жақсарту мақсатында жақында лизингтің мүмкіндіктері әжептәуір жеңілдетілді, ал 2005 жылдан бастап амортизациялық төлемдерге деген фискальді саясат қайта қаралатын болады.

1.4. Аграрлық саясат

Жоғарыда аталып өткендей, алдымызда еліміздегі агробизнестің бәсекелестік жүйесін қалыптастыруды шешудің міндеті тұр. Ол үшін заң актілерінің, бірінші кезекте, Жер, Су және Орман кодекстерінің қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Дәнді дақылдар нарығын реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру қажет.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және өнім сапасын арттыруды жаңғыртуға ерекше назар аударылғаны жөн.

Қазіргі заманғы аграрлық ғылымды дамытуды да естен шығаруға болмайды.

Ауылдық жерлердегі кедейшілікті жою үшін шағын несиелер беру жұмысын кеңінен өрістету қажет, оның үстіне ол өзінің өміршеңдігін де көрсете білді.

Осы жылдан бастап ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік аграрлық саясат бағдарламасы іске қосыла бастады. Мен перспективасыз аумақтарға мемлекеттік инвестициялар тоқтатылатынын естеріңізге салғым келеді.

Аталған бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитет құру қажет.

Тұтастай алғанда, 2005 жылдың аяғында қабылданған аграрлық бағдарламаларды есепке ала отырып, ауылдың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету, бәсекелестікке қабілетті өнім өндіру, импорт алмастыру және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс.

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заң қабылдануына байланысты аграрлық секторда толықтай негізгі заңдық база қалыптасқан деп есептеймін.

1.5. Инфрақұрылым

Өткен жылы Алматы – Астана және Астана – Бурабай автомобиль жолдары пайдалануға берілді.

Жаңа жүрдек пойыз жолаушыларды Астанадан Алматыға дейін 12 сағатта жеткізеді.

Қызылорда ауданында Сырдария үстімен өтетін көпірдің, Алматы әуежайында жолаушылар терминалының, ұзындығы 402 шақырымдық аса маңызды "Алтынсарин-Хромтау" темір жолының түйісуі аяқталды.

Үстіміздегі жылы Астана халықаралық әуежайының жаңа нысандары іске қосылуы тиіс, Ақтөбедегі ұшу-қону жолағының құрылысын бастау қажет.

Сонымен бірге, бізге "Екібастұз – Павлодар" темір жол телімін электрлендіруді, "Дружба" стансасының жүк тасымалын өткізу қабілетін он миллион тоннаға дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету қажет. Ақтау теңіз портын кеңейту жұмыстары жалғастырылып, Каспий теңізіндегі Баутино және Құрық порттарының инфрақұрылымдары дамитын болады.

Автомобиль жолдары құрылыстарында халықаралық маңызы бар транзиттік жолдарға, ең алдымен, "Челябі – Қостанай – Астана – Алматы – Қорғас" және "Самара – Шымкент – Алматы – Қорғас" бағыттарына бұрынғысынша басымдық беріледі. Жалпы алғанда, үстіміздегі жылы автожолдарды жаңғырту мен жасауға 40 миллиард теңге, ал 2005 жылы – 55 миллиард теңге қарастырылған немесе 37,5 пайызға өсетін болады.

Мұнай тасымалдаудың баламалы бағыттарын да іске асырудың жұмыстары қарқынды жүргізіледі.

"Ақшабұлақ – Қызылорда" газ құбырының құрылысын аяқтап, Қызылорданы газбен қамтамасыз ету керек.

2. Адам ресурстарын дамыту

Қадірлі қазақстандықтар!

Өткен жылдарда маған макросаясат туралы көбірек айтуға тура келген. Өйткені экономикалық саясаттың реформалануы мен қалыптасу мәселелерін шешпей тұрып, нақты әлеуметтік жетістіктерге жету мүмкін емес болатын.

Бүгін маған барша қазақстандықтарды қызықтыратын нәрселер туралы айту айырықша жағымды. Өйткені тұрғын үй, білім және денсаулық сақтау мәселелері біздің әрқайсысымызды да толғандырады.

Жаһандану және күрделене түскен әлемдік бәсекелестік жағдайында қазақстандықтардың күш-қуаттық және санаткерлік қабілеттері біздің жоспарларымыздың табысты болуына, ел экономикасының бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігіне және бүгінгі жағдайда өмір сүре алуына тұғырлы фактор болып табылады.

Қазақстандықтар әлемдік бәсекелестіктің күрделі және ауыр процесінде табыстарға жету үшін халқымызға тән күшті рухын, денсаулығы мен білімін әлемге көрсетуге қабілетті ме?

Біз өзіміздің адамдық әлеуетімізді дамыту жолында алдымызда үлкен жұмыс тұрғанын мойындауға тиіспіз.

Қазір, елімізде экономиканың өсуі есебінен қор жинақталған кезде, кейбіреулер масылдық пиғылмен өздерінің көптеген проблемаларын мемлекет есебінен шешкісі келеді.

Бірақ мұндай жол бізді артқа қарай лақтырып тастайтыны анық. Мұны әлемдік тарих дәлелдеген. Бұған орынды ой мен жеке тәжірибеміз дәлел.

Тегін дүние мен жатыпішерлік құндылықтардың бәсін түсіріп, еңбектің мәнін кетіреді, адамды босаңсытып, оның өміршеңдігін төмендетеді.

Кейбір мұнай өндіруші елдерде жаңадан дүниеге келген сәбиге банкілік есепшот ашылатыны туралы бізде талай рет айтылған-ды. Бірақ өзімнің жақындағы Сауд Арабиясына сапарым кезінде мен мұның олай емес екеніне көз жеткіздім. Оларда масылдық көңіл-күй жоқ. Батыста да бала кезден бастап еңбекке деген құрмет, өзінің күнкөрісіне, ата-аналары мен елінің әл-ауқатына қарамастан қаражат табуға деген ұмтылыс бойға сіңіріледі.

Сондықтан, адам өзінің дамуы мен кәсіптік шеберлігін тұрақты түрде көтеру арқылы өзін және өз отбасын игіліктермен қамтамасыз етуі тиіс.

Және де оның өзекті проблемаларын шешуге мемлекет аз қатысқан сайын солғұрлым адамның өзіне пайдалы бола түседі.

Егер естеріңізде болса, 1997 жылдың өзінде еліміз дамуының 2030 жылдарға дейінгі ұзақ мерзімді Стратегиясында адамдарға бізде мұнайдан түсетін табыс жоқ болғандағыдай жағдайда өмір сүру және жұмыс жасауға үйрету міндеті қойылған болатын. Сондықтан болашақ ұрпақ үшін және дағдарысты жағдайлар үшін қаржы жинақтау қызметін атқаратын Ұлттық қор құрылған еді.

Мемлекет жасына және денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істей алмайтын және өз бетінше табыс таба алмайтындарға ғана қамқорлық жасауы тиіс. Бұл біздің реформалардың басты принципі. Мемлекет жаңа жұмыс орындарын ашады, адамның өз қабілет-мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды, халықтың табысының өсуіне қамқорлық көрсетеді. Адам дамуының басты салаларында, таза ауыз су және инфрақұрылымдар қалыптастыру проблемаларын шешу, ең аз кепілдік берілген стандарттарды қамтамасыз ету үшін шешім қабылдау және қаражат табу ғана мемлекетке жүктеледі.

Қазақстандықтардың орта мерзімдік перспективада бәсекеге қабілетін арттыру тұрғын үй құрылысында, денсаулық сақтау мен білім беруде, әлеуметтік қамсыздандыруда жүйелік өзгерістердің жаңа саясатын талап етеді.

2.1. Тұрғын үй құрылысының жаңа саясаты

Соңғы кездері тұрғын үй құрылысы проблемаларын шешудің ықтимал жолдары белсенді талқылануда.

Мемлекеттік қайтарымсыз тұрғын үй салу идеясы бұрынғысынша күшінде қалуда.

Бар жауапкершілікпен мынаны мәлімдеуге тиіспін: тұрғындардың кейбір жекелеген топтары болмаса, тұрғын үйді тегін беру деген болмайды.

Тұрғын үй жеке меншік болып табылады, демек, адамның өзінің жауапкершілігі саласына жатады. Бүгінде еліміздің тұрғын үй қорындағы жеке меншік үйдің үлесі 97 пайызға жуық. Бұл бұдан әрі төмендемейді.

Сонымен қатар тұрғын үй проблемасы ең басты проблема болып қалып отыр.

Өткен жылы Қазақстанда екі миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл 2002 жылы пайдалануға берілген үй санынан 30 пайызға көп. Алайда осы қарқынның өзі бізді қанағаттандыра алмайды. Есептеулер көрсеткендей, жыл сайын кем дегенде төрт миллион шаршы метр тұрғын үй салуға қол жеткізу керек.

Мен осы саланы біздің экономикалық дамуымыздың жетекші саласының біріне айналдыру идеясын көптен айтып келемін. Сіздер тұрғын үйлерді жаппай салу өзімен бірге құрылыс материалдары өнеркәсібін, жиһаз өнеркәсібін, металл өңдеуді дамытатынын түсінесіздер.

Осыған байланысты мен қазақстандықтарға 2005 жылдан бастап тұрғын үй құрылысында жаңа саясатты іске асыру басталатыны жөнінде үлкен қанағат сезімімен айта кеткім келеді.

Бұл саясаттың мәні тұрғын үй құнының арзандауы, оны несиелеу мерзімінің ұзартылуы, алғашқы төлем жарнасы мен несиелеу үстемесінің төмендетілуі арқылы халықтың басым бөлігін тұрғын үйге қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады. Мұның барлығы халықтың табысын ұдайы өсіру саясатының нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс.

Өздеріңізге белгілі, өз қаражатына сатып алу немесе тұрғын үй құрылысын салу секілді жолдан басқа, тұрғын үйді ақшасын біртіндеп төлеп алудың екі жүйесі бар: ипотека арқылы және тұрғын үй құрылысы қаражатын жинау жүйесі арқылы. Бірақ бұл екеуі де әзірше өзінің қымбатшылығына байланысты көпшіліктің қолы жете бермейтін жүйе болып табылады. Жаңа тұрғын үй саясаты оларды арзандатуға, сондай-ақ құрылыс құнын төмендетуге бағытталатын болады.

Мәселен, ипотекалық несиелер үшін қайтарым мерзімі бүгінгі он жылдан жиырма жылға дейін ұзартылады. Алғашқы төленетін жарна көлемі үй құнының 20 пайыздан 10 пайызына дейін төмендетіледі, бұл жағдайда несие үстемесі 13-тен 10 пайызға дейін азайтылады.

Тұрғын үй құрылысы қаражаты жүйесі туралы айтсақ, онда алғашқы төлемақы жарнасы 50-ден 25 пайызға дейін төмендетіледі. Несиені қайтару мерзімі қалған сома бойынша 15-тен 25 жылға дейін ұзартылады.

Бұл ретте ірі қалалардағы аз мөлшердегі әрлеу жұмыстары жүргізілген үздік жобадағы тұрғын жайдың бір шаршы метрінің құны орташа есеппен бүгінгі әр шаршы метрі үшін 700 доллардан 350 долларға дейін төмендетіледі.

Бізге, жалпы, бір шаршы метрінің құны 350 доллар сомасынан аспайтын үйлер салу қажет. Егер құрылысшылар бағаны көтеретін болса, онда олар бұдан былай несие және тапсырыс алмайтын болады. Ал аймақтарда тұрғын жай бағасы тіпті бұл көрсеткіштен де төмен болуы тиіс.

Есептеулер көрсетіп отырғандай, тұрғын үй туралы жаңа саясат жүзеге асқан жағдайда 200 мың отбасы (ал бұл миллионға жуық адам) ипотеканы және тұрғын үй құрылысы жинақтаушы жүйесін пайдалана алады.

Бұл үшін 2007 жылдың аяғына дейін 12 миллион шаршы метр тұрғын жай іске қосылуы тиіс, яғни, жыл сайын тұрғын үй көлемін енгізуді бүгінгі деңгеймен салыстырғанда орташа есеппен екі есеге ұлғайту қажет болады.

Есептеулер көрсетіп отырғанындай, жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін 2005-2007 жылдар аралығында барлық қаражат көздері бойынша тұрғын үй құрылысына 300 миллиард теңге, оның ішінде басым бөлігі қайтарылуға жататын негізде 150 миллиард теңге мемлекет есебінен бөлу, сондай-ақ Қазақстан ипотекалық компаниясы және "Тұрғынүйқұрылысжинақтаушыбанкі" қаржыландыру мақсатында инвестиция салуы қажет.

Құрылысты арзандату мақсатында тұрғын үй инфрақұрылымын қаржыландыруды жергілікті билік өз мойнына алуы тиіс.

Құрылыс үшін тендер арқылы жер сатуды міндетті шараға айналдыру қажет.

Алға қойылған міндет Үкімет пен әкімдер мүмкіндіктерінің шегінен шығып жатуы да мүмкін, бірақ, ол таяу үш жылда орындалуы шарт. 2008 жылға қарай біз барлық халықтың орташа табын тұрғын үй құрылысына жұмылдыруға орнықты тұғыр қалыптастыруымыз керек.

Үкімет бір ай мерзімде тұрғын үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекітуге енгізуі тиіс, сондай-ақ осы жылы әкімдермен бірлесе отырып, барлық қажетті дайындық жұмыстарын қолға алғандары жөн.

Жұмыс барысын тиісті дәрежеде бақылап отыру мақсатында мен еліміздің Премьер-Министрі жетекшілік жасайтын тиісті Мемлекеттік комиссия құратын боламын. Оған және әкімдіктерге республика бойынша кең көлемдегі түсінік жұмыстарын жүргізу міндеттеледі.

Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде ЖІӨ-нің болжамды қосымша өсімі еліміз бойынша екі пайыз шамасын құрайтын болады.

Жаңадан 45 мың жұмыс орны ашылады, сондай-ақ, үш жыл ішінде 80 миллиард теңге шамасында қосымша салық алынатын болады.

Біз еліміздің Индустриялық бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын, үлкен мультипликативтік тиімділік беретін ауқымды және жауапты жұмысты қолға аламыз.

Жартылай ұмыт бола бастаған құрылыс отрядтарын еске алып, каникул кезінде біздің студенттерімізді құрылысқа кеңінен тарту керек.

Отандық және шетелдік құрылысшылар мен құрылыс индустриясының жұмысшылары алдында қазірдің өзінде дайындықты бастаулары тиіс жұмыстардың үлкен майданы ашылмақ. Тапсырыстарды кімдер жақсы жағдай ұсынса, тек солар алады.

Ең бастысы – тұрғын үй рыногын адамдар үшін мүмкіндігінше қол жетерлік ету, тұрғын үй құны мен халықтың табысы арасындағы сәйкессіздікті қысқарту. Одан әрі рыноктың өзі-ақ осы өлшемдер негізінде реттелетін болады.

Тұрғын үй құрылысымен қатар оны пайдаланудың жаңаша ұстындары талап етіледі. Тіпті бұл жерде де мемлекеттің оған араласуы шектеулі болуы тиіс.

Біз жеке меншік пәтер иелері кооперативтері институтын жетілдірудің, толық жөндеу жұмыстарын қаржыландыратын қаражат жинақтаудың, құрылысты мемлекеттік бақылауға алу және пайдалануға берудің жүйесін ойластыруымыз керек.

Тұрғын үй қатынастарын оңтайландыру және соған сәйкес тұрғын үй заңнамасы қажет. Үкімет тиісті Бағдарламаны тезірек қабылдауы тиіс.

Шындықтан жалтармайық. Әзірше қазақстандықтардың бәрі бірдей жаңа тұрғын жайға ұмтыла алмайды.

Бірақ, сеніңіздер, жұмыс істейтін әрбір адам пәтер немесе үй алатын жағдайға жететін уақыт та келеді.

2.2. Денсаулық сақтау

Алға қойылған міндеттерге сәйкес денсаулық сақтау ісінде байыпты да жүйелі өзгерістер талап етіледі.

Ең алдымен осы саладағы реформалар тұжырымдамасын айқын ұғыну қажет.

Осы жылдарда біз басқару мен қаржыландырудың кеңестік, корпоративтік-мемлекеттік жүйесінен бас тарттық, бірақ батыстың денсаулық сақтау ісіне тән жекеше сақтандыру жүйесіне жете алмадық.

Осылай болғаны да жөн шығар, өйткені түрлі елдерде барған сайын қолданылып жүрген жүйенің кемшіліктері көптеп бой көрсетуде.

Неге онда біз бұл бағытпен жүруіміз керек? Денсаулық сақтауды шектен тыс коммерцияға айналдыру дәрігердің ниетін бұзатынын өз тәжірибеміз көрсетіп отыр: оған адамның дені сау болғанынан гөрі жиі-жиі ауырғаны пайдалырақ бола түседі.

Сондықтан да елімізде мемлекет пен адамның адам денсаулығы үшін ынтымақты, бірлескен жауапкершілігі болуға тиіс.

Мемлекет кепілдік берілген, адам үшін тегін, шекті стандарттар бойынша медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге тиіс. Осыдан тыс нәрсенің барлығы адамның өз еңбекақысының немесе ерікті медициналық сақтандырудың есебінен қамтамасыз етілуі қажет.

Мемлекеттік медицина жекешеден кеңістік тұрғысында бөлінуі керек: заң мемлекеттік медициналық мекемелерде қандай да бір жекеше кабинеттерді ашуға тыйым салуға тиіс.

Салада:

- басқару жүйесін;
- денсаулық сақтау ісін қаржыландыруды, қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен сатып алуды міндетті түрде орталықсыздандыруды;
- медициналық көмек беруді ұйымдастыру жүйесін;
- денсаулық сақтау жүйесінің нормативтік базасын;
- статистиканы, саланы ақпараттандыруды, есептілікті оңтайландыруды жетілдіруге қатысты байыпты өзгерістер жүргізу қажет.

Келесі жылдан бастап шешуге кірісу қажет бірінші кезектегі міндеттер ретінде мыналарды айқындар едім.

Бірінші. Негізгі екпінді бастапқы медициналық-санитарлық көмекке, стационарда емдеуден амбулаториялық емдеуге көшіру, жатын орындарға иек артудан арылу керек.

2005-2007 жылдар барысында бастапқы медициналық-санитарлық көмекке жұмсалатын қаражат көлемін едәуір ұлғайту қажет.

Екінші. Денсаулық сақтау ісінің халықаралық стандарттарына, емдеу мен медициналық қызмет көрсетудің жаңа технологиялары мен қазіргі заманғы әдістеріне жүйелі түрде көшуді бастау керек.

Үшінші. Ана мен баланың денсаулығын бекемдеу. Үкіметке Астанада Ана мен баланың республикалық орталығының құрылысын қамтамасыз етуді тапсырамын, ол халықаралық стандарттарға сай әрі денсаулық сақтау жүйесінде жаңа сапа эталоны болуға тиіс. Барлық аймақтар осы стандарттарды ұстанып, ана мен балаға байыпты көңіл бөлінуі керек.

Төртінші. Тәуелсіз медициналық сараптама жүйесін құру қажет, ол уәкілетті органның тәуелсіз сарапшыларын тарта отырып бақылау тексерулерін жүргізу принциптеріне негізделеді.

Бесінші. 2005 жылдан бастап денсаулық сақтау жүйесінің, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру менеджерлерін даярлауды бастау қажет.

Дәрігерлер мен медициналық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау жүйесінде де маңызды өзгерістер қажет.

Алтыншы. Өкпе ауруының, сусамырдың (диабет), демікпенің, жүрек-қантамырлары және басқа да әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, оларды анықтауға және емдеуге баса назар аудару керек.

Жетінші. Үкімет пен әкімдер жаңа ауруханалар мен медициналық мекемелердің құрылысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарына күрделі жөндеу жүргізуге тиіс.

2005-2007 жылдары 90 денсаулық сақтау объектісі салынуы және 450-і жөнделуі керек. Бұл ретте өкпе ауруын емдеудегі және әйелді босандыруға байланысты күллі мұқтаждықтар толығымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Аталған және басқа да проблемаларды кешенді шешу мақсатында Үкіметке бір ай мерзімде Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

2.3. Білім беру

Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады.

Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда бейінді оқытуды көздейтін он екі жылдық білім беруге көшу қажет.

Мектепке дейінгі даярлық бірінші сыныпқа сәйкес келетін болады. Балаларымыз он жыл оқудан кейін не жоғары оқу орнына түсуге дайындалуға, не тиісті кәсіптік-техникалық білім алып, өз бетінше еңбек жолына түсу жөнінде шешім қабылдауға тиіс. Мектептің соңғы жылындағы оқу қазіргі жүйедегі ЖОО-ның бірінші курсына сәйкес келеді. Сол себепті жоғары білімнің өзі негізінен төрт жылдық болады. Осылайша біз жаңа он екі жылдық жүйеге өтеміз, сонымен қатар осы реформаға жұмсалатын шығындарды қысқартамыз.

Әрине, бұл бірнеше жылға созылатын дайындықты талап етеді.

Сондықтан бұл уақыт аралығында артта қалған учаскелерді алға тартып, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын елеулі түрде нығайту қажет.

Біріншіден, бала бақшалар жүйесін қалпына келтіруге және толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу қажет. Әзірше мұндай мүмкіндік бар жерде мектепке дейінгі білім беруді мектептер аясында дамыту қажет.

Екіншіден, реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі болуға тиіс.

Үкіметке 2005-2006 оқу жылынан бастап педагог кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бес мың бірлікке ұлғайтуды тапсырамын.

Көптілді білімі бар педагогтар үшін қызмет орындарына ерекше назар аудару қажет.

Мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру, білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау жөніндегі республикалық және аймақтық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайту қажет.

Мұғалімдер мен балалардың жайлы мектептерде оқып, жұмыс істеп, оқу жабдықтарының, кабинеттердің, спорт алаңдарының тапшылығын сезінбегені өте маңызды. Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуге тиіс.

Келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы керек. Әрине, мұғалімнің өзі де уақыт талабына сәйкес болуы міндетті.

Өткен жылы 68 мектеп салынды, үстіміздегі жылы 70-тен аса жаңа мектеп салынып, 500-ден астамына жөндеу жүргізілетін болады. Мұның өзі күні кешегі кеңестік тарихымыздың "ең жақсы жылдарында" да жасалған жоқ.

Сонымен бірге ең төменгі мөлшермен алғанда бізге тағы да 1900-ден астам мектепті жөндеуден өткізуіміз және салуымыз қажет. Мұны алдағы үш жылда жасау керек.

Соңғы 15-20 жыл ішінде пән кабинеттері іс жүзінде жаңартылған жоқ. Бұл проблемаларды 2005-2008 жылдар ішінде шешу керек. Бұл - маңыздылығы жағынан үшінші міндет.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған аймақтық бағдарламалар қабылдауды тапсырамын.

Әкімдер (бұл міндеттің маңыздылығын атап көрсеткім келеді) 2005 жылдың өзінде-ақ мектептердің кемінде 70 пайызының интернетке қосылуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет, әкімдер мектептерге телефон орнату міндетін жедел түрде шешуге тиіс.

Төртіншіден, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар байыпты назар аударуды талап етеді. Үкіметке әкімдермен бірлесіп балалардың осы санаты үшін мектеп-интернаттар желісін дамыту мәселесін пысықтауды тапсырамын.

Бесіншіден, оқушылардың білім сапасын көтеру үшін олардың оқудағы жетістіктеріне тәуелсіз сыртқы бағалауды енгізу керек.

Үкімет үстіміздегі жылдың өзінде-ақ республикада мектеп түлектерін бірыңғай ұлттық тестілеу, сондай-ақ жоғары оқу орындарының студенттерін

кезеңдік аттестациядан өткізу нысанында тәуелсіз сыртқы бақылауды енгізуді аяқтауға тиіс. Осы маңызды істі институционалдық тұрғыда қолдау үшін Білім сапасын бағалау ұлттық орталығын құруды тапсырамын.

Алтыншыдан, оқулықтардың сапасына да реніштер аз емес. Үкімет оларға түгендеу және сапалы сараптама жүргізуге, ал кейіннен ахуалды түзету жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

Жетіншіден, біз техникалық және кәсіптік білімнің рөлін жаңаша сезінуге тиіспіз.

Үкімет, барлық деңгейдегі әкімдер осындай түлектер қажет жекеше секторды басымдықпен тарта отырып, жастарға кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары желісін дамытуға бағытталған пәрменді шараларды қолдануға тиіс.

Сегізіншіден, отандық жоғары оқу орындарының, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары желісі бұрынғыша шамадан тыс көп күйде қалып отыр. Олар беретін білім көңілдегіден көп төмен жатыр.

Оларды қысқарту керек, соның ішінде материалдық-техникалық базасына және ғылыми-педагог қызметкерлеріне қойылатын талаптарды күшейту арқылы да.

Тоғызыншыдан, ректорларын Президент тағайындайтын елдің таңдаулы жоғары оқу орындарының шағын тобын біз таяу арада айқындаймыз, ал мемлекет оларды дамытуға белсенді түрде қатысатын болады. Бұл жоғары оқу орындары мамандар даярлаудың, соның ішінде мемлекеттік қызмет үшін де мамандар даярлаудың эталонына айналуға тиіс.

Соңғысы. Елімізге болашаққа құлаш сермейтін Білім берудің жаңа мемлекеттік бағдарламасы керек. Үкімет таңдаулы отандық және шетелдік сарапшыларды тарта отырып, оны әзірлеуге кірісуге тиіс.

2.4. Әлеуметтік қамту

Әлеуметтік мәселелер мемлекет үшін басымдықтар қатарында болып келді және болып қала да береді. 2005 жылдан бастап "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заң қолданысқа енгізілуі тиіс.

Келесі жылдан бастап зейнетақының ең төмен мөлшерін 6200 теңге етіп белгілей отырып, зейнетақы мөлшерін инфляция деңгейінен ілгері оза индексациялау қажет. Зейнетақының орташа көлемі жоғарылатудан кейін 9252 теңгені құрайтын болады.

Зейнетақымен қамтуға 2005 жылы қосымша 10,5 миллиард теңге бөлінеді.

Жоғарыда айтқанымдай, мемлекеттің қастерлі борышы жұмыс істеу немесе табыс табудың бірдей жағдайына ие болу мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қамқорлығы болып табылады.

Бұл азаматтарға көмектесу – біздің қоғамымыздың ізгілену мен кемелдену дәрежесінің көрінісі, сіздер мен біздің борышымыз. Осынау борышымызды атқаратын мезгіл мен мүмкіндік туды.

Келесі жылдан бастап бұл мақсатқа 15,8 миллиард теңге жұмсай отырып, мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды едәуір көбейту қажет. Бұл негізінен 680 мыңнан астам адамды қамтиды.

Мынадай жәрдемақылар:

47 мың бірінші топтағы мүгедектерге – 3 айлық есептік көрсеткішке (2757 теңгеге) (АЕК – 919 теңге);

193 мыңнан астам екінші топтағы мүгедектерге – 2,5 айлық есептік көрсеткішке (2297 теңгеге) ұлғайтылады;

125 мыңдай дерлік үшінші топтағы мүгедектер 2 айлық есептік көрсеткішке (1838 теңгеге) ұлғайтылған жәрдемақы алады;

50 мыңнан астам 16 жасқа дейінгі мүгедектердің жәрдемақысы 3 айлық есептік көрсеткішке (2757 теңгеге) ұлғайтылады;

асыраушысынан айрылған 262 мың отбасы бір айлық есептік көрсеткішке ұлғайтылатын жәрдемақылар алады.

Нәтижесінде 2005 жылы 415 мыңнан астам мүгедектер үшін мемлекеттік жәрдемақының орташа мөлшері 6700 теңгеге дейін немесе 50 пайызға жоғарылайды. Асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік жәрдемақының орташа көлемі 20 пайызға, 6500 теңгеге дейін өседі.

Бірақ бұл ұлғайтулар бұған дейін жәрдемақының ең жоғары мөлшерін алып жүрген мүгедектердің бәріне бірдей қатысты емес. Олар үшін бағаның өсуін ескере отырып индексациялау жүзеге асырылатын болады.

Сіздер мен біздің әкелеріміз және аталарымыз алдындағы парызымыздың тағы бір мәселесі бар, бұл біздің тарихи зердеміздің мәселесі. Келер жылы біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын атап өтеміз, біздің қадірменді ардагерлерімізге құрмет көрсететін боламыз.

Осы атаулы датаға байланысты Үкіметке 2005 жылы соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушыларға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін 15 айлық есептік көрсеткішке дейін өсіруді және ардагерлерге 30 мың теңге көлемінде бір жолғы материалдық жәрдем көрсетуді тапсырамын.

Бұл іс-шараларға 6,5 миллиард теңге бөлу қажет.

Тұтастай алғанда, әлеуметтік қамсыздандыруға 2004 жылы 2,5 миллионнан астам адам қамтыла отырып, республикалық бюджет есебінен 217,2 миллиард теңге бөлінді, ал 2005 жылы бұл мақсаттарға арналған шығыстарды көбейту шамамен 33 миллиард теңгені құрайтын болады.

Тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі өзге де шаралармен қатар 2005 жылдың соңына қарай 2003 жылдың басымен салыстырғанда күн көрісі кедейшілік деңгейінен төмен азаматтар саны екі еседен астамға азаюы тиіс.

Біз сондай-ақ елімізге халықтың одан әрі көп келуін ынталандыруға тиіспіз, сондықтан оралмандар иммиграциясының квотасын 2005 жылы 15 мың отбасына дейін көбейту керек. Олардың қайта қоныстануы мен тұрғын үй алуы үшін 9,8 миллиард теңге бөлу көзделіп отыр.

Біз еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі заңнаманы жетілдіре береміз, Еңбек кодексінде заңдастырылған еңбекпен қамтылуды ынталандыруды көздейміз, еңбекпен қамтудың қазіргі заманғы үлгісін қалыптастырамыз.

Адам дамуының басым міндеттерін шешудің маңызы аса зор.

Сондықтан облыстарды дамытудың барлық бюджеттері тек қана білім беру, денсаулық сақтау, сумен қамтамасыз ету жүйелерін дамыту мақсаттары мен тұрғын үй құрылысы инфрақұрылымына пайдаланылуы тиіс.

2005 жылы ауылдық жерде білім беру, денсаулық сақтау және сумен қамтамасыз ету нысандарын салуға мемлекеттік бюджетте 15 миллиард теңге, ал облыс орталығы мен қалалардағы ерекше маңызды объектілер үшін 5 миллиард теңге қарастыру қажет.

Әлеуметтік сала мен адам ресурстарын дамыту Қазақстан үшін шешуші ұзақ мерзімді басымдық болып табылады.

Мен жариялаған міндеттер бірінші кезекті болып табылады, бірақ олар мұнымен шектелмейді.

Менің тапсырмам бойынша реформалардың әлеуметтік бағытталуын күшейту және жаңа әлеуметтік саясат қалыптастыру жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр.

Ол келесі жылы жария етіледі.

3. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті

Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы рөлі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер сапасының артуынан көрінеді.

3. 1. Мемлекеттік құрылыс

Бұл мәселелерді шешу, өз кезегінде, көп жағдайда мемлекеттік қызметшілердің саны мен сапасына, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне байланысты.

Соңғы кезде орталықта да, жергілікті жерлерде де биліктің барлық түрлерінің мемлекеттік органдардың санын көбейту әрекеттері жандана түскенін айтуға тиіспін. Бұған жол беруге болмайды.

Әрине, өмір бір орнында тұрмайды, қажет жерінде өзгерістер керек. Алайда Үкімет мемлекеттік аппараттың жалпы санының өсуіне жол бермеудің қатаң саяси ұстанымын басшылыққа алуы тиіс.

Бұған Президент жариялаған мемлекеттік саясат талап ететін жерде ғана рұқсат берілуі мүмкін.

Біз жинақы кәсіби Үкімет қалыптастыруда көп нәрсеге қол жеткіздік. Басы артық қызметтер мен буындарды қысқарту, басқару процесін орталықсыздандыру арқылы атқарушы билік құрылымын одан әрі де жетілдіре түсу керек. Сонымен бірге министрліктер мен ведомстволардың өздеріне тапсырылған қызметтерді орындаудағы рөлі мен жауапкершілігін күшейту қажет.

Мұнымен қатар "электрондық үкімет" қалыптастыруға іс жүзінде кірісу керек. Бұл құрамы жағынан шағын, өз қызметінде айқын іс-қимылды Үкімет болмақ. Ол халық пен шенеуніктер арасындағы тоқайласуды азайтуға мүмкіндік береді, қызмет көрсету сапасын арттырып, мерзімін қысқартады. Мұның өзі жаңа әкімшілік реформаға және мемлекеттік аппаратты қысқартуға әкеледі.

Мұндай жұмысты іске асыру үшін компьютерлік сауатсыздықты жоюдың және халықтың интернетке қолжетімділігін қамтамасыз етудің көлемді бағдарламасы қажет.

Мұны Үкіметке тапсырамын, кезінде өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске біздің азаматтарды, әсіресе жастарды шақырамын.

Мемлекеттік қызметте, мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен қайта даярлау жүйесінде, мемлекеттік басқару деңгейін және мемлекет ұсынатын қызмет сапасын арттыру мақсатында елеулі өзгерістер қажет болады.

Мемлекеттік қызмет академиясының қызметі түбегейлі қайта құрылуға, оның материалдық базасы нығайтылуы және қаржымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Саяси қызметші лауазымына қабылдау кезінде академияда оқығаны ескерілуге тиіс.

Академияның жанынан зерттеу орталықтары жүйесін ашып, оларда жұмыс істеу үшін таңдаулы профессор-оқытушы кадрларын тарту қажет. Академия бітірушілерінің санын және оны қаржыландыруды едәуір ұлғайту керек.

Биылғы жылдан бастап біз мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын 50 пайызға өсірдік, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғауды арттыру жөніндегі жұмысты одан әрі де жалғастырамыз.

Бірақ еңбекақының өсуімен бірге мемлекеттік қызметшілердің өздеріне де: олардың кәсібилігіне, патриоттығына, тәртібіне, моральдық және адамгершілік келбетіне деген талап та күшейе түсетін болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары қатаң қудалануға тиіс: бұл үшін қажетті заңдар қолда бар.

Мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс және мүмкіндігінше ағылшын тілін білуі жөн, ал болашақта бұл талап та міндеттілікке айналады.

Біліктілік талаптарын күшейту және аттестациялық комиссияларының жұмысын барынша принципті ету қажет болады.

3.2. Ішкі саясат

Өткен және ағымдағы жылдары қоғамымызды менің өткен жылғы жолдауымда белгіленген бес бағыт шеңберінде одан әрі демократияландыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын боламыз.

Олар күшінде қалады және оларға қосымша мынадай мәселелерге назар аудару қажет.

Біз үш принципті элементке: азаматтық қоғам институттарын дамытуға, орталықсыздандыруға, тұрақты саяси-партиялық жүйе құруға ден қоюға тиіспіз. Тұрақтылықты, демократияны және азаматтардың құқықтарын қорғауды нығайту жөнінде қадамдар жасау қажет.

Біріншіден, жаңа сайлау тетіктерін енгізу, саяси процестің әрбір субьектісінің рөлі мен орнын нақтылау мәселелерін пысықтағанымыз жөн.

Біз партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін реттейтін заң нормаларын жетілдіре отырып, партиялық-саяси жүйемізді одан әрі дамытатын боламыз.

Қазір қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары туралы және сайлау туралы жаңа заңдар қызу талқылануда. Олардың атына сын ескертпелер де айтылып жатыр.

Естеріңізге сала кетейін, партия мүшелерінің саны 50 мыңнан кем болмауы керек деген тұрғыда заңнамалық түзетулер қабылдағанымызда, мұны еңсерілмейтін кедергі деп атаған болатын-ды.

Бірақ қазіргі сәтке бұл деңгейді оңай еңсерген тоғыз партия тіркеліп үлгерді, енді әлгі түзетудің демократиялылығына ешкім де күмәнданбайды. Қазіргі БАҚ туралы және сайлау туралы заңдар да сондай болады.

Жаңа сайлау заңнамасының нормалары барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары қызметіндегі кәсібилік пен айқындық деңгейін көтеруге бағытталған.

Парламенттегі, жергілікті сайлау органдарындағы партиялық фракциялардың өкілеттіктерін заңнамалық айқындау туралы да ойлану қажет.

Партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар қызметін отандық заңды және жеке тұлғалар тарапынан қаржыландыру мәселелері жөнінде құқықтық шешімдер әзірлеп, қабылдау талап етіледі. Үкіметтік емес секторды қолдау сапалы жаңа ауқымға көтерілуге тиіс.

Сайлау блоктарының қызметін құқықтық реттеу туралы мәселе де өзекті болып табылады.

Екіншіден, қоғамды одан әрі демократияландыру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңестің әлеуеті әлі де болса толық пайдаланылған жоқ. Кеңестің тек қана билік үшін ұсынымдар берілетін "дөңгелек үстел" ғана болып қалмауы маңызды.

Тұрақты жұмыс істейтін кеңесте қабылданған шешімдер партиялардың күш-жігерімен Парламенттегі өз өкілдері арқылы, ал үкіметтік емес ұйымдар нақты әлеуметтік маңызды жобаларға қатысу арқылы іске асырылуға тиіс.

Үшіншіден, осы жылдың күзінде партиялар үшін саяси кемелділік емтиханы болып табылатын Парламент Мәжілісіне сайлау өтеді.

Біздің ортақ парызымыз – сайлауды заңға қатаң сәйкес түрде өткізуді қамтамасыз ету.

3.3. Сыртқы саясат және қауіпсіздік

Біздің заманымыздың ерекшелігі терроризмге қарсы белсенді күрес болып отыр. Ресей мен Испаниядағы соңғы оқиғалар баршаны дүр сілкіндіріп, террошылардың айуандық әрекеттерінен қорғалған, сірә, бірде-бір мемлекеттің жоқтығы туралы ойлануға мәжбүр етті. Ешбір кінәсіз бейбіт азаматтар қаза табуда. Атап айтқанда, халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, есірткі тасымалы мен басқа да қазіргі заманда адамзатқа төнетін қауіп-қатерлерге қарсы күресте біз үшін өңірлік және халықаралық күш-жігерді шоғырландырудың қаншалықты маңызды екендігі, міне, осыдан белгілі.

Бүгінгі таңда Қазақстан барлық көрші мемлекеттермен тұрақты, болжамды қарым-қатынас жасап отыр.

Тиімді халықаралық ынтымақтастықтың берік жүйесі жасалды.

Біз Шығыс және Батыс елдерімен өзара тиімді екі жақты қатынастарды дамытуға мүдделіміз.

Қазақстанның сыртқы саясаты елдің тез арада экономикалық дамуына, оның әлемдегі маңызын көтеруге жәрдемдесуге бағдарлануға тиіс.

Қазақстан өзін ықпалдасу мен көп қырлы ынтымақтастықты табанды жақтаушы ретінде көрсетті.

Осыған байланысты Біртұтас экономикалық кеңістік, ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Орта Азиялық ынтымақтастық шеңберіндегі жұмысты жалғастырған абзал.

Ресей – Қазақстан үшін аса маңызды ел. Біз ортақ геосаяси жағдайдамыз, ұшырасатын проблемаларымыз да ортақ. Біздің әлемдегі көптеген процестерге көзқарастарымыз ұқсас, оларды іске асыру керек. Қол жеткізілген экономикалық ықпалдасу мен сенімнің биік деңгейі одан әрі жалғасын табуы қажет.

Қазақстан АҚШ-пен өзара қатынастардың қол жеткізілген деңгейін жоғары бағалайды.

Біз Америкамен арадағы белсенді ынтымақтастықтың еліміздің дамуындағы сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі маңызын жақсы түсінеміз. Американдық компаниялардың Қазақстанға инвестициялар салуы ынтымақтастықтың маңызды факторы болып табылады.

25 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестициялардың шамамен 7,5 миллиарды АҚШ-тың үлесіне тиесілі. Біз екі елдің мүдделерін есепке ала отырып, бұдан әрі де неғұрлым кең ауқымды ынтымақтастыққа үміт артамыз.

Көршіміз Қытаймен тұрақты және достық өзара қатынастарымыз маңызды. Бұл біздің екі жақтың мүддесін білдіретін барлық мәселелер бойынша тұрақты үндесу жүргізіліп отырған сенімді серіктесіміз. Бізге өзара сауда-саттық көлемін өсіру үшін жұмыс істеу қажет. Бұған біз қол жеткізген биік өзара түсіністік деңгейі жәрдемдесетін болады.

Маңызы бұдан кем емес тағы бір басымдық – Орталық Азия елдері. Экономиканың, тиісінше, елдер мен халықтардың өздерінің де жуықтай түсуі жөнінде көршілерімізбен белсенді жұмыс жүргізу керек.

Біз сондай-ақ Қазақстан шекарасының оңтүстік шептеріндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңыздылығын түсінуге мүдделіміз.

Еуропалық Одақ біздің ірі сауда-экономикалық серіктесіміз болып табылады және бұл жерде Қазақстан мүдделерін ілгерілету мен қамтамасыз ету тұрғысында белсенді жұмыс жүргізу керек.

Біздің Түркиямен, күллі мұсылман әлемімен жақын қатынастарымыз да тұрақты назарда болуға тиіс.

Жоспарларымыздың іске асырылуы, әлбетте, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне басым назар аударуға көңіл бөлуді талап етеді.

Жаңа уақыт сыны мен қауіп-қатерлерге қарсы күресте ТМД елдерінің күш-жігерін шоғырландыру жөніндегі бастаманы іс жүзінде жүзеге асыруға жұмылу қажет.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес мақсатын одан әрі іске асыру жөніндегі тынымсыз жұмысты жалғастыру аса маңызды.

Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымындағы қызметті қалыптасып отырған ақиқатқа мейлінше бейімдеген жөн.

Қарулы Күштерді реформалауды жалғастыру қажет.

Тиісті мемлекеттік органдардың алдында тұрған негізгі міндеттер армияны кәсібилендіру және оның материалдық-техникалық базасын жақсарту болып табылады.

Біз жасақтау, әскери қызметшілердің мансабын жоспарлау, резерв жасау жүйесін жетілдіру мәселесіне назар аударуымыз керек. Жұмыстың маңызды бағыты елдің әскери жоғары оқу орындарында және университеттердің әскери кафедраларында офицерлік құрамды даярлау болуға тиіс.

Армияның материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қару-жарақтар мен әскери техника санын оңтайландыру жөнінде шаралар қолдану қажет.

***

Осы Жолдауда белгіленген міндеттерді іске асыру мақсатында Үкімет пен әкімдер 2005 жылғы бюджетте қажетті қаржыландыруды көздеуге, сол сияқты ағымдағы бюджетті нақтылау жөнінде қажетті ұсыныстар енгізуге тиіс. Парламенттің тиісті заңдар қабылдауы керек.

***

Қымбатты отандастар!

Біз алдымызға келешекке бағытталған күрделі де бір қарағанда, орындалуы қиын міндеттер қойып отырмыз.

Сонымен қатар, осыдан он бес жыл бұрын Қазақстанның шеткері жатқан одақтас республикадан елеулі қаржылық және зияткерлік ресурсы бар тәуелсіз мемлекетке айналарына ешкім сенбегенін естеріңізге сала кетейін.

Он жыл бұрын Қазақстанның 50 млн. тоннадан астам мұнай өндіретініне (яғни, екі еседен астам өсіммен), елордасын Алматыдан Астанаға көшіріп, өз жасанды жер серігін ұшыратынына сенген адам кемде-кем болатын.

Бес жыл бұрын ұлттық қор мен Даму банкін құру қажеттілігі туралы ешкім тыңдағысы да келмеп еді.

Жоспардан өмірдің өзі батыл екенін тәжірибеміз көрсетіп отыр.

Француз ойшылы Люк де Вовенарг айтқандай, "қолынан ұлы іс келмейтіндер ұлы бастамаларға да қырын қарайды".

Біз Қазақстанның батыл бастамаларға дайын екенін, ал қазақстандықтардың оларды іске асыра алатынын дәлелдедік.

Енді соны тағы бір рет паш етейік!

Ендеше біз уақыттан қалыспай қадам баса алатынымызды көрсетейік. Иә, біз кезінде былайғы дүниеден көп кейіндеп қалдық. Ендігі жерде біздің тізімнің соңында қалғымыз келмейді. Алға кеткен әлемдік өркениет көшінің шаңын жұтқымыз келмейді. Ал бұл үшін бәріміз өз күш-қуатымызды, халқымыздың бойындағы барлық парасат пен зият күшін бір жұдырыққа жұмылдырып, оның күллі әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет. Мен Қазақстанда жоғары жетістіктерге жетуге қабілет-қарымы қаптал жететін ғалымдардың дүниеге келеріне сенімдімін. Мен орта бизнестің нығайып, жаңа жұмыс орындарын құрарына, сөйтіп, бүкіл еліміз бен бүкіл халқымыздың игілігіне қызмет етеріне сенімдімін.

Біздің Қазақстанымыздың байлығы молайып, өркендей береді. Біз еліміздің ұзақ мерзімдік стратегиясында өзіміз белгілегендей тынбай алға баса беретін боламыз!

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті алтыншы сессиясының ашылуында 2004 жылғы 1 қыркүйекте сөйленген сөз

Құрметті депутаттар, ханымдар мен мырзалар!

Біз бүгін Парламенттің алтыншы сессиясын, яғни екінші шақырылым депутаттары қызметіндегі соңғы сессияны ашып отырмыз. Күні кеше ғана біз Сіздерді еліміздегі өкілді биліктің жоғарғы органына сайланғандарыңызбен құттықтаған сияқты едік. Енді, міне, бес жылдық қызметтің қорытындысын шығаратын уақыт та таяп қалды.

Ең алдымен сіздерге атқарған мол қызметтеріңіз үшін зор алғыс айтқым келеді. Оның басты нәтижелері еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы, алдына қойған стратегиялық мақсаттарға қарай қозғалудағы жаңа сенімді қадамдарды жасауды қамтамасыз еткен заң жобаларының қабылдануы деп айта аламыз.

Қабылданған жаңа заңдар елімізді дамыту мен көркейту мүддесіне бағытталады.

Өткен бес жыл ішінде еліміз бен халқымыздың өмірінде көптеген өзгерістер болды. Қазіргі Қазақстан сіздер жұмыс бастаған кездегіден мүлдем басқаша болып өзгерді. Біз елімізді бұрынғы кеңестік дағдарыс жағдайынан біржола арылтып, жұмысымыздың барлық саласында шешуші өзгерісті, прогресс жолына шығуды қамтамасыз еттік.

Бұл орайда депутаттық корпусымыздың сіңірген еңбегі аз емес. Парламентарийлердің заң шығару қызметі жаңа сапалы заңдарды әзірлеп, қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталды. Екінші шақырылым Парламенті қызметінің кезеңінде 597 заң қабылданды. Бұған депутаттардың Үкіметпен сындарлы жұмысының нәтижесінде, сондай-ақ депутаттардың белсенділігі арқасында қол жеткізе алдық.

Жасалған заңнамалық база үдемелі экономикалық дамуды одан әрі жалғастыруға жағдай туғызды. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстан көптеген прогресшіл белгілері бар өте серпінді экономика қалыптастырды. Біздің айқын табыстарымызға әлемдік қауымдастық берген мұндай жоғары баға – бұл, әрине, масаттанушылық пен жайбарақатшылық үшін себеп емес. Бірақ та, кім болса да және не демесін, бұл – 1999 жылы халқымыздың алдын ала жоғары сеніміне ие бола отырып, біз сіздермен бірге жаман жұмыс істемегеніміздің әбден әділ өлшемі болса керек. Біз бұл сенімді абыроймен ақтайтынымызға кәміл сенемін!

Осы шақырылым депутаттарының бес жылдық қызмет кезеңінің аяқталуы еліміз жұмысының кейбір қорытындыларын шығаруға мүмкіндік береді.

Соңғы бес жылда экономиканың орташа өсімі 10%-ға жуықты құрады, үстіміздегі жылы оң серпін сақталып отыр. 2004 жылдың бірінші жарты

жылдығында өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің артуы 9,1%-ды құрады.

Сыртқы сауда мен қаржы жүйесінін көлемі оң көрсеткіштермен сипатталады. Үстіміздегі жылдың жарты жылдығында сыртқы сауда айналымы 14,2 миллиард долларды құрап, 2003 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жарты есе дерлік өскен. Негізгі капиталға инвестициялар өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 12,1%-ға ұлғайып 516,3 миллиард теңгені құрады.

Алайда біздің бүкіл оңды макроэкономикалық көрсеткіштеріміз, егер біз жасалған әлеуетті азаматтарымыздың әл-ауқатын шешуші түрде жақсартуға жұмсамасақ, ештеңеге де татымас еді. Мұның алдындағы қиын жылдарда уәде еткеніміздей, біздің тұрақты экономикалық өсуіміз беріп отырған мүмкіндіктерді адамдардың тұрмыс деңгейін нақты жақсартуға бірте-бірте пайдаланып келеміз.

2004 жылдың қаңтар-маусымында халықтың жан басына шаққандағы номиналдық ақшалай табыстары 71 мың дерлік теңгені құрады, мұның өзі өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 20,9%-ға артық. Осы кезеңдегі нақты ақшалай табыс 13,4%-ға өсті. Ең төменгі және орташа айлық жалақының одан әрі артуы камтамасыз етілуде. 2004 жылдың қаңтар-маусымында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,2%-ға өсіп, 26662 теңгені құрады, мұның өзі 1999 жылдың көрсеткішінен екі есеге жоғары. Осы кезеңдегі нақты жалақының индексі 113,7%-ды құрады.

2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақының төменгі мөлшері 2003 жылмен салыстырғанда 32%-ға ұлғайтылды, тұтыну бағалары индексінің артуына қарай зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру жүзеге асырылды. Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 8505 теңгені құрады.

Мен бұған дейін мемлекеттік қолдау бірінші кезекте белгілі бір себептерге байланысты өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын азаматтардың санаттарына бағытталуы тиіс дегенді талай рет атап айтқанмын. Және жұмыстың бұл бағытын біз жалғастыра береміз. Мәселен, 2004 жылдың қаңтар-маусымында атаулы әлеуметтік көмек кедейшілік деңгейінен төмен табысы бар 550,7 мың аз қамтамасыз етілген азаматтарға тағайындалды.

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірінші топтың мүгедектеріне берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы 3 айлық есептік көрсеткішке, екінші топтың мүгедектеріне – 2,5 АЕК-ке, үшінші топтың мүгедектеріне – 2 АЕК-ке, 16 жасқа дейінгі мүгедектерге 3 АЕК-ке ұлғайтылатын болады.

2005 жылы соғыс мүгедектері мен қатысушыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақынын мөлшерін 14475 теңгеге дейін ұлғайту, оларға Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына қарай 30 мың теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсету көзделіп отыр. Бұл заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Ана мен баланы әлеуметтік қорғау мақсатында отбасының табысына қарамастан, республикалық бюджет қаражаты есебінен сәби туғанда 15 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы төлеу жүзеге асырылуда.

Жаппай саяси қуғын-сүргіннен, Семей сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен адамдарға бір жолғы өтемақы төлеу қалпына келтірілді.

Елде жаңа жұмыс орындары ашылуда. Соңғы төрт жарым жылда біздің елімізде жұмыссыздар саны 310 мың адамға қысқарды.

Мемлекеттік бюджет кірісінің өсуі ірі әлеуметтік бағдарламаларды, соның ішінде ауылды дамытуға, кедейлікке қарсы күреске, тұрғын үй құрылысын дамытуға және басқа да мақсаттардағы бағдарламаларды іске асыруға кірісуге мүмкіндік берді. Соңғы жылдарда республикадағы демографиялық ахуал біршама тұрақтануымен сипатталады. Туу деңгейі өсіп, өлім-жітім азаюда.

Қолайлы әлеуметтік-экономикалық және құқықтық ахуал қазақстандықтардың әлеуметтік көңіл-күйіне оң әсерін тигізуде. Ауқымды социологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша азаматтардың көпшілігі жүргізіліп жатқан әлеуметтік-саяси бағыт туралы оң пікірлерін білдіруде. Бұл ретте сұрау салынғандардың басым көпшілігі, яғни, шамамен 80%-ы азаматтардың өмір сүру деңгейінің елеулі көтерілгенін атап өткен.

Қазақстандықтардың он екі жылдан астам жаңа әлеуметтік-саяси болмыс жағдайындағы тыныс-тіршілігінің тәжірибесі біздің еліміздің даму барысын азаматтардың объективті бағалауына мүмкіндік береді. Халық қазірдің өзінде-ақ БАҚ-тың хабарлары бойынша емес, өз басының тәжірибесі бойынша бізбен реформаны бір уақытта бастаған елдермен салыстырғанда елімізде тайға таңба басқандай артықшылықтардың бар екендігін айтып та, бағалап та отыр. Азаматтар ТМД мен Орталық Еуразияның басқа көптеген елдеріне қарағанда Қазақстандағы өмірдің жақсырақ екенін атап айтады.

Осындай астар-аяда масылдық көңіл-күйге бой алдырған, жағымсыз баға беруге бейім тұратын адамдар барған сайын азайып келеді. Миллиондаған қазақстандықтардың мінез-құлық тұрпаты өзгеруде. Олар оң өзгерістерді жай ғана аңысын аңдап күтіп отырмастан, өмірде орнығуға, жаңа әлеуметтік ортада бейімделуге және өзіндік бет-бейнесін айқындауға, өзінің әл-ауқатын дербес жақсартуға ұмтылуда.

Парламент қызметінің қорытындылары оның алдына қойылған міндеттердің табысты әрі кәсіби тұрғыда орындалғанын, заң шығару процесінің тұрақтылығы мен үдемелілігіне қол жеткізілгенін көрсетеді.

Өздеріңіз білетіндей, "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!" деген Қазақстан халқына Жолдауда күрделі әрі ауқымды әлеуметтік-экономикалық міндеттер мен басым мемлекеттік мүдделер, оларды іске асыруға қажетті барлық әлеуметтік шығыстар белгіленген болатын. Сондықтан, құрметті депутаттар, 2005 жылға арналған республикалық бюджет жобасын қарау кезінде оларды ескерулеріңізді сұраймын.

Индустриялық стратегияны іске асыру шеңберінде "Техникалық реттеу туралы" заң жобасымен жұмыс істеуге тура келеді. Экономиканың халықаралық стандарттарға көшуі, өндірісімізді жаңғырту қарқынының арта түсуі, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі және тұтастай алғанда экономикалық өсу сапасының жақсаруы оны қабылдау мен іске асыруға байланысты. Ол бизнесті дамыту үшін де, азаматтарымыздың кәсіпкерлік белсенділігі үшін де өте маңызды.

Экономикалық тұрғыдағы басқа заң жобаларына, атап айтқанда, Салық кодексі мен "Инвестициялар туралы" Заңға өзгерістер енгізуге де ерекше мән беріліп отыр.

Біздің индустриялық-инновациялық даму, ауылды дамыту жөніндегі, инфрақұрылымды дамыту, адам ресурстарын дамыту жөніндегі бағдарламаларымызға да басым сипат берілген. Үкімет пен Парламент "Инвестициялар туралы", "Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Жауапкершілікті міндетті сақтандыру туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарды және басқа да маңызды бірқатар заң актілерін қабылдауға күш-жігеріде шоғырландыру қажет.

Сол сияқты депутаттардан әлеуметтік топтама бойынша міндеттерді шешуге мұқият зер салуды сұраймын. Бұл, бәрінен бұрын, халықты зейнетақымен қамтамасыз ету мен әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау мәселелері.

Әлеуметтік саланы одан әрі реформалау тұжырымдамасының шеңберінде еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі заңнаманы жетілдіру, заңды түрде жұмыспен қамтуды көтермелеу мен қазіргі заманғы жұмыспен қамту үлгісін қалыптастыруды көздейтін Еңбек кодексін қабылдау мәселесі айрықша тұр.

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Заңның жобасы мүліктің "көлеңкелі" айналымын азайтуға бағытталған. Оны жедел қабылдау шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бұрын жария айналымнан шығып қалған мүліктерін экономикалық айналымға тездетіп қосуға мүмкіндік береді.

Кейбір басқа елдерден бір ерекшелігі, Қазақстанда әлі күнге дейін қызметі еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін террористік, діни-экстремистік ұйымдар мен радикалды бағыттағы дәстүрлі емес секталардың тізбесі қабылданбаған. Осындай тізбені жасаудың құқықтық негізі "Экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл туралы" және кейбір заңнамалық актілерге осы мәселе бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында қамтылған. Экстремизмге қарсы күресті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесі, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалар жауаптылығының негізгі принциптері белгіленді.

Парламент қалған кезеңде адамдардың экономикалық әл-ауқаты мен әлеуметтік көңіл-күйін арттыруға бағытталған жұмысын бұдан да тиімді әрі сындарлы түрде жалғастырады деп сенемін.

Саяси жаңғырту

Біз экономикалық реформалар мен саяси демократияландырудың өзара тәуелді және өзара сабақтас процестер екенін ешқашан ұмытқан емеспіз. Экономикада нарықтық реформа жолымен ілгерілей отырып, біз әрбір қадамымыз сайын саяси ырықтандыру жолымен де жүріп отырдық:

- біз Қазақстанда нақты саяси әралуандықты, көппартиялылықты қамтамасыз еттік;
- нақты әлеуметтік базасы бар әрекетке қабілетті саяси партиялар жұмыс істеуде, олардың сайлау процесіндегі рөлі мен ықпалы артып отыр. Алуан түрлі идеялық-саяси бағыттағы бірқатар жаңа партиялар тіркелді;
- сайлау заңнамасына либералдық өзгерістердің қабылдануы бізге сайлау процестерінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- мемлекеттік институттар биліктің бөлінуі принципі негізінде жұмыс істейді. Құрамында сан түрлі саяси партиялардың, соның ішінде оппозициялық партиялардың өкілдері бар қос палаталы Парламент тиімді жұмыс істеуде;
- қазірдің өзінде бюджетаралық қатынастар реформасы бойынша, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру жөнінде белсенді де мақсатты жұмыс жүргізілуде;
- тәуелсіз сот жүйесін құрудың, қылмыстық жазаны ізгілендірудің берік құқықтық және ұйымдық негіздері қаланды. Біз адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылдық;
- халықтың күллі этностық және конфессиялық топтары арасында тең құқықты қарым-қатынастар нақты қамтамасыз етілген;
- азаматтық қоғам институттары барған сайын белсенді дами түсуде (4,5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді). ҮЕҰ қызметінің құқықтық базасы жетілдірілуде;
- нақты сөз бостандығы қамтамасыз етілген, цензура жойылған, бұқаралық ақпарат құралдары саласы тұрақты қарқынмен дамып отыр.

Оң экономикалық өзгерістер бұлжымастыққа айналған реформаларды өрістетудің нақ бүгінгі кезеңінде біздің жаңа саяси жаңғырту бағдарламасын ұсынуымыз сөзсіз заңды болып табылады. Бұл бағдарлама "Отан" партиясының съезінде баяндалған, қоғамның көпшілік саяси күштерінің қолдауына ие болды.

Бәзбіреулерге істің жайын осылай көрсеткісі келсе де, қандай да бір конъюнктуралық-саяси пайымдаулардан емес, 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының қағидаларын іске асыру үшін және дәйекті де кезең-кезеңді демократияландыру стратегиясы арнасында келесі қадамдарды жасаудың пісіпжетілген объективті қажеттілігіне орай біз қоғамды одан әрі ілгерілетуге бағытталған бірқатар жаңа бастамаларды ұсындық.

Саяси өзгертулерді жүзеге асыра отырып, біз осы қадамдардың бәрі нақты екшелген әрі дәйекті болуға тиіс екендігін ұмытпауымыз керек. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын қуаттай отырып, бұл қадамдар біздің демократия құрудағы стратегиялық мүдделерімізбен үйлесім табуға тиіс.

Бұған дейінгі кезеңде Мемлекет басшысы жанында жұмыс істеген Тұрақты кеңестің негізінде Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөнінде өкілетті Ұлттық комиссияны құратын Жарлыққа қол қойылады.

Біздің қоғамды саяси жаңғырту жөніндегі осынау және өзге де міндеттерді кезең-кезеңмен, стратегиялық тұрғыда екшей отырып шешу Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудын жаңа шептеріне шығарады.

Сайлау – саяси сарабдалдық сыны

Парламенттің осы сессиясының ашылуы маңызды саяси оқиға – енді небары екі аптадан кейін болатын Парламент Мәжілісіне сайлау қарсаңында өтіп отыр. Біздің баршамыздың, бүкіл мемлекетіміз бен халқымыздың алдында саяси сарабдалдығымыз сынға салынар аса жауапты емтихан тұр. Біздің бұдан былайғы даму көкжиегіміз осы сайлауды қалай өткізетінімізге, Мәжілістің жаңа құрамына халық кімді сайлайтынына шешуші түрде байланысты болмақ.

Бұл сайлауға электораттық процестердің заңнамалық базасы сапалық тұрғыда жаңартылды. Мұның өзі сайлаудың барынша демократиялық, әділ де ашық өтуі үшін барлық қажетті алғышарттарды жасайтынына сенімдімін. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер мен алғышарттар бар және біз бұған қол жеткізуге тиіспіз.

Үкімет пен Парламент "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында сайлау процесіне қажетсіз шиеленіс енгізетіндей ұшқарылыққа жол бере қойған жоқ. Қолданыстағы заңнама, егер оның қағидаларын қатаң ұстанатын болсақ, республикада бүгіннің өзінде халықаралық сайлау стандарттарына сай кез келген сайлауды өткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның саяси партиялары сайлау процестерінің толық құқылы субъектілеріне айналуда. Есімізге түсіре кетейік: Парламентке өткен жолғы сайлауда бір мандатты сайлау округтері бойынша саяси партиялардан небары 117 кандидат ұсынылған болатын. Бүгінгі күні сайлауға қатысушы 12 партиядан Парламент Мәжілісінің депутаттығына бір мандатты округтер бойынша 249 кандидат және партиялық тізімдер бойынша тағы да 106 кандидат ұсынылды және оларды Орталық сайлау комиссиясы тіркеді. Тағы 358 кандидат – өзін-өзі ұсынғандар. Сайлауға қатысуға күллі тізімдер бойынша барлығы 713 кандидат жіберілді.

Бұл жолғы парламенттік сайлау мұның алдындағы бүкіл сайлаулардан техникалық тұрғыдан алғанда да принципті түрде ерекшеленетін болады. Елімізде алғаш рет дауыс берудің электрондық жүйесі пайдаланылатын болады.

Дауыс берудің жаңа әдісін енгізу сайлау барысында әр түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алудың ең тиімді тәсілдеріне айналатынына сенімдімін. Оның жалғыз ғана қолайсыздығы – ең қызба сайлаушылар өз сезімдерін қағаз бетінде дауыс беру ережелерінде көзделмеген әр түрлі жазбалар арқылы жазып көрсете алмайды. Бұл қазақстандықтар үшін немесе біздің демократия үшін үлкен шығын емес деп ойлаймын.

Әлемнің көптеген елдері сайлау рәсімдерінде техникалық құралдарды пайдалана бастады. Мамандар алдағы бірнеше жылдың ішінде әлемнің көптеген елдерінде қарапайым дауыс беру тәсілі күрделі өзгерістерге ұшырайды деп есептейді.

Таяуда Индияда әлемдегі ең көлемді электрондық дауыс беру Парламент пен штаттардың Заңнамалық Жиналыстарына сайлау кезінде болды. Оған 600 миллионнан астам азамат қатысты. Электрондық дауыс беру ауыл тұрғындары арасында ең көп сұранысқа ие болып, тіпті бұл елдегі өте көп сауатсыздар үшін де түсінікті болып шықты. Мемлекет дауыс беру рәсімі мен дауыстарды қолмен санау үшін тартылатын ондаған мың қызметшілерді босатудың арқасында елеулі қаражат үнемдеді. Енді төрт азиялық мемлекет индиялық электронды дауыс беру машиналарын сатып алып, сайлау кезінде пайдалану ниетін білдірді.

Электрондық дауыс беру жүйесінің сынақ жобаларын Жапония, Тайвань мен Гонконг бастады. Екі жыл бұрын жапондықтар, мысалы, өз таңдауын дауыс беру машиналарының экранын саусақпен басу арқылы жасады. 2005 жылдан бастап электронды дауыс беру жүйесі Оңтүстік Кореядағы сайлау барысында пайдаланылатын болады. 2002 жылы электронды дауыс беру арқылы Бразилия Президентін сайлау табысты өтті. Осы елдегі электронды жүйені енгізу тәжірибесімен танысқан халықаралық сарапшылар бұл жүйе дауыс беру нәтижелерін бұрмалауды іс жүзінде болғызбайды деп есептейді.

Электрондық дауыс беру эксперименті Румынияда 2003 жылғы қазан айында өткен Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі ұлттық референдум барысында ойдағыдай өтті. Ағымдағы жылғы маусым айында Испанияда Интернет пен ұялы телефондар пайдаланылып референдум өткізілді. Техникалық қамтамасыз ету мінсіз жұмыс істеді. 2002 жылы АҚШ Конгресіне сайлауда дауыс беру кезінде пайдаланылған арнайы сенсорлық экрандар мен өзге де жоғары технологиялық қондырғылар күткендегідей көп проблема тудырған жоқ.

Электрондық дауыс беруді әр түрлі сайлаулар кезеңінде бірнеше жыл бойы Голландия, Бельгия, Ұлыбритания пайдаланады. Бұрынғы кеңестік Эстония "Электрондық демократия" жобасын іске асыруға кірісті.

Біз дауыс беру мен сайлаушының сәйкес келу технологиясын жаңартудың өзіндік нұсқасын таңдадық. Алайда, "Сайлау" бағдарламасына бөтен біреу араласып, сайлау нәтижесіне ықпал етуі мүмкін деген қауіп бар. Мамандар алдағы сайлауда пайдалану көзделіп отырған электрондық бағдарламалардың шифрын шешу мүмкін емес деп есептейді. Сайлау күні ақпарат сенімді қорғалады және кез келген араласуға жол берілмейді.

Мұның тың қадам екенін ескере отырып, біздің жағдайда сайлауды электрондық жүйені пайдалану арқылы өткізуді техникалық тұрғыдан неғұрлым дайын өңірлерде республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар әкімшілік-аумақтық бірліктердің жалпы санының 10 пайызын ғана қамтып

өткізуге болар еді. "Қазақтелеком" коммуникациялар өткізіп, қабылдаған жерлерде өткізуге болар еді. Орталық сайлау комиссиясы барлық азаматтардың сайлау және сайлану құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Сайлауды ойдағыдай өткізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарының тиімді жұмысы шешуші маңызға ие болады.

"Қара пиар" дейтінді, лас ақпараттық қақтығыстарды пайдалануға, қарсыластарға жала жабуға жол берілмейтіндігін баса айтқым келеді. Мұндай фактілердің бәрі тіркеледі және заңның талабына сай қарастырылатын болады. Осыған байланысты мен осынау биік мінберден күллі БАҚ-тарға сөз арнап, электораттық кезеңде жоғары жауапкершілік пен азаматтық ұстаным танытуға шақырамын.

Тұтастай алғанда елдегі сайлау алдындағы ахуал тұрақты. Сайлауды ойдағыдай өткізу үшін барлық қажетті ұйымдық жағдайлар жасалған.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, халықтың көпшілігі қоғамда жүргізілген реформаларды қолдайды, нарық жағдайларына бейімделген, елдегі тұрақтылыққа және жүргізіліп отырған саясаттың болжамдылығына мүдделі. Халық біздің көп ұлтты мемлекетімізде орныққан келісімді ерекше бағалайды және ел басшылығының ұстанымын қолдайды.

Сайлаудың ойдағыдай, әділ бәсекелестік күресте өтетініне, ал біздің азаматтар оған белсене қатысып, тұрақтылық пен өркендеу үшін тағы да дауыс беретініне бізде толық сенімділік бар!

Тұрақтылық пен қауіпсіздік – уақыт талабы

Беделді халықаралық сарапшылар мен институттардың бағалары мынаны қуаттайды: Қазақстан тәуелсіздік жылдары қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ете алды, ал онсыз бұдан былайғы прогресшіл дамудың қандай да бір жоспарлары мен болашағы туралы айту мүмкін емес.

Саяси тұрақтылық біздің түсінігімізде және біздің тәжірибемізде тоқырау түсінігімен ешбір қосылмайды. Тұрақтылық біз үшін – бұрынғы жағдайды ұстап тұру да, сақтау да емес. Мұндай тұрақтылықтан біз үзілді-кесілді бас тартамыз. Біз орнықтырып жатқан саяси тұрақтылық – бұл даму жағдайындағы тепе-теңдік нүктесі, бұл жаңғыртылу үстіндегі қоғамның тұрақтылығы, прогресс пен өркендеу жолындағы ілгері қозғалыстың орнықтылығы.

Жаңа ғасырдың басы аймақтар дамуының деңгейіндегі барған сайын өсіп отырған тепе-теңсіздіктен туындайтын әлемдегі лаңкестік белсенділіктің күрт артуымен ерекшеленеді. Дүниені лаңкестік әрекеттердің жаңа толқындары қармады. Жер бетінде лаңкестіктің алапат күші туралы білмейтін өңір іс жүзінде қалған жок.

Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген 2001 жылғы 11 қыркүйектегі американ қасіреті іс жүзінде жаңа дәуірдің бастауы болды, онда лаңкестік күллі адамзатқа қарсы бағытталған ең қауіпті қаруға, жаһандық тайталастың жаңа формасына айналды. Бұдан кейін әлемде көптеген ірі лаңкестік әрекеттер орын алды. Ираста, Ауғанстанда, Израильде, Палестинада күн сайын дерлік лаңкестер қолынан

адамдар қаза табуда. Лаңкестер өз әрекеттерінің тактикасын өзгертіп отырады. Олар тек "көзсіз" лаңкестік ландар салып қана қоймай, лаңкестікке қарсы коалицияға қатысушы елдерге ықпал етуге ұмтылуда.

Лаңкестік қаупі біздің өңірде де өршіп келеді. Биылғы жылы 1999 жылдан кейін алғаш рет көршілес Өзбекстанда осы жылдың көктемі мен жазында Бұхара мен Ташкентте лаңкестік әрекеттердің тұтас шоғырларын жасаған лаңкестік топтар жандана бастады.

Мәскеу лаңкестік әрекеттердің нысанасына айналуда. Көпқабатты тұрғын үйлердің жарылысы, театр орталығында "Норд-Ост" қойылымы кезінде адамдарды кепілдікке алу... Бұл қасіретті күндердің тізімін жалғастыра беруге болады.

Қазіргі заманғы халықаралық жанжалдардың көпшілігінің бастаулары әлеуметтік және экономикалық арнадан тамыр тартатындығы жөнінде біз үздіксіз мәлімдеп келеміз. Әлемде сақталып отырған және, бастысы, ұлғайып келе жатқан табыс деңгейін, әлеуметтік қызметтерге қол жеткізудегі, білім мен технологиялардың таралуындағы алшақтық халықаралық жанжалдардың сөзсіз ушыға түсуінің кепілі болып табылады.

Ал соңғы жылдар оқиғалары бүгінгі әлемде ешкімнің экстремизм мен зорлық-зомбылықты экспорттау қатерінен сақтана алмағанын көрсетеді.

Жаһандану бейне бір күллі геосаяси күштерді геосаяси текетірес ықпал аймағын кеңейтуге итермелей түскендей. Діни экстремизм бізде де өз күшін сынап көруде. "Хизб-ут-Тахрир" діни саяси партиясының заңсыз қызметі ашық түрге көше бастады. Халықаралық эстремистік күштер конституциялық құрылысты өзгерту және Орталық Азияда ислам халифатын құру жөніндегі ниеттен бас тартар емес. Егер 2003 жылы осы ұйымның мыңға жуық парақшалары қолға түссе, биылғы жылы қазірдің өзінде 11 мың парақшасы ұсталды. Ал біз экстремизмге қарсы заңды еш қабылдай алмай отырмыз.

Қазақстанның ашықтығы халықаралық саясаттағы барлық белсенді ойыншыларды қызықтыратындықтан да, бізде экстремистік ұйымдар ықпалының артуы да әбден мүмкін. Оның үстіне лаңкестік әрекеттердің Қазақстан шекарасынан ондаған шақырым қашықтықта орын алып отырғаны да бірінші жыл емес.

Лаңкестік тұрақтылық жоқ жерде, конфессияаралық және ұлтаралық төзбеушілік, осы негіздегі қарама-қайшылықтар мен шиеленістер орын алған жерде өзін нәрлендіретін негіз табуға бейім. Және де, Қазақстанда бейбітшілік пен тыныштықтың салтанат құруына қарамастан, бізге ешқандай да босаңсуға болмайды. Тұрақтылық пен келісім өзінен-өзі келмейтінін әрдайым жадымыздан шығармау керек.

Бұл Қазақстан қоғамының мемлекеттік те, сондай-ақ мемлекеттік емес те барлық өкілдерінің бірлескен күш-жігерінің жемісі. Және де мұндай практика тұрақты назарда ұстауды, нақты заңнамалық қолдауды қажет етеді.

Бұл жерде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы кез келген этносаралық және конфессияаралық проблемаларды шешудің өркениетті, баршаға қолайлы

және демократиялық тетігі ретінде орасан зор рөл атқарады. Елдегі келісім мен тұрақтылыққа ешқандай саяси қызбалықтың, тіпті сайлау уақытында да, залал келтірмеуге тиістігі жөнінде баршаны тағы да бір ескертуге міндеттімін. Елдің Конституциясы мен заңдары біздің қоғамымызда алауыздық ұрығын себуге тырысатындарға қарсы қорғану шараларын нақты айқындайды. Тұрақтылықсыз баршаның бақуатты болмасын халқымыз жақсы түсінеді. Біздің халықтың кемел даналығы да осында.

Біздің түсінігімізде Қазақстан ұлты – елде тұратын этностардың ерікті ассоциациясы, олардың этностық сан алуандығы сақталған мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық бірлігі.

Этносаралық және конфессияаралық келісім жалпықазақстандық мәдениеттің ажырағысыз қасиеті болуы керек. Мұнда өзіндік бір қазақстандық рух болуы тиіс. Біз оны өзіміздің мінез-құлқымыздың ұлттық сипаты деп санауға тиіспіз.

Біз шиеленістің басқа да көріністеріне жол бермеуге тиіспіз. Рушылдықтың, таптық теке тірестің немесе жершілдіктің өсуіне, меншікті қайта қарау немесе қайта бөлу ниетіне жол беруге болмайды.

Қазір, сайлау науқаны нағыз қызып тұрған шақта, кандидаттардың радикалдық және экстремистік желбуаз сөздерді іс жүзінде қолданбауы қуантады. Мұның өзі "саяси аурулардың" көпшілігіне қарсы иммунитетті қалыптастыра алғанымызды айғақтайды.

Сайлау – саяси жүйені нығайтудың аса маңызды тетіктерінің бірі екенін зердемізде ұстаған жөн. Және де осы тұрғыдан алғанда сайлау дегеніміз – саяси қауіпсіздіктің факторы.

Мүмкіндікті пайдалана отырып, мен Қазақстанның тұрақтылығын нығайту ісінде атқарған жұмыстары үшін депутаттарға тағы да алғыс айтқым келеді. Осы жолда жеткен жетістіктерімізде сіздердің де үлестеріңіз аз емес.

Парламенттің қазіргі құрамындағы көптеген депутаттардың қайтадан Мәжіліс депутаттығына кандидат болып дауысқа түсетінін білемін. Сіздерге табысты сайлау науқаны мен жеңіске жетуді тілеймін. Сіздерді осынау залда, дұрысында, жаңа залда, елорданың жаңа әкімшілік орталығында көрерміз деп үміттенемін.

Құрметті халық қалаулылары!

Өздеріңіз көріп отырсыздар, қоғамдық, мемлекеттік өмірдің сан-саласында қол жеткен табыстар аз емес. Бірақ әлемдік өркениет көші бір орында тұрмайды. Қолда бардан айрылып қалмау үшін әрі оны одан әрі жетілдіру үшін бұрынғыдан да артық ынтамен, жауапкершілікпен іс жасауымыз қажет.

Бұл жолда Парламенттің атқаратын рөлі өте биік екені белгілі. Парламент бар кезде де менің ұсыныстарым мен жүргізіп отырған саясатыма қолдау көрсетіп отырды деп айта аламын.

Реформа бір күнде орындалмайды. Саяси-әлеуметтік жағдайларға сай әр істің өзінің уақыты, кезеңі болады.

Барлық реформаларға негіз болатын экономикалық мәселелер оң шешімін тапқаннан кейін саяси модернизацияны іске асыруға қолайлы кезең туды.

Ең бастысы – екі аптадан астам уақыттан кейін халық Мәжілістің жаңа құрамына дауыс береді. Қазір сайлау алдындағы қызу айтыс-тартыстар жүріп жатыр.

Мінеки, осындай саяси бәсеке жағдайында депутаттар үлкен сабырлылық танытып, елдің бірлігіне, халқымыздың мүддесіне сай мінез көрсетіп, күн тәртібінде тұрған заңдардың сапалы түрде уақтылы қабылдануын қамтамасыз етеді деп сенемін.

Қазақстан Республикасы Парламентінің кезекті алтыншы сессиясы ашық деп жариялаймын.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті бірінші сессиясының ашылуында 2004 жылғы 3 қарашада сөйленген сөз

Құрметті депутаттар!

Құрметті шақырылған азаматтар!

Қадірменді отандастар!

Мен ең алдымен Мәжілістің жаңадан сайланған депутаттарын бүкіл қазақстандықтардың атынан құттықтаймын. Сіздер бүгін жеңіс тұғырынан көрініп отырсыздар. Дәл бүгінгі күннен бастап Сіздер өздеріңіздің игі ниеттеріңізді халқымыздың игілігі үшін толығымен іске асыра аласыздар. Сайлау алдындағы сөз сайысы артта қалды, нақтылы әрі жасампаздық істердің кезеңі туды.

Ендігі жерде еліміздің бұдан былайғы дамуының тиімділігі, сапасы мен қарқыны Парламенттің жаңа құрамының алдағы бес жылдағы жұмысына байланысты болмақ. Сіздердің заңнама түзу жолындағы қызметтеріңіз, барлық уақыттағыдай, еліміздің екі мың отызыншы жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағыты аясында жүргізіліп жатқан жасампаздық істердің қисыны мен кезеңдеріне үйлесімді болуға тиіс.

Жаңа Парламенттің жұмысының басталуымен біз Қазақстан қоғамының, толыса түскен, өзінің күші мен мүмкіндігін сезініп, келешекке бағдар ұстаған қоғамның дамуының келесі кезеңіне қадам басамыз.

Біздің мемлекетіміздің дамуының он үш жылдай кезеңі артта қалып отыр.

Осы уақыттың ішінде Қазақстан таңданарлық табыстарға қол жеткізді.

Біз әлемдік қоғамдастықта лайықты орнын алып, өңірлік, әрі одан да ауқымды жаһандық экономикалық және саяси проблемаларды шешуде тең құқылы әріптеске айналған мемлекет орнаттық.

Біз еліміздің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз еттік.

Біз ортақ үйімізде татулық пен келісімді сақтай білдік.

Біз нарықтық экономика құрып, жоғары экономикалық өсімге қол жеткіздік.

Егер осыдан он жыл бұрын жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім жеті жүз доллардан сәл ғана асатын болса, биылғы жылы екі жарым мың долларға жететін болады. Яғни, өсім үш еседен де асып отыр!

Келесі жылы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімді біз үш мың доллар шамасында болжап отырмыз. Әлбетте, бұл нашар көрсеткіш емес, дегенмен, дамыған елдерде мұның өзі жиырма мың және одан астам соманы құрап отыр ғой. Біз де осындай деңгейге жақындай түсуге қажымай-талмай ұмтылатын боламыз.

Халықаралық үш жетекші рейтингтік агенттік біздің елімізге инвестициялық рейтинг беруді ұйғарды. Осы орайда Қазақстанның рейтингі таяуда Еуроодаққа кірген елдердің деңгейінде екенін атап көрсеткен әбден орынды. Біз болашақта сол елдердің деңгейіне жетуге, тіпті олардан асып түсуге тиіспіз.

Еліміздің жалпы ішкі өнімінің өсімін екі мыңыншы жылмен салыстырғанда екі мың оныншы жылға қарай екі есе өсіру жөніндегі міндетімізді біз уақыттан оза орындап келе жатырмыз. Болжамдарымызға сүйенсек, біз бұған 2008 жылдың өзінде жете аламыз.

Жалпы ішкі өнімнің өсімі – ғайыби ұғым емес, ел азаматтарының кірісінің өсу деңгейі, мемлекеттің денсаулық сақтаудағы, білім берудегі, әлеуметтік қамсыздандырудағы бағдарламаларды кеңейту мүмкіндіктері тікелей соған байланысты. Мұны әрбір қазақстандық бүгінгі күннің өзінде сезініп отыр.

Мінеки, қараңыздар. Біз таңданарлық қысқа мерзімнің ішінде еліміздің орталығында Қазақстанның жаңа Елордасын тұрғыздық. Астана көрген жанды таңқалдырып, тамсандыра бастады. Астана барша қазақстандықтардың мақтан тұтар жауһарына айналды.

Дегенмен, менің ойымша, тоқмейілсуге әлі ерте. Қол жеткен табыстар еліміздің дамуындағы жаңа дәуірдің, жаңа кезеңнің бастауы болуға тиіс.

Біз алдымызға неғұрлым биік межелер қоюға тиіспіз.

Құрметті депутаттар!

Сіздердің шақырылымға бес жыл мерзім беріліп отыр. Мен бүгін Қазақстанның екі мың отыз жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жолында осы бес жылдың ішінде не істеуіміз керек екені жөніндегі пайымымды ортаға салуды ұйғардым.

* * *

Қазақстан экономикалық және әлеуметтік дамуда осы өңірдегі өзінің ілгергі орнын алдағы уақытта да сақтап қалуы керек.

Мен Қазақстан өзінің азаматтары үшін жоғары тұрмыстық стандарттар жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға әрі әлемдік қоғамдастыққа теңқұқылы кірігуге тиіс екеніне кәміл сенімдімін.

Мен бұл бағытта қандай негізгі міндеттер бар деп білемін? Ондай міндеттер бірнешеу.

Бірінші. Қазақстандықтардың білімі мен кәсіптік деңгейінің сапалық өсуін қамтамасыз ету.

Біз экономиканың бәсекеге қабілетті үлгісін таңдадық, сөйтіп, еліміздi индустриялық-инновациялық дамытуға бет бұрдық. Бұл болашақтың стратегиясы.

Ұлы Абай: "Егер де мал керек болса – қолөнер үйренбек керек" деген еді. Оның сөздері, менің ойымша, осы заманғы білім беру идеологиясын мейлінше дәл бейнелейді.

Бірінші кезекте өскелең ұрпаққа сапалы, әлемдік стандарттардың деңгейінде білім беру керек, бұл ретте бүгінгі мамандардың біліктілігін арттыруды да естен шығармаған жөн.

Екі мың сегізінші жылдан бастап біз әлемнің дамыған елдеріндегі сияқты, балаларға он екі жылдық білім беруге көшеміз.

Демек, орта білімнің шын мәнінде сапалық тұрғыдан жаңа болуы үшін мұғалімнің мәртебесін өзгерту қажет. Бұл жақсы еңбекақы төленетін, ең бастысы – беделі биік, керек мамандық болуы қажет.

Осы мақсатта екі мың алтыншы жылдан бастап екі жылдың ішінде кезеңкезеңімен мұғалімдердің жалақысын көтере беру керек. Тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының басымдығы бірінші кезекте мұғалімдерімізге берілуі керек.

Біздің оқушыларымыз батыстың жетекші оқу орындарында оқуға қабілеттерінің қаптал жететініне сенімді болуы керек.

Олардың ең лайықтыларына оқу ақыларын төлеуге мемлекет жәрдемдесетін болады.

Әрине, сырт елдердің жоғары оқу орындарында оқуға әркімнің мүмкіндігінің бола бермеуі де ықтимал. Яғни, біздің жоғары оқу орындарымыз өздерінің дипломдары дүние жүзінде танылуы үшін әлемдік стандарттар деңгейінде білім беруге тиіс. Әлбетте, бүгін солардың бәрінде бірдей мұндай мүмкіндік жоқ. Сондықтан да әлемдік деңгейдегі санаттық университеттер тобын – қазақстандық гарвардтар мен оксфордтар жасақтауды қолға ала бастау қажет.

Тегінде, Жапония мен Кореяда, сондай-ақ басқа алдыңғы қатарлы дамыған елдерде өздерінің жоғары оқу орындарын бітіргендер сыртта білім алғандарға қарағанда жоғары бағаланады. Біз үшін бұл өнеге аларлық мысал.

Жоғары оқу орындарымызда дәріс беруге Ресейден, Батыс Еуропадан, Америкадан әлемнің жетекші ғалымдарын кеңінен тарту керек деп санаймын.

Маған елімізден әр кезде көшіп кетіп, қазір Батыста және Ресейде сабақ беріп жүрген қанша қазақстандық ғалымдардың бар екенін кім айтып бере алар еді? Олар өздерінің отанына көмектесуге әзір деген ойдамын, біз де оларға барлық жағдайды туғызар едік.

Алдағы жылдары индустриалды-инновациялық дамудың нақтылы қажеттіліктерін ескеріп, оқуға берілетін гранттар мен кредиттердің санын жыл сайын көбейте түсу керек.

Тәуелсіздік жылдары ішінде салихалы теңдестірілген ұлтаралық және тілдік саясат жүргізудің арқасында біз тілдердің нағыз еркіндігі мен тең құқылы болуына, этномәдени мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға, ұлттардың үндесуіндегі шынайы өзара құрметтеушілік пен этносаралық қатынастардың биік мәдениетіне қол жеткіздік.

Мұның бәрін де біз өз өміріміздің шынайы қағидасына және болмысымыздың бұлжымас ақиқатына айналдыра білдік. Біздің тәжірибемізді ТМД-дағы әріптестеріміздің ынта қоя қабылдап жатуы – соның айқын айғағы.

Талай мәрте айтып келдім және тағы да қайталап айтудан қаймықпаймын: мен қазақстандықтардың жас ұрпағын үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерген адамдар ретінде көргім келеді.

Бәріміз біліп отырмыз, мәселе тіпті де тілдің мәртебесінде емес, айталық, мәртебесі еліміздің заңнамалық өрісінде көрсетілмесе де, ағылшын тілінің әлемдегі қарымы өзін-өзі насихаттап отырған жоқ па!

Мысалды алыстан іздеудің де керегі жоқ: Еуропада мектеп бітірушілер мен студенттердің бірнеше тілде емін-еркін сөйлесуі – талайдан бергі дағды, күндердің күнінде біз де бұған жетеміз.

Мемлекеттің, экономиканың және ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің бір кепілі де, міне, осында жатыр.

Екінші. Бізге дені сау ұлт керек.

Жуырда мен Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың екі мың оныншы жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын бекіттім.

Екі мың бесінші жылдан бастап біз екіден бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ диспансерлік есептегі балалар мен жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Жасы үлкендерді жыл сайынғы тегін профилактикалық, медициналық тексеруден өткізуге де көшуіміз қажет. Бұл үшін медициналық мекемелерге қажетті жағдайлар туғызуымыз керек.

Біз халық саны кемуінің теріс үрдісін де еңсере бастадық.

Биыл біз қайтадан он бес миллиондық межеге жеттік, соның ішінде бұған табиғи өсімнің де себі тигенін айтқан жөн. Тұтас алғанда, қазақстандықтар жүз сексен мың адамға көбейді.

Дегенмен түйін түбегейлі шешілген жоқ, яғни тууды көбейту мен өлімді, әсіресе балалар мен аналардың өлімін кеміту біздің ұдайы жіті назарымызда болуға тиіс.

Алдағы бес жылда біздің барлық өңірлерде туберкулезге қарсы мекемелер мен сәбиханаларға деген қажеттілікті толығымен өтеуіміз, көп салалы емханаларды күрделі жөндеуден өткізуіміз қажет.

Дәрігерлердің жауапкершілігін күшейту, олардың әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдағы беделін көтеру міндет. Мұғалімдер сияқты келесі жылдан бастап екі жыл бойы олардың да жалақысын кезең-кезеңімен арттыру қажет.

Денсаулық сақтау жүйесін ілгерілетумен бірге, салауатты тұрмыс салтын насихаттауды күшейту, дене шынықтыру мен спортты, профилактикалық қызмет жүйесін дамыта беру қажет.

Біз ұлтымыздың денсаулығын нығайтуға нақ осындай кең мағынасында ұмтылатын боламыз.

Үшінші. Ұлттың қуаты жасына немесе денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істей алмайтын, өздігінен табыс табу мүмкіндігі жоқ жандарға жасайтын қамқорлығына да байланысты.

Бүкіл әлемде экономикалық өркендеуіне қарай мемлекет әлеуметтік қорғау мәселелеріне көбірек көңіл бөле бастайды.

Осы мақсатта Әлеуметтік реформаларды тереңдете берудің екі мың жетінші жылға дейінгі бағдарламасы әзірленіп отыр.

Біздің мемлекет жұмыс беруші және жұмысшы арасындағы жауапкершілікті таразылай отырып, қаржылық тұрғыдан тұрлаулы, экономикалық

жағынан тиімді әрі әлеуметтік әділетті үш деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жасауымыз қажет. Бұл үздік әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері бар іргелі әлем елдерінің тәжірибесі.

Қазіргі кезде әлеуметтік төлемдердің барлық мөлшерлері айлық есептік көрсеткішке (АЕК) сүйеніп жасалады, оның өзі де тіршілікке керек игіліктер мен қызметтің ең төменгі әлеуметтік қажетті деңгейін нақты бейнелей алмайды.

Осыған орай, екі мың алтыншы жылдан бастап барлық әлеуметтік төлемдерді іргелік әлеуметтік индикатор – ең төмен күнкөріс негізінде, оның есептік әдіснамасын жетілдіру арқылы, есептеп шығару қажет деп санаймын.

Мұның өзі ең төменгі қажеттіліктерді қанағаттандырудың мемлекеттік кепілдіктерін іске асыруға, бірінші кезеңнің өзінде зейнетақылық төлемдердің орташа өсімін жиырма пайызға көтеруге, содан кейін де арттыра беруге мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы жүйесінің ең өзекті мәселесі зейнетақы жинақтамаларының есебінен зейнетақылардың сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.

Әйелдер мен өздігінен жұмыс істейтін адамдардың зейнетақыларының аздығы да проблема болып отыр, өйткені олардың жинақтаушы зейнетақы қорларына жасайтын аударымдары тым аз.

Сондықтан қазірдің өзінде зейнетақы жүйесіне зейнетақылардың деңгейін көтеруге мүмкіндік беретін белгілі бір әлеуметтік кепілдіктер енгізу қажет.

Осы мақсатта мен екі мың алтыншы жылдан бастап, барлық зейнеткерлерге жұмыс өтіліне, табысына және зейнетақысының мөлшеріне қарамастан, беріліп жүргеніне қосымша баршаға бірдей ай сайынғы төлемдер енгізуді немесе іргелік зейнетақы деп аталатын зейнетақыны белгілеуді ұсынамын. Оның мөлшері екі мың алтыншы жылы тұрмыстық ең төменгі қажеттіліктің жиырма пайызын құрауға немесе шамамен бір жарым мың теңге болуға тиіс.

Содан кейінгі жылдары біз оны тұрмыстық ең төменгі қажеттіліктің жетпіс бес пайызына дейін жеткізуіміз керек.

Ана мен баланы қорғау, балалы отбасыларын қосымша қолдау, тууды көтермелеу, сондай-ақ демографиялық ахуалды жақсарту мақсатында мыналарды ұсынамын.

Сіздерге мәлім, өткен жылдан бері сәбидің дүниеге келуіне байланысты бір мезгілдік жәрдемақы төленіп келеді.

Соған қоса, екі мың алтыншы жылдан бастап:

- тұрмысы төмен отбасыларына балалары он сегіз жасқа толғанға дейін ай сайынғы жәрдемақы енгізіп, оларды мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар құрамынан шығару;

- қолдарында тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалары бар көп балалы аналарға, "Алтын алқа", "Күміс алқа" немесе бірінші және екінші дәрежелі "Ана даңқы" омыраулықтарымен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін екі еседен астам ұлғайту қажет.

Екі мың жетінші жылдан бастап сәбидің күтіміне байланысты бір жылға дейінгі мемлекеттік жәрдемақы енгізу қажет.

Сіздерге мәлім, менің Жолдауыма сәйкес келесі жылдан бастап мүгедектердің барлық топтарына берілетін жәрдемақының мөлшері едәуір арттырылады. Айталық, бірінші топтағы мүгедек он мың теңгедей алатын болады.

Жеңістің мүшелтойына байланысты мен ұсынған соғыс ардагерлеріне арналған қосымша әлеуметтік қолдау шараларының үстіне келесі жылы барлық тыл еңбеккерлеріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығын беруді қарастыру қажет деп санаймын.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат жұмыс істей алмайтын адамдарды қолдаудың ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Ол күнкөріс деңгейінен төмен болмауы керек. Жұмыс істеуге жарамды адамдар болса, өзінің сақтандыру қорларына жасаған аударымдары арқылы осы төменгі деңгейге қосымша кіріс алатын болады.

Біздің масылдыққа жол бермеуіміз керек екенін өз басым қуаттаймын. Біздің саясатымыз адамды еңбекке ынталандыруға бағытталады, адам өзінің кәрілік шағын өзі қамсыздандыруға тиіс.

Төртінші. Біз ұзақ мерзімді келешекке бағдарланған ауқымы жағынан теңдесі жоқ тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алдық.

Ол жалпыға танылған тиімді нарықтық тетіктерге (ипотекалық кредиттеу, құрылыстық үнемдеу жүйесі), сондай-ақ халыққа арналған арзан қол жетерлік тұрғын үйлер салу жөніндегі ұсыныстарды мемлекеттік көтермелеу шараларына негізделеді.

Бағдарлама үш жылға есептеліп отыр. Осы кезеңде біз он екі миллион шаршы метрдей тұрғын үй салуға тиіспіз, мұның өзі бір жүз тоқсан бес мың отбасы жаңа пәтерлер алады деген сөз.

Халықтың әлеуметтік қорғалған топтары үшін бұл жылдары бес мың жаңа пәтер салынуы керек.

Алдағы жылдардағы басты басымдық экономиканы диверсификациялау болады.

Маңызы бұдан бір де кем емес келесі міндет – шағын және орта кәсіпорындар секторын серпінді дамыту.

Кез келген мемлекеттің тұрлаулы дамуының тірегі болып табылатын біздің орта табымыз да бүгін нақ солардың төңірегінде қалыптасатын болады.

Мен өзіміздің екі мың онынші жылға және екі мың он бесінші жылғы кезеңге дейінгі іс-қимылымыздың екі бағытын ұсынамын.

Бірінші. Индустрияландыру.

Бұл еліміздің бүгінгі экономикалық әлеуетін айқындайтын экономика секторлары (мұнай-газ және металлургия секторлары), мұнда біз неғұрлым жоғары аралықтарды енгізуге әрі жаңа индустриялық кластерлерді қалыптастыруға баса мән беруіміз керек.

Біздің машина жасау, химия және мұнай-химия, құрылыс индустриясы мен жеңіл өнеркәсіп салаларын дамытуда да едәуір әлеуетіміз бар.

Келешегі мол келесі бағыт – ауыл шаруашылығы өнімдерін кәдеге жарату мен аграрлық-индустриялық кластерлерді, атап айтқанда оңтүстік Қазақстанда мақта және шарап қайнату кластерлерін қалыптастыру.

Екінші. Сапалық жаңа экономиканы, білімге негізделген экономиканы қалыптастыруға серпін беретін "нүктелерді" қалыптастыру мен дамыту.

Қазақстан келешекте осы өңірдің іргелес жатқан, жедел дамып келе жатқан экономикалары үшін жоғары технологиялық тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетуге бағдарланған қызмет көрсетуші технологиялық орталығына айналуға тиіс.

Біз үшін өзіміз сияқты әлемнің аса ірі индустриялық елдерімен іргелес жатқан Канада, Австрия сынды елдердің өнегесі құп аларлық.

Бүгінгі біздің әлеуетіміз – экспортқа бағдарланған қаржылық, телекоммуникациялық, көлік, сауда және ақпараттық қызмет.

Айталық, Алматыда Қазақстан үшін де, күллі осы өңір үшін де халықаралық деңгейдегі қаржылық қызметтің кең ауқымын көрсетуге маманданған халықаралық қаржы орталығын құруға барлық мүмкіндік бар.

Келесі бір дара бағыт – ғарыштық қызмет саласындағы аршынды қадамды қамтамасыз ету, яғни, біз биылғы жылдың соңына дейін тиісті бағдарлама қабылдауымыз керек.

Жыл сайын Бүкіл дүниежүзілік Экономикалық Форум көптеген өлшемдер: технологиялылық, макроэкономикалық ортаның жағдайы, қоғамдық институттардың дамуы бойынша мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігі жөнінде есеп әзірлейді.

Таңданарлығы сол, осы тізімде ұлттық бәсекеге қабілеттілігі турасында АҚШ-тың өзін артқа тастап, соңғы жылдары жаңа технологиялар мен инновацияларды белсене енгізудің есебінен әлемнің барынша серпінді дамып келе жатқан елдерінің қатарына енген Финляндия бірінші болып тұр.

Келесі жылдан бастап осы есепте Қазақстан да қаралатын болады. Менің ойымша, біз өзіміздің алдымызға осы тізімнің алдында тұрған елу елдің қатарына кіру жөнінде өршіл міндет қоюымыз керек.

Менің тапсырмам бойынша қазіргі кезде біздің экономикамыздың өңірлік және халықаралық ауқымдағы мейлінше бәсекеге қабілетті секторларын анықтау, нарықтарды бағамдау жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр.

Біздің міндет – ішкі нарықты игеріп қана қоймай, өңірлік нарыққа шығып, бекінуге мүмкіндік беретін салалар мен қызмет көрсету аяларын барынша дамыту. Бұл дегеніміз – күллі Орталық Азия, Батыс Қытай, Ресей Федерациясындағы Сібір, Орал және Еділ бойы.

Алдағы кезеңде осы аталған міндеттерді іске асыруға мемлекетіміздің салық саясаты да бағытталуы керек.

Бұл саясат жаңа технологияларды әзірлеу мен енгізуді көтермелеуге, пайдалану саясатын өзгерту арқылы тозығы жеткен негізгі қорларды жаңартуға, сапа мен экологиялық менеджменттің ИСО 9000 және 14000 халықаралық стандарттарының жүйелерін енгізуге бағытталуы керек.

Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асырудың белсенді сатысына қадам басу бізден даму институтарының өзіндік мүмкіндіктері мен олардың өзара тиімді ықпалдастығын күшейтуді талап етеді.

Біз бүгін экономикалық реформалар қарқыны жөнінен, соның ішінде қаржы секторында Достастық мемлекеттерімен салыстырғанда көрнекті табыстарға жеттік.

Мұның өзі едәуір дәрежеде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүргізуімізге, мемлекеттік қаржының жағдайына және Ұлттық қордың болуына байланысты қолымыз жеткен табыстар.

Қаржы жүйесін дамытуды жалғастыра беру қажет.

Қор нарығы әлі де кібіртіктеп, дұрыс жұмыс істей алмай келеді. Ендігі жерде оның рөлі қаржы ресурстарының ықтимал инвесторлардан қарыз алушыларға ұйымдасқан түрде ойысуын қамтамасыз ететін маңызды буыны ретінде міндетті түрде түбегейлі кеңеюге тиіс. Қаржы нарығының даму жолдары белгілі. Үкімет пен Ұлттық банк осында туындаған проблемаларды, әлбетте, дамудағы артта қалушылықты батыл еңсеруге тиіс.

Инвестициялық банкингті дамытудың, венчурлық қорларды құрудың келешегі кемел болып көрінеді.

Шағын бизнесте, ең алдымен ауылда дамыту үшін, шағын кредит ұйымдарының желісін кеңейту керек.

Қазіргі кезде кредиттердің басым үлесі негізінен артықшылықтар алған ірі компаниялар мен дараланған өнеркәсіп-сауда топтарының жобаларын қаржыландыруға бөлініп жүр.

Біздің банктер шағын және орта өндірістік бизнесті кредиттеуге келгенде неге сараңдық танытады?!

Алдыңғы жылдары қаржы секторы үшін оны экономикамыздың көшбасшысы ретінде қалыптастыру қамымен артықшылықты жағдайлар жасалғаны белгілі.

Ендігі жерде біз оның нақтылы қайтарым беруін талап етуіміз керек және талап ететін боламыз.

Бүгін біздің экономикамызда инвестициялық ресурстар бар. Банктердің, зейнетақы қорларының, сақтандыру компанияларының активтері жедел өсіп келеді. Алайда олар ұзақ мерзімді мақсаттар жолында толымды жұмыс істей алмай отыр.

Индустриялық-инновациялық даму міндеттеріне сәйкес қаржы институттары экономиканың нақтылы секторындағы инвестициялық жобаларды кредиттеуді кеңейтуге, нарықтың барлық субъектілерінің қолы жететін жаңа қаржы тетіктерін енгізуге тиіс.

Экономикамызды дамыту үшін зейнетақы қорларының активтерін де іске қосу қажет.

Көріп отырсыздар, алдымызда тұрған міндеттер көп, демек, масайрауымызға негіз жоқ.

Одан әрі монополиясыздандыру, меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар үшін шаруашылық жүргізуге бірдей жағдайлар туғызу, кінәратсыз бәсекелестікті дамыту – біздің экономикамызды, ең алдымен, шағын және орта бизнесті тиімді дамытудың бірден-бір шарты.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы жоғары шоғырлану дәрежесімен сипатталады. Он шақты мегахолдинг бүгін іс жүзінде Қазақстанның бүкіл жалпы ішкі өнімінің сексен пайызын бақылауында ұстап отыр.

Бұл холдингтер негізгі қызметінің сыртында еншілес кәсіпорындары арқылы өздеріне үйлеспейтін толып жатқан уәзипалар атқарады, мұның өзі олардың қызметінің ашықтығы мен тиімділігіне салқынын тигізіп келеді. Олар, әдетте, бәсекелестердің пайда болуына қарсы, сол себепті де шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіреді.

Соның салдарынан салық салынуынан жалтару мен трансферттік баға түзу орын алады, менеджер-акционер арасында түйткілдер туындайды, қор нарығын, шағын және орта бизнесті дамытуда кедергілер пайда болады.

Сондықтан да біз мегахолдингтерге үйлеспейтін уәзипаларды салық және басқа, соның ішінде қоғамдық тетіктер арқылы шағын және орта бизнеске беру жөнінде үлкен әрі батыл жұмыс жүргізуге тиіспіз.

Осы мәселе бойынша нақты ұсыныстар енгізуді Үкіметке тапсырамын.

Мұндай жұмысты жүргізумен бір мезгілде стратегиялық маңызды әрі ірі мемлекеттік компанияларды жеке топқа бөліп, олардың акцияларының дестесін басқаруды арнайы құрылған мемлекеттік холдинг компаниясына беру қажет.

Мұның өзі оларды кәсіби тұрғыдан тиімді басқаруды, ұтымды даму стратегиясын белгілеуді, мемлекеттік компаниялардың берекесіз үйлесімсіз іс-қимылын бір арнаға салуды, шығасыны оңтайлы жұмсауды қамтамасыз етер еді.

Осындай компаниялар құрудың халықаралық тәжірибесі өзінің тиімділігін көрсетті.

Егер біз кәсіпкерлік жаһатшіліктің өріс алуына мүмкіндік бермесек, бәсекелестер санының тез өсуіне және бәсекелестіктің шынайы шымырлығына жәрдемдесетін қолайлы іскерлік ахуал туғыза алмасақ, онда біздің ой-ниетіміздің бәрінің бірдей іске асырылмай қалуы ықтимал. Түпкі өнім шығаратын салалардың бәсекеге қабілетті қолдаушы салалар туындататыны да ақиқат емес пе!

Қазіргі кезде менің тапсырмам бойынша қалтарыс экономиканың көлемін қысқартуға, заңды және жеке тұлғалардың бизнестерін жариялы етуге деген ынтасын күшейтуге бағытталған оныншы жылға дейінгі кезеңге арналған кешенді бағдарлама әзірленді.

Бағдарламада көзделген шаралардың ішіндегі басты бағыттардың бірі басқаруды бюрократиясыздандыру жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстың шеңберінде мемлекеттік рұқсаттамалық жүйені жетілдіру болуы керек.

Мемлекет кедергі келтірмеуге, керісінше, көмектесуге тиіс.

Мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің арасындағы толып жатқан бюрократиялық ресімдерді қысқарту үшін Электрондық Үкімет жасауды жеделдету қажет.

Сан түрлі нақтылы, соның ішінде ақылы қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік уәзипаларды нарықтық ортаға беруге байланысты жұмысты жалғастыра беру керек.

Жоғарыда аталған шараларды іске асырумен бірге мемлекеттік басқару органдарындағы сыбайлас жемқорлықты аластауға бағытталған арнайы шаралардың кешенін әзірлеу керек.

ТМД елдерінің ішінде Қазақстанның бірінші болып 1998 жылдың өзінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заң қабылдап, осы әлеуметтік кеселге қарсы күрестің сындарлы жүйесін жасағаны мәлім.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде құқық қорғау органдары осындай қылмысты істерді тергеуді, соттар сондай келеңсіздіктер үшін кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қолға алды. Бұл мәселе жөнінде біздегі ахуал көршілерімізге қарағанда әлдеқайда тәуір екені белгілі.

Алайда көңіл демдеуге әлі ерте, неғұрлым жүйелі жұмыс, әсіресе алдын алу сипатындағы пәрменді жұмыс керек.

Осыған орай бүкіл мемлекеттік қызмет институтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің барынша ымырасыз жолына түсіру қажеттігі туады.

Бұл үдеріс біздің мемлекеттік қызметімізді одан әрі жүйелі жетілдірумен, мемлекеттік органдарға жанаспайтын, әсіресе рұқсат берушілік пен бөліс жасау сынды уәзипаларды қысқарта берумен, мемлекеттік қызметшілер жалақысы деңгейін кезең-кезең бойынша көтерумен, сондай-ақ бүкіл мемлекеттік қызметті одан әрі шырата түсумен қоса жүргізілуі керек.

Демек, мемлекеттік саясаттың осы бағытын заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері де депутаттар сапының әрдайым назарында болуға тиіс.

***

Нарық реформалары жолымен ілгері жылжи отырып, біз саяси либералдану бағытында да біртіндеп алға қадамдар жасадық:

- біз саяси саналуандықты қамтамасыз еттік;
- нақтылы әлеуметтік базасы бар іске қабілетті саяси партиялар қимыл жасауда, олардың сайлау барысындағы рөлі мен ықпалы артып келеді. Идеялық саяси бағыты сан түрлі бірталай жаңа саяси партиялар тіркелді;
- мемлекеттік институттар билік жіктерінің бөлінісі қағидатының негізінде жұмыс істейді. Екі палаталық Парламент тиімді жұмыс істеп келеді, онда алуан түрлі саяси, соның ішінде оппозициялық партиялар да өкілдік етеді;
- қазірдің өзінде бюджетаралық қатынастардың реформасы бойынша, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру бойынша белсенді әрі нысаналы жұмыс жүргізіліп отыр;

- тәуелсіз сот жүйесін құрудың, қылмыстық жазаны ізгілендірудің берік құқықтық және ұйымдық негіздері қаланды. Біз адам құқығы жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылдық;

- халықтың барлық этникалық және конфессиялық топтары арасындағы тең құқылы қатынастар нақтылы қамтамасыз етілді;

- нақтылы сөз бостандығы қамтамасыз етілді, елімізде екі мыңнан астам түрлі БАҚ құралдары жұмыс істейді, цензура алынып тасталды, мәтбұғат саласы тұрақты қарқынмен дамып келеді.

Реформаларды дамытудың сындарлы экономикалық жаңғырулар бекемделе түскен бүгінгі кезеңінде біздің саяси жаңарудың жаңа бағдарламасын ұсынуымыз әбден заңды.

Ол менің "Отан" партиясының съезінде жасаған баяндамамда кеңінен мәлімделіп, қоғамдағы көптеген саяси күштердің тарапынан қолдау тапты. Сайлау қарсаңындағы кезеңде бұл бағыттағы жұмыс кідіртілді. Ендігі жерде қоғамды одан әрі либералдандыру жөніндегі практикалық міндеттерді орындауға кірісу керек.

***

Сіздерге мәлім, менің Жарлығыммен Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды.

Мен сан түрлі көзқарастар мен пікірлердің бірде-бірін, соның ішінде баламалы және оппозициялық ой-пікірлерді де назардан тыс қалдырғым келмейді.

Нақ осы комиссия Конституция мен қолданылып жүрген заңнаманың шеңберінде елімізді саяси жаңғыртудың сан түрлі нұсқалары ұсынылып, талқыланатын мәртебелі мінбер болып табылады.

Осында айтылған барлық сындарлы ұсыныстарды Мемлекет басшысы да, сондай-ақ Парламент те барынша мұқият қарайтын болады. Осы комиссияның құрамында жұмыс істеу үшін оның есігі қоғамымыздағы барлық партиялық-саяси күштер үшін ашық.

Біздің сот-құқық жүйемізді еліміздегі реформаторлық үдерістің кері кетпестігінің кепілі ретінде заңнамалық жетілдіру жөнінде алдағы уақытта да шаралар қолдануымыз керек.

Соттардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігіндегі негізгі буын екенін ескеріп, сот-құқық рәсімдерінің ашықтығын, судьялардың әділдігі мен қалтқысыздығын қамтамасыз ету, судья кадрларын іріктеу рәсімдерін демократияландыру қажет.

Бұл ретте қазылық сотын енгізу мәселесі ерекше көзге түседі.

Шығарылатын сот шешімдерінің, әсіресе қылмыстың аса қауіпті түрлері бойынша шығарылатын шешімдердің дұрыстығы мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін осы маңызды институтты енгізу жөнінде тиісті шешімдер қабылдау керек.

Адам құқығы жөніндегі уәкілдің беделі мен құқық қорғау мүмкіндіктерін де көтеру керек.

Қазақстандағы қызметінің қысқа мерзімінің ішінде омбудсмен институты өзінің құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың айтарлықтай тиімді әрі келешегі мол құралы екенін көрсетті. Оның өзіндік құқық қорғаушылық әлеуетін одан әрі барынша аша түсуіне заңнамалық мүмкіндіктер туғызу керек.

Адвокатура маңызды құқық қорғау институты болып табылады. Тәжірибе оның қылмыстық және азаматтық іс жүргізудің барлық кезеңдеріндегі рөлін көтеру керектігін көрсетіп отыр. Сайып келгенде, адвокат әрбір азаматтың басына іс түскен кезде ғана емес, күнбе күнгі тіршілігінде ең басты заңдық кеңес беретін сабағатшысына айналуы керек.

***

Қазақстанның сыртқы саясатына келетін болсақ, оның ірге тартар қағидаттары өзгеріссіз қалады.

Сан бағыттылық, екшенділік, сындарлылық, үндесу мен ынтымақтастық – дамудың ішкі мүддесіне бағындырылып, сонымен қатар біздің мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастықтағы жауапкершілігі жоғары әріптес ретіндегі беделін бекемдеген негізгі жәйттер.

Таңдап алған бағытымыздың дұрыстығы жаһандану заманының өсе түскен түйінді мәселелері мен ығытының ыңғайында ерекше бедерлене көрінеді. Сіздер мен біздер дүниенің XXI ғасырда қаншалықты өзгергенін айрықша сезініп отырмыз.

Бүгінде күн тәртібіне әлемдік державалардың бірлескен күш-жігері және басқа мемлекеттермен әріптестігі арқылы қамтамасыз етілетін қауіпсіздік мәселелері қойылып отыр. Мұндай үндесу әсіресе біздің алдымызда екі аса күрделі проблеманы шешу – халықаралық терроризмге қарсы күрес пен өңірлік немесе оқшау қақтығыстарды реттеу қажеттігі туған нақ қазіргі сәтте өте-мөте маңызды.

Сыртқы саяси ахуалдың тұрлаусыздығы жағдайында ұлттық қауіпсіздікті, экстремизм мен терроризмге қарсы күресті, заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің заңнамалық мәселелеріне назарды ешбір бәсеңсітуге болмайды.

***

Біз заңдарымыздың сапасын арттыруға тиіспіз. Сонда ғана заңнамамыздың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Біздің талай мәрте "әлі сиясы кеуіп үлгермеді" дейтін заңдарға толып жатқан түзетулер енгізілгеніне куә болғанымыз бар. Бұл заңнамашылық "дертіміздан" әлі де айыға алмай келеміз.

Тікелей ықпал ететін заңдардың жетімсіздігі де сезіледі, олардың орнына заңнамашының еркін бұрмалайтын немесе оған үйлеспейтін толып жатқан заңға тәуелді актілер қабылданады. Сондықтан да Парламенттің Үкіметпен бірлесіп бұл міндетті де шешуі керек.

Парламент пен Үкіметтің арасында өзара түсіністікке қол жеткізу, бұрынғысынша, заңнамалық қызметтің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Нақ осы фактор заңнамалық процестің теңдестірілген реттеуіштерін жасаудың негізі болып келеді.

Мұндай түсіністікке Парламенттің бұрынғы құрамымен негізінен алғанда қол жетіп келген еді. Ендігі жерде Сіздердің де Үкіметпен сындарлы жұмыс істей алатындарыңызға сенімім мол. Билік тармақтарының арасындағы ерегестің реформаларды тежеп қана қоймай, елімізді өркендетуге кесірін тигізетіні маған аян.

Министрлер енгізілетін заң жобаларының сапасы үшін жеке дара жауап беруге, қажет болған жағдайда оларды Парламенттің қабырғасында өздері қорғауға тиіс. Өйткені қазіргі әкімшілік реформалары қағидаларының бірінің өзі де министрліктерді бақылау-қадағалау уәзипалары мен мемлекеттік қызмет көрсету міндеттерінен босату болып отыр емес пе.

Ендігі жерде министрліктердің міндеті біреу – бұл мемлекеттік саясатты қалыптастыратын стратегиялық уәзипаларды орындау, мұның өзі, сайып келгенде, нақ сол мемлекеттік саясат бейнеленетін заң жобаларын түзу жұмысына бірінші кезекте мән беру деген сөз.

***

Құрметті депутаттар!

Өзімнің сөзімде мен Сіздер Парламенттегі қызметтеріңіздің барысында атқаруға тиіс орасан зор жұмыстың ауқымын анықтап беруге тырыстым.

Менің айтқан сөздерімнің бәрі де аса ауқымды міндеттерді жүзеге асыруды меңзейді, демек соларға сәйкес тиісті заңдар және Үкіметтің оңтайлы шешімдері қабылдануы керек.

Мен енді бес жылдан кейін біз бір-бірімізге ойға алған жоспарымыздың бәрін орындадық, Қазақстан жұртының өмірі ауқатты әрі қауіпсіз бола түсті деп ағымыздан жарылып айта алатынымызға сенемін.

Осы міндетті орындау арқылы біз дамуымыздың келесі кезеңінің іргетасын қалаймыз. Мен алдағы он жылда Қазақстан өз азаматтары әрдайым ардақ тұтатын асқаралы елге айналады деп үлкен үміт-сеніміммен мәлімдей аламын.

Бұл үшін біздің әлі де талай көлемді істер тындыруымыз керек.

Біздің реформаларды жүргізу тактикасына, оны жүзеге асырудың мерзімдері мен тетіктеріне байланысты түрлі көзқарастарымыз болуы мүмкін. Дегенмен, ортақ мақсат, туған еліміздің ертеңі турасында біздің топтаса, күш біріктіре білуіміз керек.

Біздің ұрпақтың қолына дамудың ең дұрыс даңғылын таңдап алып, Қазақстанды әлемнің ілгерішіл, гүлденіп көркейген елдерінің қатарына қосу үшін ерен мүмкіндік беріліп отыр. Сол үшін де бізге ауызбірлік пен топтасқандық, тұрақтылық пен тыныштық керек.

Мен Қазақстан халқы біздің осындай бастамаларымызды қолдайды, көрегендік танытып, осы жоспарларды іске асыруда тілеулестік білдіреді деген ойдамын.

Сіздерге табыс тілеймін!

Үшінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында 2004 жылғы 29 желтоқсанда сөйленген сөз

Құрметті депутаттар!

Жаңадан сайланған депутаттар! Жаңа ғимарат! Жаңа жыл! Шынында да, қандай тамаша нышан. Тегінде біздер, қазақтар, ырымшыл халықпыз ғой, әрі біздің бұл қасиетіміз өзімізбен сан ғасырлар бойы қатар өмір сүрген барша отандастарымызға да дарымай қалды дейсіз бе!?

Ақыл мен дәстүр ауыс, ырыс пен береке жұғыс деген бар емес пе. Қалай болғанда да, мұның өзі тамаша жоралғы.

Қоныстарыңыз құтты болсын! Бәріңіздің де еліміздің өркендеуі үшін, жеріміздің гүлдене беруі үшін, халқымыздың ырысының молаюы үшін шабыттана да ширыға еңбек ететін қасиетті шаңырақтарыңыз болсын деп тілеймін.

Сіздердің, яғни Мәжілістің жаңа сайланымдағы қызметінің стратегиялық жағынан да, барынша прагматикалық, күнделікті тар мағынасы жағынан да жаңа жағдайларда басталуының терең мәні бар.

Бірінші сессияның ашылуында айтқанымыздай, біз қайта құрудың сапалық тұрғыдан жаңа кезеңіне еніп отырмыз, алдымызға индустриялық-инновациялық дамудың, саяси реформаларды тереңдетудің және демократиялық құрылыстың биік мақсаттарын қойып отырмыз.

Осы ұлан-ғайыр жұмыстың базалық негіздерін, атап айтқанда, заңнамалық базамызды жетілдіру және түзеу, ал көптеген өлшемдері жағынан жаңа заңдар жасау сіздер мен біздердің алдымызда тұрған зор міндет.

Бұл жұмыс шын мәнінде шығармашылық жұмыс. Оған терең талдау жасап, қазіргі проблемаларды және перспективаларды анық көре білуіміз керек. Бұл жұмысқа тіпті ерекше шабыт керек дер едім, мұның өзі жұмыс пен тұрмысқа лайықты жағдайды қамтамасыз етуді талап етеді. Осы жағдайларды біз қолымыздан келгенше жасап жатырмыз.

Бұрын екі палата бейімделген бір ғана ғимаратта орналасқан болса, енді, міне, Парламенттің жаңа құрамы мен аппаратын жайлы да сәнді ғимараттарға бөлек-бөлек орналастырып отырмыз.

Мәжіліс Есілдің сол жағалауына алғашқы болып қадам жасады. Мұның өзі кездейсоқтық емес. Өйткені заң шығару бастамасы алдымен Мәжілісте іске асырылады. Заңның өзі Сіздерді алға қояды.

Сіздерден кейін Сенат та көшіп келеді, сөйтіп, парламенттік кешен толық қуатымен жұмыс істейтін болады.

Сіздердің алдыңызда аса маңызды міндеттер тұр, заң жобалары жұмысының қоржыны қалыптастырылды, енді тек іркіліссіз жұмыс істеу қажет.

Қоныс тойын жұмыс орнында ғана емес, таяу арада жаңа тұрғын үйлеріңізде де тойлайсыздар деп ойлаймын. Мұнда тамаша тұрғын үй кешені, қажетті инфрақұрылымдар салынуда.

Біздің бәріміз астананың жаңа орталығының жасанып, бой түзегенінің куәсі болып отырмыз. Сол жағалауға бәріміз де жаңадан көшіп келдік. Алғашқылар болып Қазмұнайгаз, Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ақпарат министрлігі келді.

Жақында Президенттің Әкімшілігі жұмыс істей бастады. Таяуда Сіздермен көрші тұрған жаңа биік ғимаратқа Үкімет те кіреді.

Әрине, біршама қиындықтар да болуы мүмкін, бірақ жаңа қоныста онсыз болмайды да ғой. Мұның бәрі уақытша нәрсе, оны өздеріңіз де білесіздер.

Естеріңізде болар, бұдан бірнеше жыл бұрын мұнда мидай дала және бетегелі алқап қана болған еді, ал енді қарасаңыз, қайнаған өмір. Астана өсіп, кеңейіп және жаңарып келеді.

Астана мәртебесін алған жеті жыл ішінде қала адам танымастай өзгерді.

Арманымызды ақиқатқа айналдырдық. Расында да, құлазыған далада осыншама қысқа мерзім ішінде осындай қала бой көтереді дегенге сенудің өзі қиын болатын.

2030 жылы Астананың келбеті қандай болатынын ойлап көрдіңіздер ме, ол өзіне ғана тән айрықша сипаты мен ерекшеліктері бар мүлдем басқа қалаға, үлкен, жаңа заманға сай мегаполиске айналады.

Қоныстарыңыз құтты болсын, жұмысты осы бір тамаша жаңа шаңырақ астында бастауларыңызбен құттықтаймын!

Осы шаңырақтың астында екі ұлы құрлықтың қиылысқан тұсында орналасқан ұлан-байтақ елдің болмыс-бітімінің мызғымас өзегіне айналатын өміршең заңдар қабылданатынына мен сенімдімін. Әсіресе осы ғимараттың ішінде Төле би бабамыздың "Бірлік болмай, тірлік болмас" деген сөзінің, Ұлы Абайдың "Біріңмен, қазақ, бірің дос болмасаң, істің бәрі бос" деген сөзінің ғибраты мол деп санаймын. Саясаттың мәдениетін орнататын да осы ғимарат болады. Белгілі бір дәрежеде Парламентке әрбір депутат біздің қоғамымызда қалыптасқан өз сенімімен, өз пікірімен келеді. Бұл жерде сөз жарысы, сөз тіресі де болуы мүмкін. Дегенменен, соның ішінде салқынқандылық көрсетіп, елдің болашағын ойлап, халық пен мемлекеттің бірлігін ойлап барып келісесіздер деп сенемін, бір пікірменен шығасыздар деп сенемін. Осы ғимараттың ішінде қанша пікірталас, қанша сөз жарысы болғанына қарамастан, Сіздер еліміздің игілігі үшін түпкілікті шешім қабылдау кезінде ауыз бірлігін таныта аласыздар деп сенемін.

Саясаттың мәдениеті нақ осы Парламентте қалыптасатынын айтып отырмын. Мұнда түрлі пікірлер айтылып, дау-дамайлар болуы, әркімнің өз пікірін қорғайтын жағдайлар да болуы мүмкін. Осының бәрінде әрқашанда саяси мәдениеттілік пен байсалдылық таныта білу керек. Айқаймен ештеңе шешілмейтінін есте ұстаған жөн, осы жағынан да бүкіл елге өнеге көрсетесіздер.

Біз әйелдердің шашынан сүйрелеп, бір-бірін ғайбаттап жататын, жұдырығын да ала жүгіретін талай Парламенттерді көріп жүрміз. Бұл парламент қызметіндегі барып тұрған өнегесіздік. Егер біз осында өнеге көрсете білсек, бүкіл қоғам осы мәдениеттен үлгі алатын болады. Сіздерге осындай міндет, осындай жауапкершілік жүктеліп отыр, Сіздер оны абыроймен атқарып шығасыздар деп сенемін.

Жаңа жыл сіздерге, сіздердің отбасыларыңызға жақсылық пен жарасымдылық, бақыт пен береке әкелсін, шаттық пен шапағат нұрын төксін. Барлықтарыңызға зор денсаулық тілеймін! Жүздескенде әманда жүзіміз жарқын болсын!

Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Жолдауы

Құрметті қазақстандықтар! Ардақты ағайын!

1. Біз неден бастадық?

Біздің өмірімізді түбегейлі өзгертіп, Қазақстан тәуелсіздікке ие болған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының тарихқа озғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Сана мен сезімнің шиеленісі мен ширығуы жағынан бұл ерекше жылдар болды. Бұл біздің мемлекетіміздің алдағы жүрер жолын айқындайтын аса маңызды шешімдер қабылданған жылдар болды, сол кезде қабылданған бір ғана бұрыс шешім еліміздің жүрер жолының бағыт-бағдарын елеулі өзгеріске ұшыратуы әбден ықтимал еді. Осы уақыттың ішінде халық менің елімізге басшылық етуіме өзінің шынайы сенімін білдірді. Мен болсам, Сіздердің сенімдеріңізді ақтауға тырысып, біздің стратегиялық бағытымыздың негізгі бағдарларын әр жыл сайын өздеріңізбен бірге саралап келемін.

Міне, бүгін, араға он бес жылдай уақыт салып, мен сіздерді біздің бірлесе атқарған жұмысымыздың қорытындысын шығаруға шақырып отырмын. Біздің мақтан тұтарлық істеріміз жеткілікті.

Біз неден бастадық, жол басында қолымызда не болды, сол кездегі біздің нақты мүмкіндіктеріміз қандай еді?

Әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шын мәнінде сын көтермес күйде еді. Қазақстанның экономикалық және саяси мүмкіндіктері сырттан осылай бағаланды: экономикасы әлжуаз, қазынасы бос, саяси жүйесі балаң, Кеңестер Одағы заманының Конституциясы бойынша өмір сүріп жатқан, одан бар болғаны белгілі бір әскери әлеует қана еншілеген ел саналдық.

Былайғы дүние бізді көзге де ілген жоқ, әлемдік қоғамдастықты біздің ядролық қару-жарағымыз ғана алаңдатты.

Енді 20-25 жылдан кейін мемлекеттік басқарушылардың жаңа ұрпағы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының" қорытындысын шығарып, біздің әуел бастағы әлеуетімізді және өзгерістердің нәтижесін елепекшер болса: "Шынымен, солай болды ма екен" деп таң-тамаша қалары анық.

Сонда олардың бізге қызыға қарарына көзім әбден жетеді. Біздің батылдығымызға, жігерімізге, қабілетімізге, сайып келгенде, еркіндігімізге қайран қалары анық. Өйткені бүгінгі күні біз жасаған дүниені рухы күшті жандар ғана жасай алатын еді.

Біз алдымызға анық та айқын мақсат қойдық: біз жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық, біз бәрінен де бұрын балаларымыз бен немерелері-

міздің лайықты өмір сүруін қаладық. Бұған сіздер мен біздер өз ғұмырымыздың біраз жылдарын арнадық. Еңбегіміз еш кеткен жоқ, біз бүгінгідей биікке көтерілдік.

Өзіміздің төл теңгеміз айналысқа енген, экономикалық тәуелсіздігіміз анықка шыққан 10 жыл кезеңді алайықшы. Бұл 10 жыл – елімізді тұрақты еткен, экономикамызды өркендеткен төл Конституциямыздың да мүшелді мерекесі.

2. Біз жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтып, бірлесіп тағы да бір Қазақстан орнататындай межеге жақындадық

2.1. Біз ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасын құрдық

Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, біз қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика бар.

Егер осыдан он жыл бұрын жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз жеті жүз доллардан сәл ғана асса, 2004 жылдың соңында ол екі мың жеті жүз долларға жетті, ендеше биылғы жылы біздің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз енді үш мың доллардай болады деген болжамымыз бар.

Мен 2010 жылы жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімді 5800 АҚШ долларынан асатын мөлшерге, яғни Чехия, Венгрия, Польша, Малайзия сияқты елдердің бүгінгі деңгейіне, ал 2015 жылы шамамен 9000 АҚШ доллары мөлшеріне жеткізуге күшіміз жетеді деп санаймын. Жалпы сатып алу қабілетінің шамасы жағынан бұл цифрларға біз қазірдің өзінде жақынбыз.

Біз еліміздің жалпы ішкі өнімін 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы екі есе ұлғайтуды жоспарласақ та, бұл көрсеткішке 2008 жылы-ақ жететінімізге сеніміміз мол.

Бүгін экономикалық өсудің негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып отыр. Көмірсутегі шикізатын өндіру көлемін 1985 жылмен салыстырғанда біз 225 пайыз ұлғайтуға қол жеткіздік, ал былайғы дүниеде ол небәрі 1,3 есе шамасында ғана өсті.

Экономикаға 30 миллиард АҚШ долларындай тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Бүгінгі Қазақстанның тұрақты, тиімді әрі сенімді әріптес екені барша инвесторларға әлдеқашан аян ақиқат.

Қазақстанның қаржы жүйесі де топжарғандар қатарында танылды, ал мұны жетекші халықаралық сарапшылардың өздері мойындап отыр.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, сыртқы қолайсыз факторларға тәуелді болмау үшін Ұлттық қор құрды.

Бүгінгі күні Ұлттық қорда 5,3 миллиард доллар жинақталып отыр. Ұлттық қорды қоса есептегенде еліміздің алтын-валюта резервтері, тұтас алғанда, 14 млрд. АҚШ долларынан асып түсті. Осыдан 10 жыл бұрын бұл жайында армандаудың өзі қиын еді.

Біз ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізіп келеміз. Айталық, 2004 жылы сыртқы сауда айналымы көлемінің оң сальдосы 7 млрд. доллардан асатын 33 млрд. АҚШ долларына жетті. Бұл 1994 жылмен салыстырғанда 3 еседен астам өсті деген сөз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында негізінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ауқымымен шектелген біздің сыртқы саудамыздың географиясы да біршама тарамдала түсті.

Қазақстан тауар айналымының құрылымында 2004 жылы Еуропалық Одаққа мүше елдер, Ресей, Швейцария мен Қытай алғашқы орындарға шықты.

Осылайша біз өзіміздің әлемдік экономиканың бөлінбес бөлігіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына еркін енгенімізге анық көз жеткіздік.

2.2.Біздің өміріміз жақсара бастады

Бүкіл дүниежүзілік банктің жіктемесі бойынша қазіргі уақытта Қазақстан кірісі орта деңгейдегі елдердің тобына кіреді.

Егер өмір сапасының негізгі көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, онда соңғы 10 жылда қазақстандықтардың орташа ақшалай кірісі 5 есе; ал орта айлық жалақысы 6 есеге жуық; ең төменгі табыс мөлшері 25 есе; зейнетақылардың орташа айлық мөлшері 4,6 есе; жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері мен бір кісінің жасайтын салымының көлемі тиісінше 35 және 37 есе өскенін көреміз. Биылғы жылы кепілді тегін медициналық көмек көлеміне жұмсалатын мемлекеттің шығысы 2003 жылмен салыстырғанда 1,7 есе өсті.

Экономикамыздың қарқынды өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағдарлануын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді, мұның өзі экономикамыздың айтарлықтай бекемдік деңгейіне жеткенін айғақтайды.

Біз айрықша қысқа мерзімнің ішінде еліміздің дәл орталығында жаңа астанамызды тұрғыздық. Көрген жанның бәрі Астана көркіне тәнті болып жүр. Астана қазақстандықтардың мақтанышына айналды.

2.3. Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық

Біз демократия жол басы емес, алдағы мақсатымыз екенін ешқашан естен шығарғамыз жоқ. Біз демократияны декретпен енгізуге болмайтынын, оны өз өзегіңнен өткізу керек екенін білдік.

Қазақстан мемлекеттілігі біржолата орнықты. Біздің еліміз өз саяси дамуының үлгісі жағынан батыс демократиясына және әлеуметтік ілгерішілдігі мен саяси саналуандығы бүкіл әлемге танылған "жаңа" азиялық демократия дегенге де жақын.

Біз саяси өмірімізді ырықтандыру жөнінде де айтарлықтай табыстарға жеттік. Бұл тұста мыналарды айтсақ та жеткілікті:

- Қазақстанда демократиялық институттардың дамуы дәйекті жүргізіліп келеді; еркін демократиялық сайлаулар үнемі өткізіледі; тежемелік әрі тепе-теңдік негізінде билік тармақтарының ара-жігін ажырату қағидаты жүзеге асырылып жатыр;

- Қазақстанда саяси саналуандық және көппартиялылық орныққан; кез келген қазақстандық кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіре алады;

- 5 мыңнан аса үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, азаматтық қоғам институттары мен құрылымдары жасақталып, жұмыс істеуде;

- Қазақстанда тәуелсіз сот жүйесінің негіздері қаланып, заңның үстемдігі дәйекті қамтамасыз етіліп келеді. Біздің қоғамда сот жүйесіне деген сенім барған сайын арта түсіп отыр;

- Қазақстанда сөз бостандығы қамтамасыз етілген, цензура жоқ; мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары құрылып, жұмыс істеуде. Осы орайда бұрынғы сайланған Парламентте БАҚ еркіндігін шектеу әрекеті байқалғанын, сонда мен дүдәмал заң жобасына тоқтау салғанымды естеріңізге сала кеткім келеді, сөйтіп мемлекет өзінің баспасөз бостандығы жолындағы бағытының мызғымайтынын тағы да қуаттап берді;

- Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласында маңызды қадамдар жасалып, елеулі нәтижелерге қол жетті; Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институты құрылды; Қазақстан адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылды. Құрамы жөнінен көрнекті әрі беделді Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс істейді;

- Қазақстанның кез келген азаматы елден шыға да және қайтып орала да алады;

- бүгін кез келген қазақстандықтың өзінің қалауына қарай қызметпен шұғылдануға құқығы бар;

- әркімнің өз балаларын тиімді деп тапқан жерлерде оқытуға құқығы бар;

- әрбір қазақстандықтың сайлауға және сайлануға құқығы бар;

- Қазақстан діни сенім-наным бостандығын қамтамасыз етіп, конфессиялар аралық келісім мен діни теңқұқылық саясатын дәйекті жүргізіп келеді. Бізде түрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі қамтамасыз етілген, әрі діни экстремизмге қарсы дәйекті күрес жүргізіледі. Астанада өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезі еліміздің бітімгершілік әлеуетінің өсіп келе жатқанының айқын айғағына айналды;

- Қазақстанда өлім жазасына мораторий енгізілген;

- біз Қазақстанда ұйымдасқан қылмыстың буындау тамырын құрттық;

- Қазақстан ТМД-да бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде заң қабылдады әрі бұл бағытта алдағы уақытта да жалғаса беретін дәйекті жұмыс жүргізіліп келеді.

Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірі де болып көрмеген еді, ал бүгін өмір бойы осылай болып келе жатқан сияқты.

Осының бәрі де қуатты президенттік билік институтының сақталуымен ұштасып, елімізге өткен дәуірдің сарқыншақтарын еңсеріп, Достастық мемлекеттерінің көпшілігіне қарағанда неғұрлым жоғары қарқынмен даму үшін мүмкіндіктер туғызған шығар деп санаймын.

Сөйтіп, біз бүгін саяси жүйені жаңартудың белгілі бір белесіне көтерілдік. Өткен жылы бізге келіп қайтқан ЕҚЫҰ төрағасы Соломон Пассимен кездесуіміз кезінде ол: "Соңғы жылдары Қазақстанда демократиялық реформалардың айрықша ілгері басқаны байқалып отыр", – деп атап көрсеткен еді.

2.4. Біз Қазақстанды өңірлік көшбасшыға, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық ланкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналдырдық

Біз қаруланбау мен ядролық қарусыздану жолын таңдап алып, әлемдік қауымдастықтың алдында өңірлік қауіпсіздік факторына айналдық, Қазақстан Семей ядролық сынақ полигонын өз еркімен жапты. Әлемдегі төртінші ракеталық-ядролық әлеуетінен бас тартып, күллі дүниеге үлгі көрсетті.

Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестердің бастамашысы әрі белсенді қатысушысы болды.

Біздің еліміздің әлемдік аренадағы есімі Азиядағы Өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы ұсынысымен тікелей астасып жатыр десек, асыра айтқандық емес. Өзіндік төлтума құжат – Сенім шараларының каталогын қабылдаған Сыртқы істер министрлерінің Алматыдағы соңғы кездесуі – мен 1992 жылдың өзінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында жасаған бастаманың ойдағыдай іске асуының жақсы айғағы.

Егер 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың іс жүзінде Қазақстанға қандай да бір ықыласы аумай келсе, бүгінгі күні Қазақстанды әбден танып, құрметтеп отыр.

Таяуда белгілі Ресей ғалымы академик А.Аганбегян атап көрсеткендей, "Қазақстан мен Қытай сияқты екі ел бүгінгі таңда жоғары экономикалық даму қарқынына жетіп отыр".

2.5. Біз қайда бара жатырмыз?

Мен жүзеге асқан бастамаларымызды баяндап бердім. Біз бірлесе отырып, еркін экономика мен ерікті ұлт жасақтау жолында алға жылжуымызға қажетті берік негіз қаладық.

Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірінен саналады, бұл да барша жұрт таныған ақиқат.

Қымбатты отандастарым! Сіздер менің ұлттың бастаушысы болуыма сенім жүктеп қана қойған жоқсыздар, сіздер әрдайым менің жанымнан табылып, сөздеріңізбен де, істеріңізбен де мені әрдайым қолдап отырдыңыздар, сол үшін де мен сіздерге шын көңіліммен ризамын.

Біздің болашағымызды мен қалай елестетемін?

Еліміздің экономикалық және саяси дамуындағы түбегейлі жаңа кезең, Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру – біздің күн тәртібіміздегі мәселе осындай.

Сондықтан да алдағы уақытта менің күш-жігерім:

- мемлекеттілікті нығайтуға, Қазақстанды осы заманғы демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде дамытуға;
- еліміздегі және өңірдегі бекем тұрақтылықты нығайтуға; өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға;
- жаһандану талаптарына сәйкес экономиканы серпінді дамытуға және шикізаттық емес секторларды ілгерілетуге баса ден қоя отырып, жаңа технологияларды дамытуға;
- білім беруді, кәсіптік даярлық пен әлеуметтік саланы XXI ғасырдың деңгейіне көтеруге;
- азаматтық қоғамды дәйекті дамыта беруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге;
- қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан әрі дамыта беруге;
- діни негіздегі жатсынбаушылық пен конфессиялар аралық келісімді қамтамасыз етуге;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске;
- лаңкестікке, есірткі саудасына, кез келген түрдегі экстремизмге қарсы жаһандық күреске бағытталады.

Ендігі бір айтқым келетін жәйт: Қазақстан бүгін Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялар легінің түйіскен тұсында тұр. Біздің міндет – осынау бірегей геосаяси жағдайымызды өз еліміз бен халықаралық қоғамдастықтың мүддесі үшін ұтымды пайдалану.

Бүгін мен өзіміздің бұдан былайғы жаңғыруымызды жеделдетудің нақтылы жоспарын ұсынғым келеді. Соған сәйкес біз өзіміздің 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-қимылымызды реттейтін боламыз.

3. Қазақстанның жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік прогресі

Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс. Біз мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз.

3.1.Инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту

Біз экономиканы диверсификациялауға бағытталған Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыра бастадық. Бұл болашақтың бағдарламасы.

Біз бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға кірістік, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесінің дамуына жол аштық.

Биылғы жылдың ортасына қарай біздің қолымызда нарықтың туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары сияқты салаларда, кемінде 5-7 кластерін жасау мен дамытудың жоспары болуы керек деп санаймын. Ел экономикасының шикізаттық емес салалардағы ұзақ мерзімдік мамандануын, міне, солар айқындайтын болады.

Біз өзімізді жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізетін экономикалық дамуды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесі – Ұлттық инновациялық жүйе жасауды қолға алдық.

Индустриялық-инновациялық дамудың инфрақұрылымы қазірдің өзінде қалыптасты. Мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру жыл басында 730 млн. АҚШ долларын құраса, инвестициялық жобалар портфелі 1 млрд. 200 млн. АҚШ долларынан асып отыр.

2004 жылы 204 инвестициялық жоба іске асырылса, соның тең жартысы даму институттарының қолдауымен жүзеге асты.

Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да мемлекет пен жеке меншік сектор өзара сенім мен тиімділікке негізделген әріптестік қатынастарын жолға қоюы керек.

3.2. Шағын және орта бизнес туралы

Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90 пайыздан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50 пайыздан астамын береді.

Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Біз кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек.

Әрбір іскер қазақстандық осы ортаға кірігіп, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға тиіс.

Қазақстандықтардың бастамашылығына кең өріс ашу үшін жағдай жасалды, кәсіпкерлер ендігі жерде осы мүмкіндіктерді пайдалана білсе игі!

Мен өңірлерді экономикада өршіл болуға шақырамын.

Ендігі жерде жаңа идеологияға сәйкес заңнаманы сапалық жағынан жақсарту міндет.

Қысқасы, сөзден іске көшетін, мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін шағын және орта бизнеске беру жөніндегі жұмысты тындыратын сәт туды. Сол арқылы біз бизнеске тың тыныс ашамыз.

Бұл ретте бірқатар стратегиялық маңызды мемлекеттік компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды арнайы құрылатын мемлекеттік холдинг компаниясына беру қажет. Әлбетте, бұл шараларға қарсыласу да, сөз бұйдаға салу да болмай қоймайды. Бірақ Үкіметтің батылдық танытып, бұл іске мықтап кірісетін кезі келді.

Келесі бір мәселе туралы. Даму Банкі мен Инвестициялық қорға барлық кәсіпкерлердің қолы жете бермейді. Сондықтан "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" өзіндік бір "үлкен қаржылық маркетке" айналуға тиіс. Біз Қорға биылғы жылы республикалық бюджеттен қосымша 10 млрд. теңге бөлеміз, сонда шағын бизнес субъектілерін кредиттеу мүмкіндігі 25 млрд. теңгеге дейін өседі. Биылдан бастап, банк кредиттеріне кепілдік беру мен сақтандыруды жүзеге асыруды қолға алу керек. Мұның өзі қомақты мемлекеттік қолдау болмақ.

3.3. Аграрлық мәселелер

Биыл үш жылдық аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру аяқталады. Біз еліміздегі аграрлық бизнесті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін негізінен қалыптастырдық. Үстіміздегі жылы ғана ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға республикалық бюджеттен 57,9 млрд. теңгеден аса қаржы бөлінеді. Бұл рекордтық сан.

"Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заң қабылдау қажет.

Алдағы уақытта Бүкіл дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруіміз, біз бұл мәселені талай мәрте талқылаған болатынбыз, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне айрықша талаптар қоятын болады. Ендігі жерде ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыруға айрықша назар аудару қажет деп санаймын. Жеке меншік сектордың назарын нақ осыған аудару керек, сондай-ақ кредиттерді де, атап айтқанда, агроиндустриялық саясат арнасында осында тарту керек.

3.4. Қаржылық сектор мәселелері

Қаржы секторын одан әрі дамыту үшін қазір құнды қағаздар нарығын дамыту мен 2005-2007 жылдары жинақтау зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламалары қабылданды. Енді тек жұмыс істеу керек.

Банктердің қызметі ашықтықтың айтулы өнегесі болуға тиіс. Ең алдымен, мұның меншік құрылымы мен аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтерге қатысы бар. Банк қабылдайтын шешімдерге елеулі ықпалы бар барлық тұлғалар уәкілетті органның келісімін ала отырып, өздерінің мәртебесін нақтылай түсулері керек. Банктердің инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды топтасу негізінде ретке келтіру қажет. Аффилиирленген тұлғалармен жасалатын мәмілелер банктерді тәуекелге барғызбауы шарт. Қаржылық қадағалау агенттігінің бұл жұмысты батыл жүргізуі міндет.

3.5. XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау

XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін қадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.

Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт.

Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру. Ал жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемде танылуға тиіс. Олар мұны істеуге міндетті.

Біздің әрбір қазақстандықтың жоғары білім алуына нақтылы кепілдік беруіміз керек.

Студенттердің оқуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Үкіметке білім беру кредиттерінің есебінен білім беруге арналған кредиттердің мөлшерін 50 пайызға арттыруды тапсырамын.

Сонымен бір мезгілде осы аталған кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдігін беруді қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит бөлудің осы заманғы жүйесін жасау керек.

Үкіметтің каникул кездерінде студенттерге тұрғын үйлер тұрғызатын құрылыс отрядтарында жұмыс беру, елімізді көгалдандырудың "Жасыл ел" бағдарламасын өрістетіп, бұл игілікті іске студенттерді қатыстыру мәселесін нақтылы қарауы міндет.

Енді оқытушылар жайында. Олардың проблемалары да бізге жақсы мәлім, бұл проблемалар шешіліп те жатыр, алайда бәрін бір сәтте шешіп тастау да мүмкін емес. Білім және ғылым министрлігі Жоғары оқу орындарының ассоциациясымен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына қолдау көрсету жүйесін ойластырғаны жөн. Айталық, қазірдің өзінде кез келген шетелде тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие "Үздік оқытушы" мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді.

Менің тапсырмам бойынша биылғы жылы Қазақ Ұлттық университеті мен Еуразия Ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2 млн. доллар бөлінді. Ендеше Батысқа танымал өзіміздің үздік мамандарымызды дәл осылайша неге марапаттамасқа!

Өзіміз зәру болып жүрген әрі кадрларды сырттан шақыруға мәжбүр етіп отырған техникалық мамандықтарды бірінші кезекте дамыту керек деп санаймын.

Бәрі де мектептен басталады. Сондықтан біздің 2008 жылдан бастап 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік деңгейін, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруымыз керек.

Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз.

3.6. Ана, бала, аға ұрпақ

Біздің стратегиямыздың маңызды мәселесі – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің – балалардың, олардың аналарының және аға ұрпақтың өмірін лайықты қамтамасыз ету. Мемлекет бұл мәселелерді шешу үшін қаражат аямайтын болады. Біз балалар мен жүкті әйелдерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөнінде нақтылы шаралар қабылдадық, енді оларды іске асыратын боламыз.

2003 жылдан бастап перзенттің дүниеге келуіне байланысты біржолғы жәрдемақы төленіп келеді.

Биылғы жылдан бастап біз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясы барынша қарапайым үш деңгейлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің үш жылдық бағдарламасын іске асыруды қолға аламыз. Біріншіден, бұл мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдер. Екіншіден, бұл міндетті әлеуметтік сақтандыру. Ақыр аяғында, бұл кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті жинақтаулары. Міне, осындай үш бастау азаматтарымыздың қарттық кезеңін лайығымен қамсыздандыруға тиісті жағдай туғызады.

3.7. Тұрғын үй мәселелері

Ендігі бір өзекті міндет – тұрғын үй проблемасын жеделдете шешу. Баспанаң болмайынша, түтін түтетіп, бала өсіру қиын.

Биылғы жылы тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Біз бұрынғы жүйе шеше алмаған істі қолға алдық.

Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер жауапкершілікті өздеріне алып, қолдарынан не келетінін қазақстандықтарға көрсетсін. Тұрғын үй құрылысы – біздің экономикамызды алға сүйреуші қуатты күш.

3.8. Рухани даму мен конфессиялар аралық келісім

"Мәдени мұра" бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет.

Біз осы саланы мемлекеттік қолдаудың толымды бағдарламасын қалыптастыруымыз керек.

Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі - еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігер жұмсауымыз керек.

Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр, Жаратушының қандай жолмен болса да түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы – Қазақстандағы конфессиялар аралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі. Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этностар аралық, конфессиялар аралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті алдағы уақытта да мұқият сақталып, дамытыла береді.

3.9. Жоғарыда айтылған сөздердің бүгінгі күні әрбір отбасы үшін, әрбір қазақстандық үшін мәнісі неде?

1. Биылғы жылдан бастап біз іс жүзінде әрбір отбасының мүддесіне игі ықпалын тигізетін 2005-2007 жылдарға арналған әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасын іске асыра бастадық.

2. Үстіміздегі жылдан бастап біз жекелеген сырқаттар бойынша бес жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен, ал жүкті әйелдерді – құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз ететін боламыз.

3. 2006 жылдан бастап диспансерлік есепте тұратын және амбулаториялық деңгейде жеңілдік шарттары қолданылатын балалар мен жасөспірімдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге көшуіміз керек.

4. 2006 жылдан бастап тұрмысы төмен отбасыларына 18 жасқа дейінгі балаларына ай сайынғы жәрдемақылар төленуге, 4 және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға, "Алтын алқа", "Күміс алқа" немесе I және II дәрежелі "Ана даңқы" белгілерімен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 4000 теңгеге дейін көбейтілуге тиіс.

5. Біз нәрестенің тууына байланысты бір жолғы жәрдемақыларды қазір де төлеп келеміз. Енді соларға қосымша бұрын жоспарланғандай 2007 жылдан емес, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап, бір жасқа дейінгі сәбиді күту жөнінде мемлекеттік жәрдемақылар енгізу қажет деп санаймын.

6. Биылғы 1 шілдеден бастап біз барлық зейнеткерлерге, еңбек өтіліне, жалақысы мен тағайындалған зейнетақысының мөлшеріне қарамастан, 3000 теңге мөлшерінде қосымша негізгі зейнетақылық төлем жасайтын боламыз. Осылайша ең төменгі зейнетақының мөлшері негізгі зейнетақылық төлеммен бірге 9200 теңгені құрайтын, ал зейнетақының орташа мөлшері 12 мың теңгеден асатын болады.

7. Биылғы 1 шілдеден бастап біз жоғары оқу орындары студенттері, сондай-ақ орта кәсіптік білім беру ұйымдары оқушылары стипендияларының мөлшерін 2 еседен астам өсіретін боламыз.

8. Біз ең лайықты деген жастардың шетелдерде білім алуларына жәрдем жасаймыз. Жыл сайын үш мың үздік студентке "Болашақ" бағдарламасының шеңберінде әлемнің ілгері жоғары оқу орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады.

9. Бізде инженерлер мен технологтар бола алатын және болуды қалайтын дарынды жастар көп. Білім беру гранттары мен кредиттері – мемлекеттің оларға көрсететін нақты көмегі осындай. Жеке меншік секторын мен осы іске белсене қатысуға шақырамын.

10. Коммерциялық банктердің студенттерге таяудағы 5 жылда бөлетін кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыру үшін қосымша 2 млрд. теңге, оның ішінде биылдың өзінде 600 млн. теңге бөлу қажет.

11. 2006 жылдан бастап мүгедектердің барлық топтарына және жасына байланысты жәрдемақы алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды қосымша 1000 теңгеге арттыру қажет деп санаймын. Биылдан бастап, бұл жәрдемақылардың едәуір арттырылғаны мәлім.

12. 2006 жылдан бастап асыраушысынан айырылған 247 мың отбасына 300-ден 1000 теңгеге дейін сомада қосымша қолдау жасау қажет.

13. Биылғы 1 шілдеден бастап бюджет саласының қызметкерлері - мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет пен әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 32 пайыз көтеру қажет деп санаймын. Ал 2007 жылдан бастап орта есеппен 30 пайыз көтеру қажет.

14. Негізінен алғанда жалақы мемлекеттік қана емес, жеке меншік секторда да өсуге тиіс. Осыған орай биылғы 1 шілдеден бастап, ең төменгі жалақы мөлшерін 9200 теңгеге дейін өсіру қажет.

15. Мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ бюджет саласының басқа да қызметкерлерінің жалақысын биылғы 1 шілдеден орта есеппен 32 пайызға, ал 2007 жылдан бастап, тағы да 30 пайызға көтеру, сөйтіп, біртіндеп оның мөлшерін жеке меншік секторына жақындата беру керек деп санаймын.

16. Ағымдағы жылы тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен ғана халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін 1600 пәтер салу және ипотекалық бағдарлама бойынша халықтың қолы жететін арзан 11 700 пәтер салу қажет.

17. Тұтас алғанда қаржыландырудың барлық көздері арқылы үш жыл ішінде біздің 12 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе 195 мың пәтер салуымыз керек. Бұл тұрғын үй құрылысы екі есе өседі деген сөз.

Осы айтылғандардың бәрін де біз іске асырамыз, өйткені экономикамыздың жағдайы осындай мүмкіндіктер беріп отыр.

Экономикамызды жолға қойғаннан кейін азаматтарымыздың жағдайын жақсартатын күннің туатыны жайында мен әрдайым айтып келген едім. Мен өзімнің уәдемді орындап келемін.

Экономикалық және әлеуметтік жедел жаңару бағыты Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамудағы өзінің көшбасшылығын одан әрі сақтап, сол арқылы капиталды, инвестициялар, технологиялар мен білімді, білікті кадрларды тарту орталығына айналуына мүмкіндік туғызуға тиіс.

Кәсіпкерлер біздің оларға қалыпты жағдай туғызып, артықшылықтар беретінімізді, бізде бизнестің қауіпсіз әрі келешегі мол екенін білгендері жөн. Ғалымдар мен жоғары білікті мамандар өз еңбектеріне бізде тиісінше сыйсияпат көрсетілетініне сенімді болу керек. Өнер адамдары өз қызметі лайықты бағаланатындықтарын сезінуі тиіс. Біз бұл үшін бәрін де жасаймыз.

Бұл біздің жетістіктеріміздің бағасы болмақ.

4. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі

Құрметті қазақстандықтар!

Осы жылдары біз "әуелі экономика, содан кейін саясат" деген айқын қағидатты ұстана еліміздің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, демократияландыру бағытында алға жылжыдық. Бұл өзін-өзі ақтады. Байсалдылықтан жамандық көргеніміз жоқ. М. Тэтчердің "... мен тиісті жағдайы әрі тәжірибесі жоқ кез келген елде, мейлі ол азиялық немесе азиялық емес ел болсын, ешбір проблемаларға ұрынбай бір деммен демократияны енгізу мүмкін дегенге сенбеймін" деген сөздерін еске түсірген орынды.

Басқа елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, демократия дегеніміз – қоғамның барлық топтары үйренуге тиіс барынша ұзақ процесс. Көптеген елдердің ғасырлар бойы қалыптасқан либералдық дәстүрлері бар, алайда олар шырқау биігіне әлі де жете қойған жоқ. Біз бәрін жоқтан бастаған едік қой және демократияның өзі – адамның ой-санасы мен мінез-құлық мәдениеті екенін ұмытпағанымыз жөн.

Осы пікірлер құрметтеуге лайық деп санаймын. Біздің шығыс даналығы, сабырлылығы мен сақтығы дәстүрлеріне адал болғанымыз абзал.

4.1. Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы

Біздің ортақ жетістіктеріміз саяси жүйені одан әрі жаңарту және демократияны дамыту жөніндегі жүйелі және көп бағытты жұмысқа көшуімізге мүмкіндік береді.

Мен бүгін бастамалар дестесін – Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын ұсынып отырмын.

Бұл бағдарлама мемлекеттік, саяси және қоғамдық институттарды реформалауға бірыңғай әрі біртұтас тұрғыдан келуді көздейді. Мұндай қадамның мәні – Қазақстанды батыс демократиясының дәстүрлері мен қағидаттарына және Оңтүстік Шығыс Азияның іргелі мемлекеттерінің тәжірибесіне, біздің көпұлтты және көп дінді халқымыздың дәстүрлеріне сәйкес одан әрі демократияландыру.

Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы бүкіл қоғамның үндесу негізінде ғана жүзеге асырылуға тиіс екені анық.

2005 жыл тарихқа саяси реформаларды белсенді түрде алға бастыру мен оларды бүкілхалықтық талқылау жылы ретінде енуі керек.

Бұл жұмысқа Қазақстанның барлық азаматтары, көрнекті тұлғалар, қоғамдық пікірдің көшбасшылары, ел дегдарлары тартылуы тиіс деп санаймын, мұның өзі оған барынша ашық әрі бұқаралық сипат берер еді.

Мен батыстық демократия елдері мен серпінді дамып келе жатқан Азия мемлекеттерінен (Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Түркия және басқалары) сыртқы сарапшы мамандар, сондай-ақ беделді саяси қайраткерлерді ынтымақтастық үшін шақыру мүмкіндіктерін жоққа шығармаймын.

Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының талқылануын үйлестіруді Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияға жүктеймін.

Бұл комиссия осы Жолдауда өзім баяндаған саяси бастамалар негізінде:

- жалпыхалықтық пікірталастың нәтижелерін талдау және қорытындылауға;
- пікірталас нәтижелері бойынша Жалпыұлттық бағдарламаның алғашқы заңнамалық сұлбасын әзірлеуге;
- Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде Президентке және Парламентке ұсыныстар әзірлеуге;
- сондай-ақ саяси реформалар пакетін түпкілікті қабылдау және күшіне енгізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге тиіс.

4.2. Қолданылып жүрген Конституциямыздың әлеуетін одан әрі пайдалану

Ең әуелі қолданылып жүрген Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет.

Біздің Конституциямыздың әлемде демократиялық қоғамның негізгі міндеттеріне сәйкес келетіні танылып отыр. Егер атына сын айтылып жүрсе, оның ережелерінің орындалуына қатысты болып жүр. Бүкіл әлемде демократия мен заңды сақтау ажырағысыз болып танылады.

Халқымыз қабылдаған ел Конституциясы бізге не берді?

Тиімді жұмыс істеп жатқан қос палаталы Парламент – еліміздің заң шығарушы билігі. Конституция оған ел бюджетін бекіту мен оның орындалуын бақылау құқығын берді.

Парламент көпшілік дауыспен Премьер-Министрдің, Ұлттық банк төрағасының тағайындалуына келісімін береді, Үкіметке сенімсіздік білдіруге, оны орнынан түсіру қажеттілігін мойындатуға құқылы, сондай-ақ кез келген министрді қызметінен босатуды талап ете алады.

Парламентте саяси партиялардың фракциялары өкілдік етеді.

Парламент ел Конституциясына өзгерістер енгізу құқығына ие.

Үкімет мүшелері Парламент палаталары алдында тұрақты есеп беріп отырады.

Сенат Жоғарғы сот судьяларын сайлайды, Бас прокурор мен ҰҚК төрағасын тағайындауға келісімін береді.

Біздің елімізде Президент, Парламент депутаттары мен мәслихат депутаттары баламалы негізде еркін және жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Конституциялық Кеңес, Есеп комитеті сияқты маңызды мемлекеттік органдарды тең негізде Президент, Мәжіліс және Сенат құрады. Орталық сайлау комиссиясын өз кезегінде Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша Мәжіліс сайлайды. Бұл тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің айқын белгісі.

Мұндай жағдайда әңгіме Конституцияда берілген құқықтарды анық пайдалану жайында болуға тиіс. Сондай-ақ заңдардың бұзылмауы, нақтылы сақталуы жайында болуға тиіс.

4.3. Атқарушы билік реформасы

Қолымыз жеткен жағдайды және дамудың алдағы келешегін ескере келе:

- билікті одан әрі орталықсыздандыру;

- мемлекеттік басқару жүйесін реттеу мен оның тиімділігін арттыруға бағытталған атқарушы билікті реформалауды одан әрі жүргізу қажет деп санаймын.

Біз атқарушы билік жүйесін орталықсыздандыру бағытында белгілі бір қадамдар жасадық, әкімдердің сайланбалылығын енгізуге қажетті жағдай туғыздық. Біз биылғы тамыз айында облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аудандар әкімдерінің сынақ түріндегі сайлауларын өткіземіз және кезең-кезеңімен ауылдық (селолық) округтер, ауылдар, кенттер (селолар) әкімдерін сайлауды қолға алып, 2007 жылы оны аяқтаймыз.

Сонымен бір мезгілде Үкімет Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін айқындайтын, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу процесін аяқтайтын заң жобаларын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуі керек. Бұған қоса Үкімет Қазақстандағы Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын қолдау жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеуге тиіс.

Содан кейін ғана елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды түпкілікті енгізуге болады. Атқарушы билік қызметінің ашықтығы ережеге айналуы керек.

Қазір жергілікті атқарушы билік халықпен кездесіп, есеп беруде. Бұл дұрыс.

Олар халықтың елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардан хабардар болуына, пікір алмасулар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік туғызуы тиіс. Бұл – атқарушы органдардың халықтың алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін арттыруға қол жеткізудің, халықты мемлекеттік басқару процесіне кеңінен тартудың бірден-бір жолы. Мұндай кездесулер қоғамдық-саяси өмірдің бұлжымас ережесіне айналуы керек.

Әкімшілік реформаларды одан әрі тереңдете беру қажет. Бұрынғы көнерген және ырыққа көнбейтін мемлекеттік тетікті үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, азаматтарымыз мүддесі үшін осы заманғы қоғамдық-саяси процестерді серпінді басқаруға қабілетті тетікке айналдыру ісін аяқтауымыз керек.

Алқалы орган ретінде Үкіметтің өзінің жұмысының тиімділігін және әрбір Үкімет мүшесі – министрдің дербес жауапкершілігін арттыру қажет.

Үкімет дербестікке ие және барлық атқарушы билік тармақтары үшін жауап береді. Оның еліміз Конституциясы өзіне берген құқықтар мен өкілеттіктерді толығымен пайдалануы керек.

Жергілікті органдарға өкілеттіліктің бір бөлігін беру арқылы биліктің орталық деңгейінің басы артық мемлекеттік функцияларының санын қысқарту қажет.

Осы заманғы басқарушылардан тұратын пәрменді әрі, ең бастысы, – құрамы жағынан "аз да болса саз" болсын дегендей, оңтайлы мемлекеттік аппарат жасақталуға тиіс.

Мемлекеттік органдар тарапынан азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту үшін "Электронды Үкімет" қалыптастыруды жеделдету қажет.

Мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру – атқарушы билікті реформалаудың кілті болмақ.

Бұл үшін:

- мемлекеттің әкімшілік қызметтер көрсетуін жетілдіру;
- басқарудың бюрократтануын төмендету;
- мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін оңтайландыру қажет.

Оған негіз бар. Қазақстанда қазірдің өзінде "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң қабылданған. Мемлекеттік қызметке қабылдау конкурстық негізде компьютерлік тестілеу арқылы жүзеге асырылады. Жылына мың жарымнан астам адам білім алатын Мемлекеттік қызмет академиясы құрылған.

Үкімет өзінің күш-жігерін жалпы реттеушілік функциялар мен ереже туындатушылық жұмыстарға шоғырландыруы керек.

Оның құрылымы мемлекеттік саясат басымдықтарына сәйкес түзілуге тиіс болса, министрліктер – мемлекеттік қызметтің түрлеріне қарай нақты функционалдық бөлініс негізінде жасақталуы тиіс.

Үкіметке мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеуді тапсырамын. Тұтастай алғанда әрбір мемлекеттік ведомстволық және жекелей алғандағы шенеуніктің қызметін бағалаудың стандарты атқарылған жұмысының тиімділігі болуға тиіс.

"Бір терезе" қағидаты бойынша тұрғындарға қызмет көрсету орталықтарын құру, мемлекеттік қызметшілер үшін сапа менеджменті жүйесін (ИСО) енгізу; сыйақыны қазіргідей жалақыға қосылып кететін үстемақыға айналдырмай, таңдаулыларға ғана беру; мемлекеттік қызметтің тәртібі мен этикасын сақтауды қамтамасыз ету керек.

4.4. Биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейту туралы

Жоғарыда айтқанымдай, саяси жаңару процесі, ең әуелі, биліктің заң шығарушы тармағының саяси беделін күшейтуді талап етеді. Мұны қолданылып жүрген Конституцияның шеңберінде атқарған жөн және солай істеу қажет. Конституцияның әлеуеті әлі де толық пайдаланылып біткен жоқ.

Орталық сайлау комиссиясын, Конституциялық кеңесті және Есеп комитетін құрудағы Парламенттің қос палатасының рөлін арттырудың қажеттігін талқылау керек.

Парламенттік көпшілік негізінде Үкімет құрамын жасақтаудың тетіктері мен әлеуметтік-экономикалық сала министрлерінің кандидатураларын тиісті комитеттерде талқылау мәселелері де егжей-тегжейлі пысықтауды талап етеді.

Мұндай мәселелерді шешу халық өкілдерінің атқарушы билік органдарына деген ықпалы мен бақылауын жаңа деңгейге көтереді.

Сондай-ақ мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерін кеңейтуді де қарастыру қажет. Бұл мемлекеттік билік жүйесін орталықсыздандыру, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің рөлін арттыру жолындағы маңызды қадам болады.

4.5. Сот жүйесі мен азаматтарды құқықтық қорғау реформасы

Біз демократиялық қоғамдастықтағы жалпыға ортақ стандарттарға сәйкес келетін кең ауқымды сот жүйесі реформасының қарсаңында тұрмыз. Сот жүйесін жетілдіру және осы заманғы қоғамның қажеттіліктеріне сай келетін тиімді сот төрелігін жүргізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу үшін Комиссия құрылып отыр.

Біздің алдағы уақытта мынадай мәселелермен:

- сот ісін жүргізуді оңайлату, оның объективтілігін, сондай-ақ сот актілерінің тұрақтылығы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

- сот ісін жүргізу шеңберінде және сот шешімдерін атқару кезеңінде азаматтар құқығына берілетін кепілдіктерді күшейту;

- сот корпусының тәуелсіздігін қамтамасыз ету заң шеңберіндегі әділетті шешімнің кепіліне айналуға тиіс;

- судьялардың біліктілігін арттыру - мұның өзі Қазақстанның сот жүйесін XXI ғасырдағы шаруашылық, инвестициялық және сауда проблемаларына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді;

-қылмыстық сот ісін жүргізу мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыруды қамтамасыз ету;

- қылмыстық сот ісін жүргізу тәжірибесіне алқа билер соты институтын енгізу қажет. Осы мақсатта 2005 жылы "Алқа билер туралы" заң қабылданып, "Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы" Конституциялық заңға және алқа билер сотын енгізу мәселелері жөнінде басқа да заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс;

- сот рәсімдерінің ашықтығы мен анықтығын барынша қамтамасыз ету мәселелерімен шұғылдануымыз қажет.

Соттардың тәуелсіздігі және әділеттілігі жөніндегі мәселеге арнайы назар аударғым келеді. Біз судьялардың жалақысын көтердік, сөйтіп, олар бүгінде табысы ең жоғары мемлекеттік қызметшілерге айналды. Біз судьялардың зейнетақымен қамтамасыз етілуін қоса есептегенде, оларға берілетін барлық әлеуметтік кепілдіктер пакеті жайында да ойланғанымыз жөн. Судьяларды лайығымен материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді қажырлы да адал еңбектерінің өтеуі деп қана емес, жемқорлықтан сақтандыратын өтімді шараның бірі ретінде қарастырған жөн. Судьялар арасындағы парақорлықты адамгершілік тұрғыдан алғанда абыройсыздық деп бағалап қоймай, мұны экономикалық жағынан да тиімсіз етуіміз керек. Судья өз қызмет орнын қадірлеуге тиіс және заңды немесе кәсіби этиканы бұзған жағдайда өзінің мемлекеттік қызметте болу құқығынан ғана емес, барлық әлеуметтік кепілдіктерден де айырылатынын білуі керек.

Мұның бәрі де қосымша бюджеттік шығындар жасауға мәжбүр етеді, бірақ ол өзін ақтайды. "Арзан сот төрелігі тым қымбатқа түседі" дейтін ежелгі мәтел осыдан шықса керек.

4.6. Сайлау туралы

Сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттігін де талқылау міндет.

Орталық сайлау комиссиясына сайлау процесін құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктерге байыпты талдау жасауды тапсырамын. 2005 жыл ішінде Орталық сайлау комиссиясы халықаралық стандарттар мен қоғамымыздың даму деңгейіне толық сай келетін, сайлау тетіктерін сапалық жағынан жақсарту жөнінде тиісті ұсыныстар әзірлеп, енгізуге тиіс.

Мен тек осындай тұрғыда ғана барлық азаматтардың еркін әрі кепілді ерікниетін білдіруін қамтамасыз ететін дәйекті бағытты жүзеге асыруға болады деп білемін.

4.7. Азаматтық қоғам институттарын дамыту туралы

Ең бастысы – Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының, сөз бостандығының, бірлестіктер мен саяси ерік-жігерді білдірудің кепілдіктерін одан әрі дамыта беру.

Бізде қазірдің өзінде тиісті нормативтік база бар.

"Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Жарлыққа сәйкес омбудсменнің құқық қорғау мүмкіндіктері кеңейтілді, ендігі жерде нақтылы іс-қимыл қажет.

Сөз бостандығы – Қазақстанның аршынды демократиялық дамуының негізгі шарттарының бірі. Тәуелсіз Қазақстанда саяси себептер бойынша сотталған адамдар жоқ.

Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттар алдағы уақытта да дәйекті түрде жасалады әрі қорғалатын болады. Сонымен қатар сөз бостандығын пайдаланудағы шектен шығушылыққа қатаң тосқауыл қойылуы шарт.

4.8. Сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес туралы

Қазақстан кеңестен кейінгі кеңістікте алғашқылардың бірі болып жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдап, халықаралық конвенцияларға қосылды. Жазаланған шенеуніктер де аз емес. Көп іс тындырылды. Соған қарамастан, біз осы проблемамен шұғылданатын әрі өзіміз берген ақпараттарға сүйеніп біздің жұмысымызға баға беретін халықаралық ұйымдармен тиісінше жұмыс істей алмай жүрміз. Қазақстан біздің өңірде ғана емес, басқа да жерлерде кейінгі кезекке ығысып кетпегенін толық сеніммен айта аламын. Алайда өтпелі экономика сырқатының өзіне тән шығасысы да болмай қалмайды.

Уақыт өтті, ахуал өзгерді, ендігі жерде заңнама зерлей талдау мен жетілдіруді талап етіп отыр. Шенеуніктердің сыбайластық іс-әрекетіне ерікті немесе еріктен тыс тиісті жағдай туғызатын заңға тәуелді барлық актілер қайта қаралуға тиіс.

Бизнесті мемлекеттік қызметтен түбегейлі бөліп тастау керек.

Акционерлік қоғамдардың, олардың қожайындары мен соларға іш тартатын тұлғалардың көмескілігін, банк жүйесінің көмескілігін, рұқсат беруші органдардың көптігін, заңды айналып өту үшін пара беретіндердің жазасыздығын және тағы басқа келеңсіздіктерді түбірімен отап тастайтын уақыт келді.

Бұл үшін не істеу керек?

1. Бір жерде ғана төлқұжат тіркеп, салық төлеушінің есептік нөмірі, жүргізуші куәлігі және т.б. құжаттар ала алатын, "бір терезе" қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсететін орталықтар құру. Тәжірибе ретінде биыл Астана мен Алматыға осыны жасап көру керек.

2. Лицензиялар мен рұқсаттамалар санын күрт қысқарту.

3. "Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдар туралы" заңға тиісті өзгертулерді қабылдау.

4. Мемлекеттік қызметші өз бизнесін сатқанын немесе басқаруға бергенін міндетті түрде жария етуге тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшінің жеке бизнеспен айналысуына және компаниялардың мүдделерін жақтауына тыйым салатын Ар-ұждан кодексін әзірлеу керек.

6. Тәртіптік кеңестерді Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке түпкілікті беру, орталық бюджетке ауыстыру және оларды заңгер мамандармен нығайту керек. Оған зейнет жасына жақындаған шенеуніктерді орналастырумен шұғылданудың әсте қажеті жоқ. Кеңес мемлекеттік қызметшілердің этиканы және Ар-ұждан Кодексін орындауын қадағалауға тиіс.

7. Пара алушыларды ғана емес, пара берушілерді де жазалау керек.

8. Бизнестегі жалақы деңгейіне жақындата отырып, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын көтеру керек.

Мен тиісті мемлекеттік құрылымдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылын реттеу туралы жиі айтып келемін. Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттік дербес әрі тәуелсіз болуға тиіс. Оны Президенттің тікелей бағынысына көшірген дұрыс.

Үкіметке осы мәселелер бойынша нақты ұсыныстар енгізу мен оның орындалуын бақылауға алуды тапсырамын.

Сонымен бірге мемлекеттік қызметшілерді жемқор етіп көрсетіп, жөнжосықсыз айыптауларды тыйып тастайтын кез де жетті. Егер бұл көпе-көрінеу жала болса, онда мұны мемлекеттік қызметші сот арқылы дәлелдеуі керек. Егер олай болмаған жағдайда, дабыл тексерілуі тиіс.

* * *

Мен сіздерге өзімнің саяси реформаларға көзқарасымды баяндап бердім. Аталған барлық мәселелерді қолданылып жүрген Конституцияның шеңберінде жүзеге асыруға әбден болады.

Мен бастаған реформалардың талқылануы, және оны оппозицияның да талқылауы барысында, еліміздің бұдан былайғы саяси құрылымының түрлі

нұсқаларының да қарастырылып жатқанын біз білеміз. Егер олар ел мен халықтың мүддесін көздейтін болса, онда оппозицияның пікірін де құрметтеу керек.

Мен 2005-2007 жылдары алға қойған жұмысты аяқтауды ұсынамын. Сол кезде әрі қарай қалай жылжуымыздың керектігі айқындалады.

Мен Конституцияның тұрақтылығы – қоғамның тұрақтылығы екеніне кәміл сенемін. Ойланбай жасалған өзгерістер ел ішінде берекесіздік туғызады. Конституцияның қандай да бір ережелеріне түзетулер енгізуді ұсынбас бұрын, қолымыздағы нұсқасын зейін қоя зерделегеніміз жөн.

Өзара бас қосып, осы мәселені егжей-тегжейлі талқылаған танымал заңгерлеріміздің үлкен тобына мен зор ризашылығымды білдіремін. Олар маған Конституцияны қорғау, оның тұрақтылығын қамтамасыз ету жайында өтініш жасады.

Негізгі заңға өзгерістер енгізуге болады. Бұл өзгерістердің басты мәселесі – халқымыз президенттік басқарудың қазіргі жүйесін бұдан былай да қолдай ма әлде елдегі толып жатқан саяси партиялардың билік жүргізуін қалай ма? Нақ сол себепті мен төл Конституциямыздың мүмкіндіктері жайында тағы да қайталап айтып тұрмын. Ең демократиялық шешім халықтың өзінің еркі деп ойлаймын. Уақыты жеткенде біз азаматтарымызға бұл жөнінде сауал салатын боламыз. Сөйтіп, біз халқымыз бен еліміздің қажетіне қарай шешім шығаратын боламыз.

5. Қазақстан қазіргі әлемде

5.1. Біздің сыртқы саясаттағы басымдықтарымыз

Біздің басымдықтарымыз өзгеріссіз күйінде қалады. Бұл – XXI ғасырдың ығытына қарсы тұруға қабілетті әрі ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған, белсенді, жан-жақты және үйлесімді сыртқы саясат.

Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту басым бағыттар болып қала береді. Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі.

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ел ішіндегі реформаларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында Үкіметтің алдында осы мемлекеттермен арадағы негізгі шарттар және келісімдерді бұлжытпай жүзеге асыру міндеті тұр.

Осыдан бір ай бұрын Мәскеуде қол қойылған Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны делимитациялау туралы шарттың тарихи маңызы зор. Тарихымызда тұңғыш рет біз өзіміздің стратегиялық әріптесіміз Ресеймен заң жүзінде ресімделген мемлекеттік шекараға ие болдық.

Осылайша біз соңғы жылдары ұзына бойы 14 мың километрден асатын шекараны толығымен межелеуге қол жеткіздік. Бұл біздің мемлекеттік құрылыстағы жоспарларымызды жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызатын ұлттық қауіпсіздігіміздің маңызды кепілі.

Біз стратегиялық тұрғыдан Қазақстанның мүдделері толығымен ескерілген жағдайда Бүкіл дүниежүзілік Сауда Ұйымына тезірек кіруге ықыластымыз.

Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына, ТМД-ны, ЕурАзЭқ-ті реформалауға, БЭК-ті құру жөніндегі жұмыстарға да ерекше мән береді.

Біздің еліміз үшін барлық бағыттар бойынша ЕҚЫҰ-мен бұрынғысынша іс-қимыл жасау маңызды болып қала береді. 2009 жылы осы ұйымға төрағалық етуге біздің кандидатурамыздың ұсынылуына барынша жауапкершілікпен қараймыз. Бүгінгі бастамалар сонымен қатар осы мақсаттарға қол жеткізуді көздейді.

Қазақстанның әлемде қуатты экономикасы бар әрі халықаралық қоғамдастықтағы тұғыры берік өңірлік держава ретінде қабылданатынын да естен шығармағанымыз абзал. Бұл мәртебені қастерлеуіміз және еліміздің қазіргі әлемдегі беделін нығайту үшін қосымша күш-жігер жұмсауымыз керек.

5. 2. Бізді бүгін не алаңдатып отыр?

Мен бұдан әрі экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруымыздың жолында елеулі кедергі болуы ықтимал XXI ғасырдың қазіргі кезде көрініп жүрген объективті қатерлеріне сіздердің назарларыңызды арнайы аударғым келеді. Бұл қатерлер қыр астында жатқан жоқ. Біздің еліміздің бейбіт еңбегі мен прогресі баршамызға және әлемдік қоғамдастықтың ұстанымына байланысты.

Әңгіме не туралы болып отыр?

Біріншіден, осы өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизм етек жая бастады.

Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан алғанда Қазақстан белортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы.

Сондықтан да біз осы проблемаларды шешу үшін барлық мүдделі мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен бұрынғысынша белсене ынтымақтасатын боламыз.

XXI ғасыр қатерлерінің ішінде халықаралық лаңкестік ерекше орын алып отыр. Қаңтар айының аяғында Алматыда 40 халықаралық ұйым басшыларының қатысуымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Лаңкестікке қарсы комитетінің көшпелі отырысы өтті. Осы халықаралық зұлматқа қарсы күрес жүргізу үшін әлемдік қоғамдастықтың үлкен күш-жігер жұмсауы керек.

Біз өзіміз лаңкестікке қарсы коалицияға және Ирактағы жағдайды тұрақтандыруға саперлік отрядымыздың қатысуын нақ осындай ұстанымдар тұрғысынан пайымдаймыз.

Осы тұрғыда еліміздің өз ішінде де белсенді іс-қимыл жасалып жатыр. Жоғарғы Сот төрт лаңкестік ұйымды заңсыз деп жариялады. "Экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл туралы" Заң қабылданды.

Лаңкестіктің ушығуы жағдайында біз өңірдегі барлық мемлекеттер мен мүдделі елдердің іс-қимылы мен белсенділігін үйлестіруді сапалық жаңа деңгейге көтеру жолында қадамдар жасауға әзірміз.

5.3. Өңірдегі жағдай туралы

XV ғасырдың соңына дейін Орталық Азия әлемдік экономиканың маңызды өңірі болып келді. Біздің өңіріміз Шығыс пен Батысты жалғастырып жатты. Халықтар аумақтар мен ұлттарға бөлінген жоқ. Жібек жолының саябыр тартуы Орталық Азияны мешеу шет аймаққа айналдырды. Тәуелсіздік алғанымыздан кейін соңғы 500 жылда алғаш рет біздің өңіріміз әлемдік экономика үшін қайтадан экономикалық маңызына ие болды. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді нығайтып келеміз, әлемдік нарыққа бағалы тауарлар – мұнай, газ, кен, ауыл шаруашылығы шикізатын шығаратын өңірге айнала бастадық. Қазірдің өзінде көне Жібек жолының бойымен өтетін XXI ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырлары, авто- және теміржолдарының тораптары айқындала бастады.

Біз Азия "жолбарыстары" мен Еуропалық Одақ табыстарының сырына қаныға бастадық. Келесі бір жағынан Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздік алған елдер арасындағы халықаралық жауығу мен қақтығыстар да тоқтаған емес. Жаһандық экономикада ірі нарықтардың маңызы да үлкен. Біз, сонымен қатар, ұлы державалардың осы өңірде экономикалық басымдыққа ие болу жолындағы бәсекелестігін де байқап отырмыз. Осы жаһандық геоэкономикалық проблемаларға қатысты дұрыс ұстанымның маңызы үлкен.

Біздің алдымызда таңдау тұр: бірі – әлемдік экономиканың мәңгілік шикізаттық шылауы болып қалу, екіншісі тағы бір империяның келуін күту немесе Орталық Азияның барынша интеграциялануына қарай қадам жасау.

Мен осының соңғысын ұсынамын.

Бұдан былайғы интеграциялануымыз – біздің өңіріміздің тұрақтылығына, прогреске, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол. Тек осындай жағдайда ғана біздің өңірді әлем құрметтейтін болады. Тек сонда ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, лаңкестік пен экстремизмге қарсы пәрменді күрес жүргізетін боламыз. Мұндай бірлестік, сайып келгенде, біздің өңірде өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың мүдделеріне толық сай келеді.

Мен Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынамын. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан арасында жасалған мәңгілік достық туралы шарт осындай бірлесу үшін берік негіз бола алады. Мен өңіріміздегі басқа да елдерді де естен шығарып отырғаным жоқ.

Біздің экономикалық мүдделеріміз де, мәдени-тарихи тамырымыз да, тіліміз, дініміз де, экологиялық проблемаларымыз да, керек десеңіз сыртқы қатерлеріміз де ортақ. Еуропалық Одақтың сәулетшілерінің өздері де осындай алғышарттарды армандаған да болар. Біз тығыз экономикалық интеграцияға көшуіміз және ортақ нарық пен ортақ валютаға қарай ілгерілеуіміз керек.

Біз осылай жасағанда ғана өзіміздің әрқашан бірге болуымызды аңсаған арғы ұлы бабаларымызға лайық бола аламыз. Алайда алдымен патшалық империя, кейіннен сталиндік ұлттық саясат осы бірліктен қорқып, өңірді әкімшілік-ұлттық аумақтарға бөлшектеп тастаған еді. Ол кезде "Бөліп ал да, билей бер" деген саясат үстемдік етті. Қазір бізге келесі ұрпақтарымыз үшін өңіріміздегі теңқұқылы халықтар жүруге тиіс жаңа жолды нұсқайтын сәт туды.

6. Біздің туған Қазақстанымыз үшін жауапкершілігіміз

Қымбатты қазақстандықтар, отандастар!

Түйіндеп айтқанда, таяу жылдардағы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жөніндегі менің пайымым мен көзқарасым осындай.

Көріп отырсыздар, алда әлі талай алынбаған асулар бар.

Жүрер жолымыздың жеңіл боларына мен бұрынғы жылдардағы сияқты бұл жолы да уәде бере алмаймын.

Реформаларды жүргізу тактикасы, оларды жүзеге асырудың мерзімдері мен тетіктері жөнінде біздің көзқарастарымыздың әр түрлі болуы мүмкін.

Бірақ мен барша қазақстандықтарды, барлық саяси бірлестіктерді ортақ прогресс пен еліміздің болашағы жолында бірлесуге шақырамын.

Біз баршаға барынша мүмкіндіктер беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне-өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз.

Біз ұлтына және діни наным-сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз.

Біздің құқық қорғау органдары тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, ал іскер адамдарға өз мақсатын іске асыруға мүмкіндік беретін қоғам құруымыз керек.

Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруға тиіспіз.

Біз жолымызды дұрыс таңдай білдік. Бұған бүгінгі қолымыз жеткен нәтижелеріміз айқын дәлел бола алады. Осы негізде өзіміздің ілгері басқан жүрісімізді одан әрі жеделдете түсуге тамаша мүмкіндігіміз бар. Қазақстанды әлемнің дамыған әрі көркейген елдерінің қатарына қосатын жол осы.

Мен Қазақстан халқының өзімнің осы бастамаларымды қолдайтынына, оған ықылас қойып, өзіміздің осы жоспарларымыздың іске асырылуына лайықты үлес қосатынына кәміл сенемін.

Мемлекеттігіміздің бастауында тұрған, әрі өзіне халықтың алдында ел тағдыры үшін жеке дара жауапкершілік алған менің жалғыз мұратым: осындай күннің келуін жақындата түсу.

Осы ұлы мақсаттар мен мұраттардың орындалуы жолында баршаларыңызға мол табыс тілеймін.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті екінші сессиясының ашылуында 2005 жылғы 1 қыркүйекте сөйленген сөз "Қазақстан жолы: тұрақтылық, жаңару және өркендеу"

Құрметті палаталар төрағалары! Құрметті депутаттар! Ханымдар мен мырзалар! Қазақстан Парламентінің екінші сессиясын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

Ең алдымен, осы шаңырақтың астына жиналған баршаңызды Парламенттің екінші сессиясының өз жұмысын бастауымен құттықтаймын.

Өздеріңіз білесіздер, биыл мемлекетіміздің өмірінде және қазақстандық парламентаризмнің дамуында бірнеше өте маңызды оқиғалар болды.

Осы орайда, мен Ата Заңымыздың 10 жылдық мерекесі және Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығын ерекше атар едім.

Жақын арада Парламент те өзінің 10 жылдығын атайтын болады. Бүгінгі күн белесінен пайымдасақ, елімізде бұрын кәсіби парламентаризмнің тәжірибесі болған емес. Біз қоғамдық мүдделердің үйлесімін іздестіріп, табуға ұмтылдық, мемлекеттік құрылымдағы тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін түздік. Қолға алынған либералдық реформаларды ойдағыдай іске асыруға мүмкіндік берген заңнамалық негіздің де берік қаланғаны нақ осы кезең.

Сондықтан, осында отырған депутаттармен, осы жылдар ішінде Парламентте қызмет атқарған барша жандармен жүздесу мен үшін қашанда сүйінішті жәйт.

Қазіргі депутаттарға, сондай-ақ бұрынғы сайланған депутат болғандардың баршасына Қазақстанның игілігі жолындағы істерінде табысты болуларына ізгі тілектестігімді білдіремін.

Міне, бұл 10 жыл да тарихтың еншісіне айналыпты.

I. Біз дұрыс жолмен келеміз: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын бүкілхалықтық талқылау нәтижесінің кейбір бағалары мен халықаралық қоғамдастық тарапынан білдірілген пікірлер.

Менің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Жолдауым жарияланғаннан бері де жарты жылдан асар-аспас уақыт өткен екен. Соңғы кезде еліміздің көптеген өңірлерінде болып, қалалар мен ауылдарда, кәсіпорындар мен оқу орындарында ел-жұртпен кездескенім өздеріңізге мәлім. Сонда Жолдаудың ешкімді дерлік енжар қалдырмағанына көз жеткіздім.

Ендеше, күнделікті тірлікте қазақстандықтарды бүгін қандай мәселелер алаңдатып отыр екен?

Біріншіден, әрине, әр адам өмір сапасының жақсаруын қалайды, өзінің болашағын, қоғамның тыныштығын ойлайды. Әлбетте, жүріп жатқан реформалардың пәрмендiлігін кез келген жан өз тұрғысынан - дастарқанының тоқшылығына, тапқан табысына, білім алу мүмкіндігіне, отбасының, айналасының, күллі қоғамның тіршілігіне, ақыр соңы, базар бағасына қарай бағамдайды.

Жолдауды талқылау барысында айтылған ұсыныс-пікірлердің бәрін де атқарушы билік органдары бақылауға алды. Ескертпелер бойынша нақты шаралар белгіленіп, іске асырыла бастады, алғашқы нәтижелері де айтарлықтай.

Дегенмен, шешімін күткен проблемалар да баршылық. Алайда, олардың бәрі де Үкімет пен Парламенттің, сондай-ақ жергілікті билік органдарының назарында болуы тиіс және болатынына мен нық сенімдімін.

Екіншіден, мен үшін ең маңыздысы сол: Жолдауды бүкілхалықтық талқылаудың барысында қалың жұрттың қызу ынтасы тақырып аясынан әлдеқайда кең болып, халықтың күнбе-күнгі тіршілігінің ауқымынан әлдеқайда асып кетті.

Олардың арасында небір сындарлы ұсыныстар мен мәселелер бар. Мұнда шағын және орта кәсіпкерлікті қалай қолдау керектігі, әлеуметтік әділетті саясатты жүргізу жолдары, тұрғын үй проблемалары, үш деңгейлі зейнетақылық жинақтау жүйесінің жайы, балаларымызға білім беру, кадрларды қайта даярлау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту мен осы заманғы сот жүйесінің келбетіне дейінгі толып жатқан мәселелер қамтылған.

Сонымен қатар тұрақтылықты қамтамасыз ету және көрші туысқан мемлекеттерде орын алғандай жүгенсіздіктерге жол бермеу баршаның көкейіндегі ең бір өзекті мәселе екенін атап көрсеткен орынды.

Барлық ұсыныс-пікірлердің қыры мен сыры өзіміздің нақты жоспарларымызды жасау және жүзеге асыру барысында барынша ескерілетін болады.

Мұндай ауқымды қоғамдық пікірлесу қазақстандықтардың өз жеке басының жағдайын бүкіл еліміз игілігінің және оның халықаралық беделінің өсуімен байланыстыратынын көрсетіп берді. Яғни, біз барлық уақытта да олардың қолдауы мен мүдделі қатысуына сене де, сүйене де аламыз.

Үшіншіден, біздің алдағы қоғамдық жаңғыртулар жайындағы жоспарларымызды халықаралық саяси және іскерлік қауымдастық алғаш рет дәл осылайша зерделеп, бағамдаған, ой елегінен өткізген болар. Қазақстанды жүйелі жаңарту идеялары сан түрлі халықаралық конференцияларда қызу пікір алмасу тақырыбына айналды, соның ішінде Қазақстан жоспарлары Бостондағы Гарвард университетінде, АҚШ-тағы Азия қоғамының жазда Алматыда өткен конференциясында және басқа беделді форумдарда талқыланды.

Құрметті депутаттар!

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өздеріңізге мәлім болып отырғанындай, Жолдау жария етілгеннен кейін біз әлемнің көптеген басшылары, халықаралық ұйымдар мен іскерлік дүниесінің жетекшілері тарапынан мақұлдау және нақты ұсыныстар алдық.

Қазақстанның болашағына деген адал ниет және тілектестік білдірген олардың бәріне де мен шын жүректен ризамын, осы орайда Ресей Президенті Владимир Путинге, АҚШ Президенті Дж. Бушқа, бұрынғы президенттері үлкен Дж. Бушқа және Билл Клинтонға, сондай-ақ АҚШ конгрессмендері мен сенаторларына, Франция Президенті Жак Ширакқа, Австрияның Федералдық президенті Хайнц Фишерге, Испания Королі Хуан Карлосқа, Ұлыбритания Премьер-Министрі Тони Блэрге, Корея Президенті Ро Му Хенге, Жапония Премьер-Министрі Коидзумиге тағы да алғыс сезімімді арнағым келеді. Олардың ақыл-кеңестері мен ұсыныстары біз үшін өте-мөте маңызды. Менің одан әрі жаңарту жөніндегі идеяларымды достық раймен қолдаған барлық адамдарға ыстық ілтипатымды білдіремін, түскен хаттардың көптігі соншалық, қазір олардың бәрінің есімдерін атап шығудың өзі қиын. Мен мұндай ыстық ықыласты, біздің бастамаларымызға көрсетілген қолдауды жоғары бағалаймын әрі осыншалық ізгі пейілдің біздің даусыз табыстарымыздың арқасында білдірілгенін де жақсы түсінемін.

Қазақстан келешегі кемел әрі сенімді серіктес ретінде барған сайын әлем назарын өзіне аудара бастады. Біздің жетістіктерімізді жіті қадағалап отырған халықаралық қоғамдастық бізден өңірлік және халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікке бастайтын оңтайлы шешімдер тосады.

Қазақстандағы тарихи өзгерістердің жаңа кезеңінің негізіне айналған біздің бүгінгі табыстарымыздың негізі 1997 жылдың өзінде қаланғанын айтқан орынды. Біздің даму жолымызды айқындап берген әрі әлемге еліміздің жаһандану заманындағы мақсат-мұратын мәлім еткен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының Стратегиясын біз нақ сол кезде қабылдадық. Мемлекет дамуының 7 ұзақ мерзімді басымдығы да нақ сол кезде таңдап алынды. Оларды дәйекті түрде іске асыру сол кезде либералдық жаңғырулардың ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етті. Сөйтіп, бұдан былайғы экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару үшін қажетті әрі жеткілікті бастапқы жағдай туғызды, ол уақыттың туғаны жайында мен биылғы ақпан айындағы Жолдауымда мәлім еттім.

II. Біздің стратегиямыз және Қазақстанның дамуын қазіргі кезеңде жеделдетудің басты мәселесі – экономикалық, әлеуметтік және демократиялық өзгерістерді үйлесімді ұштастыру

2030 жылға дейінгі Стратегиямыздың қағидаларын орындай отырып, біз қазірдің өзінде көп істі озық қарқынмен тындырдық. Мұны барша қазақстандықтар көріп, сезініп отыр, мұны халықаралық қоғамдастық та танып отыр.

Президент Джордж Буштың жолдаған хатында атап көрсетілгендей, "Сіздің еліңіз қазір басынан кешіріп отырған тұрақтылық пен өркендеу өңірдегі басқа елдер үшін үйренерлік үлгіге айналды".

Бұл ретте соңғы он бес жылдың ішінде әлемнің де адам танымастай өзгергенін, тура көз алдымызда өзгеріп бара жатқанын да ескеру керек.

Замананың сын кезеңдері елдер мен халықтардың саяси және рухани жетекшілерін қоғамдық даму тұрғысынан ең оңтайлы үлгі және стратегия іздестіріп таңдауға мәжбүр етіп отыр.

Қазақстан болса, өз таңдауын қазірдің өзінде айқындап алды. Менің Жолдауымда баяндалған міндеттер, сондай-ақ Қазақстанның даму философиясы да өзінің өміршеңдігі мен келешегінің кемелдігін қуаттап берді. Олардың басы ашық әрі баршаға түсінікті деген ойдамын.

Қазақстан осы заманғы бәсекелес экономиканың берік іргесіне сүйеніп, еркін адамдардың ашық, демократиялық және өркендеген қоғамын, халықаралық қоғамдастықтың құрметті де жауапкершілігі жоғары мүшесі ретінде құқықтық мемлекет орнату жолында еңбек етуде. Өзіміздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың маңызды белгілері мен дәстүрлерін үйлесімді ескеретін мемлекет орнатып жатыр.

Қазіргі кезеңдегі біздің жедел дамуымыздың басты мәселесі - біздің халқымыз бен еліміз қауіпсіздігінің мүдделерін ескере отырып, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық жаңғыруларды үйлесімді ұштастыра білу. Мұндай ұштастыру тәуелсіздігіміз бен дамуымызды одан әрі нығайту үшін саяси тұрақтылықты сақтап қалуға тиіс.

Ұзақ уақыт Бүкіл дүниежүзілік банкке басшылық еткен Джеймс Вулфенсон маған былай деп жазыпты: "Таяу уақыттағы басты мәселе Жолдауды нақты іс жүзіне асыруға саяды, әрі бұл шаруа Қазақстан Үкіметіне орасан жауапкершілік жүктейді".

Бүгін, алты ай өткеннен кейін, Жолдауды орындаудың іс жүзіндегі алғашқы қорытындыларын бірлесіп бағамдайтын уақыт та келді.

III. Жолдауды іске асырудың экономика саласындағы практикалық қорытындылары және болашаққа арналған таяу арадағы жоспарларымыз: экономиканы әртараптандыру, шикізаттық емес салаларды дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, ДСҰ-ға кіру

Экономика мәселелерінен бастағанымыз жөн шығар, өйткені менің кәміл сенімім бойынша, замана ағымынан артта қалған әлсіз әрі тәуелді экономиканың негізінде және орташа тап басым болмай ашық, еркін, өркенді қоғам орнату және өз азаматтарымыз үшін өмірдің жоғары стандарттарын қалыптастыру мүмкін емес.

Біз бұған ұлтымыз бен экономикамыз бәсекелес қабілетті болған жағдайда ғана қол жеткізе аламыз.

Бұл кезеңдегі өзіміздің басты басымдықтарымыз ретінде біздің экономиканы жан-жақты әртараптандыруды, шикізаттық емес салаларды оздыра дамытуды, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды, ДСҰ-ға кіруді таңдап алғанымыз өздеріңізге мәлім.

Үкімет қазірдің өзінде бекітілген 7 қанатқақты кластерлер жасау мен дамыту жөнінде тиісті қаулылар қабылдады. Мен еліміздің тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын дамытуға қолайлы жағдайлар туғызылуын қамтамасыз ететін "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру туралы Жарлыққа қол қойдым.

2005 жылдың басынан бері жүргізіліп келе жатқан индустриялық саясаттың шеңберінде 64 жоба іске асырылды. Жыл аяғына дейін түрлі 169 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Индустриялық-инновациялық стратегия қолға алынған уақыттың ішінде даму институттары жалпы сомасы 2 миллиард АҚШ долларынан асатын 103 инвестициялық жобаны қаржыландыруды мақұлдады. Қазір іс жүзінде 1 миллиард АҚШ доллары сомасындағы 62 жоба қаржыландырылып отыр.

Қазір біз шағын және орта кәсіпкерліктің бастамашылығы мен еркіндігін дамытуға және нығайтуға елеулі үміт артып отырмыз. Бұл бағыттағы біздің нақтылы іс-қимылымыз мынадай:

Біріншіден, Салық кодексіне шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимін жақсартатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазір заң жобасы Сенаттың қарауында.

Екіншіден, Үкімет "Кәсіпкерлік туралы" және "Кәсіпкерлік мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" екі заң жобасын әзірлеуді аяқтап келеді. Бұл заңдар барынша қысқа мерзімде Парламентке енгізіледі, ал Сіздер, құрметті депутаттар, биылғы жылы бұл жобалардың заңға айналуы үшін оларды қарауға барынша жауапкершілікпен кіріседі деген ойдамын.

Үшіншіден, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорына, бұрын жоспарланғандай, бюджеттен 10 миллиард теңге бөлінді. Мұның өзі шағын инновациялық бизнестің дамуына да жәрдемдесетініне сенімдімін.

Төртіншіден, мемлекеттік кәсіпорындардың өздеріне бейінсіз міндеттерін бәсекелі ортаға беру жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазірдің өзінде 19 республикалық мемлекеттік кәсіпорынды қайта құру жөнінде шешім қабылданды. Облыстардың әкімдеріне коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың 800-ден астам бейінсіз міндеттерін бәсекелі ортаға беру ұсынылды.

Стратегиялық маңызды ұлттық компанияларға келетін болсақ, Экономикалық саясат жөніндегі кеңес қазірдің өзінде Мемлекеттік холдинг компаниясын құру тұжырымдамасын мақұлдады, бірінші кезеңде инфрақұрылымдық компаниялар соның басқаруына берілетін болады.

XXI ғасыр рыногының қисыны мен талаптарына сәйкес еліміздегі аграрлық бизнесті дамытуға мүмкіндік беретін "Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңды Парламент қабылдап, мен қол қойдым.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөнінде жүйелі, ойластырылған, сонымен қатар жедел іс-қимыл жасау қажеттігіне тағы да назар аударғым келер еді.

Мұның өзі, атап айтқанда, отандық ауыл шаруашылығы өнімінің мамандандырылуына және бәсекелес қабілеттілігін арттыруға айрықша талаптар қояды. Біз бұған ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен ұқсату саласындағы кластерлік бастамашылықтарды іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландырған жағдайда ғана сай бола аламыз. Міне, нақ осыған жеке меншік сектордың назарын аудару, кредиттер мен инвестицияларды тарту керек.

IV. Қазақстанның энергетикалық саясатын одан әрі оңтайландыру және еліміздің халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін нығайту

Біз Қазақстанның энергетикалық саясатын әзірлеуге және іске асыруға және өз экономикамыздың іргелі әрі жүйе құрайтын саласын одан әрі дамытуға зор маңыз береміз.

Бірінші. Бізде Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің ұзақ мерзімдік мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, дәйекті жүзеге асырылып жатыр. Мұнай мен газ өндірудің бұдан былайғы негізгі өсімін, ең алдымен, Каспий теңізі айдынынан алу көзделеді, оның жалпы әлемдік өнім өндірудегі көлемі таяудағы 10 жылда екі есе өсуі мүмкін.

Каспийдің Қазақстан секторындағы алғашқы шарт аса ірі Қашаған кен орны бойынша жасалып отыр, мұндағы коммерциялық өнім өндіруді 2008 жылы бастау күтілуде. "Бритиш Газ" компаниясының 8 пайыз үлесін сатып алған Қазақстан биылғы жылдың өзінен "Эксон Мобил", "Аджип", "Коноко Филипс" сияқты аса ірі трансұлттық компаниялармен және басқаларымен бірге жобаның қатарлас операторы болып отырғанын атап айтқым келеді.

Биылғы шілдеде Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" бен "Роснефть" компаниялары арасында Құрманғазы кен орны жобасы бойынша өнім бөлісі жөніндегі келісімге қол қойылды. Құрманғазы құрылымынан алынатын ресурстарды мамандар 980 миллион тоннаға бағалап отыр. Каспий қайраңын игеру бағдарламасы шеңберіндегі басқа дестелерге қатысты келіссөздер де жүргізіліп жатыр, мұнда Қазақстан таяудағы 10 жылдың ішінде жылдық мұнай өндіру деңгейін 100-150 миллион тоннаға жеткізуді көздейді.

Мұнайға бай елдердің тәжірибесі біздің шикізат ресурстарының барына тәуелді болмайтын экономика құруымыз керек екенін көрсетеді. Өйткені мұнай бағасының тым шығандап кетуінің әлемдік экономикада дағдарыс туғызуы да ықтимал. Сондықтан да біз осы факторды ескере отырып, сауатты макроэкономикалық саясат жүргізуіміз қажет.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру 2010 жылдың өзінде күніне 2 миллион, ал 2015 жылы 3 миллион баррель мұнайды экспортқа шығаруға мүмкіндік береді. Бұл тұста өндірілетін ілеспе газдың көлемі жылына шамамен 100 миллиард текше метрдей болады.

Екінші. Қазақстанның өзінің меншікті табиғи ресурстарын пайдалануда әрқашан ашық саясат жүргізгенін және тәуелсіздік алған сәтінен бастап елімізде жұмыс істеп келе жатқан трансұлттық компаниялармен ынтымақтастықта да айқын саясат жүргізгенін және алдағы уақытта да жүргізе беретінін атап көрсеткім келеді. Қазақстан Республикасы өзінің тұрақтылыққа және қол қойған келісімдерінің шарттарын сақтауға бекем екенін дәлелдеді. Міне, нақ осы жағдаят біздің шетел инвестицияларын тарту және олардың ұдайы өсе түсуі үшін жақсы негіз қалауымызға мүмкіндік берді.

Үшінші. Қазақстан халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өзінің жаңа рөліне зор жауапкершілікпен қарайды.

Біз еліміз ие болып отырған географиялық және транзиттік артықшылықтарымызды дәйекті іске асыруға зор маңыз береміз. Әлемдік рыноктарға қуат көздерін тасымалдау мәселесін шешпейінше, біздің ресурстарымыздың ешқандай құны болмақ емес.

Қазіргі кезде Қазақстанның энергия көздерін әлемдік рыноктарға жеткізу арналарын әртараптандыруға және олардың тұрлаулылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ірі инфрақұрылымдық жобалар белсенді түрде пысықталып жатыр.

V. Жолдаудың әлеуметтік саладағы міндеттерін мерзімінен бұрын орындау және алдағы жұмысымыздың бағыттары

Ақпандағы Жолдауымда осы заманғы нарық экономикасының негізінде біздің әлеуметтік бағдарланған мемлекет пен қоғам құрып жатқанымыз мәлім етілді.

Осы орайда соңғы жарты жылда қандай нақтылы қадамдар жасалды?

Бірінші. Ең алдымен, 1 шілдеден бастап 2007 жылға дейінгі кезеңге белгіленген әлеуметтік реформалардың дестесі толық көлемінде жүзеге асырыла бастады.

Биылғы жылдың бюджеті негізгі лауазымдық жалақыны өсіруге кепілдік берді және ол жүзеге асырылды. Ең төменгі зейнетақылық төлемдер 9 200 теңгені құраса, зейнетақылардың орташа мөлшері, негізгісімен қоса есептегенде, 12 000 теңгеден асты. Бюджет саласы қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 32 пайыз өсті.

Екінші. Бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі мүгедектердің жәрдемақысы арттырылды.

Үшінші. Соғыс мүгедектері мен қатысушыларының арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларының мөлшері арттырылып, Жеңістің 60 жылдығы күніне орай оларға 30 мың теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді.

Төртінші. Тұрғын үй проблемасы жедел шешіліп жатыр. Халықтың неғұрлым тұрмысы төмен топтарына арнап коммуналдық тұрғын жайлар салу үшін республикалық бюджеттен облыстарға 6,3 миллиард теңге бөлінді. Қазірдің өзінде азаматтардың осындай санаты үшін бір жарым мыңнан астам пәтер салынып жатыр. Бұған қоса республикалық бюджеттен ипотекалық кредиттеу бағдарламасы бойынша қолжетерлік тұрғын жайлар салуға кредиттер беру үшін әкімдіктерге 42 миллиард теңге бөлінді.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жүзеге асырылуы еліміздің 1 миллиондай азаматын пәтерлермен қамтамасыз етеді. Бүгінде бүкіл елімізде құрылыс жаппай жүріп жатыр, тұрғын үйді іске қосу қарқыны екі есе өсті.

Бесінші. Зейнетақы жинақтаудың үш деңгейлік жүйесіне және міндетті жеке медициналық сақтандыруға көшу келешекте егде жастағы азаматтардың тұрмысының сапасын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді.

Алтыншы. 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

Денсаулық сақтау жүйесінің сапасын жақсарту үшін ауруханаларды, балалар мен босануға жәрдем жасайтын ұйымдарды әлемдегі үздік медициналық техникамен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтауға айрықша ден қойылады.

Қазір 13 ірі денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы жүріп жатыр. Биылғы жылы денсаулық сақтауға жұмсалатын шығын 2004 жылмен салыстырғанда үштің бірінен астам өсіп, оның ЖІӨ-дағы үлесі 2,7 пайызды құрады.

Жетінші. Макроэкономикалық саясатта еңбекке ақы төлеуді одан әрі арттыру өлшемдерін еңбек өнімділігінің артуымен және елдегі инфляцияның өсуіне ықпалымен ұштастыра отырып айқындау көзделіп отыр. Бұл маңызды жәйт, өйткені осындай жағдайда ғана кірістің өсуі ел халқының әл-ауқатын нақтылы арттыратын болады.

Осылайша мен бұл жөніндегі өзімнің барлық уәделерімді орындадым. Бұдан басқа да жоспарлар бар, олар да, сөз жоқ, орындалатын болады.

Менің саяси ерік-жігерім бұған әбден жетеді, оны өздеріңіз білесіздер.

VI. Кадрларға осы заманғы білім беру мен қайта даярлау үшін жағдайлар туғызу бағыты – Қазақстанды жедел жаңарту стратегиясының табысты болуының шешуші факторы

Қазақстанды жаңарту стратегиясының түбегейлі табысқа жетуін айқындайтын шешуші фактор – осы заманға лайық білім беру және кадрларды даярлау мен қайта даярлау. Бұған ешкімнің де көзін жеткізіп жатудың қажеті жоқ.

Бірінші. Біздің студенттеріміздің дайындығына тың тұрғыдан келу керек.

Өздеріңіз білесіздер, биылдан бастап біздің жоғары оқу орындарымыздың үш мың үздік студенті әлемнің айтулы университеттерінде оқып, өздерінің білім деңгейлерін арттыру мүмкіндігіне ие болып отыр. "Болашақ" бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен қажетті қаражат бөлінуде.

Біздің өзіміздің ҚМЭБИ мен ҚБТУ сияқты университеттеріміз де халықаралық стандарттарға сай келеді.

Ендігі жерде білім алуды Қазақстанда жалғастырғысы келетін жастарға үздік шетелдік профессорлардан дәріс тыңдау мүмкіндігі беріледі, өзімнің Жолдауымда айтқанымдай, олар Қазақстанға үнемі шақырылып тұратын болады. Екі университетке – Еуразия мен Қазақ ұлттық мемлекеттік университеттеріне ғана бұл мақсатқа 2 миллион доллар бөлінді.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен орта кәсіби білім алушы шәкірттердің стипендиялары 2 еседен астам өсірілді.

Коммерциялық банктердің студенттерге кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыруға, бұрын жоспарланғандай, қазірдің өзінде 600 миллион теңге бөлінді.

Үстіміздегі жылы студенттерді әлеуметтік қорғау жөніндегі қомақты шаралар дестесін іске асыруды қолға алдық.

Профессорлар мен оқытушылар құрамының кәсіби өсуі мен қайта даярлығы үшін жаңа қолайлы жағдайлар туғызыла бастады. Олардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін де шешетін боламыз.

Біздің қабілетті жас мамандарымыздың алған білімін барынша тиімді пайдалану жөніндегі мәселені бүгінгі күннің өзінде барынша оңтайлы шешу қажет деген ойдамын.

Екінші. Өзіміздің дербес ұлттық басқару мектебіміз болмайынша, біз ілгері баса алмаймыз, біз оны басқа елдердегі жақсы атаулының бәрін ала отырып, жасақтауымыз керек. Біздің өзімізде, айталық, Гарвардта немесе Вест-Пойнттағы сияқты елдің болашақ жетекшілерін дайындаудың ойластырылған жүйесі болуға тиіс.

Міне, сондықтан да елімізді осы заманғы жаһандық ауқымда кеңінен пайымдайтын менеджерлермен, ал экономикамызды жаңа біліммен қамтамасыз ету үшін мемлекет барған сайын көлемді шығын жұмсауға бара бастады.

2005 жылы білім беруге жұмсалатын шығындар 2004 жылмен салыстырғанда ширек шамада артып, олардың ЖІӨ-дағы үлесі 3,9 пайызды құрайтын болады.

Үшінші. Біздің кәсіби және мамандандырылған білім беру жүйесінің шеңберінде осы заманғы мамандар мен қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау үшін жағдай жасауды жақсарту жөнінде қолға алынған жұмысымыз мемлекет тарапынан ұдайы назар аударылып, қолдау көрсетілуін талап етеді.

Мұнай-газ саласы үшін мамандарды кәсіби даярлықтан өткізу және біліктілігін арттырудың алғашқы орталығы Атырау облысында құрылуда. Бұл оқу орнында мен болдым, ол келешек кадрларды даярлау жүйесі. Бұл тәжірибені экономиканың басқа да салаларына таратудың маңызы зор. Осы тұста мен біздің кәсіпкерлердің халықаралық еңбек бөлінісіне толығымен енуінің маңызды алғышарты ретінде олардың ағылшын тілін үйренуіне жағдай туғызу мәселесін тағы да алға тартқым келеді.

Төртінші және соңғы жәйт ретінде мен мынаны айтқым келеді. Бұл кезеңде осы заманғы білім және кадрларды кәсіби даярлау жүйесін құруда мемлекет қана емес, біздің іскерлеріміздің қоғамдастығы да айқын белсенділік танытуға тиіс.

Осыған байланысты Үкіметке де, Парламентке де таяуда ғана құрылған кәсіпкерлік жөніндегі кеңестің қатысуымен біздің ірі бизнесіміз үшін экономикалық, сондай-ақ қоғамдық жағынан да қосымша ынталандыру шараларын құру қажет деп санаймын. Адами капиталға, яғни іс жүзінде өзінің болашағына салған инвестициясы үшін бизнесті көтермелеу керек.

Сайып келгенде, мұның бәрі де еліміздегі білім беру мен кадрларды кәсіби даярлықтан өткізу жүйесін XXI ғасыр талаптарына сәйкес түбегейлі қайта құру жөніндегі толымды бағдарламаның бастауы ғана.

Үкімет бұл бағытта белсенді әрі осы заманғы талаптарға сай жұмыс істеуі керек.

VII. Қолға алынған саяси реформалар – Қазақстанның демократиялық ілгерілеу қарқынын жеделдетудің қомақты негізі

Ақпандағы Жолдауымда мен біздің қоғамымызда демократияны одан әрі дамыту мен мемлекетіміздің саяси жүйесін тиісінше жаңартуға бағытталған бастамалардың тұтас дестесін ұсындым. Осы бағытта нақты жұмыстар, кең көлемдегі көпшілік талқылауы басталды.

Біз бүгін оның тырнақалды тыңғылықты практикалық нәтижелері туралы айта аламыз.

Биылғы жылдың мамырында мен "Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы" Жарлыққа қол қойдым. Соған сәйкес әлеуметтік-экономикалық саланың министрлері, дипломатиялық өкілдіктер басшылары, Есеп комитетінің төрағасы мен оның екі мүшесі олардың кандидатуралары Парламенттің комитеттерінде алдын ала талқыланғаннан кейін ғана тағайындалатын болады.

1. Орталық сайлау комиссиясы сайлау заңнамасындағы кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар жасады. Онда Сайлау туралы конституциялық заңға таяуда ғана енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге өңірлердің, министрліктер мен ведомстволардың, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жаңа ұсыныстары ескерілді.

2. Атқарушы билікті реформалауға келсек, қазір Парламенттің қарауында мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін барынша тиімді ажыратуды қарастыратын заң жобасы жатыр. Мұнымен қатар, әлемдік тәжірибені ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруға оңтайлы жағдай туғызу үшін аталған мәселе жөнінде қабылданған шешімдерге талдау жасалуда.

3. Атқарушы биліктің қызметі мен есептілігінің айқындығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылуда. Сәуірде мен әкімдердің халық алдында есеп беруін реттейтін Жарлыққа қол қойдым. Бұл жұмыс даусыз оң нәтижелер беруде әрі жалғастырылатын болады. Барлық деңгейдегі әкімдердің есеп беру кездерінде айтылған мәселелердің 80 пайызы қазірдің өзінде тиісті шешімін тапқанын атап көрсету керек.

4. Тамыз айында біз ауылдық аудан әкімдерінің тәжірибе жүзінде сайлауын өткіздік. Нақ қазіргі уақытта оның нәтижелілігіне баға беру, әрине, ертерек, бірақ кейінірек олар әкімшілік реформалардың осы бөлігіндегі жұмыс ырғағын айқындайтын болады.

5. Әділет министрлігі алқа билер соты институтын енгізу мен қалыптастыру мәселелерін реттейтін заң жобаларын әзірлеп, Үкіметтің қарауына енгізді, сондай-ақ сот ісін жүргізу шеңберінде және сот шешімдерінің орындау сатысында адвокатураның рөлін арттыру жөнінде шаралар қолданылып жатыр.

6. Жаңарту мен саяси демократияландырудың белгіленген бағыты шеңберінде сот жүйесін реформалау мәселелері республика судьяларының IV съезінде талқыланғанын айта кетуім керек. Сот ісін жүргізуді оңайлату және оның объективтілігін қамтамасыз ету белсенді талқылау тақырыбына айналды.

Наурыз айының өзінде Парламент қарауына "Кейбір заңнамалық актілерге соттылықтың аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасы ұсынылғанын өздеріңіз білесіздер. Қазір судьялар съезінің қорытындылары бойынша Жоғарғы Сот сіздермен бірге осы жобаны жұмыс жағдайында жетілдіріп, пысықтауға тиіс. Аталған Заңды Парламент осы сессияның өзінде қабылдайтынына сенімдімін.

7. Өздеріңізге мәлім, қазір Демократияландыру мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның бастамасы бойынша Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының жобасы талқылану үстінде. Бұл жұмыс аяқталуға жақын, ал оның нәтижесі екінші Азаматтық форумда талқыланатын болады.

8. Менің Жолдауымда белгіленген реформаларды айқындау мен нақтылы жүзеге асыруда үкіметтік емес ұйымдар маңызды рөл атқаруға тиіс. Олар қазірдің өзінде азаматтық қоғамды дамытуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, демократиялық үрдістерді, қайырымдылық жасауды, білім беруді және басқаларын дамытуға өздерінің сүбелі үлестерін қосып келеді.

Сөйтіп, демократиялық реформалар саласында жарты жыл ішінде ғана қолымыз жеткен алғашқы нақтылы нәтижелер де барынша қанық және Қазақстан қоғамында демократияны кеңейту бағытындағы одан әрі жасайтын алдағы қозғалысымыздың бағыт-бағдары барынша анық.

VIII. Қоғамдық пікірталасты кеңейту мен Демократиялық өзгерістердің жалпыұлттық бағдарламасын іске асыру

Мұның барлығы бүгін маған менің Жолдауымдағы Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына қатысты қағидаларды жүзеге асырудың бұдан былайғы шараларын талқылау мен дәйекті іске асыру үшін ұсыныс жасауыма мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама 2006-2011 жылдар аралығындағы алты жылдық кезеңді қамтиды, ал оның іс жүзінде орындалуы 2006-2008 және 2009-2011 жылдар аралығындағы екі негізгі кезеңде дәйекті түрде жүзеге асырылатын болады.

Бұл бағдарламаның нақты өлшемдері кең түрдегі қоғамдық пікір алысу барысы негізінде кеңейтіле, нақтылана және жүргізіле беруге тиіс.

Жолдаудың қағидаларын нақты түрде дамыта отырып, қоғамымыздағы демократияны кеңейтудің қоғамның барлық мүшелерінің қатысуымен талқылауға, нақтылауға, жүзеге асыруға тиісті мына бағыттарын ұсынамын:

Бірінші. Біз жергілікті өзін-өзі басқаруды ұдайы дамыта беруге, орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы өкілеттіктің ара жігін ажыратуға тиіспіз.

Біз жергілікті өзін-өзі басқарудың нормативтік базасын және "әлеуметтік тетіктерін" белсенді түрде дамытып, әкімдердің іргелік деңгейдегі өкілеттіктерін нығайта беретін боламыз.

Алдағы уақытта бюджетаралық қатынастардың жаңа әрі мейлінше тиімді жүйесін жасақтауымыз керек.

Сонымен қатар, бастапқы кезеңде біз мәслихаттардың өкілеттіктерін, әсіресе әкімдердің қызметтеріне бақылауды жүзеге асыруы жөнінен, едәуір кеңейте аламыз. Барлық деңгейдегі әкімдер халық алдында өз жұмыстарының нәтижелері жөнінде жыл сайын есеп беріп отыруға тиіс.

Осы міндеттерге қол жеткізу үшін 2006 жылы жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң қабылдап, оны дамыту жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірленуі керек.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды тиімді енгізу үшін жұмысына халықаралық ұйымдардың сарапшылары тартылатын арнайы орган – Жергілікті өзін-өзі басқару істері жөніндегі комитетті құру туралы ойлануымыз керек.

Екінші. Өкілді органдардың өкілеттіктерін кеңейту шеңберінде біз Парламенттің құқықтары мен бақылау функцияларын, оның Үкімет пен басқа да конституциялық органдарды жасақтауға қатысуын күшейтеміз, Мәжіліс пен Сенат депутаттарының санын көбейту мүмкіндігін қарастырамыз.

Үшінші. Әкімдердің сайланбалылығын енгізу мемлекеттік билікті жасақтаудағы демократиялық тетіктерді нығайта түсетін орталықсыздандыру үрдісін лайықты түрде аяқтауға тиіс. Мұның өзі қазақстандықтардың күнделікті өмірінде туындап, шешімін тауып жататын проблемалар бойынша принциптік жаңа қоғамдық бақылау мен оның есептілігін енгізуге жағдай жасайды.

Төртінші. Саяси партиялардың рөлі мен функцияларын одан әрі нығайту, партиялық фракциялардың рөлі мен өкілеттіктерін кеңейту жөнінде шаралар қолдану керек.

Бесінші. Үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіподақтардың және олардың қызметінің халықаралық деңгейде қабылданған демократиялық стандарттарға сәйкес нығайтылуы мен дамуына жағдай туғызылуы керек.

Алтыншы. Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін жетілдіру қажет.

Таяудағы үш жылдың ішінде:

- сот ісін жүргізу шеңберінде және сот шешімдерін орындау сатысында азаматтардың құқықтық кепілдіктерін күшейту жөнінде кешенді шаралар қабылдау;
- биліктің сот тармағының тәуелсіздігін күшейту және осы бағытта сот төрелігінің айқындығы мен тиімділігін арттыру үшін шаралар қабылдау;
- соттың қамауға алуға рұқсат етуге қатысу ресімін кезең-кезеңімен енгізу;
- қылмыстық сот ісін жүргізуге алқа билер соты институтын іс жүзінде енгізу және тиісті заңдар қабылдау және т.б. шаралар қолдану қажет.

Жетінші. Бұқаралық ақпарат құралдарын нығайту және дамыту – біздің елімізде сөз бостандығына кепілдік берудің негізгі бағыттарының бірі.

Бұл үшін журналистер қоғамдастығының кәсібилігін, тәуелсіздігі мен кәсіби этикасын жан-жақты дамыту қажет. БАҚ бостандығының кепілдігі сонымен қатар олардың Конституция талаптары мен заңдарды сақтаудағы жауапкершілігін де айқындауға тиіс.

Сегізінші. Қоғамымыздағы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың есептілігін қамтамасыз ету және олардың үстінен қоғамдық бақылауды күшейту үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасын жасау мен іс жүзіндегі шаралардың жүйелік дестесін дәйекті жүзеге асыру туралы.

Соңғы айларда біз не істедік?

Осы жылдың сәуірінен бері Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған Жарлық жүзеге асырылып келеді. Аталған Жарлықты жүзеге асыру аясында үстіміздегі жылы 2006-2010 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасының жобасы әзірленеді. Оның негізгі идеясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы көпдеңгейлі ұлттық жүйені құру болып табылады. Біз мынадан бастадық:

1. Мамыр айында "Мемлекеттік қызметшілердің ар-ұждан кодексі туралы" Жарлыққа қол қойылды, онда мемлекеттік органдардың беделін арттыруға бағытталған мінез-құлықтың негізгі этикалық нормалары баянды етілді.

2. Шілде айында мен "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңға қол қойдым, соған сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылығы үшін қойылатын талап барынша қатайтылады.

3. Астана және Алматы қалаларында "бір терезе" принципі бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру жөніндегі жұмыс басталды, бұған республикалық бюджеттен 500 миллион теңге бөлінді. Астаналық орталықтардың бірі мамыр айының өзінде жұмысын бастап кетті.

Бұған дейін атқарған істерімізге қосымша мыналарды жасау қажет:

1. Жекешелендіру үрдісінің, салық саясаты, жер қойнауларын пайдалану және жер қатынастары салаларында шешімдер қабылдаудың айқындығын қамтамасыз ету.

2. Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ жеке компаниялар қызметтерінің айқындығын қамтамасыз ету үшін заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

3. "Бір терезе" принципі бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарын Қазақстанның барлық өңірлерінде ашу.

Мен қоғамдық ұйымдарды осы жұмысқа қосылуға және жариялы түрде мемлекеттік органдардың толық есептілігін және кең түрде қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге шақырамын.

Бұл Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының талқылауға және кейіннен жүзеге асыруға ұсынылатын негізгі ережелерінің бірқатары ғана. Бұл бағдарлама кеңейтілуге, нақтылануға, қажет болған жағдайда түзетіліп отыруға тиіс. Ол "халықтық сараптамадан" өтіп, біздің қоғамның басым бөлігінің қолдауына ие болуға тиіс дер едім. Сонымен қатар, дамыған демократиясы бар елдердегі достарымыздың тәжірибесі мен кеңестері ескерілуі керек.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, алдымызда үлкен әрі қауырт жұмыс тұр. Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия таяу болашақта пікірсайыстар қорытындыларын жинақтап, осы негізде Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасының заңнамалық бедерлері турасында ұсыныстар дестесін әзірлеуге тиіс. Әлбетте, бұған Парламенттің белсене қатысуы қажет.

Мұндай бағдарламаның қабылдануы – мейлінше сарабдал көзқарасты қажетсінетін мәселе. Оның нәтижесі біздің мемлекеттілігіміздің тағдыры мен қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

Сондықтан да мен өзімнің төрағалығыммен Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөнінде мемлекеттік комиссия құруды жоспарлап отырмын. Оның құрамына Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіретін болады. Комиссия 2006 жылдың маусымында нақты ұсыныстарын беруге тиіс.

Тек осындай терең демократиялық өзгерістер ғана біздің экономикалық табыстарымызға сай келетін болады.

Әрине, басқа да пікірлердің, тіпті олардың осы залда қатысып отырған адамдардың арасында да болары анық. Кейбіреулер өңірдегі жағдай тұрақтанғанға дейін күте тұруымыз керектігі, біздің бұған дайын еместігіміз және "халықтың әлі де пісіп-жетілмегені" жайында кеңес береді. Бәзбіреулер бұл қоғамды тұрақсыздандыруға әкеп соқтыруы мүмкін, әрі біздің дамуымызды баяулатады, тіпті батыстық түсініктегі демократия біздің қоғамның "дәстүрлеріне" сәйкес келмейтіндіктен біз үшін демократиялық өзгерістер онша өзекті емес деген пікірде. Басқа пікірлер сияқты бұларды да байыппен қарауымыз қажет.

Әлбетте, бізде орнықкан демократиялық дәстүрлердің жоқ екені де рас және бізге "тәжірибе жасау мен қателік кешу" тәсілімен алға жүруге тура келеді. Бұл оңай жол бола қоймайды. Мұны да біз білеміз. Оңайлықпен келмейтін осы тарихи қайта құруды біз сол арқылы еліміздің болашағы үшін қазақстандықтарды одан әрі топтастыра түсеміз деген үмітпен жүргізуге тиіспіз.

IX. Қазақстанда жеке меншік институтын нығайту және қоғамдағы шарттық қатынастарға кепілдік беру үшін арнайы шаралар қолдану - қоғамдық өмірді жедел жаңарту кілті

Құрметті депутаттар, Үкімет мүшелері!

Ханымдар мен мырзалар!

Экономикалық, әсіресе саяси бағдарламаларымыздың табысты болуы енді қалыптасып келе жатқан орта тап саналатын еліміздегі жекеменшік топтың нығаюына байланысты. Демократиясы дамыған елдерде міне, нақ осы бар, сондықтан да нақ сол елдер биліктің ауысқанына қарамастан тұрақты қалпын сақтайды. Міне, мен сол үшін де еліміздегі орта және шағын бизнесті дамыту-

мен ұдайы шұғылданып келемін. Біз атқарған іс аз емес, бірақ бұл басы ғана. Демократияландыру жайында айтқанымызда, алдымен осы мәселелерді екшеуге тиіспіз.

Осыған байланысты мен мынадай іргелі мәселелер бойынша түбегейлі әрі түпкілікті шешімдер қабылдауымызды жөн санаймын: Қазақстанның жанжақты жаңаруын жеделдетудің, сөз жоқ, кілті саналатын жеке меншік институттарын және Қазақстанда шарттық қатынастардың кепілдіктерін нығайтуымыз қажет.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикада мемлекеттік меншік басым болды. Нарықтық қатынастарды дамытудың заңнамалық негізі мүлде болған жоқ. Қолданыстағы заңдар жеке меншік пен кәсіпкерлік қызмет қатынасы хақында күш қолдану сипатында болды.

Аса қатаң тауар тапшылығы, шектен шыққан инфляция, адамдардың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі, міне, осының бәрі қоғамдық пікірдің және ел тұрғындарының басым бөлігінің көз алдында жекеменшіктің жағымсыз бейнесін сомдады.

Облыстарда көптеген бизнесмендермен кездесе жүріп осы жылдар ішінде мен жүргізген табанды әрі дәйекті саясаттың негізінен алғанда жас жекеменшік иелерінің тұтас жаңа буынының қалыптасуына жағдай туғызғаны жайында ойға қала бердім. Еңбегім зая кетпеген екен. Мен мұны мақтан тұтамын. Ашығын айтайық, жеке меншік адамға шынайы еркіндік береді, бірақ, сонымен қатар қоғам алдындағы жоғары деңгейдегі жауапкершілікті де жүктейді.

Бүгінде өнеркәсіп өнімі көлемінің 85 пайызы жұмыспен қамтылған халықтың 60 пайызы еңбек ететін жеке секторда өндіріледі. Шағын және орта бизнес дамып келеді. Орта тап жасақталып жатыр, жаңару үрдісі оларсыз мүлде мүмкін болмас еді.

Сондықтан да қазіргі басты мәселе жеке меншікке ие әрі өзінің сындарлы әлеуметтік мүдделерін жете сезінетін орта таптың тұрлаулы әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Жеке меншік институтын біздің Конституциямыз қорғайды. Алайда осы баптың сыртында бізде әзірге батыс елдеріне тән осы институтты құрметтеудің ғасырлар бойғы дәстүрі мен шарттық құқықты іске асыру тәжірибесі жоқтығын естен шығармауымыз керек. Мысалы, кәсіпорынның немесе жеке азаматтың тағдырын заң емес, шенеунік шешетін жағдай болдырмау қажет. Меншік иесі мен оның меншігін мемлекет те, азаматтық қоғам да қорғауға тиіс.

Мұның өзі бір мезгілде адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктеріне негіз қалау, сондай-ақ азаматтық қоғамды дамыту деген сөз. Сондықтан да, біріншіден, мен жеке меншік институты мен шарттық қатынастарды заңдық тұрғыда қамтамасыз ету жөнінде бұдан былайғы шаралар дестесін әзірлеуді ұсынамын. Бұл жерде кәсіпкерлердің қызметіне қатысты жүйе құрайтын принциптер мен ұстанымды бекіте түсетін кәсіпкерлік

саласындағы біртұтас Заң маңызды рөл атқаруға тиіс. Жеке меншіктің заңдық тұрғыда қамтамасыз етілуі және шарттық құқықтың сақталуы даулардың тәуелсіз қаралуын және төрелік ету рәсімдер жүйесін де қамтуға тиіс.

Екіншіден, бізге жеке меншік институты мен шарттық қатынастарға қоғамның барлық деңгейінде құрметпен қарау сезімін қалай тәрбиелеу керектігі жайында да ойланатын кез келді. Қазақстанның одан әрі жаңаруы қоғамның барлық деңгейінде, жеке және заңды тұлғалар мен азаматтар арасындағы адал қарым-қатынастарды қоса алғанда, шарттық қатынастар мәдениеті болуын талап етеді.

Міне, нақ осы көптеген ұлттардың табысқа жетуіне себін тигізді.

Мен Қазақстанда жеке меншік институтын нығайтуға бағытталған арнайы шаралардың қабылдануы және қоғамда шарттық қатынастарға кепілдік берілуі біздің кідіріссіз алға басуымыздың берік іргетасын қалайтынына сенімдімін.

X. Қазақстан халықаралық лаңкестікке, экстремизмге, есірткі трафигіне, СПИД-тің таралуына қарсы күрестің, өңірдегі және әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы күрестің алдыңғы шебінде

Халықаралық және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемалары тұрғысында Қазақстан паш еткен біздің жауапты, салиқалы әрі теңгерімді саясатымызға бүкіл дүние жүзі куә.

Соңғы уақытта біздің сыртқы саясатымыздағы басымдықтарымыз жайында бірнеше рет айтуыма тура келді. Олар өзгеріссіз қала береді.

Біздің саперлік отрядтың ирак халқына көмек көрсету мақсатында қатысуын одан әрі жалғастыру туралы мәселені қарастыра келгенде, біз нақ осындай ұстанымды басшылыққа аламыз. Соңғы уақытта халықаралық коалицияға қатысушылар саны азая түскеніне қарамастан, бұл отряд онда адамдар өмірін құтқару мұратымен жүр. Дәл осылайша ҰҚШҰ, ШЫҰ-ның белсенді қатысушылары болу, жақын көршілерімізбен ынтымақтастық пен ықпалдастықты дамыту біз үшін айрықша маңызды деп санаймыз.

Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту біз үшін басым бағыттар болып табылады. Сонымен қатар Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға үлкен мән беріледі.

Қазақстан ядролық қаруды тежеуге, халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге, есірткі саудасына және қазіргі заманның басқа да қатерлеріне қарсы күрестегі халықаралық ауқымды ынтымақтастықтың белсенді жақтаушысы болып келді және болып қала береді. Бұл біздің ұлттық мүдделерімізге сәйкес келеді.

Алайда, бүгін мен біздің өңірдің тұрақтылығының қамтамасыз етілуі мен қауіпсіздігі және орнықты дамуы жөніндегі басқа да елеулі проблемаға баса назар аударғым келер еді. Өздеріңізге белгілі, халықаралық қоғамдастық Қырғызстан мен Өзбекстанда болған оқиғаларды барған сайын күшейе түскен алаңдаушылық сезіммен қадағалап отырды. Орталық Азияның бұл жедел

дамып келе жатқан экономикасы, әлеуметтік және демократиялық қарышты дамуымен ұштасқан өңір болуы бір басқа. Ал енді Орталық Азияның ішкі қайшылықтары, этностық және діни қақтығыстары ушыққан, бір елдегі зорлық-зомбылықтың тұтануы келесі елге үлгі ретінде таралған, кедейшілік жайлаған өңір болуы бір басқа.

Бұл жарылыс қаупі бар қақтығыстарға жылдар бойы қордаланған ішкі әлеуметтік-экономикалық проблемалардың басты себеп болғанын мойындамауға болмайды. Қазақстан мұндай қатерлерден экономиканы дамыту мен халықтың әл-ауқатын жақсарту, конфессияаралық, ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді қамтамасыз ету жөніндегі жүйелі саясаттың нәтижесінде ғана "аман қалды".

Сонымен қатар, менің ойымша, сіздер бұған келісерсіздер, біздің елдің де, халықаралық қоғамдастықтың да барша Орталық Азия өңірінде тұрақтылық пен өркендеуді сақтау жөніндегі мүдделері сәйкес келеді. Менің биылғы ақпан айында мәлімдегенімдей, Орталық Азия ықпалдастығы бастамасы дәл осылайша дүниеге келді. Бұл жерде "көрініп қалу" немесе көшбасшылық ету дегендей қандай да бір қазақстандық кеудемсоқтық жоқ. Бұл біздің өңірімізде өмір сүріп жатқан бауырлас халықтардың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетініне сенімдімін.

Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы идея сындарлы халықаралық үндестік туғызды. Осыған орай менің Жолдауыма байланысты хатында Франция басшысы Жак Ширак: "Өзіңіз білетіндей, менің елім Еуропалық мемлекеттер одағының іргесін қалаған мүше мемлекеттердің бірі ретінде Сіздің Орталық Азия мемлекеттері одағының жобасына тек қолдау білдіреді", – деп атап көрсетті.

Таяу күндері, осы айдың соңына дейін Орталық Азия мемлекеттері одағы тұжырымдамасының жобасы толықтырылып, өңірдегі мемлекет басшыларының қарауына келісу үшін жіберіледі деген ойдамын. Егер осы Одақтың негізгі идеялары қабылданып, қолдау табатын болса, бұл біздің барша өңір үшін тұрақты және орнықты дамудың маңызды факторына айналар еді деп санаймын.

XI. Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуге ниетін мәлімдеуі – біздің елімізді экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңарту жолындағы дәйекті бағытымыздың, халықаралық және өңірлік тұрақтылыққа, қауіпсіздік пен дамуға деген жауапты, сарабдал көзқарасымыздың көрінісі

Мен Қазақстанның 2009 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету жөніндегі ниетін мәлімдеуін өзіміз таңдап алған қоғамдық дамудың стратегиясы мен елімізді жан-жақты дамытудың іс жүзіндегі бағытының көрінісі деп білемін. Біздің бұл ұмтылысымызда қандай да бір саяси мансап, былайша айтқанда "көрініп қалу" ниеті де жоқ.

Өзінің отыз жылдық тарихында ЕҚЫҰ ең ауқымды проблемалар шеңберінде өзінің халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етудегі бірегей әлеуетін әлденеше қайтара қуаттап берді.

Қазақстан Республикасы өз еркімен Хельсинки Қорытынды актісінің міндеттемелерін ала отырып, 1992 жылдан бері ЕҚЫҰ-ға қатысушы болып келеді.

Біз ЕҚЫҰ-ға Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуының күрделі кезеңінде тиісті көмек пен қолдау көрсеткені, демократиялық институттардың дамуына, азаматтық қоғам негіздерінің қалыптасуына ықпал еткені үшін ризамыз. Біз бұл ынтымақтастықты біздің еліміздің ең жоғары ұлттық мүдделеріне сәйкестігі тұрғысынан қарастыра отырып, ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық қарқынын алдағы уақытта одан әрі арттыра түспекшіміз.

Мен өз кезегінде Қазақстанның еуропалық белгілері мен азиялық дәстүрлері бар ілтипатшылдығын, бейбітшілік пен тұрақтылықты, қоғамдағы конфессияаралық және ұлтаралық келісімді нығайтуда жинақтаған бірегей тәжірибесі ЕҚЫҰ-ның осы заманғы әлемнің сан алуандығы мен ашық, демократиялық қоғам орнатудың түрлі жолдары жөніндегі түсінігін едәуір байытуға жәрдемдесетініне толық сенімдімін.

Бұл ЕҚЫҰ-ның осы заманның басты қатерлеріне және қыр көрсетушілікке неғұрлым серпінді әрі лайықты жауап қатуына мүмкіндік туғызар еді.

Біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету жөніндегі ниетімізді мәлімдеуімізді мен Қазақстанның ішкі саяси, сыртқы саяси мақсаттарына да, ең бастысы, ЕҚЫҰ-ның XXI ғасырдағы рөлін нығайту мен дамытуға сай келетін жүйелі міндет деп білемін.

Таяуда ғана Қазанда өткен ТМД саммитінде Қазақстанның 2009 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету туралы ниетіне Достастық мемлекеттерінің басшылары ресми түрде қолдау білдірді. Бұл қолдау үшін біз ризашылығымызды білдіреміз.

Осыған орай, Президент Әкімшілігіне Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне дайындық жүргізетін және Үкіметке, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға оның жүзеге асырылуы жөнінде тиісті міндеттер жүктейтін кешенді бағдарлама әзірлеуді тапсырамын. Сонымен қатар бұл тақырып ЕҚЫҰ өкілдерімен пікірсайыстар өткізу мен кездесулердің негізгі орнына айналуға тиіс Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі комиссияның одан әрі қызметінде басым орын алады деп санаймын.

Әлбетте, біз ЕҚЫҰ аясындағы ықпалдастық үрдісіне белсене қатысушы ретінде өзімізге алған міндеттемелерді қуаттауға тиіспіз.

Парламент Мәжілісіне ең таяу уақытта адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы іргелі халықаралық-құқықтық құжаттар – "Азаматтық және саяси құқықтар туралы" және "Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы" пактілерді бекіту үрдісіне кірісуді ұсынамын. Мұны өздеріңіздің басым міндеттеріңіз деп біліңіздер. Қазақстанның оларға қосылуы туралы менің Жарлығымның 2003 жылдың өзінде жарияланғанын естеріңізге салайын.

Осы тақырыпты қорытындылай келе, мен Қазақстанның өз жерінде ЕҚЫҰ аясында ілтипатшылдылық, дінаралық төзімділік, қоғамдық және ұлтаралық келісім мәселелері жөнінде халықаралық форум өткізуге әзір болатыны және қуана ықылас көрсететіні жайында айтқым келеді. Бізде қазірдің өзінде АӨСШК елдері басшылары саммитінің, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезінің ойдағыдай өткізілуін, екінші съезге дайындық жөніндегі ұйымдастыру комитетінің лайықты ұйымдастыру жұмысын, сондай-ақ Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдық жұмыс тәжірибесін қоса есептегенде, мұндай оң тәжірибелер баршылық. Қазақстан халықтары Ассамблеясы қызметінің арқасында, БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннанның сөзімен айтқанда, Қазақстан "басқа елдер үшін ұлтаралық татулықтың, тұрақты, орнықты дамудың үлгісіне" айналды.

Құрметті депутаттар, Үкімет мүшелері!

Ханымдар мен мырзалар!

Сонымен, біз сіздермен бірге еліміздің жан-жақты жаңаруы мен демократиялануы стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың алғашқы іс жүзіндегі нәтижелеріне баға бердік, таяу болашақта алдымызда тұрған барынша көкейкесті міндеттерді айқындадық. Біз алға басудың дұрыс бағытын таңдап ала білдік және қазірдің өзінде нақты іс-қимылдың жоғары қарқынына қол жеткіздік.

90-шы жылдары елімізден қоныс аударғандардың қазіргі уақытта қайта оралып жатқаны әрі осында ірге теуіп қалуы – көп жәйтті әйгілейтін дерек. Бұл біздің нақты табыстарымызды және Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолындағы стратегиясының тиімділігін тағы да бір рет айғақтай түседі.

Қазір ең бастысы – экономикада да, әлеуметтік салада да, саясатта да, демократияны кеңейтуде де осы ілгерілеушілік ырғағын сақтап қалу. Біз Қазақстанның болашағына кәміл сеніммен қараймыз. Ендеше баршамыз сол уақыттың неғұрлым ертерек тууы үшін қолдан келгеннің бәрін де істейік. Барлық қазақстандықтарды, барлық саяси күштерді осы мақсат жолында бірігуге шақырамын.

Сөзімді аяқтай келе, мен мына мәселе жайында да айтқым келеді. Біраз күндерден кейін, сіздер, құрметті депутаттар, Мемлекет басшысының кезекті сайлауын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайсыздар. Іс жүзінде сол сәттен бастап елімізде "президент додасы" басталады. Бұл біздің алдымызға қойған және міндетті түрде қол жеткізуге тиіс басты мақсаттарымыздан алаңдатпайтынына сенім білдіремін.

Өздеріңізге мәлім, мен әрқашанда идеялардың, саяси жобалардың, көпшіліктің серпінді пікірталастарының Конституция мен заңдар шеңберіндегі ашық әрі әділетті бәсекелестігінің жақтаушысы болып келемін. Қазақстандықтардың айқын әрі саралы іс-қимыл стратегиясы бар және оны жүзеге асыруға қабілетті пікірлес ынтымақшыл командасы бар басшыға сенім білдіретініне ешқашанда күмән келтірмеймін.

Қазіргі Мемлекет басшысы ретінде мен өз міндетімді терең түсінемін әрі алдағы сайлаудың мейлінше еркін, адал әрі ашық өтуі үшін және де қорытындылары қазақстандықтардың да, халықаралық қоғамдастықтың да зәредей күмәнін туғызбауы үшін қолымнан келгеннің бәрін де жасайтын боламын.

Құрметті депутаттар!

Кеше ғана он жылдығын атап өткен жаңа Конституциямыз бойынша сайланған кәсіби Парламентіміздің жұмыс істей бастағанына он жылға жуық уақыт өтіпті. Тарлан Тарих үшін бұл қас-қағым сәт болғанымен, туған Қазақстанымыз үшін бұл ғасырға тұрарлық ұлан асу, ұлы белес болды.

Біз өз дамуымызда әрдайым қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін басты назарда ұстадық. Соның арқасында әлемдік қауымдастық алдында зор беделге ие болып, биік белестерден өттік. Бұл істе республика Парламентінің де үлесі ерекше екендігін атап өткім келеді.

Алған белестеріміз қанша биік болса, алдағы асулар да соншалықты көп. Егер сіздер өткен сессияда 78 заң қабылдасаңыздар, алдағы уақытта атқарылар шаруа да аз болмайтынын естеріңізге сала кеткім келеді. Өйткені қазірдің өзінде Парламент портфелінде 50-ден астам заң жобасы жатыр. Мен солардың ішінде Жолдауда көрсетіліп, елімізде басталған кең көлемді саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңаруды одан әрі тереңдетуге бағытталған заң жобаларына ерекше назар аударуды қалаймын.

Қуатты реформалардың ел игілігіне асуы, әлеуметтік-саяси ахуалдың орнықтылығы, бюджеттің уақтылы орындалуы қабылданған осы заңдардың сапасына байланысты екенін ешқашан естен шығармаған абзал.

Бұл міндетті сіздердің абыроймен орындап шығатындықтарыңызға сенімдімін. Сіздердің тәуелсіз Қазақстанымыздың қарыштап өсіп, қарқынды даму жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін.

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНЕ

10 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ И ПАРЛАМЕНТ

Выступления
Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева
на совместных заседаниях палат и заседании Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
(1999-2005 гг.)

Сформированный на прочном конституционном фундаменте Парламент Республики Казахстан, являясь принципиально новым элементом в политической действительности независимого государства, за свою 10-летнюю историю состоялся как представительный орган и соответствует общепринятым в мировой практике принципам парламентаризма. Он доказал свою состоятельность как законотворческий орган, создавший правовую основу реформ, содействующий укреплению политической стабильности, гражданского мира и национального согласия в стране.

Ключевую роль в становлении и развитии парламентаризма в суверенном Казахстане сыграл первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев. Именно он на заре независимости нашего государства первым высказал идею о необходимости формирования профессионального двухпалатного Парламента, представляющего интересы как всего народа, так и организованных в партии общественных групп.

Президент Казахстана приложил немало усилий, чтобы Парламент Республики Казахстан занял своё достойное место в триединой системе государственной власти.

Последовательная политика Главы государства способствовала легитимизации высшего представительного органа страны в политической действительности Казахстана как главного выразителя общественных интересов.

Президент Республики Казахстан, имея законодательно закрепленную прерогативу определения приоритетов законопроектной работы, подписания законов, непосредственно участвует в формировании правового поля в Республике Казахстан.

Выступления Главы государства в стенах Парламента во многом являются результатом осмысления Истории, главными ориентирами для законотворческой работы и своеобразными вехами, отмечающими путь формирования не только института парламентаризма, но и созидания независимого демократического государства.

Важнейшие государственные задачи, поставленные Президентом Республики Казахстан перед всей системой государственного управления, в настоящем реализованы и являются свидетельством правильности выбранного демократического пути развития.

Выпуск данного сборника приурочен к 10-летнему юбилею Парламента страны, и, на наш взгляд, его содержание как нельзя точно отражает динамику исторического развития нашего государства, а также служит свидетельством последовательного претворения в жизнь мечты казахстанцев о построении своей государственности.

Председатель
Сената Парламента
Республики Казахстан

Н. Абыкаев

Председатель
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

У. Мухамеджанов

Выступление на открытии первой сессии Парламента Республики Казахстан второго созыва 1 декабря 1999 года

Уважаемые депутаты!

Вы победили в трудной борьбе на парламентских выборах. Поздравляю вас с победой! То, что здесь собрались лучшие из лучших, выдержавшие острую политическую конкуренцию, дает возможность с чувством глубокого удовлетворения отметить, что вы готовы работать взвешенно и конструктивно в высшем законодательном органе страны.

Впервые в нашей стране выборы Парламента состоялись не только по территориальным округам, но и по партийным спискам. А это приведет к тому, что официальное представительство политических партий будет достаточно внушительным. Тем самым осуществлен переход к новому этапу становления в Казахстане многопартийной демократии. Этот существенный момент положительно отметили и другие государства.

Разумеется, на нашем непроторенном пути из-за нехватки опыта имели место и определенные недостатки. Однако мы верно определили вектор развития нашего пути.

Народ оказал вам доверие. И теперь все свои лучшие надежды возлагает на вас, его взор на лучшее будущее обращен к вам. Это вполне закономерно. Поэтому оправдание его надежд, сохранить преданность и выполнить его наказы – ваш гражданский долг.

Лично я от этого Парламента ожидаю многое. Предстоит покорить немало вершин. Перед нынешним Парламентом стоят важнейшие задачи по принятию законов, способствующих возрождению и развитию страны, дальнейшей демократизации общества, проведению глубоких экономических реформ, росту экономики страны, улучшению благосостояния народа, повышению общего уровня жизни.

Предвыборная кампания осталась позади. Теперь вы должны каждодневной кропотливой работой оправдать доверие избирателей. Необходимо все выборные дрязги оставить за стенами Парламента и приступить к согласованной работе. Народ от вас ждет именно этого.

В народе говорят: "В единстве – сила". Если Парламент и Правительство будут работать сплоченно с позиции обретения общих интересов, от этого выиграют все, в том числе и вся страна. Если мы сумеем сохранить политическую стабильность в обществе и согласие народов, тогда наше единство приведет страну к процветанию.

Уважаемые депутаты!

Мы собрались сегодня на первую сессию нового Парламента страны. Впервые в нашей стране выборы проводились не только по территориальным округам, но и по партийным спискам, обеспечено весьма внушительное представи-

тельство в Парламенте депутатов от политических партий. Прошедшие выборы продемонстрировали возросшую политическую зрелость граждан нашей страны и их желание активно участвовать в реформах. Избирательная кампания, выборы стали еще одним убедительным доказательством необратимости курса демократизации общества, гарантом его неуклонного развития и углубления.

